Бекітемін: «Алтын асық» бөбекжай балабақшасы ЖШС

меңгерушісі: Б.Оспанова

# Перспективалық жоспар

## Кіші «Балбөбек» тобы

Сазгер:

С.Адылханов

2021 – 2022 оқу жылы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қыр-күйек** | **«Менің балабақшам»** | **«Менің достарым»** | **«Менің сүйікті ойыншықта-рым»** | **«Жиһаздар»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып | «Менің балабақшам» | **Күні:03.09.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Бала, бала,балапан».**<br>**Мақсаты:**<br>Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Дене мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдата тырып әуенмен бірге қимылдар жасауға үйрету. Ырғақпен ілесе қимыл жасауға дағдыландыру. | **Күні: 10.09.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Айгүл қонақта».**<br>**Мақсаты:**<br>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау. Музыкаға деген ынтасын арттыру, музыка әуеніне сәйкес қимыл жасай білуге үйрету. | **Күні: 14 .09.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Қуыршақпен билейміз».**<br>**Мақсаты:** Ән айтуға қызығу-шылықты, тәрби-ешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Қуыршақ арқылы балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру.<br>**Күні: 17.09.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Қуыршақпен билейміз».**<br>**Мақсаты:** Ән айтуға қызығу-шылықты, тәрби-ешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға елік-тей отырып ере-секпен қосылып ән айту. Қуыршақ арқылы балалар-дың музыкаға қы-зығушылығын, қабілетін арттыру. Ойыншық көмегімен қимыл-қозғалыс жасай білуге үйрету. | **Күні:**<br>**21 .09.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Көңілді сылдырмақ-тар».**<br>**Мақсаты:**<br>Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақты бейнесі мен динамика-сын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.<br>**Күні:**<br>**24.09.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Көңілді сылдырмақ-тар».**<br>**Мақсаты:**<br>Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақты бейнесі мен динамика-сын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қазан | **«Менің отбасым ата-аналар еңбегі»** | **«Менің көшем»** | **«Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»** | **«Алтын күз»** |
| **Өтпелі тақырып** | **«Менің отбасым»** | **Күні: 01 .10.21ж Тақырыбы: «Менің әжем» Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтері қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділіін есте сақтау. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну. | **Күні: 08.10.21ж Тақырыбы: «Қарандаршы далаға» Мақсаты:** Музыка және әннің мазмұнына қарай би қимылдарын шеңберде тұрып орындау. Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту. | **Күні: 12.10.21ж Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп» Мақсаты**: Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру. **Күні: 15.10.21ж Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп» Мақсаты**: Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру | **Күні: 19.10.21ж Тақырыбы: «Күз ырғағы» Қайталау. Мақсаты**: Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру. **Күні: 22.10.21ж Тақырыбы: «Күз ырғағы» Қайталау. Мақсаты**: Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін Көтеру. |
| | Қара ша | **«Өзім туралы»** | **«Дұрыс тамақтану, дәрумендер»** | **«Өзіңе және өзгелерге көмектес»** | **«Біз күштіміз, ептіміз»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **«Дені саудың- жаны сау»** | **Күні:05.11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Кел балақан»**<br>**Мақсаты:**<br>Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды ән полька,марш, вальс,баяу көңілді әндер тыңдау ережесін қалыптастыру. Ырғақты сезінуге, «жәй және тез» «ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге үйрету. | **Күні:12.11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Күзгі бақта»**<br>**Мақсаты:**<br>Ән айтуға қызығушылық-ты сазгердің дауыс ырғағына еліктеу,әннің сөздері мен жеке буындарды айту. ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылы-ғын арттыру,күзгі бақ туралы түсінік беру. | **Күні:16 .11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Менің, анам тамаша»**<br>**Мақсаты:**<br>Әннің сөздері мен жеке буындарды айту,созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып, ән айту.Музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау,эстетика-лық сезімге тәрбиелеу.<br>**Күні:19.11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Менің, анам тамаша»**<br>**Мақсаты:**<br>Әннің сөздері мен жеке буындарды айту,созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып, ән айту.Музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау,эстетика-лық сезімге тәрбиелеу. | **Күні: 23.11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ормандағы сұр көжек»**<br>**Мақсаты:**<br>Музыканың сүйемелдеуі-мен жүру және жүгіру,<br>қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру.<br>Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту.<br>**Күні: 26.11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ормандағы сұр көжек»**<br>**Мақсаты:**<br>Музыканың сүйемелдеуі-мен жүру және жүгіру,<br>қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру.<br>ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Жел-тоқ-сан** | **«Менің Қазақста-ным»** | **«Туған өлкем»** | **«Астана – отанымыздың жүрегі»** | **«Тәуелсіз Қазақстан»** |
| **Өтпелі тақырып** | **«Менің Қазақс таным»** | **Күні: 03.12.21ж Тақырыбы: «Көңілді барабан»** Әнді жеке және топпен айту,әу-еннің жеке екпіннін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыла-ын қалыптастыру. Әуендітыңдауға есту, есіне сақтау қабілетін, ырғақ-ты ажыратуға баулуды жалғас-тыру, барабанда ойнауға үйрету. | **Күні: 10.12.21ж Тақырыбы: «Біз өмірдің гүліміз!»** Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жа-нрлы музыкалық шығармаларды: ән,полька,марш вальс,баяу және көңілді әндер тыңдау. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» ды-быстарды айту--ға дағдыландыру. Патриоттық сезі -мін ояту. | **Күні: 14 .12.21ж Тақырыбы: «Желбірейді жа--лауша»** Әнді күш түсірмей табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалып тастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қай--талап көрсетуге дағдыландыру.<br><br>**Күні: 31.12.21ж Тақырыбы: «Желбірейді жа--лауша»** Әнді күш түсірмей табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалып тастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қай--талап көрсетуге дағдыландыру. | **Күні: 21.12.21ж Тақырыбы: «Біз балдырған»** Әннің сөздері мен жеке буындарды айту, Созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету.<br>**Күні: 24.12.21ж Тақырыбы: «Біз балдырған»** Әннің сөздері мен жеке буындарды айту, Созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қаң-тар** | **«Айналамыз-дағы Өсімдіктер»** | **«Жануарлар әлемі»** | **«Құстар – біздің досымыз»** | **«Ғажайып қыс»** |
| **Өтпелі тақырып** | **«Табиғат әлемі»** | | **Күні: 14. 01. 22ж** **Тақырыбы: «Ботақан»** **Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру. Ән арқылы үй жануарларының енесін,төлін ажырата білуге үйрету. | **Күні: 18.01.22ж** **Тақырыбы: «Шымшық»** **Мақсаты**: Музыканы тыңдай білуді , таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру, музыкалық қабілеттерін дамыту. **Күні: 21.01.22ж** **Тақырыбы: «Шымшық»** **Мақсаты**: Музыканы тыңдай білуді , таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру, музыкалық қабілеттерін дамыту. | **Күні: 25.01.22ж** **Тақырыбы: «Қаршақыз бізде қонақта»** **Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Есте сақтау қабілетін дамыту,ырғақты сезіну. **Күні: 28.01.22ж** **Тақырыбы**: **«Шырша мен ойыншықтар».** **Мақсаты:** Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау,жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ақ-пан** | **«Өлі табиғат құбылыстар»** | **«Көліктер»** | **«электроника әлемі»** | **«Мамандықтың бәрі жақсы»** |
| **Өтпелі тақырып** | **«Бізді қоршаған әлем»** | **Күні: 04.02.22ж**<br>**Тақырыбы : «Күн мен Жаңбыр»**<br>**Мақсаты**: ән айтуды уақытныда бастап, аяқтау; алға шығып немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау. Ойы арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу. | **Күні: 11.02.22ж**<br>**Тақырыбы : «Көңілді пойыз»**<br>**Мақсаты:** Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу. | **Күні: 15.02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Сылдырмақтар»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.<br>**Күні: 18.02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Сылдырмақтар»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру. | **Күні: 22.02.22ж**<br>**Тақырыбы**: **«Кел,билейік»**<br>**Мақсаты:** музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.<br>**Күні: 25.02.22ж**<br>**Тақырыбы**: **«Кел,билейік»**<br>**Мақсаты:** музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Нау-рыз** | **«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»** | **«Ертегілер елінде. Театр әлемі»** | **«Өнер көзі халыкта»** | **«Нұр төккен, гүл көктем»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **«Салттар мен фольклор»** | **Күні:04.03.22ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Әжем келді ауылдан»**<br>**Мақсаты:**<br>Әже арқылы балаларға наурыз туралы мәлімет беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.Әнді жеке және топпен айту,әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын жеткізу. | **Күні: 11.03.22ж**<br>**Тақырыбы:**<br>«Лағым»<br>**Мақсаты:**<br>музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу. | **Күні: 15.03.22ж**<br>**Тақырыбы**:<br>**«Әлди-әлди ақ бөпем»**<br>**Мақсаты**:<br>әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу. Дене мүшелеріне қатысты қолдың саусағын санауды әрі атай білуді үйрету. Оны музыка үніне қосып айтуға дағдыландыру.<br>**Күні: 18.03.22ж**<br>**Тақырыбы**:<br>**«Әлди-әлди ақ бөпем»**<br>**Мақсаты**:<br>әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу. Дене мүшелеріне қатысты қолдың саусағын санауды әрі атай білуді үйрету. Оны музыка үніне қосып айтуға дағдыландыру. | **Күні: 25.03.22ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Көктем гүлі көрікті»**<br>**Мақсаты**:<br>музыка сипатына сәйкес қозғалады, музыка басталғаннан қимылдарды бастайалады. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасауға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру.<br>**Күні: 29.03.22ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Көктем гүлі көрікті»**<br>**Мақсаты**:<br>музыка сипатына сәйкес қозғалады, музыка басталғаннан қимылдарды бастайалады. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасауға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сәуір** | **«Аялайық гүлдерді»** | **«Ас атасы – нан»** | **«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»** | **«Еңбек бәрін жеңбек»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **« Біз еңбекқор баламыз»** | **Күні: 01.04.22ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Әңгелек»**<br>**Мақсаты:**<br>Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын таныстыу. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру. | **Күні: 08.04.22ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Бесік жыры»**<br>**Мақсаты:**<br>Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Бесік жыры арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру. | **Күні: 12.04.22ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ормандағы көбелектер»**<br>**Мақсаты:**<br>Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту.<br>**Күні: 15.04.22ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ормандағы көбелектер»**<br>**Мақсаты:**<br>Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту. | **Күні: 19.04.22ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Құлыншақ»**<br>Мақсаты:<br>Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан-жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету.<br>**Күні: 22.04.22ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Құлыншақ»**<br>Мақсаты:<br>Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан-жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ма-мыр** | **«Достық – біздің тірегіміз, халықтар достығы»** | **«Әрқашан күн сөнбесін»** | **«Көңілді жаз»** | **«Мен жасай аламын»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып | «Әрқашан күн сөнбесін!» | **Күні: 06.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Ағайынбыз, бәріміз!»**<br>**Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру | **Күні: 13.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Айгөлек»**<br>**Мақсаты:** Ұйымдастырыл-ған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан-жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету. | **Күні:17.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Менің мысығым»**<br>**Мақсаты**: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру.<br>**Күні: 20.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Менің мысығым»**<br>**Мақсаты**: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру. | **Күні:24.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Қошақаным »**<br>**Мақсаты**: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру.<br>**Күні:27.05.22ж**<br>**Тақырыбы: «Қошақаным »**<br>**Мақсаты**: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру. |

Бекітемін: «Алтын асық» бөбекжай балабақшасы ЖШС

меңгерушісі: Б.Оспанова

# Күнделікті жоспар

**Кіші «Балбөбек» тобы**

**Сазгер:**

**С.Адылханов**

**2021 – 2022 оқу жылы**

**Күні:** 03 .09. 21ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Бала, бала балапан»

**Мақсаты:**Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Дене мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдата тырып әуенмен бірге қимылдар жасауға үйрету. Ырғақпен ілесе қимыл жасауға дағдыландыру.

**Көрнекілігі:** Балалардың суреті

**Билингвалды компонент:** Балалар – дети

**Сабақтың барысы:** Балалар көңілді музыка үнімен залға кіреді. Шеңбер бойымен жүреді. Орындарында тұрып шаттық шеңберін жасайды. Әуенмен бірге айналады, жеңіл үнді музыкамен секіреді. Әуен тоқтағанда бірге тоқтап, қимыл жасауды үйренеді. Музыка жетекшісі балаларға суреттер көрсетеді. Суреттер бойынша сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады.

**«Бала, бала, балапан»** әні (И.Нүсіпбаев, Ж. Смақов) орындалады. Әнді орындау барысында алдымен алақанды, содан соң саусақтарды әуенмен көрсетеді. Екінші шумағында (топ- топ басайық) деген сөзге келгенде аяқты топылдатады. Ән бірнеше рет қайталанады. **«Көңілді ырғақ» ойыны.** Әуен ойналғанда балалар қолдарын шапалақтайды, әуен тоқтағанда қолдарын жасырады. Аяқты топылдатып, қолды жоғары көтеруге тырысады. Әуен аяқталғанда аяқтарын жасыруға талпынады.

**Халық әні «Еркем-ай»** әуені ойналғанда балалар аяқтарын топылдатады да, әуен тоқтағанда аяқтарын жасырып отыра қалады. Музыкаға ілесіп қимыл жасап, көзге ерекшеленген балаларды атап өту және мадақтау.

**Күтілетіннәтиже:**

**Біледі**: музыканы тыңдай білуді. Қызығушылығы мен ынтасын арттыру.

**Игереді**: музыка әуенімен қолдарын, саусақтарын, аяқтарын көрсетуді игереді.

**Меңгереді**: музыка үнімен ілесіп аяқ-қолды қимылдатуға дағдыланады.

**Күні:** 10.09. 21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Айгүл қонақта»
**Мақсаты:**Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау. Музыкаға деген ынтасын арттыру, музыка әуеніне сәйкес қимыл жасай білуге үйрету.
**Көрнекілігі:**Балабақшаның суреті.
**Билинвалды компонент:** Дос – друг.
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Балалар, бүгін сендерді қуыршақ күтіп отыр. Кәне, бәріміз қуыршақ Айгүлге жүруді, жүгіруді көрсетейік.Балаларға бірінің соңынан бірі жүруді үйретеді. Аяқтарыңды нық басып, тізіліп жүріңдер. Музыка тоқтағанда жүрістеріңді тоқтатыңдар. Әуенге ілесіп жүреді, әуен тоқтағанда, тоқтайды. Жеңіл әуенмен жүгіреді. «әуен ойнағанда жүгіресіндер, - деп ескертеді. Музыка жетекшісі қуыршақты алдына алып отырып, әнді орындайды. «Жүгіреміз, жүгіреміз» (Г. Абдрахманова). Балалар, Айгүл өзімен бірге қимыл жасауды өтініп отыр. Айгүл: «Бір, екі, алақай» дегенде алақан соғасыңдар.

Ал келіңдер, келіңдер,
Мені қуып жетіңдер, - деп, ойынға шақырады.
Ал қанекей қашыңдар,
Тез-тез аяқ басыңдар,- деп балаларды Айгүл қуа жөнеледі.Музыка жетекшісі балалардың көңіл-күйіне қарай ойынды қайталайды. Балалар қуана жүгіріп, музыка әуенімен Айгүлден қашуға тырысады.
Балалар қуана ілесіп, ойынды қайталайды.
Балалар, бізге бүгін кім келді? Қуыршақ Айгүл келді. Балалардың жүрісіне, ойынына ризашылығын білдіреді. Айгүл: Балалар, мен сендерге ризамын, сендер өте тез жүгіре алады екенсіңдер. Жарайсыңдар! Балалар Айгүлмен қол бұлғап қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әуенге сай қимыл жасауды
**Игереді**: музыканы тыңдап, қуыршақ Айгүлмен билеуді, ойнауды игереді.
**Меңгереді**: әуенмен ілесе жүгіруді, жүруді, қашуға дағдыланады.

**Күні**:  14 -17.09.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:**   Музыка
**Тақырыбы:** «Қуыршақпен  билейміз»
**Мақсаты:**Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Қуыршақ арқылы балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Ойыншық көмегімен өимыл- қозғалыс жасай білуге үйрету.
**Көрнекілігі:**Ойыншықтардың  суреті.
**Билингвалды  компонент:** Ойыншықтар – игрушки.
**Сабақтың  барысы:** Балалар музыка залына әуенмен кіреді. Музыка жетекшісімен амандасады. Жеңіл музыка әуенімен жүгіреді. Қолдарын жоғары көтеріп, қолды білезік буынынан қозғалтады. Әуенге ілесіп қимыл жасайды. Әуен тоқтағанда бірге тоқтау керек.  Жеңіл музыка үнімен аяқты жеңіл көтеріп жүреді. Қолдың басты буынынан бұрып қимыл жасайды. Қимылды әуенге ілесе жасайды.
**«Қуыршақпен билейміз»** әні орындалады.
«Ұйықтап жатыр дамылдап,
Әлди, әлди, әлди-ай» - деген жеріне келгенде дауысты бәсеңдетіп, балаларды да тыныштық сақтауға шақыру керек. Қуыршақ ұйқыдан оянып, би билей бастайды. Ән қайталанып айтылғанда қуыршақ орнына өздері билейді.   «Қол созыңдар, балалар, ля-ля-ля», - деген жерінде қолдарын шапалақтауды ұсынады.
- Балалар, Ақмарал сендерді көңілді ойынға шақырып  тұр.
«Қуып жет» ойыны ойналады. Қуыршақ Ақмаралды тәрбиеші көтеріп жүгіреді. Ойын керісінше қайталанады.

- Бүгін бізге кім қонаққа келді?
- Балалар жауап беруге тырысады.
  Ақмарал сендерге рақмет айтып  отыр. Келесі жолы тағы да келіп, сендермен бірге ойнаймын деп отыр. Ақмаралмен қоштасайық, - деп қол бұлғап, балаларды шығарып салады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыкамен тербетілуді, тыныштық сақтауды білуі керек.
**Игереді**: тыңдауды, қайталауды, қуыршақты ұстауды.
**Меңгереді**: музыка үнімен бірге ілесе қимылдар жасауды, музыка тоқтағанда бірге тоқтауды, қуып жетуді, қашуды.

**Күні**: 21 – 24.09.21ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Көңілді сылдырмақтар.»

**Мақсаты:**Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік-ойын қимылдарын бере отырып заттар мен қимылдар жасау. Ойыншықтар арқылы балалардың музыкаға деген сезімдерін ояту. Балалардың есту қабілетін арттыру.

**Көрнекілігі:** Сылдырмақтың суреті

**Билингвалды компонент**: Сылдырмақ-погремушка

**Сабақтың барысы:** Балалар музыка залына әуенмен кіреді. Музыка ырғағымен бірінің соңынан бірі тізіліп, аяқты нық басып жүреді, жүгіреді. Алдымен сылдырмақтың суретін көрсетіп, сұрайды: Балалар жауап бере алмаса, музыка жетекшісі өзі айтады.

-Кәне, қазір бәріміз сылдырмақты қолға алып, сылдырлатайық.

**«Көңілді сылдырмақтар»** әні (И. Сапарбай, А. Тоқсанбаев). Музыка жетекшісі әнді орындап береді.«Сылдыр-сылдыр,сылдырмақ, Сөлейтіндей былдырлап»- деген сөздер айтылғанда балалар сылдырмақты сырдырлатады. Әннің үшінші шумағында:

«Балалар қайда кетті екен,
Бұл маңайда жоқ па екен», -деген жерінде балаларға сылдырмақты алдарына қойып, екі қолымен бетін жабуды сұрайды.

«Ортада әлі ойын бар,
Кәне, шыға қойыңдар», - деген сәтте балалар сылдырмақты қолына алып, сілкілейді.

- Сонымен, бүгін біз қандай ойыншықпен ойынадық, көрсетіндерші? Ойыншық сендерге ұнады ма?

Іс-әрекет кезінде жақсы қатысқан баланы атап өту. Ілесе алмаған баланы да мадақтап, келесі жолы жақсы орындайтынын атап көрсетеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі**: музыканы тыңдап, есте сақтауды, әнді ілесе айтуды.

**Игереді**: музыка ырғағымен сылдырмақты ұстап сылдырлатуды.

**Меңгереді**: музыканы тыңдап, бірге қимыл жасай біледі, музыкамен ілесе ойнауға дағдыланады.

**Күні:** 01 .10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Менің әжем»
**Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтері қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділігін есте сақтау. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.
**Көрнекілігі:** Әженің суреті.
**Билингвалды компонент:** Әже – Бабушка
**Сабақтың барысы**: Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. Әже немересіне қарап тұрған суретті көрсетеді. Өлең оқиды:

*«Еркем әнім, ертеңім,*
*Елжіреткен көркемім.*
*Ертеңіме ертегі*
*Шежіремді шертемін»,* - деп әжесі немересіне өлең оқып беріпті. Балалар өлеңді тыңдап, әже суретіне қарайды. Музыка жетекшісі:
*- Ал балалар, балалар,*
*Шеңберге тұра қойыңдар.*
*«Кел, балақан» әнін айтып,*
*Қайталайық, балалар.*
**Ән айту: «Кел балақан»**Әже қолындағы қоржынымен кіреді.
- Амансыңдар ма, балаларым! Мен сендерге **«Күз жомарт» әнін** орындап берейін, ал сендер тыңдаңдар. Музыка жетекшісі әнді қосыла айтып, бірге ырғақпен шапалақтауды ұсынады.
- балаларым, балғындарым, тағы қандай өнерлерің бар?
Музыка жетекшісі: Біздің ұлдарымыз **«Шабандоз» биін** үйренгісі келеді, - деп билеуді ұсынады, үйретеді.
Әже: Онда қыздарым маған келсін, мен оларға **«Қара жорға» биін** үйретеді. Ал енді менің қоржынымда не бар екен, өздерің алып көріңдер. Балалар билегісі келгенін көрсетеді, шабады, қамшыны ұстауды, орындыққа отырып шабуды үйренеді. Қыздар әженің қасына отырып қимылдап, қолмен, басымен иілуді үйренеді.
**Әже: -** сау болыңдар, сендер жақсы билediңдер, ойнадыңдар, менің «Күз жомарт» әнімді қайталап жүріңдер.
Музыка жетекшісі балалардың жақсы қатысқанын айтып мақтайды. Балалар жақсы қатысып, көңіл күйлері көтеріледі.
Балалар әжемен қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Әуенді қайталауды, тыңдауды, әнді айтуды.

**Игереді**: қамшы ұстауды, асық алуды, салуды.
**Меңгереді**: шабуды, орнына отыруды, қолдарымен қимыл жасауды.

**Күні:** 08.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қараңдаршы далаға»
**Мақсаты:**Музыка және әннің мазмұнына қарай би қимылдарын шеңберде тұрып орындау. Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылды ойын арқылы ән айту, сезімін ояту.
**Көрнекілігі:** Алтын күздің суреті.
**Билингвалды компонент:** Алтын күз – Золотая осень
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балалармен амандасады және ойынға шақырады. Музыканың сүйемелдеуімен «Көңілді саусақтар» қимылды әуенін орындайды.Балалар еркін жүріп залға кіреді, амандасады.Балалар, қараңдаршы далада жапырақтар жерге түсіп, түстері сары түске айналған. Яғни, күз мезгілі. **«Сарыжайлау»** күйін тыңдатады.
**Ән үйрену:** «Күз келгенде» (Қ.Қуатбаев)
**Ойын:** «Кім жылдам» Екі бала ортаға шығады. Қолдарында себет болады. Белгілі бір уақыт арлығында сарғайған жапырақтарды жинауы тиіс. Кімнің себетінде көп жапырақ болса, сол жеңімпаз.
- балалар біз бүгін қай жыл мезгілімен таныстық? - Күз мезгілі.
Сабақты қорытындылау. Мақтау, мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыка ырғағын түсініп, сезіммен тыңдап, жетекшінің қимыл-әрекетін жасай біледі.
**Игереді**: музыка ырғағымен қимылдауды игерді
**Меңгереді**: қолдарын еркін қимылдату, жинау, жүру, отыру, тұруды меңгеру.

**Күні:** 12 – 15.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Жаңбыр жауды себелеп»
**Мақсаты:**Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Күз мезгілінің суреті.
**Билинвалды компонент:** Жаңбыр - Дождь
**Сабақтың барысы:** Музыка залында музыкалық дыбыс шығарады. Үйренген қимылдарды таныс әуенге ілесіп орындайды.
*Күн болып жанайық,*
*Жаңбыр болып жауайық,*
*Гүл болып жайнайық,*
*Жүгіріп- жүгіріп алайық.*
Музыка жетекшісі жаңбырдың суретін көрсетеді. Балаларға «жаңбыр» сөзін қайталатады.
- Жаңбыр қалай жауады? Тырс-тырс-тырс.
**«Жаңбыр»** (Музыкасы Д. Ботбаев, сөзі И. Сапарбай) Музыка жетекшісі әнді орындайды. Ән қайта орындалғанда әннің мәтініне сәйкес балалардың қосылып жасауын талап етеді. «Көктен тырс –тырс жауасың» деген жерде алақандарын жайып, екінші қолмен жауған жаңбырды бейнелейді.
*«Біз ойнайтын ауланың,*
*Тазартасың ауасын», -* Дегенде қолдарын жоғары көтереді.
**«Жаңбыр мен күн» ойыны.** Жеңіл музыка ойналып, балалар жүгіреді, музыка ауысып, күн күркіреп, жауын жауғанда қолшатырға тығылады.
Музыка жетекшісі ауа райының құбылыстарын, *жаңбыр, бұлт* сөздерін тағы естеріне түсіріп, қорытындылайды.Балаларды мақтау, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Ауа райында кездесетін жауын – шашын түрлерін.
**Игереді**: Жаңбыр, бұлт, жаңбырдың тырсылын ажыратуды.
**Меңгереді**: Күн мен жаңбырдың музыка тілінде дыбысталуын.

**Күні:** 19 - 22.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күз ырғағы»
**Мақсаты:**Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру
**Көрнекілігі**: Қоянның суреті.
**Билингвалды компонент:** Қоян – Заяц
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды қарсы алып, амандасады. «Шеңбермен жүреміз» әнімен (Г.Абдрахманова) зал бойымен жүреді.
- Балалар, күзгі ормандағы ағаш түбінде қоян жылап отыр екен, барып қоянды жұбатайық.

*«Қоян, қоян, тұра ғой,*
*Бізбен бірге ойнай ғой», -* Деп әндетеді.

*Қоян:*
«Жаңбыр жауды тарсылдап.
Су боп қалдым қалтырап.
Айналада жапырақ,
Қарным ашты қалжырап».

- Балалар, қоянды бірге жүруге шақырайық, себетке жапырақтарды жинап беруге көмектесеміз бе?

*Қоян:* «Рақмет сендерге, достарым. Мен сендерге **«Жапырақтар»** әнін айтып берейін. Ал сендер тыңдап, бірге биleңдер, - деп қимылдарды бірге қайталауды ұсынады. – Мен сендерге жапырақтарды сыйлаймын». Қолдарына екі жапырақтан береді. *«Жапырақтар»* әуенді – қимылды қозғалысы (сөзі мен музыкасын жазған Г.Абдрахманова)
**«Жапырақтар» әнін** қимылды қозғалыспен үйренеді.
Балаларды **«Бала, бала, балапан»** әнін қайталап айтуға шақырады.
- Балалар, қоян сендермен ойнағысы келеді.
**«Сәбіздермен ойнаймыз»** ойыны ұйымдастырылады.
*Қоян:* «Мен сендерге сәбіздерімді бір-бірден беремін, ал сендер музыкамен секіріп жүріп, сәбізді көрсетесіңдер.Музыка тоқтағанда, сәбізді жасырып қалыңдар. Кім үлгермесе, мен алып қоямын».Ойын 2-3 мәрте қайталанады. - Балалар, сендерге жапырақтар ұнады ма?
- Қоян нені жақсы көреді?
Жетекші балалардың ән айтып, билеп, ойнағандарына ризашылығын білдіреді, мақтайды.

- Балалар, сендерге жапырақтар ұнады ма?   -  Ұнады.
- Қоян нені жақсы көреді?  - Сәбізді
Жетекші балалардың ән айтып, билеп, ойнағандарына  ризашылығын білдіреді, мақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Музыканы тыңдауды, еске түсіруді, еске сақтауды білуі керек.
**Игереді**: «себет», «жапырақ», «сәбіз» сөздерін әуенмен айтуды игереді.
**Меңгереді**: музыкаға ілесе отырып, қимыл-қозғалыстарын бірге жасау дағдыларын меңгереді.

**Күні:**  05.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:**  Музыка
**Тақырыбы:** «Кел, балақан»
**Мақсаты:**Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды ән полька,марш,вальс,баяу көңілді әндер тыңдау ережесін қалыптастыру. Ырғақты сезінуге  «жәй және тез»,  «ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге үйрету.
**Көрнекілігі:**  Балалардың  суреті.
**Билингвалды компонент:** Балалар – дети.
**Сабақтың  барысы:** Үнтаспада көңілді әуен ойналып,музыка  жетекшісі балаларды есік алдынан күтіп алады.

Кәне,кәне тұрайық,
Шеңбер жасап құрайық!-
Деп,шеңбер бойымен тұруға дағдыландырады.
Әшекейленген қораптағы сылдырмақтарды көрсетіп,балаларға ұсынады.Өз беттерімен еркін қимылдап,сылдырлатуға ерік береді,қадағалайды,мақтайды.
«Сылдырмақты сылдырлат,
Аяғыңды нықтап бас!»-
деп,балаларды нық басып жүруге үйретеді.Би қимылдарын көрсетіп,қайталауды ұсынады.
«Сылдырмақпен би» (халық әні «Жайдарман»,өңдеген К.Қуатбаев)
«Сылдырмақты аламыз,
Қорапшаға саламыз»,-

деп,балаларды сылдырмақтарын жинауға, реттеп қоюға дағдыландырады.

«Кел, балақан,кел енді,
Ән тыңдайық біз енді»,-

деп, ән тыңдауға шақырады.
«Кел, балақан» әнін(сөзі А.Асылбеков, музыкасы К.Қуатбаев) орындап,педагог әннін мәтініне сай және қатты шапалақтап,аяқты жай басуды,топылдатуды көрсетіп,балаларға бірге қайталауды ұсынады.
Ән қайталанып, балаларға жай және қатты шапалақтап көрсетіп,ырғақпен қосыла қимылдауға машықтандыра түседі.
Музыка жетекшісі:

«Басқа қарап тұрмайық,
Кел,балақан, ойнайық!-

деп шақырып, «Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады.Ойын шартын көрсетіп,балаларға «Епті аяқтар» (А.Тоқсанбаев) әуеніне тез, жеңіл жүгіруді ұсынады.Шығыршықтарға бөлініп, топтасуларын қадағалайды.
-Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.Біз қалай жүгірдік? Қалай қол шапалақтадық? Аяқтарымызды қалай топылдаттық?-деп сұрап, қимылдарды тағы көрсетулерін сұрайды. Өткізілген оқу іс-әрекетін пысықтайды.
Балаларды мақтап,мадақтайды. Балалар қуана жүгіріп, қол шапалақтап көрсетеді. Аяқтарын топылдатып, қайталап көрсетуге талпынады.
Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді. Балаларды мақтау, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: ырғақпен шапалақтау, тез және ақырын аяқты топылдата білуі керек.
**Игереді**: «жай-жай», «тез-тез», «шарт-шарт», «топ-топ» ұғымдарын түсініп,игереді.
**Меңгереді**: сылдырмақта еркін ойнайды, көппен бірге қимыл-қозғалыс жасайды, жүгіріп жете алады.

**Күні:** 12.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күзгі бақта»
**Мақсаты:**Әуеннің басталуы мен аяқталуына меңгеру.Сагердің дауыс ырғағына еліктеу,әннің сөздері мен жеке буындарды айту.Ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру,күзгі бақ туралы түсінік беру.
**Көрнекілігі:** Жемістердің суреті.
**Билингвалды компонент:** Күзгі бақ –осенний сад.
**Сабақтың барысы:** Балалармен салемдесу.Балаларды шеңбер бойына

шақыру. «Жүгіреміз,жүреміз» Г.Абдрахманова Әуенді қимылмен жүреді. Балаларды отырғызып, дайындалған, сурет муляждарды көрсетіп ұстау,жемістерді ажырату.

Жемістерді тереміз,
Көкөністә жинаймыз.
Алақай-ау, алақай,
Күзгі бақта ойнаймыз. Музыка жетекшісі «Жемістер мен көкөністер» (Г.Абдрахманова) әнін орындап береді.Жетекші муляждарды кезек-кезек көрсетіп: «Алма –ля-ля-ля,Алмұрт –ля-ля-ля, Қияр-ля-ля-ля, Сәбіз-ля-ля-ля»деп айтқызып үйретеді.Созылатын «ал»деген сөзге дыбыстың созылатынын анықтап айтқызады және эмоция арқылы көрсетеді.«Жемістер мен көкөністер» әнін айта жүріп, қимылдауға үйретеді.Мысалы: «Отырып себетке саламыз, жинаймыз,саусақтармен би билеп,айналамыз»деп,әннің мәтініне қарай қимылдар жасап көрсетеді. «Балалар мен жаңбыр» әнін естеріне түсіреді, қайталайды.
«Келіңдер,келіңдер
Ойын ойнап көріңдер,
Жемістерді шашылған
Жылдам жинап беріңдер»

-Балалар қараңдаршы жемістер мен көкөністершашылып кетіпті.Сендердің көмектеріңмен жемістер мен көкөністерді бөліп,екі себетке салайық.
«Жемістер мен көкөністерд» ажырат ойыны.
Әннің мәтініне әлесе отырып,қызыл себетке жемістерді,сары себетке көкөністерді салып беріңдер. (себеттерді түспен белгілеу-қызыл себет және сары себет). Музыка ойналады,балаларға жемістер мен көкөністердің аттарын ажыратып салуға үйретеді. -Балалар сендерге ән ұнады ма?Жемістерді жылдам атап беріңдерші ? Көкөністерді кім атап береді
Серуенге шыққанда,топта өткен әндерді,ойындарды қайталап айтуды ұсынады. Жетекші балаларға деген көңілі мен қуанышын эмоция арқылы білдіреді. Балаларды мақтайды,мадақтайды.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әнді тыңдауды, дыбыстарды қайталауды.
**Игереді:** жемістерді,көкөністерді, музыка әуенімен жинауды, теруді, ажыратуды,тыңдауды игереді.
**Меңгереді:**әнді айтып,мәтініне қарай қимылдарды қайталап,эмоцияға беріле отырып қимыл жасауды біледі.

**Күні:** 16 - 19.11.21 ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:**Музыка

**Тақырыбы:** «Менің анам тамаша»

**Мақсаты:** Әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созыңқы дыбысталуға еліктей отырып,ересекпен қосылып ән айту. Музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау, эстетикалық сезімге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Ананың суреті

**Билингвалды компонент:** Ана- мать

**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. «Шеңбермен жүреміз» жаттығуымен жүру, қимылдарды қайталатады. «Үстел үсті» театры үстінен Қарагөз қуыршақ шығады. Сәлем, достар! Сендер менің анамды көрмедіңдер ме? Мен анамнан адасып қалдым, енді не істеймін? Көмектесіңдерші. Қарагөз,сен біздің қасымызға кел. Мен сендерге «Мамамның мерекесі» (музыкасын жазған Н.Тілендиев, сөзін жазған М.Мақатаев) әнін орындап берейін. Үстел үсті театрынан Қуыршақ-мама шығады. Балалар,сендердің мама туралы әнді айтқандарыңды естіп келдім, осында Қарагөз қызымды кездестірдім.Енді бәріміз ән айтайық. Педагог: Біз «Наурыз келді»әнін сізге айтып береміз. Қуыршақ-мама: Сендер керемет тәртіпті екенсіңдер, аналарыңнан Қарагөзге ұқсап қашпаңдар.Қарагөзге ұқсап қашпаңдар.Қарагөз сендерге көп қуыршақ алып келіпті, бәріміз қосылып «Қуыршағым-ай» әнінүнтаспадан тыңдап,билеп көрейік. «Мен бақытты баламын»үнтаспасы. 1-бөлім «Құршағым-ай»(әнін,сөзін жазған И.Сапарбай). Кім келді? Не істедіңдер? Не ұнады? Қарагөз: -Рақмет,достар,тағы менімен ойнайсыңдар ма? «Өз қуыршағыңа жет» ойыны Қарагөз: Достар!Сау болыңдар!Келесі жолы тағы да келемін. Музыка жетекшісі: -Сендер әнді айтып,жақсы биледіңдер,егер де жақсы қатыссаңдар Қарагөз тағы да келеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** әнді еске сақтауды,әнді айтуды,музыкалық шығарманы тыңдауды.

**Игереді:**қуыршақты ұстауды,өз орнын таңдауды.Музыканы тыңдап, қимыл жасауды.

**Меңгереді:**музыка арқылы қимылдауды,қолдарын,аяқтарын қозғауды,айналуды,дағдылануды.

**Күні:** 23 – 26.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ормандағы сұр көжек»
**Мақсаты:**Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күйсезімін ояту.
**Көрнекілігі:** Ормандағы аңдардың суреті.
**Билингвалды комп:**Орман – лес.
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды орманға серуенге шақырады.
«Марш»(Е.Андосов)ойналып,
«Біз көңілді баламыз,
Орманға бірге барамыз»- Деген кезде екеуден қол ұстасып жүруді ұсынады.Әуен аяқталғанда: «Міне,орманға да жеттік»,-деп тоқтайды. Бұта түбінде отырған қоянды байқап қалғандай,таңданып:
-Балалар,қараңдаршы,мұнда отырған не,білесіңдер ме? –деп сұрайды. -Бұл көңілді сұр қоян. Ойыншық қоянды қолына алып:
«Мен қоянмын,қоянмын,
Сәбізге мен тоямын.
Қыста жейтін азықты,
Күзден жинап қоямын»,- дейді.
-Балалар,қоянмен бірге секіріп,көңіл көтерейік,-деген ұсыныс айтады.
«Қояндар»(Ломова) әуенінің ырғағына билеуге шақырады.
-Жарайсыңдар,балалар! Енді қоянға арнап ән айтып берейін,сендер де тыңдаңдар.
«Сұр қоян» әні(муз. жазған А.Филиппенко,өңдеген К.Үбанұлы) орындап береді. Әнді екінші рет орындап, балаларды қоянмен бірге билеуге шақырады.Әннің барлық шумақтарында тәрбиеші мәтінге сәйкес қимылдарды көрсетеді, балаларға қайталауды ұсынады.Жетекші орындық артында жасырылған ойыншық түлкіні алып көрсетеді:

«Жүрген жері күлкі,
Бізге келді түлкі».
Түлкінің даусын салып:
«Кел сұр қоян,тойлайық,
Балалармен ойнайық»,- деп,балаларды ойынға шақырады.

«Қояндар мен қу түлкі» ойыны ұйымдастырылады. Педагог-түлкі,балалар-қояндар рөлінде (атрибуттар киеді). Музыка жетекшісі ойын шартын қадағалайды. «Түлкіге ұсталып қалмаңдар!»-деп ескертеді Түлкі-педагог:
-Рақмет,балалар! Маған көңілді болды.Қоян-музыка жетекшісі:
-Балалар,сендер тез жүгіріп,секіре алады екенсіңдер! Сендер маған ұнадыңдар!Мен сендерге тағы да қонаққа келемін,сау болыңдар!-деп балалармен қоштасады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**әуен ырғағымен секіру,жеңіл жүгіру,би қимылдары қайталап көрсете білу керек.
**Игереді:** қоян,түлкі кейіпкерлерін ажырата біледі,іс-әрекеттерін көрсете алады, әнің сөзін,әуенін қайталап айтады.
**Меңгереді:**қосаяқтап секіреді,тез әуенге ілесе жүгіреді,қуып жетеді,ырғақты сезіне аяқтарын топылдатады.

**Күні:** 03.12.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көңілді барабан»
**Мақсаты:** Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру.
**Көрнекілігі:** Ойыншық барабан
**Билингвалды компонент:** Барабан – барабан
**Сабақтың барысы:** Көңілді әуен ырғағымен балалар залға кіреді.
- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізге ала мысық қонаққа келді:
«Тікірейіп құлағы, меннен бұрын тұрады.
Бойын жазып, керіліп, беті – қолын жуады, - деп,ойыншықты қозғалтып, қимылын көрсетеді.

Балалар, ала мысықпен серуенге шығайық, жүріңдер! – деп, шеңбер бойымен мысықтың қимылын салып жүруді ұсынады. «Серуендеп, би билейміз» муз. (Э. Раухвергер) «Ала мысық айлалы, дыбыстайды ол қалай?» - деп сұрайды. Балалар, ала мысық мияулап шақырып тұр. Мұнда не бар екен? – деп қараған болып, барабанды «тауып алады». Балалар, мысық бізге сыйлық әкеліпті. Сазгер балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Барабан аспабын көрсетеді, барабанда дауысын шығара ойнап береді. Балаларды шақырып, барабан аспабын ұстап көруге, ойнап көруге мүмкіндік береді. Ала мысықты қуантып ән айтып берейік, ал мысығымыз отырып тыңдасын, - деп орындыққа ойыншықты қояды. «Барабан» әні (муз.Б. Дәлденбай,сөзі .Ж. Әбдрашев) орындалады. «Соқ» сөздерін қосылып айтуға тырысады. 3-4 балаға барабанда ойнап, әнді «сүйемелдеуді» ұсынады. «Мысық пен Мысықай» ойыны. «Көңілді ырғақ» биін(Еркем-ай) бірге Билеуге шақырады. Балаларға таныс биді ұсынады. Балалар, барабанды қалай соғамыз? Ойын сендерге ұнады ма? Ала мысыққа сендердің дауыстарың ұнапты.Ол бізге қайта қонаққа келемін деп отыр! Мысықпен қоштасайық! – деп, балаларды шығарып салады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** ырғақты ажырата білуді, дыбыстарды қайталай білуді.

**Игереді:** барабан аспабының дауысын ажыратуды, жеке сөздерді, дыбысты есте сақтап қайталауды игереді.

**Меңгереді:** барабан аспабын меңгереді, ырғақты сезіне қимылдайды, ән мәтініне сай іс–әрекеттер көрсете алады.

**Күні:** 10.12.21 ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Біз - өмірдің, гүліміз!»

**Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.

**Көрнекілігі:** Түрлі – түсті жалаушалар.
**Билингвалды компонент:** Жалауша – флажок
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды маршпен қарсы алады. Сазгер балаларға түрлі -т үсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасайды. «Біз – өмірдің, гүлміз!» әнін хормен айтады. Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс. Балаларға ән тыңдауды ұсынады. «Отаным» әнін тыңдап,балалар әнді жылдам немесе баяу екенін ажырата білуі тиіс .Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балалар қимыл жасайды.Ән саз жетекшісі:
«Босқа қарап тұрмайық,
Кел,балақай, ойнайық!
– деп шақырып, «Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп, балаларға «Епті аяқтар» (А.Тоқсанбаев) әуеніне тез, жеңіл жүгіруді ұсынады. Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар. Біз қалай жүгірдік? Сұраққа жауап берді. Өткізілген оқу іс – әрекетін пысықтайды. Балаларды мақтап, мадақтау. Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.
**Игереді:** Жалаушамен жаттығу жасауды игереді
**Меңгереді:** Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

**Күні:** 14 - 31.12.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка
**Тақырыбы:** «Желбірейді, жалауша»
**Мақсаты:** Ән айтуды уақытында бастап, аяқтау.Музыканы есте сақтау, тыңдай білуді, ырғақпен нық басып жүруге,әуенді сезіне білуге баулу.Би қимылдарын қайталап көрсетуге дағдыландыру.
**Көрнекілігі:**түрлі түсті жалаушалар,паравоз маркеті.
**Билингвалды компонент:** Жалауша – флажок.
**Сабақтың барысы:** Үнтаспада «Бақытты балалық шақ»

әні (муз. жазған С.Қалымов,сөзін жазған И.Исабаев)ойналып,балаларға өз беттерінше еркін билеу ұсынылады. Музыка жетекшісі түрлі түсті жалаушалар таратып, балаларды көңілді серуенге шақырады.
«Жалаушамен келеміз,
Біз көңілді жүреміз»,- деп, жалаушаны көтере аяқты нық басып жүруге дағдыландырады.
«Қазақ маршы» (А.Затаевич) әуеніне «Жалаушамен жаттығу» би қимылдары үйретіледі. Ән саз жетекшісі көрсетіп, балалардың бірге қимылдауын қадағалайды. Жаттығудан соң балаларды отырғызып,ән тыңдауды ұсынады.«Жалауша» әні (муз. А.Тоқсанбаев,сөзін жазған И.Сапарбаев). Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.Әнді орындап,шумақ соңында «бір-екі» деп қайталап, қосылып айтуды үйретеді.
«Пойызға біз барайық, Вагоннан орын алайық», -деп, пойызбен жолға шығатындарын түсіндіреді. Паровоз макетіне жалғастыра орындықтар тізбектеліп қойылады.
Музыка жетекшісі «Пойыз» (музыкасын жазған К.Қуатбаев,сөзін жазған Ж.Смақов)әнін орындап,педагог мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды көрсетеді,балалардан қайталауды сұрайды. Балалар көңілдене «пойызға» отырып, «вагондарға» жайғасады.Орындық –вагондарда отырып,ән қимылдарын бірге жасауға талпынады, «пыш-пыш», «гу-гу» дыбыстарын айтуға тырысады. Ән аяқталысымен «пойыздан»түсіп,балаларды қыдыруға шақырады.«Бақытты балалық шақ» әні үнтаспада қайта ойналып,балаларға екеуден қол ұстасып, «серуендеуге» зал ішінде еркін жүруге мүмкіндік береді. Музыка жетекшісі: -Балалар,пойыз қалай жүреді? - Балалардың жауабы гу-гу.
Паравоз қалай тоқтайды?-деп сұрап, балаларды әңгімеге тартады. Балалардың жауабы паравоз пыш – пыш етіп тоқтайды. Пойыздың тезірек жүруіне сендер көмектестіңдер,менің сендерге сыйлығым бар!-деп, қатты қағаздан жасалған кішкене жалаушалар береді.
«Тізбектеліп тұрайық,
Вагондарды құрайық,
Көңілденіп бәріміз,
Енді топқа барайық!» -деп, балаларды шығарып салады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** әнді қосылып айта,ырғақпен қозғалу,қимылдарды қайталай білуі.
**Игереді:** нық басып жүру,ойын шарттарына сай қимылдау.

**Меңгереді:**жалаушаны ұстап билейді,дыбыстарды қайталап айтады, ойын шартын орындауды біледі.

**Күні:** 21 – 24.12.21 ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Біз балдырған»

**Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.

**Көрнекілігі:**Түрлі – түсті жалаушалар.

**Билингвалды компонент:** Жалауша – флажок

**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды маршпен қарсы алады. Сазгер балаларға түрлі -т үсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасайды.

**«Біз балдырған»** (А.Асылбек) әнін хормен айтады. Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс. Балаларға ән тыңдауды ұсынады.

**Ән үйрену**«Біз балдырған» әнін тыңдап,балалар әнді жылдам немесе баяу екенін ажырата білді.Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балалар қимыл жасайды.

Сазгер: «Босқа қарап тұрмайық,

Кел,балақай, ойнайық! – Деп шақырып,

«Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп,балаларға «Епті аяқтар»(А.Тоқсанбаев) әуеніне тез,жеңіл жүгіруді ұсынады.

- Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.

Біз қалай жүгірдік?

Өткізілген оқу іс – әрекетін пысықтайды. Балаларды мақтап, мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.

**Игереді:** Жалаушамен жаттығу жасауды игереді

**Меңгереді:** Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

**Күні:** 14. 01. 21ж

**Білім саласы**:Шығармашылық.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка.

**Тақырыбы:** «Ботақан»

**Мақсаты**:ән арқылы үй жануарларының енесін,төлін ажырата білуге үйрету.Есте қабілетін дамыту.

**Көрнекілігі:** үй жануарларының топтамасы, қой мен қозының суреті.

**Билингвалды компонент:** Ботақан - верблюжонок

**Сабақтың барысы:** Көңілді музыка әуенімен музыка залына келеді. Амандасу,шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді. Жүгіру,айналу, әуен арқылы тізені бүге қимыл жасату. Балаларға ботаның суретін көрсетеді. Балалар шеңбер бойымен жүреді,жүгіреді,тізені бүгіп,қолды белге ұстап қимыл жасайды.Балалар суретті қызықтайды. - Балалар,біз сендермен ботақан,лақ туралы әндер айтып, ойындар ойнадық.Бүгін сендермен танысуға қошақан келіп отыр.Кәне,бәріміз қайталайық. Музыка жетекшісі «Төлдер» әнін орындап береді (музыкасы жазған Б.Бекзатов, сөзін жазған Ө.Өмірбеков). Ән қайта орындалғанда музыка жетекшісі қимылмен көрсетеді. «Қайда қалып қойдың?» деген жерде қолдарын жаяды «Бұлтиып тұр бүйірің» деген жерде іштерін көрсетеді. «Өз анаңды тап»ойыны ойналады.Қалташықтың бірінде жануарлардың бірі,жанында бірнеше төлдер жатады.Бала сол жануарлардың төлін тауып қасына суреттерін қою тиіс. Ойын басқа жануарлармен қайталанады. Балалар әнді тыңдайды. Балалар музыка жетекшісіне ілесіп,қолдарын жайып,бүйірлерін көрсетіп,қимылдар жасауға тырысады. Бала ботаның жанына түйенің суретін қоюға тырысады және атын атайды. Ән сендерге ұнады ма?

Қорытындылау,балаларды,бағалау,мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** үй жануарларының атын атай білу керек

**Игереді**:жануарлардың төлдерін атай білуді игереді.

**Меңгереді:**музыкаға ілесіп әннің қимылдарын көрсетуді меңгереді.

**Күні:** 18 - 21.01.22ж
**Білім саласы**:Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы :** «Шымшық»
**Мақсаты**: Музыканы тыңдай білуді , таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру, музыкалық қабілеттерін дамыту.
**Көрнекілігі:** Құстардың суреті
**Билингвалды компонент**: Торғай – воробей.
**Сабақтың барысы:** Марш (М. Раухвергер) ойналып, балалардың ырғақпен нық басып жүрулерін сұрайды.
*Нық басып келеміз,*
*Бір, екі, үш!*
*Көңілді жүреміз,*
*Бір, екі, үш! –* деп, әндетіп, балаларды қосылып айтуға икемдейді. Кенет музыка жетекшісі үйшік үстінен торғайды көріп қалғандай болады.
*Балалар, мұнда келіңдер,*
*Қызықты көріңдер!*
*Торғай ұшып келіпті,*
*Үй үстіне қоныпты,* - деп таңқалған болады. Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі. («Табиғаи әуендері» жинағынан)
*Шиқ-шиқ етіп дауыстайды,*
*Ешбір құстан қалыспайды,* - деп балаларға торғайдың даусын қайталауды ұсынады.
Тұмсығымен жем шоқып,
Тары, бидай тереді, - деп торғайды ұстап, жем шоқыған қимылын көрсетіп, балаларға қайталап көрсетулерін сұрайды.
«Құстар жем шоқиды» (Е. Тиличеева) әуені ойналып, торғайлардың қимылын бірге көрсетулерін сұрайды.
«Шымшық» (Г.Абдрахманова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балалардың мәтінге сай өз беттерінше қимыл көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі.

*Кәне, қанат жазайық,*
*Көк аспанда самғайық,* - деп әуенге ілесе торғайдың ұшқанын, қанат қаққанын көрсетеді. «Құстар» (Л. Банникова) әуенінің ырғағымен ілесе, қолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Музыка жетекшісі үйшік шатырындағы отырған ойыншық мысықты көрсетып:
*Ала мысық пырылдап,*
*Жалықпайды, ұйықтайды.*
*Торғайды аңдып шатырдан*
*Күні бойы шықпайды.*
*Мияу-мияу...* - деп балаларды – «торғайларды» мысықтан сақтандырады. «Мысық пен торғайлар» ойыны ұйымдастырылады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып барып, «сымға» - ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.
*Шиқ –шиқ еткен торғайды.*
*Қорғамасақ болмайды,* - деп балаларға торғайды сипаттайды.
*Қамқорлыққа алайық,*
*Ұясына салайық!* – деп, торғайды ұясына апарып кіргізеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Шымшықтың даусын салып, қайталау, әннің сөзін анық айту, көпшілікпен бірге ырғақты сезіне қозғалуды.
**Игереді:** сюжетті-рөлді ойындарға белсене қатысуды.
**Меңгереді:**қолдарын созып, «қанат қағып», жеңіл жүгіру – «ұшуды», әннің жеке сөздерәне қосыла айтуды, кейіпкер – торғайлар рөлін көрсете білуді.

**Күні:** 25 .01.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:**«Қаршақыз, бізде қонақта»
**Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Есте сақтау қабілетін дамыту, ырғақты сезіну.
**Көрнекілігі:** Аязата,Қаршақыз.
**Билингвалды компонент:** Аяз ата – дедушка мароз

**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі топқа барып амандасып,балаларды қуыршақ театрына шақырады.Алдын ала педагогпен сабақ барысын жоспарлап дайындайды. Музыка жетекшісі театр ішінде дауыс шығарады. -Балалар!Балалар!Мен келе жатырмын! Сәлеметсіңдер ме, кішкентай достарым! Менің атым- Қаршақыз! -Ой мынау қандай әдемі шырша,ойыншықтарының жылтырауын-ай! (Шырша жанып,айналатын болуы керек.) Қаршақыз: -Кәне,шыршаға шапалақ соғайық,аяғымызды топылдатайық. Қаршақыз: -Балалар! Сендер шырша туралы ән білесіңдер ме? «Жасыл шырша» (муз: жазған Қ.Қуатбаев,сөзін жазған К.Шалқаров.) -Әнін бәріміз айтайық,ал сендер шеңбермен жүріңдер. Қаршақыз:
- Рахмет, балалар, енді мен сендерге ән айтып беремін,ал сендер тыңдаңдар.

**Ән үйрену**: «Қаршақыз бен балалар» (Г. Абдрахманова)
Қуаршақ- Аязата сөйлеп шығады.
- Балалар! Балалар!
Айналайын балалар.
Өлең, тақпақ айтыңдар.
Маған билеп берсеңдер,
Сыйлығым бар сендерге!

Қаршақыз: Әннің сөзін айтамыз. Аязата, ля-ля-ля! Қайталатады. Сазгер балаларды жұппен тұрғызады, билеуге үйретеді. Қаршақыз: - Балалар, сендерге көп-көп рахмет, енді біз орманға кетейік, өйткені жылыдан еріп бара жатырмыз. Аязата: - Қош-сау болыңдар! Мен сендерге тағы да келемін, Сыйлық әкелемін. Ал сендерге көп қар сыйлаймын,- деп, қар беріп кетеді. «Ойнаймыз,ойнаймыз, Жаңа жылды тойлайыз» -Балалар,сендерге кім келді? Бізге Аяз атамен, Қаршақыз келді. Педагог екеуі «Қар атыспақ» ойынын ұйымдастырады,ойнауға үйретеді. -Жарайсыңдар,балалар!-деп мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** әнді есте сақтауды, ырғақтарды сезінуді.
**Игереді:** шырша, ойыншықтар, қармен ойнауды.
**Меңгереді:** шеңбермен жұптасып жүруді.

**Күні:** 28. 01. 22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка
**Тақырыбы**: Шырша мен ойыншықтар
**Мақсаты:** Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.
**Көрнекілігі:** Ойыншықтардың суреті.
**Билингвалды компонент**: Ойыншықтар-игрушки
**Сабақтың барысы**: Балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз», «Жүгіреміз, жүреміз».(Г.Абдрахыманова)әуенді қимылдарын қайталап қарсы алады.Үстел үсті театры арқыл шыршаны және ойыншықтарды көрсете отырып, шыршаға таппақ айтады.
Тауда туып,тауда өскен
Шырша келді ортаға .
Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген
**Музыка тыңдау**: «Қаршақыз бен балалар»(Г.Абдрахманова)әнін қайталауын сұрайды.(Қаршақыздың әуенін қуыршақ Қаршақызды ұстап айтады.)
**Ән үйрену**: «Жасыл шырша» (музыкасы К.Қуатбаев,сөзі К.Шалқаров) әнін орындап береді.
1-шумағында шыршаны айналады.
2-шумағында жақындайды.
3-шумағында алақанды шапалақтайды,қол көтереді,билеп үйренеді.
Жетекші балаларға шыршада ілулі тұрған ойыншықтарды көрсетеді. «Мысық,торғай,күшік, Мынау ілінген қандай ойыншық?»- Деп сұрайды. Балалар әнді айтуға тырысады. Балалар әнді мұқият тыңдайды. Балалар шеңбермен жүріп тыңдайды. Ортаға жақындайды. Шапалақтауға тырысады.Ойыншықтарға қарап,жауап береді.
Мысық қалай дыбыстайды? «Мияу – мияу»
Торғай қалай дыбыстайды? «Шиқ – шиқ»
Күшік қалай дыбыстайды? « Әуп – әуп»
Егер дұрыс дыбыстасаңдар,ойыншықтар ілініп тұрады.Ал дұрыс болмаса, қашып кетеді.
«Ойын ойнап көрейік,
Жүгірейік, жүрейік,
Егер қасқыр ұлыса,
Жылдам қашып кетейік»,- деп жетекші үлкен ақ матаны алып, балалардың

астына жасырынып қалуын сұрайды. «Ненің даусы?» ойыны. - Қасқыр келгенде алдаймыз, мысық болып мияулаймыз,торғай болып шиқылдаймыз, күшік болып үреміз, - деп,орыннан орынға ауысып, «төмен», «жоғары» дыбыстарды айтқызуға үйретеді. - Балалар,бүгін сендер әнді тыңдап, дыбыстарды жақсы айтып бердіңдер.Келесі тағы да ән айтамыз, ойнаймыз. Жарайсыңдар!-деп мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** тыңдайды, төмен, жоғары дыбыстарын білуі керек.
**Игереді:** жасырынуды, қашуды, алдауды.
**Меңгереді:**жүгіруді, отыруды, тұруды.

**Күні**: 04.02.22ж.
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы** : «Күн мен Жаңбыр»
**Мақсаты:** ән айтуды уақытында бастап, аяқтау; алға шығып немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау. Ойы арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу.
**Көрнекілігі:** Күннің суреті
**Билингвалды компонент:** Күн – Солнце, жаңбыр – дождь.
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз» қимылды қозғалысымен жүруді ұсынады. Тәрбиеші күннің шуағын көрсетеді. Жетекші әндете: - Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар? Кәне, бәріміз Күнге жақындап тұрайық. (Жетекші бұлт суретін шығарады). Үнтаспадан күннің күркірегені, жаңбыр тырсылы естіледі. Балалар, мен сендерге «**Балалар мен жаңбыр**» әнін (Г.Абдрахманова) айтып берейін. Ән мәтініне сай қимыл-қозғалыстар жасауды ұсынады. Балалар, сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. Көңілді әуен ойналғанда, секіріп ойнауды, ал күн тығылып, бұлт шыққанда отырып қалуды ұсынады.(Екі қолын жоғары көтеріп түйістіріп шатыр жасауға немесе қолшатырды пайдалануға болады).
**«Жапырақтар»** (Г.Абдрахманова) әнін қайталап айтуға шақырады.

**«Күн**» (М.Т. Потапенко) (Көңілді шығарма).
**«Жаңбыр»** (музыкасы Ә.Телғозиев) әуенін тыңдай жүріп ойнауға үйретеді. Ойынды бірнеше рет қайталауды ұсынады.

*«Күннің көзі күлімдеп,*
*Бізге қарай ашылды.*
*Жылуымен жылытып,*
*Шуақтары шашылды».*

- Балалар, Күн шуағы сендерге қуанып, келесі жолы тағы да келіңдер деп шақырып жатыр. Кәне, Күнмен қоштасайық. Сендер бүгін көңілді әуен тыңдап, өте жақсы ойын ойнадыңдар, - деп мақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** музыканы тыңдау, көңілді, көңілсіз әуенді сезіне ажырата білуі керек.
**Игереді:** музыканы тыңдап, ойын шартын бұзбай, мәтінге сай қимыл жасап, ілесе айтуды игереді.
**Меңгереді:** көңілді әуенге секіруді, жүгіруді, музыка өзгерген кезде жасырынуды меңгереді, дағдыланады.

**Күні**: 11.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы** : «Көңілді пойыз»
**Мақсаты:** Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.
**Көрнекілігі:** паровоз макеті, ойыншық қоян,қонжықтың үйшігі.
**Билингвалды компонент:** көңілді пойыз – веселый поьезд
**Сабақтың барысы:** Үнтаспада **«Қуырмаш»** әні ойналып, музыка жетекшісі балаларды қарсы алады.

- Балалалар, біз бүгін қоңыр қонжыққа қонаққа барамыз. Қонжық алыста, орманда тұрады,- деп түсіндіреді.Орманға жету үшін мына «Көңілді пойызға» отырайық, - деп пойыз макетін көрсетеді.

«Пойызымызға біз барайық,

Вагоннан орын алайық», - деп «вагондарға» - тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.

*«Ал паровоз бастайды,*
*Пыш- пыш, пух- пух,*
*Ән айтып біз қостайық.»,*- деп, **«Пойыз»** (К.Қуатбаев, Ж.Смақов) орындайды. Балаларда орманға келеді.Сазгер ойыншық қоянды ұстап тұрып:

*«Мен қоянмын, қоянмын,*
*Сәбізге мен тоямын.*
*Қыста жейтін азықты,*
*Күзде жинап қоямын,* - дейді. - Балалар, сұр қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік - деп, ұсынады. **«Сұр қоян»** (А. Филипенко, сөзі Қ.Үбанұлы) орындалып, балаларға би қимылдарын көрсетулерін сұрайды.

**«Қоңыр аю қорбаңбай»** (Б.Дәлденбай)

**Аю:** *« Мен аюмын қорбаңбай,*
*Қимылмаймын қорбаңдай.*
*Омартаны көргенде,*
*Бас қоямын ойланбай».* (А.Асылбеков) - Сәлеметсіңдер ме, балалар?

Сазгер балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады.

Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға щақырады.

*«Қонжық және қоянмен»*
*Ойын ойнап күлейік,*
*Достарымыз қуансын,*
*Тату болып жүрейік»,* - деп**, «Қояндар мен аю»** ойыны ұйымдастырылады. Сазгер балаларға «Көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен «пойыз» әні қайтадан орындалады. Біз қандай көлікке отырдық? Паравозға отырдық. Паравоз қалай жүреді екен? Балалардың жауабы. Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**паровоз, пойыз туралы ұғынып, білуі керек.

**Игереді:**пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білу, бірге қуану, риза болу.

**Меңгереді:**сөздерді қосыла айту, қайталау, ойыншық кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын жасап көрсету (қосаяқтап секіру, әуенге тез жүгіру, қорбаңдап жүру).

**Күні:** 15 - 18.02.22ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** « Сылдырмақтар»

**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру. **Көрнекілігі:** Сылдырмақ , безендірілген қорап.

**Билингвалды компонент:** Сылдырмақ – погремушка

Са**бақтың барысы:** Үнтаспада «Айгөлек» әні орындалып, балаларды көңілді қарсы алады. Сазгер балаларды көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды.

**«Серуендейміз, демаламыз»** әуені (М.Красев) ойналып,1- бөлімде қол ұстасып зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Әуеннің 2- бөлімінде бір орында тұрып, қол шапалақтайды.

- Балалар, қараңдаршы мынау қорапқа Ішінде не бар екен? Келіңдер, бірге көрейік. Сазгер қораптан сылдырмақты алып :

Қызыл, жасыл, сылдырмақ,

Үн қатады сылдырлап. - деп сылдырмақты сылдырлатып көрсетеді.

«**Сылдырмақты серуен»**(С.Тезекбаев)

Сылдырмақты алайық,

Әсем әнге салайық!

**Ән тыңдау: «Сылдырмақ»** (А.Тоқсанбаев, И. Сапарбай) Әннің 1-шумағында қойталап, балалардың сылдырмақты ырғақпен соғып көрсетулерін талап етеді. Әннің соңғы шумағында балаларға сылдырмақтарын жерге қойып,қолдарымен беттерін жабуды ұсынды. Ортада әлі ойын бар,

Кәне, шыға қойыңдар! – деп әндетіп, бралаларды келесі ойынға шақырады. **«Сылдырмақпен ойын»(**А.Майкаппар) педагоктің көрсетуімен ұйымдастырылады. Екі бөлімді әуенге өз еріктерімен қимылдарды ауыстыра білуе үйретеді. Балаларға ойын соңында шығыршықтарға кіріп, жасыр-ынып үлгеру керек екенін түсіндіретін. Ойы-нды екі рет қайталауға болады.

Апайларды тыңдаймыз,

Сылдырмақты жинаймыз!- Деп,балаларға сылдырмақтарды қорапқа салуға көмектесулерін сұрайды.
-Сылдырмақтардың даусы қандай?
-Бүгінгі серуен ұнады ма? Балалардың жауабы. Сұрақтар қойып,балалардың сөйлеп,жауап беріп дағдылануына ықпал етеді.
«Серуендейміз,демаламыз» (М.Красев) ойналып,балалар қол ұстасып шығады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** екеуден қол ұстасып жүруді,айналуды,көппен бірге әнге қосылуды.

**Игереді:** жылдам және жай әуендерді ажыратуды,әртүрлі сипаттағы әндерді әуенімен жеке және хормен айтуды.

**Меңгереді:**сылдырмақты ырғақпен сілкіп,қозғап ойнай алуды,ауыспалы әуенді тыңдай білуді.

**Күні:** 22 - 25.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Кел, билейік»
**Мақсаты:** Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Ән – әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналауға дағдылану, көтеріңкі көңіл күй сыйлау.
**Көрнекілігі :** Бишілердің суреті.
**Билингвалды компонент:** Би – Танец
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларға сандықшаға салынған түрлі түсті орамалдарды ұсынып, таңдап алуға мүмкіндік береді.
*«Келіңдер, келіңдер,*
*Шеңбер құрып беріңдер!»* - деп балаларды дөңгелене тұруға бейімдейді. «Орамалмен билейміз» әні. Орамалды оң қолға ұстауды, жоғары көтеруді, қозғауды, бір орында айналуды көрсетіп, қайталауды талап етеді.

*«Қызыл, жасыл, сары, көк,*
*Орамалды алайық,*
*Қолды көкке созайық,*
*Қозғап, қозғап қалайық!»* - деп, әндетіп, әуенге ілесе би қимылдарын орындауды сұрайды. Балалар көңілді әуенге ілесе, орамалдармен би қимылдарын жасайды. Би соңында жетекшісі: *«орамалды аламыз, сандықшаға саламыз»,* - деп сандықшаға орамалды жинайды. Музыка жетекшісі бұрышта тұрған үйшікті көрсетіп: - Қандай әдемі үйшік! Мұнда кім тұрады екен? – деп ақырындап барып үйшікке жақындап, үйшік есігін қағып, «Мұнда кім тұрады?» - деп сұрайды, - балалар, шапалақтап дыбыстайық, мүмкін естіп, шығатын болар, - деп ұсынады. – енді аяғымызды қатты топылдатайық. Үйшік терезесінен педагог Меруерт - қуыршақты көрсетіп: - Сәлеметсіңдер ме, балалар? – деп амандасады. Музыка жетекшісі әдемі қуыршақты бірге ойнауға шақыруға ұсыныс жасайды. Қуыршақ «қуана келісіп», балаларға қосылады. **«Полька»** (Ю.Слонова) орындалады. Музыка жетекшісі немесе педагог қуыршақтың қолдарын қозғап, шапалақтап, айналып, балалармен бірге «билетеді». Би аяқталысымен Жәмила-қуыршақ:

- Балалар! Сендер әсем билейді екенсіңдер. Маған өте көңілді болды! Сау болыңдар, балалар! – деп иіліп қоштасады. Балалар қуана қол шапалақтайды. Көңілдене қол бұлғап қоштасып, шығады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** әуенді тыңдап, әсер алу, ырғақты сезіне білуі керек.
**Игереді:**Жәмила-қуыршақпен қызығушылықтары артып, көпке ілесуді игереді:
**Меңгереді:**ән мәтініне сәйкес іс-әрекеттер көрсетеді, екеуден айналады, орамалмен би қимылдарын жасайды.

**Күні:** 04.03.22 ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы: «**Әжем келді ауылдан»
**Мақсаты:**Ән айтуды уақытында бастап аяқтау. Әже арқылы балаларға наурыз туралы мәліме беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.
**Көрнекілігі:**дөңгелек үстел, ұлттық тағамдар, қазақы үй жабдықтары.
**Билингвалды компонент:**Әже – бабушка.
**Сабақтың барысы:** Музыка залында дөңелек үстел жанында әже балалады көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады.
**Халық әні:** «Еркем ай».

*«Жайдарымыз бәріміз,*
*Дастарқанда дәміміз.*
*Көжесі көп, қыры көп*
*Қандай жақсы наурыз!»*
- Балалар, мен сендерге әдейі ауылдан келдім, бүгін – мереке.
Міне, дастарқан қазақтың ұлттық тағамдарына толы: бауырсақ, құрт, жент, ірімшік.Ал ондай болса сендерге ән орындап берейін.Әже ән орындайды. **«Наурыз – біздің жаңа жыл»** (музыкасы мен сөзін жазған Ж. Қалжанова).
- наурыз мерекесі болғанда күн жылынады, ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырады, малдар төлдейді. Ал енді барлығымыз орнымыздан тұрып, осы әнге қимылдар жасайық. 1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс. Қайырмасында әже қол шапалақтайды. Балалар да әжеге қосылып, қол шапалақтауға тырысады.
2-шумағы орындалғанда әже балалармен біре қол ұстасып, кіші шеңбер жасайды, одан кейін шеңбеді үлкейтуін сұрайды.
Қайырмасында тоқтап, балаларға қол шапалақтауды ұсынады. **«Бәйге» ойыны.**Балалар кезекпен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады. Әже балаларға ризашылығын білдіреді.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Наурыз мерекесі туралы мәліметтерді.
**Игереді**: наурыз, ұлттық тағам түрлері туралы түсініктерді игереді.
**Меңгереді**: атқа мініп жарысу дағдыларын меңгереді, шеңберді кішірейту, кеңейтуді

**Күні:** 11.03.21 ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Лағым»

**Мақсаты:** музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.Жеңіл музыка әуеніне ілесіп лақтың қимылын, жасауға денені жеңіл ұстауға үйрету.Жануарлардың қимылын,дыбысталуын музыка үніне ілесе жасауға дағдыландыру.

**Көрнекілігі:**үй жануарларының суреттері, ойыншық лақ, ойыншық күшік.

**Билингвалды компонент**: лақ – козленок

**Сабақтың барысы:** Балаларды музыка әуенімен қарсы алу. Музыка әуеніне сәйкес қимылдар жасайды. Жеңіл әуенмен секіру. Музыка тоқтағанда қимылды тоқтату. Балаларды ойыншық лақ күтіп алады.

*«Жалт-жұлт етіп, лақ,*
*Жағалайсың құрақ.*
*Секірем деп бірақ*
*Қала көрме құлап».*(А. Асылбек)

- Балалар, сендерді ақ лақ күтіп отыр. Лақ – ешкінің төлі. Бәріміз «лақ» деп айтайық.

**«Лақ»** (муз. жазған Д. Ботбаев, сөзін жазған А. Асылбек).
Әнді мұқият тыңдаймыз. Музыка жетекшісі ойыншық лақты қолға ұстап отырып әнді айтады. «Шұнақпын» деген сөзді айтқанда құлағын көрсетеді. «Мә-ә» сөздеріне мән бере айтады. Әнді қайталап айтқан кезде «селтеңдеген» деген секіріп деген мағынаны білдіретінін, «шұнақпын» дегені – құлағы кішкентай екенін түсіндіреді. «Мә-ә» деген сөзді алдымен ойнап, анасы мен төлін ажыратуға үйретеді.Қазір бәріміз музыка үнімен лақ болып секірейік. Лақ кішкентай болғандықтан, қорқақ келеді. Байқаусыздан күшік шыға келсе, секеңдеп қаша жөнеледі.
**«Лақ пен күшік» ойыны.** Бәріміз музыка ырғағымен жеңіл секірейік. Күшік алдын ала дайындалған үйшігінде тығылып отырады. Тәрбиеші музыка өзгергенде күшік болып балаларды қуады. Музыка жетекшісі күшікке жақындап: «Лақтар кішкентай, қума» деген ескерту жасайды.
Бүгін біз лақ туралы ән айттық, лақ болып ойнадық, күшіктен қаштық. Бәрің жақсы ойнадыңдар. Балалар көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: үй жануарларының төлдерін атай білуі керек. Дыбыстарын ажырата білулері керек.
**Игереді**: музыка үніне сәйкес секіруді, ырғақты сақтауды игереді.

**Меңгереді**: музыка әуенін ести отырып қаша білуді, төлдерді атай білу дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 15 - 18.03.22ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Әлди- әлди, ақ бөпем»

**Мақсаты:** Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын таныстыу. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру.

**Көрнекілігі**: бесік, бөпе- қуыршақ, сылдымақтар.

**Билингвалды компонент**: Бөпе – ребенок.

**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды қолындағы қуыршақ бөпесімен қарсы алады,амандасады. Бөпе ұйықтап жатыр екен. Сазгер: «Шеңбермен жүреміз» жаттығуын бастайды. Балалар, біз қазір жаттығуды «бәсең» дыбыспен жүріп жасаймыз, өйткені бөпеміз оянып кетеді. (Әлдидің жылаған даусы естіледі) Балалар, біздің бөпеміз оянды «көтеріңкі» дыбыспен жаттығуымызды жасайық. - Балалар, енді бөпемізді бесігімізге жатқызайық, Оның ұйқысы келіп тұр.Ал сендер бесік жырын тыңдадыңдар. Халық әні «Құлыным». (Р.Рымбаева. «Сезон» А.А.Қ 2003ж) Балалар,сендерге ән ұнады ма? Балалардың жауабы.
Олай болса орнымыздан тұрып, «Сылдырмақ» әнін қайталайық.Қолдарына сылдырмақты алып, билейді.Балалар әнді бірінші «бәсең» айтамыз, өйткені бөпеміз оянып кетпесін. Ал балалар бөпемізде оянып кетті, енді «көтеріңкі» дауыспен айтамыз, бөпемізді жұбатайық. Балалар жаңа кім жылады? Балалардың жауабы. Кәнеки, бөпемізге «Қуыршағым- ай» биін билеп берейікші. - Балалар сендер бөпені жақсы жұбаттыңдар, сендерге көп- көп рахмет. Келесі жолы жақсы билеп,ән айтсаңдар, бізге көп ойыншықтар келуі мүмкін, -деп мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы  тыңдауды, еске  түсіруді, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды.
**Игереді:**  әлдилеулді, сылдырмақты  ұстауды,  қуыршақты  ұстауды.
**Меңгереді:** шеңбер  жасауды, отырып – тұруды, жүгіруді, музыкамен билеуді.

**Күні:**25-29.03.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:**   Музыка
**Тақырыбы: «**Көктем гүлі көрікті»
**Мақсаты:** музыка сипатына сәйкес қозғалады, музыка басталғаннан қимылдарды бастай алады. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасауға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру.
**Көрнекілігі:** автобус макеті, себетке салынған қауырсын гүлдер, қолшатыр, «жаңбыр тамшылары» - көгілдір лента ілінген таяқшалар.
**Билингвалды  компонент:**Көктем – весна.
**Сабақтың  барысы:** Музыка жетекшісі балаларды себет толы әдемі көктем гүлдерімен қарсы алады. Балаларға гүлдерді таратып береді.
*«Гүлді ұстап көрейік,*
*Ақырындап жүрейік», -*  деп, өз ериктерімен гүлдерді ұстап, қызықтап көруге мүмкіндік береді.   **«Вальс»** (Қ. Шілдебаев) ойналып, балаларды гүлдермен биге шақырады.
*«Көктем гүлі көрікті,*
*Би билеік көңілді!»*
Музыка жетекшісі ***«Көктем гүлдері»*** биінің қимылдарын көрсетіп, балаларға қайталап, бірге билеулерін сұрайды. Би соңында балаларға гүлдерді жинап, себетке салуды ұсынады. Жетекші балалардың назарын далаға, күн нұрына аударып, көңілді дауыспен:
- Балалар, қараңдаршы далаға,
*«Күннің көзі ашылды,*
*Алтын нұры шашылды!»* - деп балаларды үнтаспадағы көңілді ырғаққа **(«Айгөлек»** әні, Р.Рымбаеваның орындауында) билеуге шақырады. Тербелу, секіру, екеуден қол ұстасып айналу қимылдарын көрсетіп, балалардың іс-

әрекеттерін бақылай жүреді.  Үнтаспада күннің күркірегені, жаңбыр тамшыларының дыбысы естіледі.
*«Жаңбыр жауды себелеп*
*Дала қандай керемет!»* -  деп, қолшатырды ашады.
*«Қолшатырға қаш-қаш,*
*Аяғыңды бас-бас!»* -  деп, балаларды қолшатыр астына жасырынуға шақырады. Бұл кезде сазгер жаңбыр тамшыларын бейнелеп, «тамшы»-таяқшаларды қозғай зал ішінде жеңіл жүгіреді.Ойынды 2-3 рет қайталауға болады.Ойын соңында:
*«Күннің көзі ашылды,*
*Жаңбыр жауып басылды!»*

- енді қалада көлікпен қыдырайық, - деп автобус макетін көрсетіп, «көлікке – автобусқа жайғасып отыруға шақырады.
Жетекші **«Көлікке мінеміз»**  ойынын ұйымдастырады.
**«Машина» әнін** (музыкасын жазған К. Қуатбаев, сөзін жазған  Т. Тұяқбаев) орындап, «бип-бип» сөздерін қосыла айтуға үйретеді. - Балалар, сендерге жаңбыр ұнады ма? Жаңбыр қалай жауады? Күн қайда? Бүгін бәрің де жақсы билеп, ән айттыңдар, ойнадыңдар, жарайсыңдар! – деп мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әуен ырғағын сезіну, әнге қосыла айта білуі керек.
**Игереді**: «гүлдер әдемі, жаңбыр жауады, күн жарқырайды» түсініктерін ұғынады.
**Меңгереді**: гүлдерді ұстап, әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын жасайды, қолшатырға жасырынуды, көлікке отыруды меңгереді.

**Күні:**  01.04.22ж
**Білім  саласы:**  Шығармашылық
**Ұйымдастырылған  оқу  қызметі:**  Музыка
**Тақырыбы:**  «Әңгелек»
**Мақсаты:**  Музыканы  есте сақтау, кейіпкерлерді  иллюстрация  және әңгіме бойынша  тану  дағдыларын  таныстыу. Музыкаға  деген  сезімдерін ояту, «бәсең» және  «көтеріңкі» дыбыстарды  айтуға  дағдыландыру.

**Көрнекілігі**: бесік, бөпе- қуыршақ, сылдымақтар.

**Билингвалды компонент**: Әңгелек.

**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды залда қарсы алады,амандасады. Сазгер: «Шеңбермен жүреміз» жаттығуын бастайды. Балалар, біз қазір жаттығуды «бәсең» дыбыспен жүріп жасаймыз, өйткені әніміз баяу. Есікті ұрған дыбыстың даусы шығады,Есіктен атамыз кіріп келеді. Қолында әңгелегі бар.Сәлемдеседі балалар, атамен амандасады.Балалар тақпақ айтып, би билеп береді.Ата қуанғаннан балаларға әңгелегін балаларға тастап кетеді. Олай болса орнымыздан тұрып, «Әңгелек» әнін қайталайық. Балалар әнді айтып үйренеді .

Ән тыңдау: «Әңгелек» әні (М.Қуанышбековтікі) Ән үйрену пианиномен әнді айту арқылы балалар дауыс жаттығуын жасады.Өткен сабақтардағы әндерді еске түсіріп айтып үйренді. Әнді сылдырмақпен айта білді.Сылдырмақты әнмен бірге сылдырлатып әннің ырғағымен дұрыс тарта білді. «Жұптасу» биін биледі.

– Балалар бізге қонаққа кім келді? Балалардың жауабы.

– Әңгелекті сендерге кім әкеліп берді?

Балаларды мақтау,мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы тыңдауды, еске түсіруді, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды.

**Игереді:** сылдырмақты дұрыс ұстауды,

**Меңгереді:** шеңбер жасауды, отырып – тұруды, жүгіруді, музыкамен билеуді.

**Күні:** 08.04.22ж

**Білім саласы**: Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка

**Тақырыбы:** «Бесік жыры»

**Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Бесік жыры арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру.

**Көрнекілігі:** қуыршақ,, бесік, бала тербеткен ана.

**Билингвалды компонент:**Бесік жыры – колыбельная песня

**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды «Әлди-әлди, ақ бөпем,ақ бесікке жат бөпем»,- деп бесікті тербетіп, әндете қарсы алады.Бесікте кішкентай қуыршақ жатады. «Бесіктегі бала ұйықтайын деп жатыр»,- деп,тыныштық сақтауларын сұрайды.

Әлди,әлди, бөбегім,
Ақ бесікке бөледім.
Ай мен күнге теңедім.
Ақтарылған өлеңім.

Сазгер балаларға бесікті тансытырып, кішкентай бөбектер ұйықтар алдында «әлди-әлди» деп бесік жырын айтып ұйықтататынын мәлімет береді. «Ұйықта, бөпем» (Қ.Шілдебаев,А.Асылбек) Бала ұйықтаған кезде дауысты көтермей,жәй сөйлеу керектігін түсіндіру. «Қуыршақпен ойын» Балаларға ойыншықты беріп,олардан қуыршақты ұйықтатуын сұрайды.Музыка аяқталғанда алдарына жатқызады. «Ойын» музыкасы ойналғанда балалар қуыршақпен көңілдене билеуі керек. Ойын 2 – 3 рет ойналады. Бүгін кімді ұйықтаттыңдар? Бөпемізді деп жауап берді. Қуыршақ ұйықтағанда қалай әндеттіңдер? Ұйықта бөпем әнін айттық. Қорытындылау,балаларды мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** бала ұйықтар алдында «әлди – әлди» әні орындалатынын білуі керек.
**Игереді:** «бесік», «қуыршақ», «әлди – әлди» деген сөздердің мағыналарын игереді.
**Меңгереді:** қуыршақпен билеуді, ұйықатуды, бесік тербету дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 12 - 15.04.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ормандағы көбелектер»
**Мақсаты:**Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй

сезімін  ояту.
**Көрнекілігі:**  Ормандағы  жәндіктер  мен көбелектің  суреті.
**Билингвалды компонент:**  Көбелек – бабочка
**Сабақтың  барысы:** Музыка жетекшісі балаларды орманға серуенге шақырады.  «Марш»(Е.Андосов)ойналып,
«Біз көңілді баламыз,
Орманға бірге барамыз»- деген кезде екеуден қол ұстасып жүруді ұсынады. Әуен аяқталғанда: «Міне,орманға да жеттік»,-деп тоқтайды. Балалар «ұшып жүрген» көбелекті көріп, қуанады. Көбелекке жақындап, қызықтайды. Қанаттарын ұстап көруге талпынады.
Ән  тыңдау: «Ұшты  көбелек» ( сөзі  А.Асылбек, әні  А.Дүйсенов) Ән  мәтініне сәйкес педагогпен бірге  қимыл- қозғалыс  жасауларын  бақылайды.
**«Гүльзарыдағы көбелектер» ойыны.**
Көбелек ау, көбелек,
*Ұшасың сен көлбеңдеп.*
*Қызыл, жасыл керемет,*
*Гүлге қоншы көбелек!* –  деп, балаларды ойынға шақырады. **«Вальс»** ойналып (А. Аренский), ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен соңында:
*Ақ қанатты көбелек,*
*Көк қанатты көбелек,*
*Бақшамызға қона кет!* – деп, «Көбелектерді» гүлдерге қондыру қажеттігін түсіндіреді. **«Гүльзарыдағы көбелектер» ойыны.**
Көбелек ау, көбелек,
*Ұшасың сен көлбеңдеп.*
*Қызыл, жасыл керемет,*
*Гүлге қоншы көбелек!* –  деп, балаларды ойынға шақырады. **«Вальс»** ойналып (А. Аренский), ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен соңында:

*Ақ қанатты көбелек,*
*Көк қанатты көбелек,*
*Бақшамызға қона кет!* –  деп, «Көбелектерді» гүлдерге қондыру қажеттігін түсіндіреді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**әуенді тыңдай білу, қимыл-қозғалысты көппен бірге, ырғақты сезіне жасау.
**Игереді:**музыканы сезіне тыңдауды, әнді нақышына келтіре айтуды, ойын шарттарын ретімен орындауды.
**Меңгереді:**көркем-ойындық бейнені сезіну, көбелек болып «ұшу, қону», әуенмен ілесе жеңіл қимылдауды.

**Күні:** 19 - 22.04.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:**«Құлыншақ»
**Мақсаты:** Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарларын сүйе білуге, ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету.
**Көрнекілігі:** Ат және құлынның суреті.
**Билингвалды компонент:** Құлыншақ – жеребёнок
**Сабақтың барысы:** Балаларды музыка үнімен, музыка залында қарсы алады. Әуеніөзгеруіне сәйкес қимылдар жасайды. Музыка тоқтағанда қимылын тоқтатады. Көңілді музыка әуенімен балалардың көңіл – күйі көтеріледі. Ойыншық аты қолға ала отырып, музыка жетекшісі өлең оқиды.
«Еркетайы даланың,
Мен – құлыншақ боламын.
Серігімін, досымын,
Өздеріңдей баланың. (И. Сапарбай) - Балалар, көрдіңдер ме, менде ат бар. Ат сендерге доспын деп отыр. Міне, қараңдаршы қандай әдемі ат. Суреттен аттың суретін көрсетіп, жанына кішкентай төлін қояды. Міне аттың кішкентай «құлыншақ» дейді. «Құлыншақ» әнін орындайды. (музыкасын жазған Е.Ташев, сөзін жазған Ә.Тәжібаев). Ән қайталап орындалғанда ән мәтініне сәйкес балаларға қимылдар жасауды ұсынады. «Құстай қанат қағады», - деп, балаларға ат секілді шабуды көрсетеді.
- Ал енді кімнің атқа мініп шапқысы келеды? «Бәйге» ойыны. Алдын ала әзірленген аттың басына мініп, балалар жарысады. - Балалар, көрдіңдер ме,

менде ат бар. Ат сендерге доспын деп отыр. Міне, қараңдаршы қандай әдемі ат. Суреттен аттың суретін көрсетіп, жанына кішкентай төлін қояды. Міне аттың кішкентай «құлыншақ» дейді.
«Құлыншақ» әнін орындайды. (музыкасын жазған Е.Ташев, сөзін жазған Ә.Тәжібаев). Ән қайталап орындалғанда ән мәтініне сәйкес балаларға қимылдар жасауды ұсынады. «Құстай қанат қағады», - деп, балаларға ат секілді шабуды көрсетеді.
Белсене қатысқан балаларды мақтау, мадақтау. Қорытындылау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** үй жануарларының төлдерін білуі және оларды ажырата білу.
**Игереді:** үй жануарларының төлдерін ажыратуды игереді.
**Меңгереді:** музыка үнімен жануарлардың қимыл- қозғалыстарын салу дағдыларынмеңгереді.

**Күні:** 06.05.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ағайынбыз, бәріміз!»
**Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.
**Тақырыбы:** «Ағайынбыз, бәріміз»
**Көрнекілігі:** Әр ұлттың балаларының суреті.
**Билингвалды компонент:** Ағайын – родственник
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды маршпен қарсы алады.Сазгер балаларға түрлі -т үсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасайды. «Бүлдіршіндер әні» әнін хормен айтады.Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс.Балаларға ән тыңдауды ұсынады.«Отаным» әнін тыңдап,балалар әнді жылдамнемесе баяу екенін ажырата білді.Әнді екіншірет орындар алдында балаларды шеңбербойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балалар қимыл жасайды. Сазгер:

«Босқа қарап тұрмайық,
Кел,балақай, ойнайық! –деп шақырып, «Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп,балаларға«Епті аяқтар»(А.Тоқсанбаев) әуеніне тез,жеңіл жүгіруді ұсынады. Ойынға көңілді қатысып, қызығушылықтары артады. Жеңіл жүгіріп,«үйшіктеріне» жетуге тырысты. Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.Жалаушамен жақсы қимыл жасадыңдар жарайсындар. Өткізілген оқу іс – әрекетін пысықтайды. Сұраққа жауап берді. Балаларды мақтап, мадақтау. Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.
**Игереді:** Жалаушамен жаттығу жасауды игереді
**Меңгереді:** Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

**Күні:** 13.05.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы: «**Айгөлек»
**Мақсаты:** Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан- жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету.
**Көрнекілігі**. Биші қыздардың суреті.
**Билингвалды компонент:** Би - танец
**Сабақтың барысы:** Балалардың музыка үнімен, музыка залында қарсы алады. Әуен өзгеруіне сәйкес қимылдар жасайды. Музыка тоқтағанда қимылын тоқтатады.Көңілді музыка әуенімен балалардың көңіл күйі көтеріледі. Айгөлек әніне балалар би үйренеді.
**Ән тыңдау:** «Айгөлек» (Әні Б.Байқадамовтікі)
**Ән үйрену:** «Кең дала» (И.Нүсіпбаевтікі) «Шөжелерім» биін билеп үйренеді. Дидактикалық ойын «Ұшты ұшты не ұшты» ойыны. Балалар көңілді ойнады. Белсене қатысқан балаларды мақтау, мадақтау.

Қорытындылау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** үй жануарларының төлдерін білуі және оларды ажыата білуі.

**Игереді:** үй жануарларының төлдерін ажыратуды игереді.

**Меңгереді:** музыка үнімен жануарлардың қимыл-қозғалыстарын салу дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 17 - 20 .05.22ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Менің мысығым»

**Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру.

**Көрнекілігі:** Ойыншық мысық

**Билингвалды компонент:** Мысық – кошка

**Сабақтың барысы:** Көңілді әуен ырғағымен сазгер балаларды ойыншық мысықпен қарсы алады. - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізге ала мысық қонаққа келді.Қараңдаршы, қандай әдемі мысық!

Кәне, кәне, тұрайық,
Шеңберді құрайық.
Ала мысықпенен
Біз де танысайық, - деп, балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.
Тікірейіп құлағы,
Меннен бұрын тұрады,
Бойын жазып, керіліп,
Беті – қолын жуады. Өлең мәтініне сәйкес қимылдарды көрсетіп, балаларға қайталауды ұсынады. - Балалар, бізді ала мысық серуендеуге шақырып тұр! Жүріңдер! – деп шеңбер бойымен мысықтың қимылын салып жүруді ұсынады.**«Билейміз»** әуені (Е. Андосов) орындалады. «Ала мысық айлалы, дыбыстайды ол қалай?»- деп сұрайды. Балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Мысықты орындық үстіне отырғызып: Мен

ән айтып берейін. Ала мысықта сендер мен бірге ән тыңдасын, - дейді. **«Мысық»** әні орындалады(муз: Б.Дәлденбай, сөзі : Ж. Әбдірашов) Екінші рет ән орындалғанда балаларға «мияу – мияу» сөздерін қосылып айтуларын сұрайды.- Балалар, ала мысық ойын ойнағысы келіп отыр екен! Көңілді ойынға шығыңдар, - деп шақырады. «Мысық және мысықай» дауыстарын салған. Салған балаларды мадақтайды. Балалар, ала мысық қалай дыбыстайды екен? Ойын сендерге ұнады ма? – деген сұрақтар қойылады. Ала мысық сендерді ұнатыпты. Ол бізге тағы қонаққа келмекші. Мысықпен қоштасайық! – деп, балаларды шығарып салады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**жеңіл жүруді, дыбыстарды қайталауды білуі керек.
**Игереді:**ойыншық мысық және мысықаймен танысып, іс – әрекеттерін көрсете біледі, дыбысты есте сақтап, қайталай алады.
**Меңгереді:** ырғақты сезінеді, ән мәтініне сай іс – әрекеттерді көрсетеді.

**Күні:** 24 - 27. 01. 22ж
**Білім саласы:**Шығармашылық.
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка.
**Тақырыбы:** «Қошақаным»
**Мақсаты**:ән арқылы үй жануарларының енесін,төлін ажырата білуге үйрету.Есте қабілетін дамыту.
**Көрнекілігі:** үй жануарларының топтамасы, қой мен қозының суреті.
**Билингвалды компонент**: қошақан-ягненок
**Сабақтың барысы:** Көңілді музыка әуенімен музыка залына келеді. Амандасу, шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді. Жүгіру,айналу, әуен арқылы тізені бүге қимыл жасату. Балаларға қозы мен қойдың суретін көрсетеді. -Балалар,біз сендермен ботақан,лақ туралы әндер айтып, ойындар ойнадық.Бүгін сендермен танысуға қошақан келіп отыр.Кәне,бәріміз қайталайық. Қошақан-қойдың төлі. Музыка жетекшісі «Төлдер» әнін орындап береді (музыкасы жазған Б.Бекзатов, сөзін жазған Ө.Өмірбеков). Ән қайта орындалғанда музыка жетекшісі қимылмен

көрсетеді. «Қайда қалып қойдың?» деген жерде қолдарын  жаяды «Бұлтиып тұр бүйірің» деген жерде іштерін көрсетеді. «Өз анаңды тап»ойыны ойналады.Қалташықтың бірінде жануарлардың бірі,жанында бірнеше төлдер жатады.Бала сол жануарлардың төлін тауып қасына суреттерін қою тиіс. Ойын басқа жануарламен қайталанады.
Ән сендерге ұнады ма?     Балалардың  жауабы.
Қорытындылау,балаларды,бағалау,мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** үй жануарлары-қой мен қозының атын атай білу керек

**Игереді:**жануарлардың  төлдерін атай білуді игереді.

**Меңгереді:**музыкаға  ілесіп  әннің  қимылдарын көрсетуді  меңгереді.

**Бекітемін: «Алтын асық» бөбекжай балабақшасы ЖШС**

**меңгерушісі: Б.Оспанова**

# Перспективалық жоспар

## Кіші «Құлыншақ» тобы

**Сазгер:**

**С.Адылханов**

**2021 – 2022 оқу жылы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қыр-күйек** | **«Менің балабақшам»** | **«Менің достарым»** | **«Менің сүйікті ойыншықта-рым»** | **«Жиһаздар»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **«Менің балабақшам»** | **Күні:03.09.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Бала, бала,балапан».**<br>**Мақсаты:** Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Дене мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдата тырып әуенмен бірге қимылдар жасауға үйрету. Ырғақпен ілесе қимыл жасауға дағдыландыру. | **Күні: 10.09.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Айгүл қонакта».**<br>**Мақсаты:**<br>Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау. Музыкаға деген ынтасын арттыру, музыка әуеніне сәйкес қимыл жасай білуге үйрету. | **Күні: 14 .09.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Қуыршақпен билейміз».**<br>**Мақсаты:** Ән айтуға қызығу-шылықты, тәрби-ешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Қуыршақ арқылы балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру.<br>**Күні: 17.09.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Қуыршақпен билейміз».**<br>**Мақсаты:** Ән айтуға қызығу-шылықты, тәрби-ешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға елік-тей отырып ере-секпен қосылып ән айту. Қуыршақ арқылы балалар-дың музыкаға қы-зығушылығын, қабілетін арттыру. Ойыншық көмегімен қимыл-қозғалыс жасай білуге үйрету. | **Күні:**<br>**21 .09.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Көңілді сылдырмақ-тар».**<br>**Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақты бейнесі мен динамика-сын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату.<br>**Күні:**<br>**24.09.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Көңілді сылдырмақ-тар».**<br>**Мақсаты:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақты бейнесі мен динамика-сын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қазан | «Менің отбасым ата-аналар еңбегі» | «Менің көшем» | «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» | «Алтын күз» |
| **Өтпелі тақырып** | **«Менің отбасым»** | **Күні: 01 .10.21ж Тақырыбы: «Менің әжем» Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтері қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділіін есте сақтау. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну. | **Күні: 08.10.21ж Тақырыбы: «Қарандаршы далаға» Мақсаты:** Музыка және әннің мазмұнына қарай би қимылдарын шеңберде тұрып орындау. Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту. | **Күні: 12.10.21ж Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп» Мақсаты**: Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру. **Күні: 15.10.21ж Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп» Мақсаты**: Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру | **Күні: 19.10.21ж Тақырыбы: «Күз ырғағы» Қайталау. Мақсаты**: Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру. **Күні: 22.10.21ж Тақырыбы: «Күз ырғағы» Қайталау. Мақсаты**: Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін Көтеру. |
| | Қараша | **«Өзім туралы»** | **«Дұрыс тамақтану, дәрумендер»** | **«Өзіңе және өзгелерге көмектес»** | **«Біз күштіміз, ептіміз»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **«Дені саудың- жаны сау»** | **Күні:05.11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Кел балақан»**<br>**Мақсаты:**<br>Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды ән полька,марш, вальс,баяу көңілді әндер тыңдау ережесін қалыптастыру. Ырғақты сезінуге, «жәй және тез» «ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге үйрету. | **Күні:12.11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Күзгі бақта»**<br>**Мақсаты:**<br>Ән айтуға қызығушылық-ты сазгердің дауыс ырғағына еліктеу,әннің сөздері мен жеке буындарды айту. ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылы-ғын арттыру,күзгі бақ туралы түсінік беру. | **Күні:16 .11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Менің, анам тамаша»**<br>**Мақсаты:**<br>Әннің сөздері мен жеке буындарды айту,созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып, ән айту.Музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау,эстетика-лық сезімге тәрбиелеу.<br>**Күні:19.11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Менің, анам тамаша»**<br>**Мақсаты:**<br>Әннің сөздері мен жеке буындарды айту,созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып, ән айту.Музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау,эстетика-лық сезімге тәрбиелеу. | **Күні:**<br>**23.11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ормандағы сұр көжек»**<br>**Мақсаты:**<br>Музыканың сүйемелдеуі-мен жүру және жүгіру,<br>қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру.<br>Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту.<br>**Күні:**<br>**26.11.21ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Ормандағы сұр көжек»**<br>**Мақсаты:**<br>Музыканың сүйемелдеуі-мен жүру және жүгіру,<br>қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру.<br>ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту. |

| | Жел-тоқ-сан | «Менің Қазақста-ным» | «Туған өлкем» | «Астана – отанымыздың жүрегі» | «Тәуелсіз Қазақстан» |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **«Менің Қазақс таным»** | **Күні: 03.12.21ж Тақырыбы: «Көңілді барабан»** Әнді жеке және топпен айту,әу-еннің жеке екпіннін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыла-ын қалыптастыру. Әуендітыңдауға есту, есіне сақтау қабілетін, ырғақ-ты ажыратуға баулуды жалғас-тыру, барабанда ойнауға үйрету. | **Күні: 10.12.21ж Тақырыбы: «Біз өмірдің гүліміз!»** Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жа-нрлы музыкалық шығармаларды: ән,полька,марш вальс,баяу және көңілді әндер тыңдау. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» ды-быстарды айту--ға дағдыландыру. Патриоттық сезі-мін ояту. | **Күні: 14 .12.21ж Тақырыбы: «Желбірейді жа--лауша»** Әнді күш түсірмей табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалып тастыру**.** Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қай--талап көрсетуге дағдыландыру.<br><br>**Күні: 31.12.21ж Тақырыбы: «Желбірейді жа--лауша»** Әнді күш түсірмей табиғи дауыспен, дауысты жылдамдатпай, жеке сөздерді айқайламай айтуды қалып тастыру**.** Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қай--талап көрсетуге дағдыландыру. | **Күні: 21.12.21ж Тақырыбы: «Біз балдырған»** Әннің сөздері мен жеке буындарды айту, Созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету**.**<br>**Күні: 24.12.21ж Тақырыбы: «Біз балдырған»** Әннің сөздері мен жеке буындарды айту, Созыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету**.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қаң-тар** | **«Айналамыз-дағы Өсімдіктер»** | **«Жануарлар әлемі»** | **«Құстар – біздің досымыз»** | **«Ғажайып қыс»** |
| **Өтпелі тақырып** | **«Табиғат әлемі»** | | **Күні: 14. 01. 22ж** **Тақырыбы: «Ботақан»** **Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру. Ән арқылы үй жануарларының енесін,төлін ажырата білуге үйрету. | **Күні: 18.01.22ж** **Тақырыбы: «Шымшық»** **Мақсаты**: Музыканы тыңдай білуді , таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру, музыкалық қабілеттерін дамыту. **Күні: 21.01.22ж** **Тақырыбы: «Шымшық»** **Мақсаты**: Музыканы тыңдай білуді , таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру, музыкалық қабілеттерін дамыту. | **Күні: 25.01.22ж** **Тақырыбы: «Қаршақыз бізде қонақта»** **Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Есте сақтау қабілетін дамыту,ырғақты сезіну. **Күні: 28.01.22ж** **Тақырыбы**: **«Шырша мен ойыншықтар».** **Мақсаты:** Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындау,жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ақ-пан** | **«Өлі табиғат құбылыстар»** | **«Көліктер»** | **«электроника әлемі»** | **«Мамандықтың бәрі жақсы»** |
| **Өтпелі тақырып** | **«Бізді қоршаған әлем»** | **Күні: 04.02.22ж**<br>**Тақырыбы : «Күн мен Жаңбыр»**<br>**Мақсаты**: ән айтуды уақытныда бастап, аяқтау; алға шығып немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау. Ойы арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу. | **Күні: 11.02.22ж**<br>**Тақырыбы : «Көңілді пойыз»**<br>**Мақсаты:** Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу. | **Күні: 15.02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Сылдырмақтар»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру.<br>**Күні: 18.02.22ж**<br>**Тақырыбы: «Сылдырмақтар»**<br>**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру. | **Күні: 22.02.22ж**<br>**Тақырыбы**: **«Кел,билейік»**<br>**Мақсаты:** музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.<br>**Күні: 25.02.22ж**<br>**Тақырыбы**: **«Кел,билейік»**<br>**Мақсаты:** музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Нау-рыз** | **«Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»** | **«Ертегілер елінде. Театр әлемі»** | **«Өнер көзі халыкта»** | **«Нұр төккен, гүл көктем»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **«Салттар мен фольклор»** | **Күні:04.03.22ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Әжем келді ауылдан»**<br>**Мақсаты:**<br>Әже арқылы балаларға наурыз туралы мәлімет беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.Әнді жеке және топпен айту,әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын жеткізу. | **Күні: 11.03.22ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Лағым»**<br>**Мақсаты:**<br>музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу. | **Күні: 15.03.22ж**<br>**Тақырыбы**:<br>**«Әлди-әлди ақ бөпем»**<br>**Мақсаты**:<br>әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу. Дене мүшелеріне қатысты қолдың саусағын санауды әрі атай білуді үйрету. Оны музыка үніне қосып айтуға дағдыландыру.<br>**Күні: 18.03.22ж**<br>**Тақырыбы**:<br>**«Әлди-әлди ақ бөпем»**<br>**Мақсаты**:<br>әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу. Дене мүшелеріне қатысты қолдың саусағын санауды әрі атай білуді үйрету. Оны музыка үніне қосып айтуға дағдыландыру. | **Күні: 25.03.22ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Көктем гүлі көрікті»**<br>**Мақсаты**:<br>музыка сипатына сәйкес қозғалады, музыка басталғаннан қимылдарды бастайалады. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасауға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру.<br>**Күні: 29.03.22ж**<br>**Тақырыбы:**<br>**«Көктем гүлі көрікті»**<br>**Мақсаты**:<br>музыка сипатына сәйкес қозғалады, музыка басталғаннан қимылдарды бастайалады. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасауға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Сәуір** | **«Аялайық гүлдерді»** | **«Ас атасы – нан»** | **«Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»** | **«Еңбек бәрін жеңбек»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Өтпелі тақырып | « Біз еңбекқор баламыз» | **Күні: 01.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Әңгелек»**<br>**Мақсаты:** Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын таныстыу. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру. | **Күні: 08.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Бесік жыры»**<br>**Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Бесік жыры арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру. | **Күні: 12.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Ормандағы көбелектер»**<br>**Мақсаты:** Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту.<br>**Күні: 15.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Ормандағы көбелектер»**<br>**Мақсаты:** Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту. | **Күні: 19.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Құлыншақ»**<br>Мақсаты: Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан-жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету.<br>**Күні: 22.04.22ж**<br>**Тақырыбы: «Құлыншақ»**<br>Мақсаты: Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан-жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ма-мыр** | **«Достық – біздің тірегіміз, халықтар достығы»** | **«Әрқашан күн сөнбесін»** | **«Көңілді жаз»** | **«Мен жасай аламын»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Өтпелі тақырып** | **«Әрқашан күн сөнбесін!»** | **Күні: 06.05.22ж** **Тақырыбы: «Ағайынбыз, бәріміз!»** **Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру | **Күні: 13.05.22ж** **Тақырыбы: «Айгөлек»** **Мақсаты:** Ұйымдастырыл-ған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан-жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету. | **Күні:17.05.22ж** **Тақырыбы: «Менің мысығым»** **Мақсаты**: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру. **Күні: 20.05.22ж** **Тақырыбы: «Менің мысығым»** **Мақсаты**: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру. | **Күні:24.05.22ж** **Тақырыбы: «Қошақаным »** **Мақсаты**: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру. **Күні:27.05.22ж** **Тақырыбы: «Қошақаным »** **Мақсаты**: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру. |

Бекітемін: «Алтын асық» бөбекжай балабақшасы ЖШС

меңгерушісі: Б.Оспанова

# Күнделікті жоспар

**Кіші «Құлыншақ» тобы**

**Сазгер:**
**С.Адылханов**

**Күні:** 03 .09. 21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Бала, бала балапан»
**Мақсаты:**Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Дене мүшелерін игеріп, қолды, аяқты қимылдата тырып әуенмен бірге қимылдар жасауға үйрету. Ырғақпен ілесе қимыл жасауға дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Балалардың суреті
**Билингвалды компонент:** Балалар – дети
**Сабақтың барысы:** Балалар көңілді музыка үнімен залға кіреді. Шеңбер бойымен жүреді. Орындарында тұрып шаттық шеңберін жасайды. Әуенмен бірге айналады, жеңіл үнді музыкамен секіреді. Әуен тоқтағанда бірге тоқтап, қимыл жасауды үйренеді. Музыка жетекшісі балаларға суреттер көрсетеді. Суреттер бойынша сұрақтар қояды. Балалар сұрақтарға жауап беруге тырысады.
**«Бала, бала, балапан»** әні (И.Нүсіпбаев, Ж. Смақов) орындалады. Әнді орындау барысында алдымен алақанды, содан соң саусақтарды әуенмен көрсетеді. Екінші шумағында (топ- топ басайық) деген сөзге келгенде аяқты топылдатады. Ән бірнеше рет қайталанады. **«Көңілді ырғақ» ойыны.** Әуен ойналғанда балалар қолдарын шапалақтайды, әуен тоқтағанда қолдарын жасырады. Аяқты топылдатып, қолды жоғары көтеруге тырысады. Әуен аяқталғанда аяқтарын жасыруға талпынады.
**Халық әні «Еркем-ай»** әуені ойналғанда балалар аяқтарын топылдатады да, әуен тоқтағанда аяқтарын жасырып отыра қалады. Музыкаға ілесіп қимыл жасап, көзге ерекшеленген балаларды атап өту және мадақтау.

**Күтілетіннәтиже:**
**Біледі**: музыканы тыңдай білуді. Қызығушылығы мен ынтасын арттыру.
**Игереді**: музыка әуенімен қолдарын, саусақтарын, аяқтарын көрсетуді игереді.

**Меңгереді**: музыка үнімен ілесіп аяқ-қолды қимылдатуға дағдыланады.

**Күні:** 10.09. 21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Айгүл қонақта»
**Мақсаты:**Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын, түрлі ырғақты, түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау. Музыкаға деген ынтасын арттыру, музыка әуеніне сәйкес қимыл жасай білуге үйрету.
**Көрнекілігі:**Балабақшаның суреті.
**Билинвалды компонент:** Дос – друг.
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Балалар, бүгін сендерді қуыршақ күтіп отыр. Кәне, бәріміз қуыршақ Айгүлге жүруді, жүгіруді көрсетейік.Балаларға бірінің соңынан бірі жүруді үйретеді. Аяқтарыңды нық басып, тізіліп жүріңдер. Музыка тоқтағанда жүрістеріңді тоқтатыңдар. Әуенге ілесіп жүреді, әуен тоқтағанда, тоқтайды. Жеңіл әуенмен жүгіреді. «әуен ойнағанда жүгіресіндер, - деп ескертеді. Музыка жетекшісі қуыршақты алдына алып отырып, әнді орындайды. «Жүгіреміз, жүгіреміз» (Г. Абдрахманова). Балалар, Айгүл өзімен бірге қимыл жасауды өтініп отыр. Айгүл: «Бір, екі, алақай» дегенде алақан соғасыңдар.

Ал келіңдер, келіңдер,
Мені қуып жетіңдер, - деп, ойынға шақырады.
Ал қанекей қашыңдар,
Тез-тез аяқ басыңдар,- деп балаларды Айгүл қуа жөнеледі.Музыка жетекшісі балалардың көңіл-күйіне қарай ойынды қайталайды. Балалар қуана жүгіріп, музыка әуенімен Айгүлден қашуға тырысады.
Балалар қуана ілесіп, ойынды қайталайды.
Балалар, бізге бүгін кім келді? Қуыршақ Айгүл келді. Балалардың жүрісіне, ойынына ризашылығын білдіреді. Айгүл: Балалар, мен сендерге ризамын, сендер өте тез жүгіре алады екенсіңдер. Жарайсыңдар! Балалар Айгүлмен қол бұлғап қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әуенге сай қимыл жасауды

**Игереді**: музыканы тыңдап, қуыршақ Айгүлмен билеуді, ойнауды игереді.
**Меңгереді**: әуенмен ілесе жүгіруді, жүруді, қашуға дағдыланады.

**Күні**: 14 -17.09.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қуыршақпен билейміз»
**Мақсаты:**Ән айтуға қызығушылықты, тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Қуыршақ арқылы балалардың музыкаға қызығушылығын, қабілетін арттыру. Ойыншық көмегімен өимыл- қозғалыс жасай білуге үйрету.
**Көрнекілігі:**Ойыншықтардың суреті.
**Билингвалды компонент:** Ойыншықтар – игрушки.
**Сабақтың барысы:** Балалар музыка залына әуенмен кіреді. Музыка жетекшісімен амандасады. Жеңіл музыка әуенімен жүгіреді. Қолдарын жоғары көтеріп, қолды білезік буынынан қозғалтады. Әуенге ілесіп қимыл жасайды. Әуен тоқтағанда бірге тоқтау керек. Жеңіл музыка үнімен аяқты жеңіл көтеріп жүреді. Қолдың басты буынынан бұрып қимыл жасайды. Қимылды әуенге ілесе жасайды.
**«Қуыршақпен билейміз»** әні орындалады.
«Ұйықтап жатыр дамылдап,
Әлди, әлди, әлди-ай» - деген жеріне келгенде дауысты бәсеңдетіп, балаларды да тыныштық сақтауға шақыру керек. Қуыршақ ұйқыдан оянып, би билей бастайды. Ән қайталанып айтылғанда қуыршақ орнына өздері билейді. «Қол созыңдар, балалар, ля-ля-ля», - деген жерінде қолдарын шапалақтауды ұсынады.
- Балалар, Ақмарал сендерді көңілді ойынға шақырып тұр.
«Қуып жет» ойыны ойналады. Қуыршақ Ақмаралды тәрбиеші көтеріп жүгіреді. Ойын керісінше қайталанады.

- Бүгін бізге кім қонаққа келді?
- Балалар жауап беруге тырысады.
  Ақмарал сендерге рақмет айтып отыр. Келесі жолы тағы да келіп, сендермен бірге ойнаймын деп отыр. Ақмаралмен қоштасайық, - деп қол бұлғап, балаларды шығарып салады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыкамен тербетілуді, тыныштық сақтауды білуі керек.
**Игереді**: тыңдауды, қайталауды, қуыршақты ұстауды.
**Меңгереді**: музыка үнімен бірге ілесе қимылдар жасауды, музыка тоқтағанда бірге тоқтауды, қуып жетуді, қашуды.
**Күні**: 21 – 24.09.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көңілді сылдырмақтар.»
**Мақсаты:**Бубенмен, сылдырмақпен, бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік-ойын қимылдарын бере отырып заттар мен қимылдар жасау. Ойыншықтар арқылы балалардың музыкаға деген сезімдерін ояту. Балалардың есту қабілетін арттыру.
**Көрнекілігі:** Сылдырмақтың суреті
**Билингвалды компонент**: Сылдырмақ-погремушка
**Сабақтың барысы:** Балалар музыка залына әуенмен кіреді. Музыка ырғағымен бірінің соңынан бірі тізіліп, аяқты нық басып жүреді, жүгіреді. Алдымен сылдырмақтың суретін көрсетіп, сұрайды: Балалар жауап бере алмаса, музыка жетекшісі өзі айтады.
-Кәне, қазір бәріміз сылдырмақты қолға алып, сылдырлатайық.
**«Көңілді сылдырмақтар»** әні (И. Сапарбай, А. Тоқсанбаев). Музыка жетекшісі әнді орындап береді.«Сылдыр-сылдыр,сылдырмақ, Сөлейтіндей былдырлап»- деген сөздер айтылғанда балалар сылдырмақты сырдырлатады. Әннің үшінші шумағында:
«Балалар қайда кетті екен,
Бұл маңайда жоқ па екен», -деген жерінде балаларға сылдырмақты алдарына қойып, екі қолымен бетін жабуды сұрайды.
«Ортада әлі ойын бар,
Кәне, шыға қойыңдар», - деген сәтте балалар сылдырмақты қолына алып, сілкілейді.
- Сонымен, бүгін біз қандай ойыншықпен ойынадық, көрсетіндерші? Ойыншық сендерге ұнады ма?
Іс-әрекет кезінде жақсы қатысқан баланы атап өту. Ілесе алмаған баланы да мадақтап, келесі жолы жақсы орындайтынын атап көрсетеді.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыканы тыңдап, есте сақтауды, әнді ілесе айтуды.
**Игереді**: музыка ырғағымен сылдырмақты ұстап сылдырлатуды.

**Меңгереді**: музыканы тыңдап, бірге қимыл жасай біледі, музыкамен ілесе ойнауға дағдыланады.

**Күні:** 01 .10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Менің әжем»
**Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтері қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділігін есте сақтау. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.
**Көрнекілігі:** Әженің суреті.
**Билингвалды компонент:** Әже – Бабушка
**Сабақтың барысы**: Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. Әже немересіне қарап тұрған суретті көрсетеді. Өлең оқиды:

*«Еркем әнім, ертеңім,*
*Елжіреткен көркемім.*
*Ертеңіме ертегі*
*Шежіремді шертемін»,* - деп әжесі немересіне өлең оқып беріпті. Балалар өлеңді тыңдап, әже суретіне қарайды. Музыка жетекшісі:
*- Ал балалар, балалар,*
*Шеңберге тұра қойыңдар.*
*«Кел, балақан» әнін айтып,*
*Қайталайық, балалар.*
**Ән айту: «Кел балақан»**Әже қолындағы қоржынымен кіреді.
- Амансыңдар ма, балаларым! Мен сендерге **«Күз жомарт» әнін** орындап берейін, ал сендер тыңдаңдар. Музыка жетекшісі әнді қосыла айтып, бірге ырғақпен шапалақтауды ұсынады.
- балаларым, балғындарым, тағы қандай өнерлерің бар?
Музыка жетекшісі: Біздің ұлдарымыз **«Шабандоз» биін** үйренгісі келеді, - деп билеуді ұсынады, үйретеді.
Әже: Онда қыздарым маған келсін, мен оларға **«Қара жорға» биін** үйретеді. Ал енді менің қоржынымда не бар екен, өздерің алып көріңдер. Балалар билегісі келгенін көрсетеді, шабады, қамшыны ұстауды, орындыққа отырып шабуды үйренеді. Қыздар әженің қасына отырып қимылдап, қолмен, басымен иілуді үйренеді.
**Әже: -** сау болыңдар, сендер жақсы биледіңдер, ойнадыңдар, менің «Күз жомарт» әнімді қайталап жүріңдер.

Музыка жетекшісі балалардың жақсы қатысқанын айтып мақтайды. Балалар жақсы қатысып, көңіл күйлері көтеріледі.
Балалар әжемен қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Әуенді қайталауды, тыңдауды, әнді айтуды.
**Игереді**: қамшы ұстауды, асық алуды, салуды.
**Меңгереді**: шабуды, орнына отыруды, қолдарымен қимыл жасауды.

**Күні:** 08.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қараңдаршы далаға»
**Мақсаты:**Музыка және әннің мазмұнына қарай би қимылдарын шеңберде тұрып орындау. Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылды ойын арқылы ән айту, сезімін ояту.
**Көрнекілігі:** Алтын күздің суреті.
**Билингвалды компонент:** Алтын күз – Золотая осень
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балалармен амандасады және ойынға шақырады. Музыканың сүйемелдеуімен «Көңілді саусақтар» қимылды әуенін орындайды.Балалар еркін жүріп залға кіреді, амандасады.Балалар, қараңдаршы далада жапырақтар жерге түсіп, түстері сары түске айналған. Яғни, күз мезгілі. **«Сарыжайлау»** күйін тыңдатады.
**Ән үйрену:** «Күз келгенде» (Қ.Қуатбаев)
**Ойын:** «Кім жылдам» Екі бала ортаға шығады. Қолдарында себет болады. Белгілі бір уақыт арлығында сарғайған жапырақтарды жинауы тиіс. Кімнің себетінде көп жапырақ болса, сол жеңімпаз.
- балалар біз бүгін қай жыл мезгілімен таныстық? - Күз мезгілі.
Сабақты қорытындылау. Мақтау, мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: музыка ырғағын түсініп, сезіммен тыңдап, жетекшінің қимыл-әрекетін жасай біледі.
**Игереді**: музыка ырғағымен қимылдауды игерді
**Меңгереді**: қолдарын еркін қимылдату, жинау, жүру, отыру, тұруды меңгеру.

**Күні:** 12 – 15.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Жаңбыр жауды себелеп»
**Мақсаты:**Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру.
**Көрнекілігі:** Күз мезгілінің суреті.
**Билинвалды компонент:** Жаңбыр - Дождь
**Сабақтың барысы:** Музыка залында музыкалық дыбыс шығарады. Үйренген қимылдарды таныс әуенге ілесіп орындайды.
*Күн болып жанайық,*
*Жаңбыр болып жауайық,*
*Гүл болып жайнайық,*
*Жүгіріп- жүгіріп алайық.*
Музыка жетекшісі жаңбырдың суретін көрсетеді. Балаларға «жаңбыр» сөзін қайталатады.
- Жаңбыр қалай жауады? Тырс-тырс-тырс.
**«Жаңбыр»** (Музыкасы Д. Ботбаев, сөзі И. Сапарбай) Музыка жетекшісі әнді орындайды. Ән қайта орындалғанда әннің мәтініне сәйкес балалардың қосылып жасауын талап етеді. «Көктен тырс –тырс жауасың» деген жерде алақандарын жайып, екінші қолмен жауған жаңбырды бейнелейді.
*«Біз ойнайтын ауланың,*
*Тазартасың ауасын», -* Дегенде қолдарын жоғары көтереді.
**«Жаңбыр мен күн» ойыны.** Жеңіл музыка ойналып, балалар жүгіреді, музыка ауысып, күн күркіреп, жауын жауғанда қолшатырға тығылады.
Музыка жетекшісі ауа райының құбылыстарын, *жаңбыр, бұлт* сөздерін тағы естеріне түсіріп, қорытындылайды.Балаларды мақтау, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Ауа райында кездесетін жауын – шашын түрлерін.
**Игереді**: Жаңбыр, бұлт, жаңбырдың тырсылын ажыратуды.
**Меңгереді**: Күн мен жаңбырдың музыка тілінде дыбысталуын.

**Күні:** 19 - 22.10.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күз ырғағы»
**Мақсаты:**Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру
**Көрнекілігі**: Қоянның суреті.
**Билингвалды компонент:** Қоян – Заяц
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды қарсы алып, амандасады. «Шеңбермен жүреміз» әнімен (Г.Абдрахманова) зал бойымен жүреді.
- Балалар, күзгі ормандағы ағаш түбінде қоян жылап отыр екен, барып қоянды жұбатайық.
*«Қоян, қоян, тұра ғой,*
*Бізбен бірге ойнай ғой», -* Деп әндетеді.
*Қоян:*
«Жаңбыр жауды тарсылдап.
Су боп қалдым қалтырап.
Айналада жапырақ,
Қарным ашты қалжырап».
- Балалар, қоянды бірге жүруге шақырайық, себетке жапырақтарды жинап беруге көмектесеміз бе?
*Қоян:* «Рақмет сендерге, достарым. Мен сендерге **«Жапырақтар»** әнін айтып берейін. Ал сендер тыңдап, бірге билеңдер, - деп қимылдарды бірге қайталауды ұсынады. – Мен сендерге жапырақтарды сыйлаймын». Қолдарына екі жапырақтан береді. *«Жапырақтар»* әуенді – қимылды қозғалысы (сөзі мен музыкасын жазған Г.Абдрахманова)
**«Жапырақтар» әнін** қимылды қозғалыспен үйренеді.
Балаларды **«Бала, бала, балапан»** әнін қайталап айтуға шақырады.
- Балалар, қоян сендермен ойнағысы келеді.
**«Сәбіздермен ойнаймыз»** ойыны ұйымдастырылады.
*Қоян:* «Мен сендерге сәбіздерімді бір-бірден беремін, ал сендер музыкамен секіріп жүріп, сәбізді көрсетесіңдер.Музыка тоқтағанда, сәбізді жасырып қалыңдар. Кім үлгермесе, мен алып қоямын».Ойын 2-3 мәрте қайталанады. -

Балалар, сендерге жапырақтар ұнады ма?
- Қоян нені жақсы көреді?
Жетекші балалардың ән айтып, билеп, ойнағандарына ризашылығын білдіреді, мақтайды.
- Балалар, сендерге жапырақтар ұнады ма? - Ұнады.
- Қоян нені жақсы көреді? - Сәбізді
Жетекші балалардың ән айтып, билеп, ойнағандарына ризашылығын білдіреді, мақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Музыканы тыңдауды, еске түсіруді, еске сақтауды білуі керек.
**Игереді**: «себет», «жапырақ», «сәбіз» сөздерін әуенмен айтуды игереді.
**Меңгереді**: музыкаға ілесе отырып, қимыл-қозғалыстарын бірге жасау дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 05.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Кел, балақан»
**Мақсаты:**Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды ән полька,марш,вальс,баяу көңілді әндер тыңдау ережесін қалыптастыру. Ырғақты сезінуге «жәй және тез», «ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге үйрету.
**Көрнекілігі:** Балалардың суреті.
**Билингвалды компонент:** Балалар – дети.
**Сабақтың барысы:** Үнтаспада көңілді әуен ойналып,музыка жетекшісі балаларды есік алдынан күтіп алады.

Кәне,кәне тұрайық,
Шеңбер жасап құрайық!-
Деп,шеңбер бойымен тұруға дағдыландырады.
Әшекейленген қораптағы сылдырмақтарды көрсетіп,балаларға ұсынады.Өз беттерімен еркін қимылдап,сылдырлатуға ерік береді,қадағалайды,мақтайды.
«Сылдырмақты сылдырлат,
Аяғыңды нықтап бас!»-

деп,балаларды нық басып жүруге үйретеді.Би қимылдарын көрсетіп,қайталауды ұсынады.
«Сылдырмақпен би» (халық әні «Жайдарман»,өңдеген К.Қуатбаев)

«Сылдырмақты аламыз,
Қорапшаға саламыз»,-

деп,балаларды сылдырмақтарын жинауға, реттеп қоюға дағдыландырады.

«Кел, балақан,кел енді,
Ән тыңдайық біз енді»,-

деп, ән тыңдауға шақырады.
«Кел, балақан» әнін(сөзі А.Асылбеков, музыкасы К.Қуатбаев) орындап,педагог әннін мәтініне сай және қатты шапалақтап,аяқты жай басуды,топылдатуды көрсетіп,балаларға бірге қайталауды ұсынады.
Ән қайталанып, балаларға жай және қатты шапалақтап көрсетіп,ырғақпен қосыла қимылдауға машықтандыра түседі.
Музыка жетекшісі:

«Басқа қарап тұрмайық,
Кел,балақан, ойнайық!-

деп шақырып, «Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады.Ойын шартын көрсетіп,балаларға «Епті аяқтар» (А.Тоқсанбаев) әуеніне тез, жеңіл жүгіруді ұсынады.Шығыршықтарға бөлініп, топтасуларын қадағалайды.
-Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.Біз қалай жүгірдік? Қалай қол шапалақтадық? Аяқтарымызды қалай топылдаттық?-деп сұрап, қимылдарды тағы көрсетулерін сұрайды. Өткізілген оқу іс-әрекетін пысықтайды. Балаларды мақтап,мадақтайды. Балалар қуана жүгіріп, қол шапалақтап көрсетеді. Аяқтарын топылдатып, қайталап көрсетуге талпынады.
Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді. Балаларды мақтау, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: ырғақпен шапалақтау, тез және ақырын аяқты топылдата білуі керек.
**Игереді**: «жай-жай», «тез-тез», «шарт-шарт», «топ-топ» ұғымдарын түсініп,игереді.
**Меңгереді**: сылдырмақта еркін ойнайды, көппен бірге қимыл-қозғалыс жасайды, жүгіріп жете алады.

**Күні:** 12.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күзгі бақта»
**Мақсаты:**Әуеннің басталуы мен аяқталуына меңгеру.Сагердің дауыс ырғағына еліктеу,әннің сөздері мен жеке буындарды айту.Ән арқылы, ойын

арқылы балалардың қызығушылығын арттыру,күзгі бақ туралы түсінік беру.
**Көрнекілігі:** Жемістердің суреті.
**Билингвалды компонент:** Күзгі бақ –осенний сад.
**Сабақтың барысы:** Балалармен салемдесу.Балаларды шеңбер бойына шақыру. «Жүгіреміз,жүреміз» Г.Абдрахманова Әуенді қимылмен жүреді. Балаларды отырғызып, дайындалған, сурет муляждарды көрсетіп ұстау,жемістерді ажырату.

Жемістерді тереміз,
Көкөністә жинаймыз.
Алақай-ау, алақай,
Күзгі бақта ойнаймыз. Музыка жетекшісі «Жемістер мен көкөністер» (Г.Абдрахманова) әнін орындап береді.Жетекші муляждарды кезек-кезек көрсетіп: «Алма –ля-ля-ля,Алмұрт –ля-ля-ля, Қияр-ля-ля-ля, Сәбіз-ля-ля-ля»деп айтқызып үйретеді.Созылатын «ал»деген сөзге дыбыстың созылатынын анықтап айтқызады және эмоция арқылы көрсетеді.«Жемістер мен көкөністер» әнін айта жүріп, қимылдауға үйретеді.Мысалы: «Отырып себетке саламыз, жинаймыз,саусақтармен би билеп,айналамыз»деп,әннің мәтініне қарай қимылдар жасап көрсетеді. «Балалар мен жаңбыр» әнін естеріне түсіреді, қайталайды.
«Келіңдер,келіңдер
Ойын ойнап көріңдер,
Жемістерді шашылған
Жылдам жинап беріңдер»

-Балалар қараңдаршы жемістер мен көкөністершашылып кетіпті.Сендердің көмектеріңмен жемістер мен көкөністерді бөліп,екі себетке салайық. «Жемістер мен көкөністерд» ажырат ойыны.
Әннің мәтініне әлесе отырып,қызыл себетке жемістерді,сары себетке көкөністерді салып беріңдер. (себеттерді түспен белгілеу-қызыл себет және сары себет). Музыка ойналады,балаларға жемістер мен көкөністердің аттарын ажыратып салуға үйретеді. -Балалар сендерге ән ұнады ма?Жемістерді жылдам атап беріңдерші ? Көкөністерді кім атап береді Серуенге шыққанда,топта өткен әндерді,ойындарды қайталап айтуды ұсынады. Жетекші балаларға деген көңілі мен қуанышын эмоция арқылы білдіреді. Балаларды мақтайды,мадақтайды.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әнді тыңдауды, дыбыстарды қайталауды.
**Игереді:** жемістерді,көкөністерді, музыка әуенімен жинауды, теруді, ажыратуды,тыңдауды игереді.

**Меңгереді:**әнді айтып,мәтініне қарай қимылдарды қайталап,эмоцияға беріле отырып қимыл жасауды біледі.

**Күні:** 16 - 19.11.21 ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:**Музыка

**Тақырыбы:** «Менің анам тамаша»

**Мақсаты:** Әннің сөздері мен жеке буындарды айту, созыңқы дыбысталуға еліктей отырып,ересекпен қосылып ән айту. Музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау, эстетикалық сезімге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Ананың суреті

**Билингвалды компонент:** Ана- мать

**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. «Шеңбермен жүреміз» жаттығуымен жүру, қимылдарды қайталатады. «Үстел үсті» театры үстінен Қарагөз қуыршақ шығады. Сәлем, достар! Сендер менің анамды көрмедіңдер ме? Мен анамнан адасып қалдым, енді не істеймін? Көмектесіңдерші. Қарагөз,сен біздің қасымызға кел. Мен сендерге «Мамамның мерекесі» (музыкасын жазған Н.Тілендиев, сөзін жазған М.Мақатаев) әнін орындап берейін. Үстел үсті театрынан Қуыршақ-мама шығады. Балалар,сендердің мама туралы әнді айтқандарыңды естіп келдім, осында Қарагөз қызымды кездестірдім.Енді бәріміз ән айтайық. Педагог: Біз «Наурыз келді»әнін сізге айтып береміз. Қуыршақ-мама: Сендер керемет тәртіпті екенсіңдер, аналарыңнан Қарагөзге ұқсап қашпаңдар.Қарагөзге ұқсап қашпаңдар.Қарагөз сендерге көп қуыршақ алып келіпті, бәріміз қосылып «Қуыршағым-ай» әнінүнтаспадан тыңдап,билеп көрейік. «Мен бақытты баламын»үнтаспасы. 1-бөлім «Құршағым-ай»(әнін,сөзін жазған И.Сапарбай). Кім келді? Не істедіңдер? Не ұнады? Қарагөз: -Рақмет,достар,тағы менімен ойнайсыңдар ма? «Өз қуыршағыңа жет» ойыны Қарагөз: Достар!Сау болыңдар!Келесі жолы тағы да келемін. Музыка жетекшісі: -Сендер әнді айтып,жақсы билediңдер,егер де жақсы қатыссаңдар Қарагөз тағы да келеді.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** әнді еске сақтауды,әнді айтуды,музыкалық шығарманы тыңдауды.
**Игереді:**қуыршақты ұстауды,өз орнын таңдауды.Музыканы тыңдап, қимыл жасауды.
**Меңгереді:**музыка арқылы қимылдауды,қолдарын,аяқтарын қозғауды,айналуды,дағдылануды.

**Күні:** 23 – 26.11.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ормандағы сұр көжек»
**Мақсаты:**Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күйсезімін ояту.
**Көрнекілігі:** Ормандағы аңдардың суреті.
**Билингвалды комп:**Орман – лес.
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды орманға серуенге шақырады.
«Марш»(Е.Андосов)ойналып,
«Біз көңілді баламыз,
Орманға бірге барамыз»- Деген кезде екеуден қол ұстасып жүруді ұсынады.Әуен аяқталғанда: «Міне,орманға да жеттік»,-деп тоқтайды. Бұта түбінде отырған қоянды байқап қалғандай,таңданып:
-Балалар,қараңдаршы,мұнда отырған не,білесіңдер ме? –деп сұрайды. -Бұл көңілді сұр қоян. Ойыншық қоянды қолына алып:
«Мен қоянмын,қоянмын,
Сәбізге мен тоямын.
Қыста жейтін азықты,
Күзден жинап қоямын»,- дейді.
-Балалар,қоянмен бірге секіріп,көңіл көтерейік,-деген ұсыныс айтады.
«Қояндар»(Ломова) әуенінің ырғағына билеуге шақырады.
-Жарайсыңдар,балалар! Енді қоянға арнап ән айтып берейін,сендер де тыңдаңдар.
«Сұр қоян» әні(муз. жазған А.Филиппенко,өңдеген К.Үбанұлы) орындап

береді. Әнді екінші рет орындап, балаларды қоянмен бірге билеуге шақырады.Әннің барлық шумақтарында тәрбиеші мәтінге сәйкес қимылдарды көрсетеді, балаларға қайталауды ұсынады.Жетекші орындық артында жасырылған ойыншық түлкіні алып көрсетеді:
«Жүрген жері күлкі,
Бізге келді түлкі».
Түлкінің даусын салып:
«Кел сұр қоян,тойлайық,
Балалармен ойнайық»,- деп,балаларды ойынға шақырады.

«Қояндар мен қу түлкі» ойыны ұйымдастырылады. Педагог-түлкі,балалар-қояндар рөлінде (атрибуттар киеді). Музыка жетекшісі ойын шартын қадағалайды. «Түлкіге ұсталып қалмаңдар!»-деп ескертеді Түлкі-педагог:
-Рақмет,балалар! Маған көңілді болды.Қоян-музыка жетекшісі:
-Балалар,сендер тез жүгіріп,секіре алады екенсіңдер! Сендер маған ұнадыңдар!Мен сендерге тағы да қонаққа келемін,сау болыңдар!-деп балалармен қоштасады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**әуен ырғағымен секіру,жеңіл жүгіру,би қимылдары қайталап көрсете білу керек.
**Игереді:** қоян,түлкі кейіпкерлерін ажырата біледі,іс-әрекеттерін көрсете алады, әнің сөзін,әуенін қайталап айтады.
**Меңгереді:**қосаяқтап секіреді,тез әуенге ілесе жүгіреді,қуып жетеді,ырғақты сезіне аяқтарын топылдатады.

**Күні:** 03.12.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көңілді барабан»
**Мақсаты:** Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру.
**Көрнекілігі:** Ойыншық барабан
**Билингвалды компонент:** Барабан – барабан
**Сабақтың барысы:** Көңілді әуен ырғағымен балалар залға кіреді.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізге ала мысық қонаққа келді: «Тікірейіп құлағы, меннен бұрын тұрады.
Бойын жазып, керіліп, беті – қолын жуады, - деп,ойыншықты қозғалтып, қимылын көрсетеді.
Балалар, ала мысықпен серуенге шығайық, жүріңдер! – деп, шеңбер бойымен мысықтың қимылын салып жүруді ұсынады. «Серуендеп, би билейміз» муз. (Э. Раухвергер) «Ала мысық айлалы, дыбыстайды ол қалай?» - деп сұрайды. Балалар, ала мысық мияулап шақырып тұр. Мұнда не бар екен? – деп қараған болып, барабанды «тауып алады». Балалар, мысық бізге сыйлық әкеліпті. Сазгер балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Барабан аспабын көрсетеді, барабанда дауысын шығара ойнап береді. Балаларды шақырып, барабан аспабын ұстап көруге, ойнап көруге мүмкіндік береді. Ала мысықты қуантып ән айтып берейік, ал мысығымыз отырып тыңдасын, - деп орындыққа ойыншықты қояды. «Барабан» әні (муз.Б. Дәлденбай,сөзі .Ж. Әбдрашев) орындалады. «Соқ» сөздерін қосылып айтуға тырысады. 3-4 балаға барабанда ойнап, әнді «сүйемелдеуді» ұсынады. «Мысық пен Мысықай» ойыны. «Көңілді ырғақ» биін(Еркем-ай) бірге Билеуге шақырады. Балаларға таныс биді ұсынады. Балалар, барабанды қалай соғамыз? Ойын сендерге ұнады ма? Ала мысыққа сендердің дауыстарың ұнапты.Ол бізге қайта қонаққа келемін деп отыр! Мысықпен қоштасайық! – деп, балаларды шығарып салады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** ырғақты ажырата білуді, дыбыстарды қайталай білуді.

**Игереді:** барабан аспабының дауысын ажыратуды, жеке сөздерді, дыбысты есте сақтап қайталауды игереді.

**Меңгереді:** барабан аспабын меңгереді, ырғақты сезіне қимылдайды, ән мәтініне сай іс–әрекеттер көрсете алады.

**Күні:** 10.12.21 ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Біз - өмірдің, гүліміз!»

**Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.

**Көрнекілігі:** Түрлі – түсті жалаушалар.

**Билингвалды компонент:** Жалауша – флажок

**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды маршпен қарсы алады. Сазгер балаларға түрлі -т үсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасайды. «Біз – өмірдің, гүліміз!» әнін хормен айтады. Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс. Балаларға ән тыңдауды ұсынады. «Отаным» әнін тыңдап,балалар әнді жылдам немесе баяу екенін ажырата білуі тиіс .Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балалар қимыл жасайды.Ән саз жетекшісі:

«Босқа қарап тұрмайық,

Кел,балақай, ойнайық!

– деп шақырып, «Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп, балаларға «Епті аяқтар» (А.Тоқсанбаев) әуеніне тез, жеңіл жүгіруді ұсынады. Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар. Біз қалай жүгірдік? Сұраққа жауап берді. Өткізілген оқу іс – әрекетін пысықтайды. Балаларды мақтап, мадақтау. Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.

**Игереді:** Жалаушамен жаттығу жасауды игереді

**Меңгереді:** Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

**Күні:** 14 - 31.12.21ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка

**Тақырыбы:** «Желбірейді, жалауша»

**Мақсаты:** Ән айтуды уақытында бастап, аяқтау.Музыканы есте сақтау, тыңдай білуді, ырғақпен нық басып жүруге,әуенді сезіне білуге баулу.Би

қимылдарын қайталап көрсетуге дағдыландыру.

**Көрнекілігі:**түрлі түсті жалаушалар,паравоз маркеті.

**Билингвалды компонент:** Жалауша – флажок.

**Сабақтың барысы:** Үнтаспада «Бақытты балалық шақ» әні (муз. жазған С.Қалымов,сөзін жазған И.Исабаев)ойналып,балаларға өз беттерінше еркін билеу ұсынылады. Музыка жетекшісі түрлі түсті жалаушалар таратып, балаларды көңілді серуенге шақырады.

«Жалаушамен келеміз,

Біз көңілді жүреміз»,- деп, жалаушаны көтере аяқты нық басып жүруге дағдыландырады.

«Қазақ маршы» (А.Затаевич) әуеніне «Жалаушамен жаттығу» би қимылдары үйретіледі. Ән саз жетекшісі көрсетіп, балалардың бірге қимылдауын қадағалайды. Жаттығудан соң балаларды отырғызып,ән тыңдауды ұсынады.«Жалауша» әні (муз. А.Тоқсанбаев,сөзін жазған И.Сапарбаев). Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.Әнді орындап,шумақ соңында «бір-екі» деп қайталап, қосылып айтуды үйретеді. «Пойызға біз барайық, Вагоннан орын алайық», -деп, пойызбен жолға шығатындарын түсіндіреді. Паровоз макетіне жалғастыра орындықтар тізбектеліп қойылады.

Музыка жетекшісі «Пойыз» (музыкасын жазған К.Қуатбаев,сөзін жазған Ж.Смақов)әнін орындап,педагог мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды көрсетеді,балалардан қайталауды сұрайды. Балалар көңілдене «пойызға» отырып, «вагондарға» жайғасады.Орындық –вагондарда отырып,ән қимылдарын бірге жасауға талпынады, «пыш-пыш», «гу-гу» дыбыстарын айтуға тырысады. Ән аяқталысымен «пойыздан»түсіп,балаларды қыдыруға шақырады.«Бақытты балалық шақ» әні үнтаспада қайта ойналып,балаларға екеуден қол ұстасып, «серуендеуге» зал ішінде еркін жүруге мүмкіндік береді. Музыка жетекшісі: -Балалар,пойыз қалай жүреді? - Балалардың жауабы гу-гу.

Паравоз қалай тоқтайды?-деп сұрап, балаларды әңгімеге тартады. Балалардың жауабы паравоз пыш – пыш етіп тоқтайды. Пойыздың тезірек жүруіне сендер көмектестіңдер,менің сендерге сыйлығым бар!-деп, қатты қағаздан жасалған кішкене жалаушалар береді.

«Тізбектеліп тұрайық,

Вагондарды құрайық,

Көңілденіп бәріміз,

Енді топқа барайық!» -деп, балаларды шығарып салады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** әнді қосылып айта,ырғақпен қозғалу,қимылдарды қайталай білуі.
**Игереді:** нық басып жүру,ойын шарттарына сай қимылдау.
**Меңгереді:**жалаушаны ұстап билейді,дыбыстарды қайталап айтады, ойын шартын орындауды біледі.

**Күні:** 21 – 24.12.21 ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Біз балдырған»
**Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.
**Көрнекілігі:**Түрлі – түсті жалаушалар.
**Билингвалды компонент:** Жалауша – флажок
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды маршпен қарсы алады. Сазгер балаларға түрлі -т үсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасайды.
**«Біз балдырған»** (А.Асылбек) әнін хормен айтады. Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс. Балаларға ән тыңдауды ұсынады.
**Ән үйрену**«Біз балдырған» әнін тыңдап,балалар әнді жылдам немесе баяу екенін ажырата білді.Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балалар қимыл жасайды.
Сазгер: «Босқа қарап тұрмайық,
Кел,балақай, ойнайық! – Деп шақырып,
«Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп,балаларға «Епті аяқтар»(А.Тоқсанбаев) әуеніне тез,жеңіл жүгіруді ұсынады.
- Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.
Біз қалай жүгірдік?
Өткізілген оқу іс – әрекетін пысықтайды. Балаларды мақтап, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.

**Игереді:** Жалаушамен жаттығу жасауды игереді

**Меңгереді:** Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

**Күні:** 14. 01. 21ж

**Білім саласы**:Шығармашылық.

**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка.

**Тақырыбы:** «Ботақан»

**Мақсаты**:ән арқылы үй жануарларының енесін,төлін ажырата білуге үйрету.Есте қабілетін дамыту.

**Көрнекілігі:** үй жануарларының топтамасы, қой мен қозының суреті.

**Билингвалды компонент:** Ботақан - верблюжонок

**Сабақтың барысы:** Көңілді музыка әуенімен музыка залына келеді. Амандасу,шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді. Жүгіру,айналу, әуен арқылы тізені бүге қимыл жасату. Балаларға ботаның суретін көрсетеді. Балалар шеңбер бойымен жүреді,жүгіреді,тізені бүгіп,қолды белге ұстап қимыл жасайды.Балалар суретті қызықтайды. - Балалар,біз сендермен ботақан,лақ туралы әндер айтып, ойындар ойнадық.Бүгін сендермен танысуға қошақан келіп отыр.Кәне,бәріміз қайталайық. Музыка жетекшісі «Төлдер» әнін орындап береді (музыкасы жазған Б.Бекзатов, сөзін жазған Ө.Өмірбеков). Ән қайта орындалғанда музыка жетекшісі қимылмен көрсетеді. «Қайда қалып қойдың?» деген жерде қолдарын жаяды «Бұлтиып тұр бүйірің» деген жерде іштерін көрсетеді. «Өз анаңды тап»ойыны ойналады.Қалташықтың бірінде жануарлардың бірі,жанында бірнеше төлдер жатады.Бала сол жануарлардың төлін тауып қасына суреттерін қою тиіс. Ойын басқа жануарлармен қайталанады. Балалар әнді тыңдайды. Балалар музыка жетекшісіне ілесіп,қолдарын жайып,бүйірлерін көрсетіп,қимылдар жасауға тырысады. Бала ботаның жанына түйенің суретін қоюға тырысады және атын атайды. Ән сендерге ұнады ма?

Қорытындылау,балаларды,бағалау,мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** үй жануарларының атын атай білу керек
**Игереді**:жануарлардың төлдерін атай білуді игереді.
**Меңгереді:**музыкаға ілесіп әннің қимылдарын көрсетуді меңгереді.

**Күні:** 18 - 21.01.22ж
**Білім саласы**:Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы :** «Шымшық»
**Мақсаты**: Музыканы тыңдай білуді , таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру, музыкалық қабілеттерін дамыту.
**Көрнекілігі:** Құстардың суреті
**Билингвалды компонент**: Торғай – воробей.
**Сабақтың барысы:** Марш (М. Раухвергер) ойналып, балалардың ырғақпен нық басып жүрулерін сұрайды.
*Нық басып келеміз,*
*Бір, екі, үш!*
*Көңілді жүреміз,*
*Бір, екі, үш!* – деп, әндетіп, балаларды қосылып айтуға икемдейді. Кенет музыка жетекшісі үйшік үстінен торғайды көріп қалғандай болады.
*Балалар, мұнда келіңдер,*
*Қызықты көріңдер!*
*Торғай ұшып келіпті,*
*Үй үстіне қоныпты,* - деп таңқалған болады. Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі. («Табиғаи әуендері» жинағынан)
*Шиқ-шиқ етіп дауыстайды,*
*Ешбір құстан қалыспайды,* - деп балаларға торғайдың даусын қайталауды ұсынады.
Тұмсығымен жем шоқып,
Тары, бидай тереді, - деп торғайды ұстап, жем шоқыған қимылын көрсетіп, балаларға қайталап көрсетулерін сұрайды.
«Құстар жем шоқиды» (Е. Тиличеева) әуені ойналып, торғайлардың қимылын

бірге көрсетулерін сұрайды.
«Шымшық» (Г.Абдрахманова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып, балалардың мәтінге сай өз беттерінше қимыл көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте балаларға торғай атрибуттары кигізіледі.
*Кәне, қанат жазайық,*
*Көк аспанда самғайық,* - деп әуенге ілесе торғайдың ұшқанын, қанат қаққанын көрсетеді. «Құстар» (Л. Банникова) әуенінің ырғағымен ілесе, қолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Музыка жетекшісі үйшік шатырындағы отырған ойыншық мысықты көрсетып:
*Ала мысық пырылдап,*
*Жалықпайды, ұйықтайды.*
*Торғайды аңдып шатырдан*
*Күні бойы шықпайды.*
*Мияу-мияу...* - деп балаларды – «торғайларды» мысықтан сақтандырады. «Мысық пен торғайлар» ойыны ұйымдастырылады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып барып, «сымға» - ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.
*Шиқ –шиқ еткен торғайды.*
*Қорғамасақ болмайды,* - деп балаларға торғайды сипаттайды.
*Қамқорлыққа алайық,*
*Ұясына салайық!* – деп, торғайды ұясына апарып кіргізеді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Шымшықтың даусын салып, қайталау, әннің сөзін анық айту, көпшілікпен бірге ырғақты сезіне қозғалуды.
**Игереді:** сюжетті-рөлді ойындарға белсене қатысуды.
**Меңгереді:**қолдарын созып, «қанат қағып», жеңіл жүгіру – «ұшуды», әннің жеке сөздерәне қосыла айтуды, кейіпкер – торғайлар рөлін көрсете білуді.

**Күні:** 25 .01.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:**«Қаршақыз, бізде қонақта»
**Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән

ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Есте сақтау қабілетін дамыту, ырғақты сезіну.

**Көрнекілігі:** Аязата,Қаршақыз.

**Билингвалды компонент:** Аяз ата – дедушка мароз

**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі топқа барып амандасып,балаларды қуыршақ театрына шақырады.Алдын ала педагогпен сабақ барысын жоспарлап дайындайды. Музыка жетекшісі театр ішінде дауыс шығарады. -Балалар!Балалар!Мен келе жатырмын! Сәлеметсіңдер ме, кішкентай достарым! Менің атым- Қаршақыз! -Ой мынау қандай әдемі шырша,ойыншықтарының жылтырауын-ай! (Шырша жанып,айналатын болуы керек.) Қаршақыз: -Кәне,шыршаға шапалақ соғайық,аяғымызды топылдатайық. Қаршақыз: -Балалар! Сендер шырша туралы ән білесіңдер ме? «Жасыл шырша» (муз: жазған Қ.Қуатбаев,сөзін жазған К.Шалқаров.) -Әнін бәріміз айтайық,ал сендер шеңбермен жүріңдер. Қаршақыз:
- Рахмет, балалар, енді мен сендерге ән айтып беремін,ал сендер тыңдаңдар.

**Ән үйрену**: «Қаршақыз бен балалар» (Г. Абдрахманова)
Қуаршақ- Аязата сөйлеп шығады.
- Балалар! Балалар!
Айналайын балалар.
Өлең, тақпақ айтыңдар.
Маған билеп берсеңдер,
Сыйлығым бар сендерге!
Қаршақыз: Әннің сөзін айтамыз. Аязата, ля-ля-ля! Қайталатады. Сазгер балаларды жұппен тұрғызады, билеуге үйретеді. Қаршақыз: - Балалар, сендерге көп-көп рахмет, енді біз орманға кетейік, өйткені жылыдан еріп бара жатырмыз. Аязата: - Қош-сау болыңдар! Мен сендерге тағы да келемін, Сыйлық әкелемін. Ал сендерге көп қар сыйлаймын,- деп, қар беріп кетеді. «Ойнаймыз,ойнаймыз, Жаңа жылды тойлайыз» -Балалар,сендерге кім келді? Бізге Аяз атамен, Қаршақыз келді. Педагог екеуі «Қар атыспақ» ойынын ұйымдастырады,ойнауға үйретеді. -Жарайсыңдар,балалар!-деп мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** әнді есте сақтауды, ырғақтарды сезінуді.
**Игереді:** шырша, ойыншықтар, қармен ойнауды.
**Меңгереді:** шеңбермен жұптасып жүруді.

**Күні:** 28. 01. 22ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка

**Тақырыбы**: Шырша мен ойыншықтар

**Мақсаты:** Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.

**Көрнекілігі:** Ойыншықтардың суреті.

**Билингвалды компонент**: Ойыншықтар-игрушки

**Сабақтың барысы**: Балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз», «Жүгіреміз, жүреміз».(Г.Абдрахыманова)әуенді қимылдарын қайталап қарсы алады.Үстел үсті театры арқыл шыршаны және ойыншықтарды көрсете отырып, шыршаға таппақ айтады.

Тауда туып,тауда өскен
Шырша келді ортаға .
Әдемілеп біз ілген
Ойыншықтар тізілген

**Музыка тыңдау**: «Қаршақыз бен балалар»(Г.Абдрахманова)әнін қайталауын сұрайды.(Қаршақыздың әуенін қуыршақ Қаршақызды ұстап айтады.)

**Ән үйрену**: «Жасыл шырша» (музыкасы К.Қуатбаев,сөзі К.Шалқаров) әнін орындап береді.

1-шумағында шыршаны айналады.

2-шумағында жақындайды.

3-шумағында алақанды шапалақтайды,қол көтереді,билеп үйренеді.

Жетекші балаларға шыршада ілулі тұрған ойыншықтарды көрсетеді. «Мысық,торғай,күшік, Мынау ілінген қандай ойыншық?»- Деп сұрайды. Балалар әнді айтуға тырысады. Балалар әнді мұқият тыңдайды. Балалар шеңбермен жүріп тыңдайды. Ортаға жақындайды. Шапалақтауға тырысады.Ойыншықтарға қарап,жауап береді.

Мысық қалай дыбыстайды? «Мияу – мияу»
Торғай қалай дыбыстайды? «Шиқ – шиқ»
Күшік қалай дыбыстайды? « Әуп – әуп»

Егер дұрыс дыбыстасаңдар,ойыншықтар ілініп тұрады.Ал дұрыс болмаса, қашып кетеді.

«Ойын ойнап көрейік,

Жүгірейік, жүрейік,
Егер қасқыр ұлыса,
Жылдам қашып кетейік»,- деп жетекші үлкен ақ матаны алып, балалардың астына жасырынып қалуын сұрайды. «Ненің даусы?» ойыны. - Қасқыр келгенде алдаймыз, мысық болып мияулаймыз,торғай болып шиқылдаймыз, күшік болып үреміз, - деп,орыннан орынға ауысып, «төмен», «жоғары» дыбыстарды айтқызуға үйретеді. - Балалар,бүгін сендер әнді тыңдап, дыбыстарды жақсы айтып бердіңдер.Келесі тағы да ән айтамыз, ойнаймыз. Жарайсыңдар!-деп мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** тыңдайды, төмен, жоғары дыбыстарын білуі керек.
**Игереді:** жасырынуды, қашуды, алдауды.
**Меңгереді:**жүгіруді, отыруды, тұруды.

**Күні**: 04.02.22ж.
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы** : «Күн мен Жаңбыр»
**Мақсаты:** ән айтуды уақытында бастап, аяқтау; алға шығып немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау. Ойы арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу.
**Көрнекілігі:** Күннің суреті
**Билингвалды компонент:** Күн – Солнце, жаңбыр – дождь.
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз» қимылды қозғалысымен жүруді ұсынады. Тәрбиеші күннің шуағын көрсетеді. Жетекші әндете: - Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар? Кәне, бәріміз Күнге жақындап тұрайық. (Жетекші бұлт суретін шығарады). Үнтаспадан күннің күркірегені, жаңбыр тырсылы естіледі. Балалар, мен сендерге «**Балалар мен жаңбыр**» әнін (Г.Абдрахманова) айтып берейін. Ән мәтініне сай қимыл-қозғалыстар жасауды ұсынады. Балалар, сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. Көңілді әуен ойналғанда, секіріп ойнауды, ал күн тығылып, бұлт

шыққанда отырып қалуды ұсынады.(Екі қолын жоғары көтеріп түйістіріп шатыр жасауға немесе қолшатырды пайдалануға болады).
**«Жапырақтар»** (Г.Абдрахманова) әнін қайталап айтуға шақырады.
**«Күн**» (М.Т. Потапенко) (Көңілді шығарма).
**«Жаңбыр»** (музыкасы Ә.Телғозиев) әуенін тыңдай жүріп ойнауға үйретеді. Ойынды бірнеше рет қайталауды ұсынады.

*«Күннің көзі күлімдеп,*
*Бізге қарай ашылды.*
*Жылуымен жылытып,*
*Шуақтары шашылды».*

- Балалар, Күн шуағы сендерге қуанып, келесі жолы тағы да келіңдер деп шақырып жатыр. Кәне, Күнмен қоштасайық. Сендер бүгін көңілді әуен тыңдап, өте жақсы ойын ойнадыңдар, - деп мақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** музыканы тыңдау, көңілді, көңілсіз әуенді сезіне ажырата білуі керек.
**Игереді:** музыканы тыңдап, ойын шартын бұзбай, мәтінге сай қимыл жасап, ілесе айтуды игереді.
**Меңгереді:** көңілді әуенге секіруді, жүгіруді, музыка өзгерген кезде жасырынуды меңгереді, дағдыланады.

**Күні**: 11.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы** : «Көңілді пойыз»
**Мақсаты:** Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.
**Көрнекілігі:** паровоз макеті, ойыншық қоян,қонжықтың үйшігі.
**Билингвалды компонент:** көңілді пойыз – веселый поьезд
**Сабақтың барысы:** Үнтаспада **«Қуырмаш»** әні ойналып, музыка жетекшісі балаларды қарсы алады.
- Балалалар, біз бүгін қоңыр қонжыққа қонаққа барамыз. Қонжық алыста,

орманда тұрады,- деп түсіндіреді.Орманға жету үшін мына
«Көңілді пойызға» отырайық, - деп пойыз макетін көрсетеді.
«Пойызымызға біз барайық,
Вагоннан орын алайық», - деп «вагондарға» - тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.
*«Ал паровоз бастайды,*
*Пыш- пыш, пух- пух,*
*Ән айтып біз қостайық.»,-* деп, **«Пойыз»** (К.Құатбаев, Ж.Смақов) орындайды. Балаларда орманға келеді.Сазгер ойыншық қоянды ұстап тұрып:
*«Мен қоянмын, қоянмын,*
*Сәбізге мен тоямын.*
*Қыста жейтін азықты,*
*Күзде жинап қоямын,* - дейді. - Балалар, сұр қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік - деп, ұсынады. **«Сұр қоян»** (А. Филипенко, сөзі Қ.Үбанұлы) орындалып, балаларға би қимылдарын көрсетулерін сұрайды.
**«Қоңыр аю қорбаңбай»** (Б.Дәлденбай)

**Аю:** *« Мен аюмын қорбаңбай,*
*Қимылмаймын қорбаңдай.*
*Омартаны көргенде,*
*Бас қоямын ойланбай».* (А.Асылбеков) - Сәлеметсіңдер ме, балалар?
Сазгер балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады.
Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға щақырады.
*«Қонжық және қоянмен»*
*Ойын ойнап күлейік,*
*Достарымыз қуансын,*
*Тату болып жүрейік»,* - деп**, «Қояндар мен аю»** ойыны ұйымдастырылады. Сазгер балаларға «Көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен «пойыз» әні қайтадан орындалады. Біз қандай көлікке отырдық? Паравозға отырдық.
Паравоз қалай жүреді екен? Балалардың жауабы. Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**паровоз, пойыз туралы ұғынып, білуі керек.
**Игереді:**пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білу, бірге қуану, риза болу.
**Меңгереді:**сөздерді қосыла айту, қайталау, ойыншық кейіпкерлердің қимыл-

қозғалысын жасап көрсету (қосаяқтап секіру, әуенге тез жүгіру, қорбаңдап жүру).

**Күні:** 15 - 18.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** « Сылдырмақтар»
**Мақсаты:** Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Музыкаға деген қызығушылығын арттыру, ән айту іскерлігін дамыту, сылдырмақты ырғақты сезіне ойнауға дағдыландыру. **Көрнекілігі:** Сылдырмақ , безендірілген қорап.
**Билингвалды компонент:** Сылдырмақ – погремушка
Са**бақтың барысы:** Үнтаспада «Айгөлек» әні орындалып, балаларды көңілді қарсы алады. Сазгер балаларды көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды.
**«Серуендейміз, демаламыз»** әуені (М.Красев) ойналып,1- бөлімде қол ұстасып зал ішінде еркін жүрулерін қадағалайды. Әуеннің 2- бөлімінде бір орында тұрып, қол шапалақтайды.
- Балалар, қараңдаршы мынау қорапқа Ішінде не бар екен? Келіңдер, бірге көрейік. Сазгер қораптан сылдырмақты алып :
Қызыл, жасыл, сылдырмақ,
Үн қатады сылдырлап. - деп сылдырмақты сылдырлатып көрсетеді.
«**Сылдырмақты серуен»**(С.Тезекбаев)
Сылдырмақты алайық,
Әсем әнге салайық!
**Ән тыңдау: «Сылдырмақ»** (А.Тоқсанбаев, И. Сапарбай) Әннің 1-шумағында қойталап, балалардың сылдырмақты ырғақпен соғып көрсетулерін талап етеді. Әннің соңғы шумағында балаларға сылдырмақтарын жерге қойып,қолдарымен беттерін жабуды ұсынды. Ортада әлі ойын бар,
Кәне, шыға қойыңдар! – деп әндетіп, бралаларды келесі ойынға шақырады. **«Сылдырмақпен ойын»(**А.Майкаппар) педагоктің көрсетуімен ұйымдастырылады. Екі бөлімді әуенге өз еріктерімен қимылдарды ауыстыра білуе үйретеді. Балаларға ойын соңында

шығыршықтарға кіріп, жасыр-ынып үлгеру керек екенін түсіндіретін. Ойынды екі рет қайталауға болады.
Апайларды тыңдаймыз,
Сылдырмақты жинаймыз!- Деп,балаларға сылдырмақтарды қорапқа салуға көмектесулерін сұрайды.
-Сылдырмақтардың даусы қандай?
-Бүгінгі серуен ұнады ма? Балалардың жауабы. Сұрақтар қойып,балалардың сөйлеп,жауап беріп дағдылануына ықпал етеді.
«Серуендейміз,демаламыз» (М.Красев) ойналып,балалар қол ұстасып шығады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** екеуден қол ұстасып жүруді,айналуды,көппен бірге әнге қосылуды.

**Игереді:** жылдам және жай әуендерді ажыратуды,әртүрлі сипаттағы әндерді әуенімен жеке және хормен айтуды.

**Меңгереді:**сылдырмақты ырғақпен сілкіп,қозғап ойнай алуды,ауыспалы әуенді тыңдай білуді.

**Күні:** 22 - 25.02.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Кел, билейік»
**Мақсаты:** Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Ән – әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналауға дағдылану, көтеріңкі көңіл күй сыйлау.
**Көрнекілігі :** Бишілердің суреті.
**Билингвалды компонент:** Би – Танец
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларға сандықшаға салынған түрлі түсті орамалдарды ұсынып, таңдап алуға мүмкіндік береді.
*«Келіңдер, келіңдер,*
*Шеңбер құрып беріңдер!»* - деп балаларды дөңгелене тұруға

бейімдейді. «Орамалмен билейміз» әні. Орамалды оң қолға ұстауды, жоғары көтеруді, қозғауды, бір орында айналуды көрсетіп, қайталауды талап етеді.

*«Қызыл, жасыл, сары, көк,*
*Орамалды алайық,*
*Қолды көкке созайық,*
*Қозғап, қозғап қалайық!»* - деп, әндетіп, әуенге ілесе би қимылдарын орындауды сұрайды. Балалар көңілді әуенге ілесе, орамалдармен би қимылдарын жасайды. Би соңында жетекшісі: *«орамалды аламыз, сандықшаға саламыз»,* - деп сандықшаға орамалды жинайды. Музыка жетекшісі бұрышта тұрған үйшікті көрсетіп: - Қандай әдемі үйшік! Мұнда кім тұрады екен? – деп ақырындап барып үйшікке жақындап, үйшік есігін қағып, «Мұнда кім тұрады?» - деп сұрайды, - балалар, шапалақтап дыбыстайық, мүмкін естіп, шығатын болар, - деп ұсынады. – енді аяғымызды қатты топылдатайық. Үйшік терезесінен педагог Меруерт - қуыршақты көрсетіп: - Сәлеметсіңдер ме, балалар? – деп амандасады. Музыка жетекшісі әдемі қуыршақты бірге ойнауға шақыруға ұсыныс жасайды. Қуыршақ «қуана келісіп», балаларға қосылады. **«Полька»** (Ю.Слонова) орындалады. Музыка жетекшісі немесе педагог қуыршақтың қолдарын қозғап, шапалақтап, айналып, балалармен бірге «билетеді». Би аяқталысымен Жәмила-қуыршақ:

- Балалар! Сендер әсем билейді екенсіңдер. Маған өте көңілді болды! Сау болыңдар, балалар! – деп иіліп қоштасады. Балалар қуана қол шапалақтайды. Көңілдене қол бұлғап қоштасып, шығады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** әуенді тыңдап, әсер алу, ырғақты сезіне білуі керек.
**Игереді:**Жәмила-қуыршақпен қызығушылықтары артып, көпке ілесуді игереді:
**Меңгереді:**ән мәтініне сәйкес іс-әрекеттер көрсетеді, екеуден айналады, орамалмен би қимылдарын жасайды.

**Күні:** 04.03.22 ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы: «**Әжем келді ауылдан»
**Мақсаты:**Ән айтуды уақытында бастап аяқтау. Әже арқылы балаларға наурыз туралы мәліме беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.
**Көрнекілігі:**дөңгелек үстел, ұлттық тағамдар, қазақы үй жабдықтары.
**Билингвалды компонент:**Әже – бабушка.
**Сабақтың барысы:** Музыка залында дөңелек үстел жанында әже балалады көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады.
**Халық әні:** «Еркем ай».

*«Жайдарымыз бәріміз,*
*Дастарқанда дәміміз.*
*Көжесі көп, қыры көп*
*Қандай жақсы наурыз!»*
- Балалар, мен сендерге әдейі ауылдан келдім, бүгін – мереке.
Міне, дастарқан қазақтың ұлттық тағамдарына толы: бауырсақ, құрт, жент, ірімшік.Ал ондай болса сендерге ән орындап берейін.Әже ән орындайды.
**«Наурыз – біздің жаңа жыл»** (музыкасы мен сөзін жазған Ж. Қалжанова).
- наурыз мерекесі болғанда күн жылынады, ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырады, малдар төлдейді. Ал енді барлығымыз орнымыздан тұрып, осы әнге қимылдар жасайық. 1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс. Қайырмасында әже қол шапалақтайды. Балалар да әжеге қосылып, қол шапалақтауға тырысады.
2-шумағы орындалғанда әже балалармен біре қол ұстасып, кіші шеңбер жасайды, одан кейін шеңбеді үлкейтуін сұрайды.
Қайырмасында тоқтап, балаларға қол шапалақтауды ұсынады. **«Бәйге» ойыны.**Балалар кезекпен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады. Әже балаларға ризашылығын білдіреді.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: Наурыз мерекесі туралы мәліметтерді.
**Игереді**: наурыз, ұлттық тағам түрлері туралы түсініктерді игереді.
**Меңгереді**: атқа мініп жарысу дағдыларын меңгереді, шеңберді кішірейту, кеңейтуді

**Күні:** 11.03.21 ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Лағым»
**Мақсаты:** музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.Жеңіл музыка әуеніне ілесіп лақтың қимылын, жасауға денені жеңіл ұстауға үйрету.Жануарлардың қимылын,дыбысталуын музыка үніне ілесе жасауға дағдыландыру.
**Көрнекілігі:**үй жануарларының суреттері, ойыншық лақ, ойыншық күшік.
**Билингвалды компонент**: лақ – козленок
**Сабақтың барысы:** Балаларды музыка әуенімен қарсы алу. Музыка әуеніне сәйкес қимылдар жасайды. Жеңіл әуенмен секіру. Музыка тоқтағанда қимылды тоқтату. Балаларды ойыншық лақ күтіп алады.

*«Жалт-жұлт етіп, лақ,*
*Жағалайсың құрақ.*
*Секірем деп бірақ*
*Қала көрме құлап».*(А. Асылбек)

- Балалар, сендерді ақ лақ күтіп отыр. Лақ – ешкінің төлі. Бәріміз «лақ» деп айтайық.

**«Лақ»** (муз. жазған Д. Ботбаев, сөзін жазған А. Асылбек).
Әнді мұқият тыңдаймыз. Музыка жетекшісі ойыншық лақты қолға ұстап отырып әнді айтады. «Шұнақпын» деген сөзді айтқанда құлағын көрсетеді. «Мә-ә» сөздеріне мән бере айтады. Әнді қайталап айтқан кезде «селтеңдеген» деген секіріп деген мағынаны білдіретінін, «шұнақпын» дегені – құлағы кішкентай екенін түсіндіреді. «Мә-ә» деген сөзді алдымен ойнап, анасы мен төлін ажыратуға үйретеді.Қазір бәріміз музыка үнімен лақ болып секірейік. Лақ кішкентай болғандықтан, қорқақ келеді. Байқаусыздан күшік шыға келсе, секеңдеп қаша жөнеледі.
**«Лақ пен күшік» ойыны.** Бәріміз музыка ырғағымен жеңіл секірейік. Күшік алдын ала дайындалған үйшігінде тығылып отырады. Тәрбиеші музыка өзгергенде күшік болып балаларды қуады. Музыка жетекшісі күшікке жақындап: «Лақтар кішкентай, қума» деген ескерту жасайды.
Бүгін біз лақ туралы ән айттық, лақ болып ойнадық, күшіктен қаштық. Бәрің жақсы ойнадыңдар. Балалар көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: үй жануарларының төлдерін атай білуі керек. Дыбыстарын ажырата білулері керек.
**Игереді**: музыка үніне сәйкес секіруді, ырғақты сақтауды игереді.
**Меңгереді**: музыка әуенін ести отырып қаша білуді, төлдерді атай білу дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 15 - 18.03.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Әлди- әлди, ақ бөпем»
**Мақсаты:** Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын таныстыу. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру.
**Көрнекілігі**: бесік, бөпе- қуыршақ, сылдымақтар.
**Билингвалды компонент**: Бөпе – ребенок.
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды қолындағы қуыршақ бөпесімен қарсы алады,амандасады. Бөпе ұйықтап жатыр екен. Сазгер: «Шеңбермен жүреміз» жаттығуын бастайды. Балалар, біз қазір жаттығуды «бәсең» дыбыспен жүріп жасаймыз, өйткені бөпеміз оянып кетеді. (Әлдидің жылаған даусы естіледі) Балалар, біздің бөпеміз оянды «көтеріңкі» дыбыспен жаттығуымызды жасайық. - Балалар, енді бөпемізді бесігімізге жатқызайық, Оның ұйқысы келіп тұр.Ал сендер бесік жырын тыңдадыңдар. Халық әні «Құлыным». (Р.Рымбаева. «Сезон» А.А.Қ 2003ж) Балалар,сендерге ән ұнады ма? Балалардың жауабы.
Олай болса орнымыздан тұрып, «Сылдырмақ» әнін қайталайық.Қолдарына сылдырмақты алып, билейді.Балалар әнді бірінші «бәсең» айтамыз, өйткені бөпеміз оянып кетпесін. Ал балалар бөпемізде оянып кетті, енді «көтеріңкі» дауыспен айтамыз, бөпемізді жұбатайық. Балалар жаңа кім жылады? Балалардың жауабы. Кәнеки, бөпемізге «Қуыршағым- ай» биин билеп берейікші. - Балалар сендер бөпені жақсы жұбаттыңдар, сендерге көп- көп рахмет. Келесі жолы жақсы билеп,ән айтсаңдар, бізге көп ойыншықтар келуі мүмкін, -деп мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы тыңдауды, еске түсіруді, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды.
**Игереді:** әлдилеулді, сылдырмақты ұстауды, қуыршақты ұстауды.
**Меңгереді:** шеңбер жасауды, отырып – тұруды, жүгіруді, музыкамен билеуді.

**Күні:**25-29.03.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы: «**Көктем гүлі көрікті»
**Мақсаты:** музыка сипатына сәйкес қозғалады, музыка басталғаннан қимылдарды бастай алады. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасауға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру.
**Көрнекілігі:** автобус макеті, себетке салынған қауырсын гүлдер, қолшатыр, «жаңбыр тамшылары» - көгілдір лента ілінген таяқшалар.
**Билингвалды компонент:**Көктем – весна.
**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды себет толы әдемі көктем гүлдерімен қарсы алады. Балаларға гүлдерді таратып береді.
*«Гүлді ұстап көрейік,*
*Ақырындап жүрейік», -* деп, өз еріктерімен гүлдерді ұстап, қызықтап көруге мүмкіндік береді. **«Вальс»** (Қ. Шілдебаев) ойналып, балаларды гүлдермен биге шақырады.
*«Көктем гүлі көрікті,*
*Би билеік көңілді!»*
Музыка жетекшісі ***«Көктем гүлдері»*** биінің қимылдарын көрсетіп, балаларға қайталап, бірге билеулерін сұрайды. Би соңында балаларға гүлдерді жинап, себетке салуды ұсынады. Жетекші балалардың назарын далаға, күн нұрына аударып, көңілді дауыспен:
- Балалар, қараңдаршы далаға,
*«Күннің көзі ашылды,*
*Алтын нұры шашылды!»* - деп балаларды үнтаспадағы көңілді ырғаққа

(**«Айгөлек»** әні, Р.Рымбаеваның орындауында) билеуге шақырады. Тербелу, секіру, екеуден қол ұстасып айналу қимылдарын көрсетіп, балалардың іс-әрекеттерін бақылай жүреді. Үнтаспада күннің күркірегені, жаңбыр тамшыларының дыбысы естіледі.
*«Жаңбыр жауды себелеп*
*Дала қандай керемет!»* - деп, қолшатырды ашады.
*«Қолшатырға қаш-қаш,*
*Аяғыңды бас-бас!»* - деп, балаларды қолшатыр астына жасырынуға шақырады. Бұл кезде сазгер жаңбыр тамшыларын бейнелеп, «тамшы»-таяқшаларды қозғай зал ішінде жеңіл жүгіреді.Ойынды 2-3 рет қайталауға болады.Ойын соңында:
*«Күннің көзі ашылды,*
*Жаңбыр жауып басылды!»*

- енді қалада көлікпен қыдырайық, - деп автобус макетін көрсетіп, «көлікке – автобусқа жайғасып отыруға шақырады.
Жетекші **«Көлікке мінеміз»** ойынын ұйымдастырады.
**«Машина» әнін** (музыкасын жазған К. Қуатбаев, сөзін жазған Т. Тұяқбаев) орындап, «бип-бип» сөздерін қосыла айтуға үйретеді. - Балалар, сендерге жаңбыр ұнады ма? Жаңбыр қалай жауады? Күн қайда? Бүгін бәрің де жақсы билеп, ән айттыңдар, ойнадыңдар, жарайсыңдар! – деп мадақтайды.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі**: әуен ырғағын сезіну, әнге қосыла айта білуі керек.
**Игереді**: «гүлдер әдемі, жаңбыр жауады, күн жарқырайды» түсініктерін ұғынады.
**Меңгереді**: гүлдерді ұстап, әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын жасайды, қолшатырға жасырынуды, көлікке отыруды меңгереді.

**Күні:** 01.04.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Әңгелек»
**Мақсаты:** Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме

бойынша тану дағдыларын таныстыу. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру.
**Көрнекілігі**: бесік, бөпе- қуыршақ, сылдымақтар.
**Билингвалды компонент**: Әңгелек.
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды залда қарсы алады,амандасады. Сазгер: «Шеңбермен жүреміз» жаттығуын бастайды. Балалар, біз қазір жаттығуды «бәсең» дыбыспен жүріп жасаймыз, өйткені әніміз баяу. Есікті ұрған дыбыстың даусы шығады,Есіктен атамыз кіріп келеді. Қолында әңгелегі бар.Сәлемдеседі балалар, атамен амандасады.Балалар тақпақ айтып, би билеп береді.Ата қуанғаннан балаларға әңгелегін балаларға тастап кетеді. Олай болса орнымыздан тұрып, «Әңгелек» әнін қайталайық. Балалар әнді айтып үйренеді .
Ән тыңдау: «Әңгелек» әні (М.Қуанышбековтікі) Ән үйрену пианиномен әнді айту арқылы балалар дауыс жаттығуын жасады.Өткен сабақтардағы әндерді еске түсіріп айтып үйренді. Әнді сылдырмақпен айта білді.Сылдырмақты әнмен бірге сылдырлатып әннің ырғағымен дұрыс тарта білді. «Жұптасу» биін биледі.
– Балалар бізге қонаққа кім келді? Балалардың жауабы.
– Әңгелекті сендерге кім әкеліп берді?
Балаларды мақтау,мадақтау.
**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** музыканы тыңдауды, еске түсіруді, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды.
**Игереді:** сылдырмақты дұрыс ұстауды,
**Меңгереді:** шеңбер жасауды, отырып – тұруды, жүгіруді, музыкамен билеуді.

**Күні:** 08.04.22ж
**Білім саласы**: Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка
**Тақырыбы:** «Бесік жыры»
**Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Бесік жыры арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру.

**Көрнекілігі:** қуыршақ,, бесік, бала терберткен ана.

**Билингвалды компонент:**Бесік жыры – колыбельная песня

**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды «Әлди-әлди, ақ бөпем,ақ бесікке жат бөпем»,- деп бесікті тербетіп, әндете қарсы алады.Бесікте кішкентай қуыршақ жатады. «Бесіктегі бала ұйықтайын деп жатыр»,- деп,тыныштық сақтауларын сұрайды.

Әлди,әлди, бөбегім,
Ақ бесікке бөледім.
Ай мен күнге теңедім.
Ақтарылған өлеңім.

Сазгер балаларға бесікті тансытырып, кішкентай бөбектер ұйықтар алдында «әлди-әлди» деп бесік жырын айтып ұйықтататынын мәлімет береді. «Ұйықта, бөпем» (Қ.Шілдебаев,А.Асылбек) Бала ұйықтаған кезде дауысты көтермей,жәй сөйлеу керектігін түсіндіру. «Қуыршақпен ойын» Балаларға ойыншықты беріп,олардан қуыршақты ұйықтатуын сұрайды.Музыка аяқталғанда алдарына жатқызады. «Ойын» музыкасы ойналғанда балалар қуыршақпен көңілдене билеуі керек. Ойын 2 – 3 рет ойналады. Бүгін кімді ұйықтаттыңдар? Бөпемізді деп жауап берді. Қуыршақ ұйықтағанда қалай әндеттіңдер? Ұйықта бөпем әнін айттық. Қорытындылау,балаларды мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** бала ұйықтар алдында «әлди – әлди» әні орындалатынын білуі керек.

**Игереді:** «бесік», «қуыршақ», «әлди – әлди» деген сөздердің мағыналарын игереді.

**Меңгереді:** қуыршақпен билеуді, ұйықатуды, бесік тербету дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 12 - 15.04.22ж

**Білім саласы:** Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Ормандағы көбелектер»

**Мақсаты:**Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып,

жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күй сезімін ояту.

**Көрнекілігі:** Ормандағы жәндіктер мен көбелектің суреті.

**Билингвалды компонент:** Көбелек – бабочка

**Сабақтың барысы:** Музыка жетекшісі балаларды орманға серуенге шақырады. «Марш»(Е.Андосов)ойналып,

«Біз көңілді баламыз,

Орманға бірге барамыз»- деген кезде екеуден қол ұстасып жүруді ұсынады.

Әуен аяқталғанда: «Міне,орманға да жеттік»,-деп тоқтайды. Балалар «ұшып жүрген» көбелекті көріп, қуанады. Көбелекке жақындап, қызықтайды. Қанаттарын ұстап көруге талпынады.

Ән тыңдау: «Ұшты көбелек» ( сөзі А.Асылбек, әні А.Дүйсенов) Ән мәтініне сәйкес педагогпен бірге қимыл- қозғалыс жасауларын бақылайды.

**«Гүльзарыдағы көбелектер» ойыны.**

Көбелек ау, көбелек,

*Ұшасың сен көлбеңдеп.*

*Қызыл, жасыл керемет,*

*Гүлге қоншы көбелек!* – деп, балаларды ойынға шақырады. **«Вальс»** ойналып (А. Аренский), ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен соңында:

*Ақ қанатты көбелек,*

*Көк қанатты көбелек,*

*Бақшамызға қона кет!* – деп, «Көбелектерді» гүлдерге қондыру қажеттігін түсіндіреді. **«Гүльзарыдағы көбелектер» ойыны.**

Көбелек ау, көбелек,

*Ұшасың сен көлбеңдеп.*

*Қызыл, жасыл керемет,*

*Гүлге қоншы көбелек!* – деп, балаларды ойынға шақырады. **«Вальс»** ойналып (А. Аренский), ырғақпен жеңіл қозғалуларын бақылайды. Әуен соңында:

*Ақ қанатты көбелек,*

*Көк қанатты көбелек,*

*Бақшамызға қона кет!* – деп, «Көбелектерді» гүлдерге қондыру қажеттігін түсіндіреді.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**әуенді тыңдай білу, қимыл-қозғалысты көппен бірге, ырғақты сезіне жасау.
**Игереді:**музыканы сезіне тыңдауды, әнді нақышына келтіре айтуды, ойын шарттарын ретімен орындауды.
**Меңгереді:**көркем-ойындық бейнені сезіну, көбелек болып «ұшу, қону», әуенмен ілесе жеңіл қимылдауды.

**Күні:** 19 - 22.04.21ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:**«Құлыншақ»
**Мақсаты:** Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарларын сүйе білуге, ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету.
**Көрнекілігі:** Ат және құлынның суреті.
**Билингвалды компонент:** Құлыншақ – жеребёнок
**Сабақтың барысы:** Балаларды музыка үнімен, музыка залында қарсы алады. Әуеніөзгеруіне сәйкес қимылдар жасайды. Музыка тоқтағанда қимылын тоқтатады. Көңілді музыка әуенімен балалардың көңіл – күйі көтеріледі. Ойыншық аты қолға ала отырып, музыка жетекшісі өлең оқиды.
«Еркетайы даланың,
Мен – құлыншақ боламын.
Серігімін, досымын,
Өздеріңдей баланың. (И. Сапарбай) - Балалар, көрдіңдер ме, менде ат бар. Ат сендерге доспын деп отыр. Міне, қараңдаршы қандай әдемі ат. Суреттен аттың суретін көрсетіп, жанына кішкентай төлін қояды. Міне аттың кішкентай «құлыншақ» дейді. «Құлыншақ» әнін орындайды. (музыкасын жазған Е.Ташев, сөзін жазған Ә.Тәжібаев). Ән қайталап орындалғанда ән мәтініне сәйкес балаларға қимылдар жасауды ұсынады. «Құстай қанат қағады», - деп, балаларға ат секілді шабуды көрсетеді.
- Ал енді кімнің атқа мініп шапқысы келеды? «Бәйге» ойыны. Алдын ала әзірленген аттың басына мініп, балалар жарысады. - Балалар, көрдіңдер ме,

менде ат бар. Ат сендерге доспын деп отыр. Міне, қараңдаршы қандай әдемі ат. Суреттен аттың суретін көрсетіп, жанына кішкентай төлін қояды. Міне аттың кішкентай «құлыншақ» дейді.
«Құлыншақ» әнін орындайды. (музыкасын жазған Е.Ташев, сөзін жазған Ә.Тәжібаев). Ән қайталап орындалғанда ән мәтініне сәйкес балаларға қимылдар жасауды ұсынады. «Құстай қанат қағады», - деп, балаларға ат секілді шабуды көрсетеді.
Белсене қатысқан балаларды мақтау, мадақтау. Қорытындылау.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** үй жануарларының төлдерін білуі және оларды ажырата білу.
**Игереді:** үй жануарларының төлдерін ажыратуды игереді.
**Меңгереді:** музыка үнімен жануарлардың қимыл- қозғалыстарын салу дағдыларынмеңгереді.

**Күні:** 06.05.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ағайынбыз, бәріміз!»
**Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.
**Тақырыбы:** «Ағайынбыз, бәріміз»
**Көрнекілігі:** Әр ұлттың балаларының суреті.
**Билингвалды компонент:** Ағайын – родственник
**Сабақтың барысы:** Сазгер балаларды маршпен қарсы алады.Сазгер балаларға түрлі -т үсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасайды. «Бүлдіршіндер әні» әнін хормен айтады.Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс.Балаларға ән тыңдауды ұсынады.«Отаным» әнін тыңдап,балалар әнді жылдамнемесе баяу екенін ажырата білді.Әнді екіншірет орындар алдында балаларды шеңбербойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балалар қимыл жасайды. Сазгер:

«Босқа қарап тұрмайық,
Кел,балақай, ойнайық! –деп шақырып, «Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп,балаларға«Епті аяқтар»(А.Тоқсанбаев) әуеніне тез,жеңіл жүгіруді ұсынады. Ойынға көңілді қатысып, қызығушылықтары артады. Жеңіл жүгіріп,«үйшіктеріне» жетуге тырысты. Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.Жалаушамен жақсы қимыл жасадыңдар жарайсындар. Өткізілген оқу іс – әрекетін пысықтайды. Сұраққа жауап берді. Балаларды мақтап, мадақтау. Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді.

**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.
**Игереді:** Жалаушамен жаттығу жасауды игереді
**Меңгереді:** Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

**Күні:** 13.05.22ж
**Білім саласы:** Шығармашылық
**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка
**Тақырыбы: «**Айгөлек»
**Мақсаты:** Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан- жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету.
**Көрнекілігі**. Биші қыздардың суреті.
**Билингвалды компонент:** Би - танец
**Сабақтың барысы:** Балалардың музыка үнімен, музыка залында қарсы алады. Әуен өзгеруіне сәйкес қимылдар жасайды. Музыка тоқтағанда қимылын тоқтатады.Көңілді музыка әуенімен балалардың көңіл күйі көтеріледі. Айгөлек әніне балалар би үйренеді.
**Ән тыңдау:** «Айгөлек» (Әні Б.Байқадамовтікі)
**Ән үйрену:** «Кең дала» (И.Нүсіпбаевтікі) «Шөжелерім» биін билеп үйренеді. Дидактикалық ойын «Ұшты ұшты не ұшты» ойыны. Балалар көңілді ойнады. Белсене қатысқан балаларды мақтау, мадақтау.

Қорытындылау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** үй жануарларының төлдерін білуі және оларды ажыата білуі.

**Игереді:** үй жануарларының төлдерін ажыратуды игереді.

**Меңгереді:** музыка үнімен жануарлардың қимыл-қозғалыстарын салу дағдыларын меңгереді.

**Күні:** 17 - 20 .05.22ж

**Білім саласы:**Шығармашылық

**Ұйымдастырылған оқу қызметі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Менің мысығым»

**Мақсаты:** Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру.

**Көрнекілігі:** Ойыншық мысық

**Билингвалды компонент:**Мысық – кошка

**Сабақтың барысы:** Көңілді әуен ырғағымен сазгер балаларды ойыншық мысықпен қарсы алады. - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізге ала мысық қонаққа келді.Қараңдаршы, қандай әдемі мысық!

Кәне, кәне, тұрайық,<br>
Шеңберді құрайық.<br>
Ала мысықпенен<br>
Біз де танысайық, - деп, балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.

Тікірейіп құлағы,<br>
Меннен бұрын тұрады,<br>
Бойын жазып, керіліп,<br>
Беті – қолын жуады. Өлең мәтініне сәйкес қимылдарды көрсетіп, балаларға қайталауды ұсынады. - Балалар, бізді ала мысық серуендеуге шақырып тұр! Жүріңдер! – деп шеңбер бойымен мысықтың қимылын салып жүруді ұсынады.**«Билейміз»** әуені (Е. Андосов) орындалады. «Ала мысық айлалы, дыбыстайды ол қалай?»- деп сұрайды. Балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Мысықты орындық үстіне отырғызып: Мен

ән айтып берейін. Ала мысықта сендер мен бірге ән тыңдасын, - дейді. **«Мысық»** әні орындалады(муз: Б.Дәлденбай, сөзі : Ж. Әбдірашов) Екінші рет ән орындалғанда балаларға «мияу – мияу» сөздерін қосылып айтуларын сұрайды.- Балалар, ала мысық ойын ойнағысы келіп отыр екен! Көңілді ойынға шығыңдар, - деп шақырады. «Мысық және мысықай» дауыстарын салған. Салған балаларды мадақтайды. Балалар, ала мысық қалай дыбыстайды екен? Ойын сендерге ұнады ма? – деген сұрақтар қойылады. Ала мысық сендерді ұнатыпты. Ол бізге тағы қонаққа келмекші. Мысықпен қоштасайық! – деп, балаларды шығарып салады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:**жеңіл жүруді, дыбыстарды қайталауды білуі керек.
**Игереді:**ойыншық мысық және мысықаймен танысып, іс – әрекеттерін көрсете біледі, дыбысты есте сақтап, қайталай алады.
**Меңгереді:** ырғақты сезінеді, ән мәтініне сай іс – әрекеттерді көрсетеді.

**Күні:** 24 - 27. 01. 22ж
**Білім саласы:**Шығармашылық.
**Ұйымдастырылған оқу қызметі**: Музыка.
**Тақырыбы:** «Қошақаным»
**Мақсаты**:ән арқылы үй жануарларының енесін,төлін ажырата білуге үйрету.Есте қабілетін дамыту.
**Көрнекілігі:** үй жануарларының топтамасы, қой мен қозының суреті.
**Билингвалды компонент**: қошақан-ягненок
**Сабақтың барысы:** Көңілді музыка әуенімен музыка залына келеді. Амандасу, шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді. Жүгіру,айналу, әуен арқылы тізені бүге қимыл жасату. Балаларға қозы мен қойдың суретін көрсетеді. -Балалар,біз сендермен ботақан,лақ туралы әндер айтып, ойындар ойнадық.Бүгін сендермен танысуға қошақан келіп отыр.Кәне,бәріміз қайталайық. Қошақан-қойдың төлі. Музыка жетекшісі «Төлдер» әнін орындап береді (музыкасы жазған Б.Бекзатов, сөзін жазған Ө.Өмірбеков). Ән қайта орындалғанда музыка жетекшісі қимылмен

көрсетеді. «Қайда қалып қойдың?» деген жерде қолдарын жаяды «Бұлтиып тұр бүйірің» деген жерде іштерін көрсетеді. «Өз анаңды тап»ойыны ойналады.Қалташықтың бірінде жануарлардың бірі,жанында бірнеше төлдер жатады.Бала сол жануарлардың төлін тауып қасына суреттерін қою тиіс. Ойын басқа жануарламен қайталанады.
Ән сендерге ұнады ма? Балалардың жауабы.
Қорытындылау,балаларды,бағалау,мадақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** үй жануарлары-қой мен қозының атын атай білу керек

**Игереді:**жануарлардың төлдерін атай білуді игереді.

**Меңгереді:**музыкаға ілесіп әннің қимылдарын көрсетуді меңгереді.

Бекітемін: «Алтын асық» бөбекжай балабақшасы ЖШС

меңгерушісі: Б.Оспанова

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

## «Балдәурен» орта тобы

2021-2022 оқу жылы

**Музыка оқу қызметінің 2021-2022 оқу жылына арналған жоспары**
**«Балдәурен» ортаңғы топ**

Мақсаты: Музыканы естіп, қабылдап, бір-біріне айырмашылығын түсініп, қимылдарды алмастыра білуге, қимылмен түсіндіруге үйрету.

| **Ай аттары** | **Тақырыптары** | **Сағат саны** |
|---|---|---|
| Қыркүйек | «Менің балабақшам» | 2 |
| | «Менің достарым» | 2 |
| | «Көңілді ырғақтар» | 2 |
| | | |
| Қазан | «Менің әжем» | 2 |
| | «Анам менің тамаша» | 1 |
| | «Жаңбыр жауды себелеп» | 2 |
| | «Күз ырғағы» | 1 |
| | | |
| Қараша | «Күзгі бақта» | 1 |
| | «Қараңдаршы далаға» | 1 |
| | «Құлыншақ» | 2 |
| | «Көңілді барабан» | 2 |
| | | |
| Желтоқсан | «Біз өмірдің гүліміз» | 1 |
| | «Желбірейді жалауша» | 2 |
| | «Ормандағы сұр көжек» | 1 |
| | «Шырша мен ойыншықтар» | 2 |
| | | |
| Қаңтар | «Қошақаны қойдың» | 2 |
| | «Күн мен жаңбыр» | 1 |
| | «Көңілді сылдырмақтар» | 2 |
| | «Көңілді поезд» | 1 |
| Ақпан | «Кел, билейік» | 1 |
| | «Менің әжем» | 2 |
| | «Әжем келді ауылдан» | 1 |
| | «Жайлауда» | 2 |
| Наурыз | «Әлди, әлди ақ бөпем» | 2 |
| | «Бесік жыры» | 2 |
| | «Көктем гүлі көрікті» | 2 |
| Сәуір | «Лағым» | 2 |
| | «Санамақ» | 1 |
| | «Ботақан» | 1 |
| | «Ағайынбыз бәріміз» | 2 |
| Мамыр | «Құлыншақ» | 2 |
| | «Менің мысығым» | 2 |
| | «көңілді жаз» | 2 |
| | | **54** |

**Күні:07/09.09.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің балабақшам»

Мақсаты: Әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру.Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау.Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету.
Көрнекілігі: Балабақшаның суреті

Билингвалды компонент: Балабақша- детский сад

| **Оқуіс-әрекетініңкезеңдері** | **Музыка жетекшісініңіс-әрекеті** | **Балалардыңіс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық-<br>қозғаушылық | Музыка залында балаларды көңілді музыка әуенмен қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіру, серіппелі қозғалыс жасау, айналу.<br>Бізге тәртіп үйреткен,<br>Ән салдырып билеткен,<br>Әріптермен, суретпен<br>Таныстырған біздерді<br>Педагог тәтеміз.<br>(О. Асқар) | Балалар музыка үнін ести отырып, сол музыкаға лайық қимылдар жасайды. |
| Ұйымдастырушы-<br>лық-ізденістік | Музыка тыңдау: «Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов)<br>Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе?<br>Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады?<br>Ән айту. Өткен әндерді қайталау. «Бақшаға барамын» (Ө. Байділдаев, К. Сүлейменов).<br>Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі сабақта жалғастырылады.<br>Әуенді қимыл-қозғалыс: «Достастық» (Р. Рустамов)<br>Балабақшада балалар бір-бірімен кейде ренжісіп, өкпелеп қалады. Содан кейін көп ұзамай татуласады. Қазіргі үйренетін биіміз «Достастық» деп аталады | Балалар білгендерінше жауап беруге тырысады.<br><br>Алдымен бір-біріне арқаларын беріп, өкпелеп тұрады. Аяқтарымен жерді ұрады. Әуен өзгергенде бір-біріне қарап қолдарын шапалақтайды, соңында құшақтасып татуласады. |
| Рефлексиялық түзетушілік | Қорытындылау, балаларды мақтау, бағалау. | Балалар қуана қоштасып шығады. |

Күтілетіннәтиже:

Біледі: сүйікті балабақшалары туралы.

Игереді: көңілді, көңілсіз, өкпелеу, достастық деген түсініктердіқалыптастырады.

Меңгереді: би қимылдары арқылы өкпелеу, татуласу қимылдарын меңгереді.

**Күні: 14.09.21**

**Білім саласы:** Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің достарым»

Мақсаты: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру. Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттерәне қатысу белсенділігін арттыру.

Көрнекілігі: Балалардың суреті

Билингвалды компонент: Дос- друг

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | «Біздің балабақша» (Б. Қыдырбаева, М.Әлімбаев) әні ойналып, балаларды залда қарсы алады.<br>Қанша бала қанша қыз,<br>Бір шоқ гүлміз баршамыз.<br>Ойын-күлкі ордасы<br>Біздің балабақшамыз!<br>Өлеңді айтып беріп, балаларға «Тату достар» (И. Штраус) әуеніне өз беттерінше би қимылдарын ойлап тауып, жұптасып билеуді ұсынады.<br>Ойыншық, қуыршақтарды алып, «Ойыншықтармен би» қимылдарын үйрету.<br>Музыка тыңдау: «Қуыршақ мұңы» (Б. Жүсібәлиев) әуенін тыңдауды ұсынады.<br>«Қуыршақтар әуенін» (М. Калганова) тыңдатып, екі әннің ерекшеліктерін сұрау.<br>Дауыс жаттығуы: «Әлди-әлди»және«Ән шырқайық» орындалады. Дикцияның айтылуы мен дауысты дыбыстарды ауызды «дөңгелете» айту әдісімен жаттықтыру.<br>Ән үйрену: «Жас дәуірдің | Қол ұстасып, өздері ойлап тапқан би қимылдарын жасайды.<br><br>Музыканың ширақ, ойнақы сипатын көрсете билейді.<br><br>Ойнақы, жеңіл музыкаға қуыршақтарын қозғап, билетеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | түлегіміз»(Т. Жұмалиева, Е. Өтетілеуұлы) әнін орындау. | Дауыстарын қатты және жай шығаруға дағдыланады. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденушілік | Ойын: «Алтын қақпа». Ойынның сөздерін жатқа айтып, бірдей қимылдап, ойын шартының орындалуын қадағалау.<br>Би: «Аққу» биінің негізгі элементтерін үйретіп, мәнерлеп орындауға дағдыландыру.<br>Әуенді-дидактикалық ойын: «Әуенді сағат» ойналады.<br>Өткен оқу іс- әрекетіндегі әндер орындалып, тыңдалып, ән мәтініне сәйкес бейнеленген суретті сағат тілімен көрсету. | Ойынды қызыға ойнап, ұйымшылдықпен белсене араласады.<br><br>Үйренген әндерін еске түсіріп, әуенді сағатта бейнеленген мазмұнына сәйкес суретті тауып көрсету. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Сендер барлық өнер түрін балабақшада үйренесіңдер.<br>Сендерге балабақша ұнай ма?<br>Сүйікті ойыншығың не?<br>Қандай өнер түрі ұнайды?<br>Оқу іс-әрекетін қорытындылаау. | Балалар сұрақтарға көңілді жауап беріп, өз ризашылықтарын білдіреді.<br><br>Қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әннің сипатын қабылдау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әуенге сай түрлі қимылдарды орындауды.

Игереді: музыка сипатына сай, әртүрлі әуенді ажыратуды, салыстыруды, жаңа әннің мәтіндік және музыкалық мағынасын түсінуді, «құс қанаты», «құс тұмсық» би элементтерін.

Меңгереді: өз беттерінше әуенге еркін қозғалуды, әнді нақышына келтіре орындауды, екі түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды, тыңдап сезінуді, әңгімелеуді.

**Күні: 21/23.09.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Көңілді ырғақтар»

Мақсаты:Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Ән арқылы балалардың бойында адамгершілік, инабаттылық сезімдерін ояту. Би музыкаларын ажыратуға үйрету.

Көрнекілігі: Бақытты балалардың суреті

Билингвалды компонент: Көңілді ырғақ – весёлый ритм

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка әуенімен балаларды залда қарсы алады. Шеңбер бойында шаттық шеңберіне тұрып, Жер – анаға, Күнге, досына жылы лебіздерін жеткізеді.<br>Камзол киген қынай бел<br>Толған ою-өрнекке.<br>Билеші деп сұрайды ел,<br>Өнерімді көрмекке<br>- Әсем киімдер киініп, мың бұралған бишілерді концерттен, теледидардан<br>Көріп жүрсіңдер. Би – ұлттық би, түрлі халықтар билері болып бөлінеді. | Балалар әуенмен залға келеді.<br>Қайырлы таң, алтын күз!<br>Қайырлы таң, Жер-ана!<br>Қайырлы таң, туған жерім!<br>Қайырлы таң,жан досым! |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Музыка тыңдау: вальс, полька, «Қамажай».<br>Вальс – жұптасып, үдемелі айналуда өтетін би.<br>Полька – жеңіл, аяқты тізеден көтере секіріп билейтін би түрі.<br>Қамажай – қазақ халқының ұлттық биі. Көбіне аяқты шалыс баса жүріп, жүн түту, ұршық иіру, киіз басу, айнаға қарау | Балалар түрлі билерден үзінді тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | секілді қимылдармен би өрнектерін жасайды.<br>Өткен іс-әрекет кезінде үйренген әндерді еске түсіріп, қайталап айту.<br>Ән орындау кезінде ережелерді естен шығармай, қатты айғайламай, бірін- бірі тыңдап орындау.<br>Ән үйрену: «Көңілді балалар әні» (Б.Дәлденбай, Е.Өтетілеуұлы)<br>Әннің мәтінін қайталап, әуенге ілесе айту.<br>Ойын: «Ән салған кім?»<br>(А. Райымқұлова, А. Асылбек).<br>Балалар шеңберді айнала отырады. Бір бала шетте, балаларға арқасын беріп отырады. Балалардың жеке ән салғанын тыңдап, кім екенін ажырату. отырған бала ән салған баланың дауысын таныса, орын ауыстырады.<br>Әуенді-қимылды қозғалыс:<br>Топты үшке бөліп, бірінші топқа вальс ырғағымен қимылдауды, екінші топқа полька ырғағымен секіруді тапсыру, үшінші топқа Қамажай ырғағының қимылдарын жасату. | Дауыс тембріне сай достарының дауыстарын дәл табуға тырысады.<br><br>Би қимылдарын ырғаққа сай жасауға талпынады. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | - балалар, бүгінгі іс-әрекетімізде қандай музыка тыңдадық?<br>- әнде не туралы айтылды?<br>Ойынды жақсы ажыратқан баланы ерекше марапаттау.<br>Қорытындылау, бағалау. | Қамажай әнін тыңдадық.<br><br>Жүн түту,ұршық иіру,киіз басу.<br>Қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: дауыс тембріне сәйкес балалардың дауыстарын ажырата біледі.
Игереді: вальс, полька, қамажай туралы ұғымдарды.
Меңгереді: түрлі би элементтеріне сай қимыл жасауды.

**Күні:28.09/30.09.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Көңілді сылдырмақтар»

Мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақты бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту. Кейіпкер рөліне кіріп ойнау. (Көріністі халық әндеріне салып үйрету).

Көрнекілігі: ойыншық  сылдырмақтар

Билингвалды  компонент: Сылдырмақ - погремушка

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Жетекші балаларды қарсы алады. «Амандасу жаттығуын» айтуды ұсынады.<br>Б. Бейсенованың «жол ережесі тәртібі» әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарына тұрып билеуге, өз орындарын табуға үйретеді.<br>- Бізге қонаққа Қасқыр келіпті. Ол жолдан өту ережесін білмей,сендерден көмек сұрап келіпті,- деп,<br>Ж. Қалжанова «Қасқыр келді қалаға» көрінісін кейіпкерлендіріп, сахналауға шақырады. | Балалар кіреді, «Амандасу жаттығуын» айтады. Би қимылдарын еркін жасауға, жүруге, орындарына тұруға, өз жұптарын табуға тырысады.<br>Әннің сөзін тыңдап, есіне сақтауға, шумақ қайырмасының қимылдарын білуге тырысады. |
| Ұйымдастыру-шылық- ізденістік | *Желаяқ:*<br>Бағдаршамға қараймын,<br>Қараймынмен таңдана.<br>Өшіп-жанған көзінің<br>Алмай сырын аңғара.<br>- Ия, Қасқыр, әлі күне дейін жол тәртібін білмейсің бе? Жол жүрудің қадірін мен бес саусақтай білемін. (Зуылдап жүгіріп<br>өтеді). | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Тұлпар:*<br>Ережесін көшенің<br>Шемішкедей шағамын.<br>Болмай ма екен тұлпардай,<br>Баяу өте алатын.<br>(Ақырындап жүріп өтеді).<br>*Қоян:*<br>Ой-ой, мына қасқырды<br>Көріп тұрмын тұңғыш рет.<br>Қайдан келген бұл өзі?<br>Қалалықтан емес бұл.<br>(Қасқыр Қоянды көріп, артынан жүгіреді).<br>*Қоян:*<br>Әй, әй, Қасеке,<br>Не көрінді өзіңе,<br>Қарасаңшы көзіңе!<br>Бағдаршамға қиылып,<br>Қараймын мен жымиып,<br>Сары көзі жанғанда,<br>Үлгеремін жүгіріп.<br>*Арыстан:*<br>Әй, Қоян, бері кел, бері,<br>Әрі-бері жүгіре берме!<br>Ауылдан келген қасқырға<br>Үйрет мына ережені!<br>*Қоян:*<br>Арыстан аға, құп болады!<br>Тек қасқырға айтыңызшы,<br>Мені қуа бермесін,<br>Айтқанымды тыңдасын.<br>Ән: «жолаушылар жыры»<br>(Ж. Қалжанова). | Балалар жол ережесін естеріне сақтауға тырысады.<br>Әндетіп, ырғақтан шықпай айтуға талпынады. Қуаныш, өкініш, қорқыныш сезімін көрсетуге тырысады.<br><br>Балалар әнді мұқият тыңдайды. |
| Рефлексиялық - түзетушілік | Жетекші балалардан жол ережелерін сұрайды. | Балалар жол ережесіне жауап беруге тырысады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды. Әнді мәтінімен мәнерлеп айтуды.
Игереді: музыканы тыңдап, ойын арқылы аңдарды сомдауды.
Меңгереді: музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды, рөлдегі қимылдарын әуенмен келтіруді.

**Күні: 5/10.10.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің әжем»

Мақсаты:Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтері қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділігін есте сақтау. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.
Көрнекілігі: Әженің суреті.

Билингвалды компонент: Әже - Бабушка

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. Әже немересіне қарап тұрған суретті көрсетеді. Өлең оқиды:<br>«Еркем әнім, ертеңім,<br>Елжәреткен көркемім.<br>Ертеңіме ертегі<br>Шежәремді шертемін», - деп әжесі немересіне өлең оқып беріпті. | Балалар амандасады, отырады.<br><br>Балалар өлеңді тыңдап, әже суретіне қарайды. |
| Ұйымдастыру-шылық-ізденістік | Музыка жетекшісі:<br>- Ал балалар, балалар,<br>Шеңберге тұра қойыңдар.<br>«Кел, балақан» әнін айтып,<br>Қайталайық, балалар.<br>Ән айту: «Кел балақан»<br>Әже қолындағы қоржынымен кіреді.<br>- Амансыңдар ма, балаларым! Мен сендерге «Күз жомарт» әнін орындап берейін, ал сендер тыңдаңдар.<br>Музыка жетекшісі әнді қосыла айтып, бірге ырғақпен шапалақтауды ұсынады.<br>- балаларым, балғындарым, тағы қандай өнерлерің бар?<br>Музыка жетекшісі:<br>- Біздің ұлдарымыз «Шабандоз» биін үйренгісі келеді, - деп | Балалар ілесе шеңберге тұрып, «Кел балақан» әнін қуана айтуға тырысады.<br>Балалар орындарынан тұрып амандасады.<br>Отырып тыңдайды.<br>Балалар әнге қол шапалақтайды, сөздерін әнімен қайталайды.<br>Балалар билегісі келгенін көрсетеді, шабады, қамшыны ұстауды, орындыққа отырып шабуды үйренеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | билеуді ұсынады, үйретеді.<br>Әже:<br>- Онда қыздарым маған келсін, мен оларға «Қара жорға» биін үйретеді.<br>Ал енді менің қоржынымда не бар екен, өздерің алып көріңдер. | Қыздар әженің қасына отырып қимылдап, қолмен, басымен иілуді үйренеді. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Әже:<br>- сау болыңдар, сендер жақсы биледіңдер, ойнадыңдар, менің «Күз жомарт» әнімді қайталап жүріңдер.<br>Музыка жетекшісі балалардың жақсы қатысқанын айтып мақтайды. | Балалар жақсы қатысып, көңіл күйлері көтеріледі. Балалар әжемен қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әуенді қайталауды, тыңдауды, әнді айтуды.

Игереді: қамшы ұстауды, асық алуды, салуды.

Меңгереді: шабуды, орнына отыруды, қолдарымен қимыл жасауды.

**Күні:     14.10.21**

Білім саласы: Шығармашылық
Ұйымдастырылған оқу қызметі:Музыка
Тақырыбы: «Анам менің тамаша»
Мақсаты: Әннің сөздері мен жеке буыдарды айту, созыңқы дыбысталуға еліктей отырып,ересекпен қосылып ән айту. Музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау, эстетикалық сезімге тәрбиелеу.
Көрнекілігі: Ананың суреті
Билингвалды комп: Ана- мать

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады,амандасады. «Шеңбермен жүреміз»жаттығуымен жүру, қимылдарды қайталатады. «Үстел үсті»театры үстінен Қарагөз қуыршақ шығады. -Сәлем,достар!Сендер менің мамамды көрмедіңдер ме?Мен мамамнан адасып қалдым,енді не істеймін?Көмектесіңдерші. | Балалар амандасады,жаттығуды еркін жүріп қайталайды.<br><br>Балалар көрмегендерін айтады.<br>-Көмектесеміз,іздеп көрейік. |
| Ұйымдастыру-шылық-ізденістік. | -Қарагөз,сен біздің қасымызға кел, мен сендерге «Мамамның мерекесі» (музыкасын жазған Н.Тілендиев, сөзін жазған М.Мақатаев) әнін орындап берейін.<br>Үстел үсті театрынан Қуыршақ-мама шығады.<br>-Балалар,сендердің мама туралы әнді айтқандарыңды естіп келдім, осында Қарагөз қызымды кездестірдім.Енді бәріміз ән айтайық.<br>Педагог:Біз «Наурыз келді»әнін сізге айтып береміз.<br>Қуыршақ-мама:<br>-Сендер керемет тәртіпті екенсіңдер.<br>«Қуыршағым-ай» әнінүнтаспадан тыңдап,билеп | Балалар анасы мен Қарагөздің кездескеніне қуанады.<br><br>Балалар тәртіпті болуға,шуламауға тырысады. Қарагөздің қуыршақтың бәрі алып,қуанады.<br><br>«Наурыз келді»әнін есіне түсіреді,айтуға талпынады.<br><br>Балалар қуыршақтарды қимылдап,билеуге |

| | | |
|---|---|---|
| | көрейік. | үйретеді. |
| Рефлекциялық-түзетушілік | -Кім келді? Не істедіңдер? Не ұнады?<br>Қарагөз:<br>-Рақмет,достар,тағы менімен ойнайсыңдар ма?<br>«Өз қуыршағыңа жет» ойыны<br>Қарагөз:<br>-Достар!Сау болыңдар!Келесі жолы тағы да келемін.<br>Музыка жетекшісі:<br>-Сендер әнді айтып,жақсы биледіңдер,егер де жақсы қатыссаңдар Қарагөз тағы да келеді. | Балалар қол бұлғап қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: әнді еске сақтауды,әнді айтуды,музыкалық шығарманы тыңдауды.
Игереді:қуыршақты ұстауды,өз орнын таңдауды.Музыканы тыңдап, қимыл жасауды.
Меңгереді:музыка арқылы қимылдауды,қолдарын,аяқтарын қозғауды,айналуды,дағдылануды.

**Күні: 19/26.10.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп»

Мақсаты:Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру.
Көрнекілігі:  Күз  мезгілінің  суреті.

Билинвалды  компонент: Жаңбыр - Дождь

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка залында музыкалық дыбыс шығарады. Үйренген қимылдарды таныс әуенге ілесіп орындайды.<br>*Күн болып жанайық,*<br>*Жаңбыр болып жауайық,*<br>*Гүл болып жайнайық,*<br>*Жүгіріп- жүгіріп алайық.* | Балалар музыка әуеніне ілесіп залға кіреді. Шеңбер бойымен жүгіреді, әуенге сай қимылдар жасайды. Тізені бүгу, қолды буыннан бұрап айналдыру, т.б. |
| Ұйымдастырушылық-ізденушілік | Музыка жетекшісі жаңбырдың суретін көрсетеді. Балаларға «жаңбыр» сөзін қайталатады.<br>Жаңбыр қалай жауады?<br>Тырс-тырс-тырс.<br>«Жаңбыр» (Музыкасы Д. Ботбаев, сөзі И. Сапарбай)<br>Музыка жетекшісі әнді орындайды.<br>Ән қайта орындалғанда әннің мәтініне сәйкес балалардың қосылып жасауын талап етеді.<br>«Көктен тырс –тырс жауасың» деген жерде алақандарын жайып, екінші қолмен жауған жаңбырды бейнелейді.<br>*«Біз ойнайтын ауланың*<br>*Тазартасың ауасын»,* -<br>Дегенде қолдарын жоғары көтереді.<br>«Жаңбыр мен күн» ойыны. | Балалар жаңбыр деген сөзді қайталайды. «Тырс-тырс» сөзін үйренеді. Әнді тыңдайды. Мәтінге сәйкес бұлтты бейнелейді, бір алақанын жайып, екінші алақанымен жауған жаңбырды бейнелеп, «тырс-тырс» сөзін қайталайды.<br><br>Балалар көңілді музыка ойналғанда |

| | | |
|---|---|---|
| | Жеңіл музыка ойналып, балалар жүгіреді, музыка ауысып, күн күркіреп, жауын жауғанда қолшатырға тығылады. | жан - жаққа жүгіреді де, әуен өзгергенде қолшатырға тығылуға тырысады. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Музыка жетекшісі ауа райының құбылыстарын, жаңбыр, бұлт сөздерін тағы естеріне түсіріп, қорытындылайды.<br>Балаларды мақтау, мадақтау. | Балалар қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ауа райында кездесетін жауын – шашын түрлерін.

Игереді: Жаңбыр, бұлт, жаңбырдың тырсылын ажыратуды.

Меңгереді: Күн мен жаңбырдың музыка тілінде дыбысталуын.

**Күні: 28.10.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Күз ырғағы»

Мақсаты:Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту.Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру.
Көрнекілігі: Қоянның суреті.

Билигвалды компонент: Қоян - Заяц

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды қарсы алып, амандасады. «Шеңбермен жүреміз» әнімен (Г.Абдрахманова) зал бойымен жүреді. | Балалар кіреді, амандасады. Балалар күнделікті жаттығуын қызыға орындайды. |
| Ұйымдастырушы лық-ізденушілік | - Балалар, күзгі ормандағы ағаш түбінде қоян жылап отыр екен, барып қоянды жұбатайық.<br>*«Қоян, қоян, тұра ғой,*<br>*Бізбен бірге ойнай ғой»,* -<br>Деп әндетеді.<br>*Қоян:*<br>«Жаңбыр жауды тарсылдап.<br>Су боп қалдым қалтырап.<br>Айналада жапырақ,<br>Қарным ашты қалжырап».<br>- Балалар, қоянды бірге жүруге шақырайық, себетке жапырақтарды жинап беруге көмектесеміз бе?<br>*Қоян:* «Рақмет сендерге, достарым.<br>Мен сендерге «Жапырақтар» әнін айтып берейін. Ал сендер тыңдап, бірге билеңдер, - деп қимылдарды бірге қайталауды ұсынады. – Мен сендерге жапырақтарды сыйлаймын».<br>Қолдарына екі жапырақтан | Балалар қоянның қасына жақындап, әуенмен қайталап айтуға тырысады. Қоянның әуенін тыңдайды, аяйды.<br><br>Қолынан ұстап, бірге шеңбермен жүреді. |

| | | |
|---|---|---|
| | береді.<br>*«Жапырақтар»* әуенді – қимылды қозғалысы (сөзі мен музыкасын жазған Г.Абдрахманова)<br>«Жапырақтар» әнін қимылды қозғалыспен үйренеді.<br>Балаларды «Бала, бала, балапан» әнін қайталап айтуға шақырады.<br>- Балалар, қоян сендермен ойнағысы келеді.<br>«Сәбіздермен ойнаймыз» ойыны ұйымдастырылады.<br>*Қоян:* «Мен сендерге сәбіздерімді бір-бірден беремін, ал сендер музыкамен секіріп жүріп, сәбізді көрсетесіңдер. Музыка тоқтағанда, сәбізді жасырып қалыңдар. Кім үлгермесе, мен алып қоямын».<br>Ойын 2-3 мәрте қайталанады. | Балалар жапырақты алып, қимылды әуен ырғағымен қайталауға тырысады.<br>Балаларды әнді айтып, еркін қимылдауға талпынады.<br><br>Балалар әуенге ілесіп айтуға талпынады.<br><br>Балалар сәбізді алып, музыкамен секіріп көрсетеді, ал музыка тоқтағанда жасырып қалуға тырысады. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | - Балалар, сендерге жапырақтар ұнады ма?<br>- Қоян нені жақсы көреді?<br>Жетекші балалардың ән айтып, билеп, ойнағандарына ризашылығын білдіреді, мақтайды. | Балалар жауап беруге талпынады.<br><br>Балалар қуана топтарына кетеді. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыканы тыңдауды, еске түсіруді, еске сақтауды білуі керек.

Игереді: «себет», «жапырақ», «сәбіз» сөздерін әуенмен айтуды игереді.

Меңгереді: музыкаға ілесе отырып, қимыл-қозғалыстарын бірге жасау дағдыларын меңгереді.

**Күні: 02/9.11.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Кел, балақан»

Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды ән полька,марш,вальс,баяу көңілді әндер тыңдау ережесін қалыптастыру.Ырғақты сезінуге «жәй және тез» «ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге үйрету.

Көрнекілігі: Балалардың суреті.

Билингвалды комп. Балалар – дети

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Үнтаспада көңілді әуен ойналып,музыка жетекшісі балаларды есік алдынан күтіп алады.<br>Кәне,кәне тұрайық,<br>Шеңбер жасап құрайық!-<br>Деп,шеңбер бойымен тұруға дағдыландырады.<br>Әшекейленген қораптағы сылдырмақтарды көрсетіп,балаларға ұсынады.Өз беттерімен еркін қимылдап,сылдырлатуға ерік береді,қадағалайды,мақтайды.<br>«Сылдырмақты сылдырлат,<br>Аяғыңды нықтап бас!»-деп,балаларды нық басып жүруге үйретеді.Би қимылдарын көрсетіп,қайталауды ұсынады.<br>«Сылдырмақпен би» (халық әні «Жайдарман»,өңдеген К.Қуатбаев)<br>«Сылдырмақты аламыз,<br>Қорапшаға саламыз»,-деп,балаларды сылдырмақтарын жинауға, реттеп қоюға | Балалар залға кіріп, тізбектеле жүріп келіп, шеңбер жасап тұруға талпынады.<br><br>Сылдырмақтарды алып,зал ішінде еркін сылдырлата жүреді көңілденеді.<br><br>Әуен ырғағымен аяқтарын нық басып жүруге талпынады.<br><br>Балалар сылдырмақты жоғары көтере қозғайды, ақырын тізеге, алақанға соғады,айналады. Жүгіріп келіп сылдырмақтарын қорапқа салуға тырысады.<br><br>Балалар әнді зейін қойып тыңдайды,көңіл күйлері көтеріледі.<br><br>Ән мазмұнын түсініп жай, қатты қол |

| | | |
|---|---|---|
| | дағдыландырады.<br>«Кел, балақан,кел енді,<br>Ән тыңдайық біз енді»,-<br>деп, ән тыңдауға шақырады.<br>«Кел, балақан» әнін(сөзі А.Асылбеков, музыкасы К.Қуатбаев) орындап,педагог әннін мәтініне сай және қатты шапалақтап,аяқты жай басуды,топылдатуды көрсетіп,балаларға бірге қайталауды ұсынады.<br>Ән қайталанып, балаларға жай және қатты шапалақтап көрсетіп,ырғақпен қосыла қимылдауға машықтандыра түседі. | шапалақтауға, аяқтарын ақырын топылдатуға тырысады.<br>Ырғақты тыңдай жүріп қимыл жасайды, жеке сөздерді қайталайды, үйренеді.<br>Ойынға көңілді қатысып, қызығушылықтары артады.<br>Жеңіл жүгіріп, «үйшіктеріне» жетуге тырысады. Шығыршық ішіне үлгеріп кіріп, шаттанады. |
| Ұйымдастыруш ылық-ізденістік | -Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.Біз қалай жүгірдік? Қалай қол шапалақтадық? Аяқтарымызды қалай топылдаттық?-деп сұрап, қимылдарды тағы көрсетулерін сұрайды.Өткізілген оқу іс-әрекетін пысықтайды. Балаларды мақтап,мадақтайды. | Балалар қуана жүгіріп, қол шапалақтап көрсетеді.Аяқтарын топылдатып, қайталап көрсетуге талпынады. Балалар көңілді қоштасып,шығып кетеді. |
| Рефлексиялық-түзетшілік | Балаларды  мақтау, мадақтау. | Қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі:ырғақпен шапалақтау, тез және ақырын аяқты топылдата білуі керек.
Игереді: «жай-жай», «тез-тез», «шарт-шарт», «топ-топ» ұғымдарын түсініп,игереді.
Меңгереді: сылдырмақта еркін ойнайды, көппен бірге қимыл-қозғалыс жасайды, жүгіріп жете алады.

**Күні: 02.11.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Күзгі бақта»

Мақсаты:Әуеннің басталуы мен аяқталуына меңгеру.Сагердің дауыс ырғағына еліктеу,әннің сөздері мен жеке буындарды айту.Ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру,күзгі бақ туралы түсінік беру.
Көрнекілігі: Жемістердің суреті.

Билингвалды компонент: Күзгі бақ –осенний сад.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балалармен салемдесу.Балаларды шеңбер бойына шақыру.<br>«Жүгіреміз,жүреміз» Г.Абдрахманова<br>Әуенді қимылмен жүреді.<br>Балаларды отырғызып, дайындалған, сурет муляждарды көрсетіп ұстау,жемістерді ажырату.<br>Жемістерді тереміз,<br>Көкөністі жинаймыз.<br>Алақай-ау, алақай,<br>Күзгі бақта ойнаймыз. | Залға кіріп салемдеседі.<br>Балалар ілесе жүгіруге талпынады.<br><br>Жайғасып отырады.<br><br>Муляждарды ұстап көреді.Атап айтады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | - Музыка жетекшісі «Жемістер мен көкөністер» (Г.Абдрахманова) әнін орындап береді.<br>Жетекші муляждарды кезек-кезек көрсетіп: «Алма –ля-ля-ля,Алмұрт –ля-ля-ля, Қияр-ля-ля-ля, Сәбіз-ля-ля-ля»деп айтқызып үйретеді.Созылатын «ал»деген сөзге дыбыстың созылатынын анықтап айтқызады және эмоция арқылы көрсетеді.<br>«Жемістер мен көкөністер» әнін | Балалар әнді есіне түсіріп, тыңдауға тырысады.Балалар әнді қосыла айтуға тырысады.<br><br>Созыңқы айтуға талпынады.Көңілді күліп айтады.<br>Балалар жетекшіге саусақтарын көрсетіп, айналып,отырып |

| | | |
|---|---|---|
| | айта жүріп, қимылдауға үйретеді.<br>Мысалы: «Отырып себетке саламыз, жинаймыз,саусақтармен би билеп,айналамыз»деп,әннің мәтініне қарай қимылдар жасап көрсетеді. «Балалар мен жаңбыр» әнін естеріне түсіреді, қайталайды.<br>«Келіңдер,келіңдер<br>Ойын ойнап көріңдер<br>Жемістерді шашылған<br>Жылдам жинап беріңдер»<br>-Балалар қараңдаршы жемістер мен көкөністершашылып кетіпті.Сендердің көмектеріңмен жемістер мен көкөністерді бөліп,екі себетке салайық.<br>«Жемістер мен көкөністерд» ажырат ойыны.<br>Әннің мәтініне әлесе отырып,қызыл себетке жемістерді,сары себетке көкөністерді салып беріңдер.<br>(себеттерді түспен белгілеу-қызыл себет және сары себет).<br>Музыка ойналады,балаларға жемістер мен көкөністердің аттарын ажыратып салуға үйретеді. | жинауға,салуға тырысады (құралдарды ұстамай,қимыл арқылы көрсетеді.)<br><br>Балалар әнді есіне түсіріп айтуға тырысады.<br><br>Балалар ойынға белсене қатысып,жемістерді жинайды.<br><br>Жемістерге,көкөністерге мұқият қарап,ажыратып салуға,әуенді тыңдай жүріп жинауға талпынады.<br>Балалар әннің мәтінін түсінуге тырысады. |
| Рефлексиялық түзетушілік | -Балалар сендерге ән ұнады ма?<br>Жемістерді жылдам атап беріңдерші ?<br>Көкөністердікіматапбереді ?<br>Серуенгешыққанда,топтаөткенәндерді,ойындардықайталапайтудыұсынады.<br>Жетекшібалаларғадегенкөңілі мен қуанышын эмоция арқылыбілдіреді.Балалардымақтайды,мадақтайды. | Ұнады-деген жауап беруге талпынады.<br><br>Балалар көңілдене қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі:әнді тыңдауды,дыбыстарды қайталауды.

Игереді:жемістерді,көкөністерді, музыка әуенімен жинауды, теруді, ажыратуды,тыңдауды игереді.

Меңгереді:әнді айтып,мәтініне қарай қимылдарды қайталап,эмоцияға беріле отырып қимыл жасауды біледі.

**Күні:16/23.11.2021**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Қараңдаршы  далаға»

Мақсаты: Музыка және әннің мазмұнына қарай би қимылдарын шеңберде тұрып орындау. Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту.
Көрнекілігі:  Алтын  күздің  суреті.

Билингвалды  комп: Алтын күз – Золотая осень

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балалармен амандасады және ойынға шақырады. Музыканың сүйемелдеуімен «Көңілді саусақтар» қимылды әуенін орындайды. | Балалар еркін жүріп залға кіреді, амандасады. |
| Ұйымдас тырушылық-ізденістік | Балалар, қараңдаршы далада жапырақтар жерге түсіп, түстері сары түске айналған. Яғни, күз мезгілі.<br>«Сарыжайлау» күйін тыңдатады.<br>Ән үйрену: «Күз келгенде» (Қ.Қуатбаев)<br>Ойын: «Кім жылдам»<br>Екі бала ортаға шығады. Қолдарында себет болады. Белгілі бір уақыт арлығында сарғайған жапырақтарды жинауы тиіс. Кімнің себетінде көп жапырақ болса, сол жеңімпаз болады. | Балалар жапырақтардың сары түс екенін ажырата білді. Күз мезгілі екенін таба білді. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексиялық-түзетушілік | - балалар біз бүгін қай жыл мезгілімен таныстық?<br>Сабақты қорытындылау.<br>Мақтау, мадақтау. | - Күз мезгілі.<br><br>Қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка ырғағын түсініп, сезіммен тыңдап, жетекшінің қимыл-әрекетін жасай біледі.

Игереді: музыка ырғағымен қимылдауды игерді

Меңгереді: қолдарын еркін қимылдату, жинау, жүру, отыру, тұруды меңгеру.

**<u>Күні: 25.11.2021</u>**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Құлыншақ»

Мақсаты: Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарларын сүйе білуге, ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету.

Көрнекілігі: Ат және құлынның суреті.

Билингвалды компонент: Құлыншақ – жеребёнок

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды музыка үнімен, музыка залында қарсыалады. Әуені өзгеруіне сәйкес қимылдар жасайды. Музыка тоқтағанда қимылын тоқтатады. Көңілді музыка әуенімен балалардың көңіл – күйі көтеріледі.<br>Ойыншық аты қолға ала отырып, музыка жетекшісі өлең оқиды.<br>«Еркетайы даланың<br>Мен – құлыншақ боламын.<br>Серігімін, досымын<br>Өздеріңдей баланың. (И. Сапарбай) | Балалар музыка үніне ілесіп жүреді, жүгіреді. Орындарында тұрып тізені бүгеді, қолдарын бұрап айналдырады. |
| Ұйымдастыру шылық -ізденістік | - Балалар, көрдіңдер ме, менде ат бар. Ат сендерге доспын деп отыр. Міне, қараңдаршы қандай әдемі ат. Суреттен аттың суретін көрсетіп, жанына кішкентай төлін қояды. Міне аттың кішкентай «құлыншақ» дейді.<br>«Құлыншақ» әнін орындайды. (музыкасын жазған Е.Ташев, сөзін жазған Ә.Тәжібаев).<br>Ән қайталап орындалғанда ән | Балалар жақындап, ойыншық атты қызықтайды. «Ат, құлыншақ» деген сөздерді қайталайды.<br><br>Балалар әнді тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | мәтініне сәйкес балаларға қимылдар жасауды ұсынады.<br>«Құстай қанат қағады», - деп, балаларға ат секілді шабуды көрсетеді.<br>- Ал енді кімнің атқа мініп шапқысы келеды?<br>«Бәйге» ойыны.<br>Алдын ала әзірленген аттың басына мініп, балалар жарысады. | Әннің мәтініне сәйкес қимылдар жасайды. Ат секілді шабады. Екі баладан жарысуға тырысады. |
| Рефлексиялық – түзетушілік | Белсене қатысқан балаларды мақтау, мадақтау. Қорытындылау. | Балалар музыкамен топтарына тарайды. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін білуі және оларды ажырата  білу.

Игереді: үй жануарларының төлдерін ажыратуды игереді.

Меңгереді: музыка үнімен жануарлардың қимыл- қозғалыстарын салу дағдыларынмеңгереді.

**Күні:06/09.12.2021**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Көңілді барабан»

Мақсаты: Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізудағдыларын қалыптастыру.

Көрнекілігі: Барабанның суреті.

Билингвалды компонент: Барабан – барабан

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
| --- | --- | --- |
| Мотивациялық-қозғаушылық | Көңілді әуен ырғағымен балалар залғакіреді.<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізге ала мысық қонаққа келді:<br>«Тікірейіп құлағы<br>Меннен бұрын тұрады.<br>Бойын жазып, керіліп,<br>Беті – қолын жуады, -<br>Деп, ойыншықты қозғалтып, қимылын көрсетеді. | Балалар кіріп, көңілді амандасады. Ала мысықты көріп, таңданады.<br><br>Мысықпен бірге оның қимылын Көрсетуге тырысады. |
| Ұйымдастыру шылық – ізденістік | - Балалар, ала мысықпен серуенге шығайық.<br>Жүріңдер! – деп, шеңбер бойымен мысықтың қимылын салып жүруді ұсынады.<br>«Серуендеп, би билейміз» муз. (Э. Раухвергер)<br>«Ала мысық айлалы,<br>Дыбыстайды ол қалай?» - деп сұрайды.<br>- Балалар, ала мысық иияулап шақырып тұр. Мұнда не бар екен? – деп қарағанболып, барабанды «тауып алады».<br>- Балалар, мысық бізге сыйлық | Шеңбер бойымен аяқты көтере Мысық жүрісін салып, «серуен-дейді»<br>Балалар: «Мияу-мияу!» - деп қуана жауап береді. Таңдана қарайды, қызығушылығы артады, көңіл Күйлері көтеріледі. |

| | | |
|---|---|---|
| | әкеліпті.<br>Жетекші балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады.<br>Барабан аспабын көрсетеді, барабанда дауысын шығара ойнапбереді. Балаларды шақырып, барабан аспабын ұстап көруге, ойнап көругемүмкіндік береді.<br>- Ала мысықты қуантып ән айтып берейік,<br>Ал мысығымыз отырып тыңдасын, - деп<br>орындыққа ойыншықты қояды.<br>«Барабан» әні (муз.Б. Дәлденбай,сөзі<br>Ж. Әбдрашев) орындалады.<br>«Соқ» сөздерін қосылып айтуға тырысады. 3-4 балаға барабанда ойнап, әнді «сүйемелдеуді» ұсынады.<br>«Мысық пен Мысықай» ойыны.<br>«Көңілді ырғақ» биін(Еркем-ай) бірге билеуге шақырады.<br>Балаларға таныс биді ұсынады. | Кілемге жайғасып отырады.<br><br>Балалар барабанды ұстап, таяқ-шасымен соғып, ойнап көреді.<br><br>Балалар ынта қойып тыңдайды.<br>«Соқ», «Бір-екі-үш» сөздерін қайталауға талпынады.<br><br>Балалар көрсетілен би қимылдарын қайталап, көңілді билейді. |
| Рефлекциялық-түзетушілік | Балалар, барабанды қалай соғамыз?<br>Ойын седерге ұнады ма?<br>Ала мысыққа сендердің дауыстарың ұнапты.Ол бізге қайта қонаққа келемін деп отыр! Мысықпен қоштасайық! – деп, балаларды шығарып салады. | Балалар жауап беруге тырысады.<br>Барабан аспабында ойнауды имитация арқылы көрсетеді.Қоштасып, шығады. |

**Күтілетін нәтиже:**
Біледі:ырғақты ажырата білуді, дыбыстарды қайталай білуді.
Игереді: барабан аспабының дауысын ажыратуды, жеке сөздерді, дыбысты есте сақтапқайталауды игереді.
Меңгереді: барабан аспабын меңгереді, ырғақты сезіне қимылдайды, ән мәтінінесай іс–әрекеттер көрсете алады.

**Күні:13.12.2021**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Біз өмірдің гүліміз»

Мақсаты: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрысжеткізу дағдыларын қалыпастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білугебаулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.

Көрнекілігі:Түрлі – түсті жалаушалар.

Билингвалды компонент: Жалауша – флажок.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды маршпен қарсы алады.<br>Балаларға түрлі -түсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландыра ды. Жалаушамен қимыл жасады. | Балалар маршпен кіреді.<br>Жалаушамен қимыл жасайды. |
| Ұйымдасыру шылық-ізденістік | «Біз – өмірдің гүліміз» әнін хормен айтылады.<br>Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс.<br>Балаларға ән тыңдауды ұсынады. «Отаным» әнін тыңдап,балалар әнді жылдамнемесе баяу екенін ажырата білді.Әнді екіншірет орындар алдында балаларды шеңбербойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балаларқимыл жасайды.<br>Жетекші: «Босқа қарап тұрмайық,<br>Кел,балақай, ойнайық! –<br>Деп шақырып, «Үйшігіңді тап» | Балалар әнді хормен айта білді.<br><br>Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, көңілкүйлері көтеріледі.<br><br>Ойынға көңілді қатысып қызығушылықтары артады.<br><br>Жеңіл жүгіріп, «үйшіктеріне» жетуге тырысты. |

| | | |
|---|---|---|
| | ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп,балаларға «Епті аяқтар»(А.Тоқсанбаев) әуеніне тез,жеңілжүгіруді ұсынады. | |
| Рефлекциялы-түзетушілік | - Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.<br>Біз қалай жүгірдік?<br>Өткізілген оқу іс – әрекетін пысықтайды.<br>Балаларды мақтап, мадақтау. | Сұраққа жауап берді. Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.

Игереді: Жалаушамен жаттығу жасауды игереді

Меңгереді: Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

**Күні:20/23.12.2021**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: « Желбірейді жалауша»

Мақсаты: Ән айтуды уақытында бастап, аяқтау. Музыканы есте сақтау, тыңдай білуді, ырғақпен нық басып жүруге,әуенді сезіне білуге баулу.Би қимылдарын қайталап көрсетуге дағдыландыру.

Көрнекілігі: түрлі түсті жалаушалар,паравоз маркеті.

Билингвалды комп: Жалауша – флажок.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық түзетушілік | Үнтаспада «Бақытты балалық шақ» әні (музыкасын жазған С.Қалымов,сөзін жазған И.Исабаев)ойналып,балаларға өз беттерінше еркін билеу ұсынылады. Музыка жетекшісі түрлі түсті жалаушалар таратып,балаларды көңілді серуенге шақырады.<br>«Жалаушамен келеміз<br>Біз көңілді жүреміз»,- деп, жалаушаны көтере аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. | Балалар өз қалауларынша би қимылдарын жасап көңіл көтереді.Ұнаған түсінен жалаушалар таңдап алып,балалар тізбектеліп,нық басып жүруге талпынады. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік | «Қазақ маршы» (А.Затаевич) әуеніне «Жалаушамен жаттығу» би қимылдары үйретіледі.Музыка жетекшісі көрсетіп, балалардың бірге қимылдауын қадағалайды. Жаттығудан соң балаларды отырғызып,ән тыңдауды ұсынады.«Жалауша» әні (музыкасын жазған А.Тоқсанбаев,сөзін жазған И.Сапарбаев).<br>Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер | Жалаушаны жоғары көтеріп,жеңіл жүреді, тоқтап,екі қолды созып «тербеледі», бір орында айналады. Балалар бар ынтасымен тыңдауға талпынады. Ән шумақтары орындалғанда жалаушаны қозғай жүреді, «бір-екі» деп қосылып айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | бойымен тұрғызады.Әнді орындап,шумақ соңында «бір-екі» деп қайталап, қосылып айтуды үйретеді.<br>«Пойызға біз барайық,<br>Вагоннан орын алайық»,-деп, пойызбен жолға шығатындарын түсіндіреді.<br>Паровоз макетіне жалғастыра орындықтар тізбектеліп қойылады.<br>Музыка жетекшісі «Пойыз» (музыкасын жазған К.Қуатбаев,сөзін жазған Ж.Смақов)әнін орындап,педагог мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды көрсетеді,балалардан қайталауды сұрайды.<br>Ән аяқталысымен «пойыздан»түсіп,балаларды қыдыруға шақырады.«Бақытты балалық шақ» әні үнтаспада қайта ойналып,балаларға екеуден қол ұстасып, «серуендеуге»-зал ішінде еркін жүруге мүмкіндік береді. | Балалар көңілдене «пойызға» отырып, «вагондарға» жайғасады.Орындық –вагондарда отырып,ән қимылдарын бірге жасауға талпынады, «пыш-пыш», «гу-гу» дыбыстарын айтуға тырысады.<br>Балалар қол ұстасып,зал ішінде өз беттерінше «серуендеп» жүреді. |
| Рефлекциялық түзетушілік | Музыка жетекшісі:<br>-Балалар,пойыз қалай жүреді?Паравоз қалай тоқтайды?-деп сұрап, балаларды әңгімеге тартады.<br>-Пойыздың тезірек жүруіне сендер көмектестіңдер,менің сендерге сыйлығым бар!-деп, қатты қағаздан жасалған кішкене жалаушалар береді.<br>«Тізбектеліп тұрайық.<br>Вагондарды құрайық,<br>Енді топқа барайық!»-<br>деп, балаларды шығарып салады. | «Пш-пш», «пух»,-деп пойыздың дауысын салуға талпынады.<br>Балалар сыйлық-жалаушаларды алып қуанады.Қатарға тұрып,тізбектеліп ұстасып,залдан шығады. |

Күтілетін нәтиже:
Білу керек: әнді қосылып айта,ырғақпен қозғалу,қимылдарды қайталай білуі керек.
Игереді: нық басып жүру,ойын шарттарына сай қимылдау.
Меңгереді: жалаушаны ұстап билейді,дыбыстарды қайталап айтады, ойын шартын орындауды біледі.

**Күні: 27.12.2021**

Білім саласы: Шығармашылық
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка
Тақырыбы: «Ормандағы сұр көжек»
Мақсаты: Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күйсезімін ояту.
Көрнекілігі: Ормандағы аңдардың суреті.
Билингвалды комп: Орман – лес.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды орманға серуенге шақырады. «Марш»(Е.Андосов)ойналып,<br>«Біз көңілді баламыз,<br>Орманға бірге барамыз»-<br>Деген кезде екеуден қол ұстасып жүруді ұсынады.Әуен аяқталғанда: «Міне, орманға да жеттік»,-деп тоқтайды.<br>Бұта түбінде отырған қоянды байқап қалғандай,таңданып:<br>-Балалар,қараңдаршы,мұнда отырған не,білесіңдер ме? –деп сұрайды. | Балалар қол ұстасып,көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді.Әуен аяқталғанда тоқтап,жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады.<br><br>Балалар таңырқап,қызыға қарайды. «Бұл қоян»,-деп жауап береді. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік. | -Бұл көңілді сұр қоян.<br>Ойыншық қоянды қолына алып:<br>«Мен қоянмын,қоянмын,<br>Сәбізге мен тоямын.<br>Қыста жейтін азықтыКүзден жинап қоямын»,-дейді.<br>-Балалар,қоянмен бірге секіріп,көңіл көтерейік,-деген ұсыныс айтады.<br>«Қояндар»(Ломова) әуенінің ырғағына билеуге шақырады. | Балалар қоянды көріп қуанады.<br><br>Балалар жеңіл секіріп,қоянның қимылын көрсетуге тырысады.Әуен ырғағына ілесе жеңіл секіріп,көңілденеді.<br><br>Балалар әнді зейін қойып тыңдайды,қызығушылы |

| | | |
|---|---|---|
| | -Жарайсыңдар,балалар! Енді қоянға арнап ән айтып берейін,сендер де тыңдаңдар. «Сұр қоян» әні(музыкасын жазған А.Филиппенко,өңдеген К.Үбанұлы) орындап береді. Әнді екінші рет орындап, балаларды қоянмен бірге билеуге шақырады.Әннің барлық шумақтарында тәрбиеші мәтінге сәйкес қимылдарды көрсетеді, балаларға қайталауды ұсынады.Жетекші орындық артында жасырылған ойыншық түлкіні алып көрсетеді:<br>«Жүрген жері күлкі,<br>Бізге келді түлкі».<br>Түлкінің даусын салып:<br>«Кел сұр қоян,тойлайық,<br>Балалармен ойнайық»,-деп,балаларды ойынға шақырады.<br>«Қояндар мен қу түлкі» ойыны ұйымдастырылады. | қ танытады.<br><br>Балалар жеңіл секіреді,қоянның құлақтарын қолдарымен көрсетеді.<br><br>Түлкіге назар аударып,қызығушылық танытады.<br>Балалар қуана келісіп,көңілді ойнайды.<br>Балалар-қояндар ойынға көңілді қатысады.<br>Түлкіге ұсталмауға тырысады, жеңіл жүгіріп, шығыршықтарға кіріп жасырынады. |
| Рефлекциялық-түзетушілік. | Түлкі-педагог:<br>- Рақмет,балалар! Маған көңілді болды.Қоян-музыка жетекшісі:<br>- Балалар,сендер тез жүгіріп,секіре алады екенсіңдер! Сендер маған ұнадыңдар!Мен сендерге тағы да қонаққа келемін,сау болыңдар!-деп балалармен қоштасады. | Балалар қуанып қол шапалақтайды.<br>Қол бұлғап көңілді қоштасады,қол ұстасып шығып кетеді. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі:әуен ырғағымен секіру,жеңіл жүгіру,би қимылдары қайталап көрсете білу керек.

Игереді: қоян,түлкі кейіпкерлерін ажырата біледі,іс-әрекеттерін көрсете алады, әнің сөзін,әуенін қайталап айтады.

Меңгереді:қосаяқтап секіреді,тез әуенге ілесе жүгіреді,қуып жетеді,ырғақты сезіне аяқтарын топылдатады.

**Күні: 10/13.01.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: Шырша мен ойыншықтар

Мақсаты:Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса отырыпби қимылдарын орындау,жануарлардың би қимылдарын ұқсату. Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.

Көрнекілігі: Шыршаның суреті.

Билингвалды комп: Ойыншықтар-игрушки

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз», «Жүгіреміз, жүреміз».(Г.Абдрахыманова)әуенді қимылдарын қайталап қарсы алады.Үстел үсті театры арқылы шыршаны және ойыншықтарды көрсете отырып, шыршаға таппақ айтады.<br>Тауда туып,тауда өскен<br>Шырша келді ортаға .<br>Әдемілеп біз ілген<br>Ойыншықтар тізілген. | Балалар амандасады,жайғасады. Балалар шыршаға қарайды,таңғалады. Шыршаны,ойыншықтарын көрсетеді. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | «Қаршағыз бен балалар» (Г.Абдрахманова)әнін қайталауын сұрайды.(Қаршақыздың әуенін қуыршақ Қаршақызды ұстап айтады.)<br>«Жасыл шырша» (музыкасы К.Қуатбаев,сөзі К.Шалқаров) әнін орындап береді.<br>1-шумағында шыршаны айналады.<br>2-шумағында жақындайды. | Балалар әнді айтуға тырысады.<br>Балалар әнді мұқият тыңдайды.Балалар шеңбермен жүріп тыңдайды.Ортаға жақындайды. Шапалақтауға тырысады. |

| | | |
|---|---|---|
| | 3-шумағында алақанды шапалақтайды,қол көтереді,билеп үйренеді.<br>Жетекші балаларға шыршада ілулі тұрған ойыншықтарды көрсетеді.<br>«Мысық,торғай,күшік,<br>Мынау ілінген қандай ойыншық?»-деп сұрайды.<br>Мысық қалай дыбыстайды?<br>Торғай қалай дыбыстайды?<br>Күшік қалай дыбыстайды?Егер дұрыс дыбыстасаңдар,ойыншықтар ілініп тұрады.Ал дұрыс болмаса, қашып кетеді.<br>«Ойын ойнап көрейік,<br>Жүгірейік, жүрейік,<br>Егер қасқыр ұлыса,<br>Жылдам қашып кетейік»,-деп жетекші үлкен ақ матаны алып, балалардың астына жасырынып қалуын сұрайды.<br>«Ненің даусы?» ойыны.<br>- Қасқыр келгенде алдаймыз, мысық болып мияулаймыз,торғай болып шиқылдаймыз, күшік болып үреміз, - деп,орыннан орынға ауысып, «төмен», «жоғары» дыбыстарды айтқызуға үйретеді. | Ойыншықтарға қарап,жауап береді.<br><br>Мысық<br>Мияу-мияу<br>Шиқ-шиқ<br>Әуп-әуп<br><br>Балалар ілесе жүріп,қасқырдың ұлыған даусын естіп,тығылуға тырысады.<br><br>«Мияу», «шиқ-шиқ», «әуп-әуп» дыбыстарын айтуға талпынады. |
| Рефлекциялық түзетушілік | - Балалар,бүгін сендер әнді тыңдап, дыбыстарды жақсы айтып бердіңдер.Келесі тағы да, ән айтамыз, ойнаймыз. Жарайсыңдар!-деп мадақтайды. | Балалар қуана қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: тыңдайды, төмен, жоғары дыбыстарын білуі керек.
Игереді: жасырынуды, қашуды, алдауды.
Меңгереді: жүгіруді, отыруды, тұруды.

**Күні: 17.01.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы:«Қаршақыз бізде қонақта»

Мақсаты:Музыканы тыңдай білуді таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Есте сақтау қабілетін дамыту, ырғақты сезіну.

Көрнекілігі: Аязата,Қаршақыз.

Билингвалды комп: Аяз ата - дедмороз

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі топқа барып амандасып,балаларды қуыршақ театрына шақырады.Алдын ала педагогпен сабақ барысын жоспарлап дайындайды. Музыка жетекшісі театр ішінде дауыс шығарады.<br>-Балалар!Балалар!Мен келе жатырмын! Сәлеметсіңдер ме, кішкентай достарым! Менің атым-Қаршақыз!<br>-Ой мынау қандай әдемі шырша,ойыншықтарының жалтырауын-ай! (Шырша жанып,айналатын болуы керек.)<br>Қаршақыз:<br>-Кәне,шыршаға шапалақ соғайық,аяғымызды топылдатайық. | Балалар залға кіреді,амандасады.<br>Балалар амандасады.<br>Балалар күледі,қуанады.<br>Жанған шыршаға шапалақ соғады,топылдатады. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік | Қаршақыз:<br>-Балалар! Сендер шырша туралы ән білесіңдер ме<br>«Жасыл шырша» (музыкасын жазған Қ.Қуатбаев,сөзін жазған К.Шалқаров.)<br>-Әнін бәріміз айтайық,ал сендер шеңбермен жүріңдер. Қаршақыз: | Балалар «білеміз» деп,есіне түсіреді,айтуға тырысады.<br>Балалар Қаршақызға қарап,әнді тыңдайды,қайталайд |

| | | |
|---|---|---|
| | - Рахмет, балалар, енді мен сендерге ән айтып беремін,ал сендер тыңдаңдар.<br>Ән «Қаршақыз бен балалар» (Г. Абдрахманова)<br>Қуаршақ- Аязата сөйлеп шығады.<br>- Балалар! Балалар!<br>Айналайын балалар.<br>Өлең, тақпақ айтыңдар.<br>Маған билеп берсеңдер,<br>Сыйлығым бар сендерге!<br>Қаршақыз: Әннің сөзін айтамыз.<br>Аязата, ля-ля-ля!<br>Қайталатады.<br>Музыка жетекшісі балаларды жұппен тұрғызады, билеуге үйретеді.<br>Қаршақыз:<br>- Балалар, сендерге көп-көп рахмет, енді біз орманға кетейік, өйткені жылыдан еріп бара жатырмыз.<br>Аязата:<br>- Қош сау болыңдар! Мен сендерге тағы да келемін, сыйлық әкелемін. Ал сендерге көп қар сыйлаймын,- деп, қар беріп кетеді.<br>«Ойнаймыз,ойнаймыз,<br>Жаңа жылды тойлайыз» | ы.<br><br>Балалар:<br>«Айтамыз,айтамыз,<br>Би де билей аламыз.<br>Кәне,кәне сыйлығың,<br>Алайықшы бәріміз.»<br>Аязата, ля-ля-ля,<br>Аязата, ля-ля-ля.<br><br>Бірге билеп,аяқтарымен,қолдарымен,<br>Қолдарымен қимылдауға тырысады.<br><br>Балалар қарды алып қуанады,ойнауға тырысады. |
| Рефлекциялық түзетушілік | -Балалар,сендерге кім келді?<br>Педагог екеуі «Қарыспақ» ойынын ұйымдастырады,ойнауға үйретеді.<br>-Жарайсыңдар,балалар!-деп мадақтайды. | Аязата Қаршақызбен балалар қол бұлғап қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді есте сақтауды, ырғақтарды сезінуді.

Игереді: шырша, ойыншықтар, қармен ойнауды.

Меңгереді: шеңбермен жұптасып жүруді.

**<u>Күні: 24/27.01.2022</u>**

Білім саласы:Шығармашылық.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка.

Тақырыбы: «Қошақаны қойдың»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру. Ән арқылы үй жануарларының енесін,төлін ажырата білуге үйрету.Есте сақтау қабілетін дамыту.

Көрнекілігі: үй жануарларының топтамасы, қой мен қозының суреті.

Билингвалды комп: Қошақан-ягнёнок.

| Оқуіс-әрекетініңкезендері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Көңілді музыка әуенімен музыка залына келеді.Амандасу,шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді.Жүгіру,айналу, әуен арқылы тізені бүге қимыл жасату. Балаларға қозы мен қойдың суретін көрсетеді. | Балалар шеңбер бойымен жүреді,жүгіреді,тізені бүгіп,қолды белге ұстап қимыл жасайды. Балалар суретті қызықтайды. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік | -Балалар,біз сендермен ботақан,лақ туралы әндер айтып, ойындар ойнадық.Бүгін сендермен танысуға қошақан келіп отыр.Кәне,бәріміз қайталайық. Қошақан-қойдың төлі.<br>Музыка жетекшісі «Төлдер» әнін орындап береді (музыкасы жазған Б.Бекзатов, сөзін жазған Ө.Өмірбеков).<br>Ән қайта орындалғанда музыка жетекшісі қимылмен көрсетеді. «Қайда қалып қойдың?» деген жерде қолдарын жаяды «Бұлтиып | Балалар қошақан,қой сөздерін қайталайды.<br><br>Балалар әнді тыңдайды.<br>Балалар музыка жетекшісіне ілесіп,қолдарын жайып,бүйірлерін көрсетіп,қимылдар жасауға тырысады.<br>Бала қойдың |

| | | |
|---|---|---|
| | тұр бүйірің» деген жерде іштерін көрсетеді.<br>«Өз анаңды тап»ойыны ойналады.Қалташықтың бірінде жануарлардың бірі,жанында бірнеше төлдер жатады.Бала сол жануарлардың төлін тауып қасына суреттерін қою тиіс. Ойын басқа жануарламен қайталанады. | жанына қозының суретіне қоюға тырысады және атын атайды. |
| Рефлекциялық-түзетушілік | Ән сендерге ұнады ма? Қорытындылау,балаларды,бағалу, мадақтау. | Балалар көңілденіп, топтарына тарайды. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарлары-қой мен қозының атын атай білу керек

Игереді:жануарлардың  төлдерін атай білуді игереді.

Меңгереді:музыкаға ілесіп әннің қимылдарын көрсетуді меңгереді.

**Күні:31.01.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Жайлауда»

Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді , таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білудіқалыптастыру. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру, музыкалық қабілеттерін дамыту.

Көрнекілігі: Үй жануарларының суреті.

Билингвалды компонент: Үй жануарлары – домашные животные

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотвациялық - қозғаушылық | Ортада дөңгелек үстел жанында әже отырады, айналасында жайылып жүрген ойыншық малдар. Жайлаудың көрінісін бейнелеу.<br>- Балалар, біз бүгін жайлауға барамыз, әжемізді сағындық, әрі үй жануарларымен танысып қайтамыз. | Балалар әдемі әуенмен әжелеріне жолға шығады. Ұзақ жол жүріп әжелеріне жетеді. Амандасады. |
| Ұйымдастырушылық - ізденістік | - Балалар, біз әжеге қонаққа келдік. Әже, үй жануарлырыңызбен біздің балаларды таныстырыныызшы. Әрбір жануарлардың аттарын және олардың төлдерін балалрдан сұрайды. Музыка жетекшісі әрбір жануарға арналған әнді айтады. Балалар ән мәтінін тыңдай отырып, сол жануарларды табуы тиіс<br>Әже балаларға ойын ойнауды ұсынады.<br>Дидактикалық ойын: «Өз төліңді тап». Әже жануарларды | Балалар үй жануарларының аттарын атайды. Төлдерін атап, қалай дыбыс шығаратынын дыбыстайды. Ән мәтініне сәйкес қимылдар жасайды. Балалар әрбір жануардың төлдерін өз орындарына дұрыс табуға әрекет жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | өз төлдерінен бөліп, араластырып жібереді. Әр жануарлардың жанына өз төлдерін тауып қоюды сұрайды. | |
| Рефлексиялық - түзетушілік | Балаларға әже ризашылығын жеткізеді. Жиі келіп тұруларын сұрайды. Балаларға мақтау сөздер айтады. | Балалар әжелеріне рақмет айтып, көтеріңкі көңіл күймен үйлеріне қайтады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін білуі керек.

Игереді: үй жануарларын, төлдерін бір-бірінен ажырата білуді игереді.

Меңгереді: үй жануарларының қимылдарын әуенмен жасауды меңгереді.

**<u>Күні: 07/10.02.2022</u>**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы : «Күн мен Жаңбыр»

Мақсаты: ән айтуды уақытныда бастап, аяқтау; алға шығып немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау. Ойы арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу.

Көрнекілік: Күннің суреті

Билингвалды комп:. Күн – Солнце, жаңбыр – дождь.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз» қимылды қзғалысымен жүруді ұсынады. Тәрбиеші күн шуағын көрсетеді.<br>Жетекші әндете:<br>*«Күннің көзі күлімдеп,*<br>*Бізге қарай ашылды.*<br>*Жылуымен жылытып,*<br>*Шуақтары шашылды».* | Балалар қатармен келіп тұрады.<br><br>Күнге қарап, әуенді көңілдене тыңдайды. |
| Ұйымдастыру-шылық - ізденістік | Жетекші әндете:<br>- Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар? Кәне, бәріміз Күнге жақындап тұрайық. (Жетекші бұлт суретін шығарады).<br>Үнтаспадан күннің күркірегені, жаңбыр тырсылы естіледі.<br>- балалар, мен сендерге «Балалар мен жаңбыр» әнін (Г.Абдрахманова) айтып берейін.<br>Ән мәтініне сай қимыл-қозғалыстар жасауды ұсынады.<br>- балалар, сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. | Балалар жауап береді.<br><br>Балалар жаңбыр даусын естіп, таңғалады. Әнді ынталана тыңдайды.<br>Балалар шеңберге тұрып, қимылдарды мәтінге сай жасауға тырысады.<br><br>Ойынға көңілдене қатысады. Көңілді әуенге қуана секіреді, |

| | | |
|---|---|---|
| | Көңілді әуен ойналғанда, секіріп ойнауды, ал күн тығылып, бұлт шыққанда отырып қалуды ұсынады.<br>(Екі қолын жоғары көтеріп түйістіріп шатыр жасауға немесе қолшатырды пайдалануға болады).<br>«Жапырақтар»(Г.Абдрахманова) әнін қайталап айтуға шақырады.<br>«Күн» (М.Т. Потапенко)<br>(Көңілді шығарма).<br>«Жаңбыр» (музыкасы Ә.Телғозиев) әуенін тыңдай жүріп ойнауға үйретеді. Ойынды бірнеше рет қайталауды ұсынады. | жаңбыр даусы естілгенде қолды жоғары көтеріп түйістіруге тырысады, жасырынуға талпынады.<br><br>Балалар әнді еркән қимылдап айтуға талпынады.<br><br>Балалар тыңдап, ойнауға тырысады. |
| Рефлекциялық<br>Түзетушілік | - Балалар, Күн шуағы сендерге қуанып, келесі жолы тағы да келіңдер деп шақырып жатыр. Кәне, Күнмен қоштасайық. Сендер бүгін көңілді әуен тыңдап, өте жақсы ойын ойнадыңдар, - деп мақтайды. | Балалар Күнге қол бұлғап, көңілді қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі:музыканы тыңдау, көңілді, көңілсіз әуенді сезіне ажырата білуі керек.

Игереді:музыканы тыңдап, ойын шартын бұзбай, мәтінге сай қимыл жасап, ілесе айтуды игереді.

Меңгереді:көңілді әуенге секіруді, жүгіруді, музыка өзгерген кезде жасырынуды меңгереді, дағдыланады.

**Күні: 14.02.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы : «Көңілді пойыз»

Мақсаты: Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.

Көрнекілігі: паровоз макеті, ойыншық қоян,қонжықтың үйшігі.

Билингвалды компонент: көңілді пойыз – веселый поьезд

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Үнтаспада «Қуырмаш» әні ойналып, музыка жетекшісі балаларды қарсы алады.<br>- Балалалар, біз бүгін қоңыр қонжыққа қонаққа барамыз. Қонжық алыста, орманда тұрады,- деп түсіндіреді.Орманға жету үшін мына «Көңілді пойызға» отырайық, - деп паровоз макетін көрсетеді.<br>«Пойымызға біз барайық, Вагоннан орын алайық», - деп «вагондарға» - тізбектелген орындықтарға<br>Жайғасуларын сұрайды. | Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді.<br>Әуен аяқталғанда тоқтап, Жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады. Қуана келісіп, «вагондарға» кіріп, жайғасып отырады. |
| Ұйымдастырушы-лық - ізденістік | *«Ал паровоз бастайды,*<br>*Пыш- пыш, пух- пух,*<br>*Ән айтып біз қостайық.»,*- деп, «Пойыз» (К.Қуатбаев, Ж.Смақов) орындайды.<br>Балаларда орманға келеді.Жетекші ойыншық қоянды ұстап тұрып:<br>*«Мен қоянмын, қоянмын,*<br>*Сәбізге мен тоямын.*<br>*Қыста жейтін азықты,*<br>*Күзде жинап қоямын,* - дейді. | Балалар «пыш-пыш», «пух-пух» сөздерін қайталауға тырысады. «Вагондарда» отырып,қимылдарды қайталауға тырысады.<br><br>Балалар қоянды ұстап,сипап көреді.<br>Балалар жеңіл секіріп, қоянның қимылын |

| | | |
|---|---|---|
| | - Балалар, сұр қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік- деп, ұсынады.<br>«Сұр қоян» (А. Филипенко, сөзі Қ.Үбанұлы) орындалып, балаларға би қимылдарын көрсетулерін сұрайды.<br>«Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбай)<br>Аю:<br>*« Мен аюмын қорбаңбай,*<br>*Қимылмаймын қорбаңдай.*<br>*Омартаны көрген*<br>*Бас қоямын ойланбай».*<br>(А.Асылбеков)<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар?<br>Жетекші балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады.<br>Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға щақырады.<br>*«Қонжық және қоянмен»*<br>*Ойын ойнап күлейік,*<br>*Достарымыз қуансын,*<br>*Тату болып жүрейік»,* - деп, «Қояндар мен аю» ойыны ұйымдастырылады. | жасайды.<br>Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, қызығушылық танытады.<br><br><br><br>Балалар қуана аюмен амандасады.<br><br><br>Аю қимылдарын қайталап,«қорбаңдай» жүреді, бір орын да айналады.<br><br>Әуеннің ырғағына сәйкес қимыл-қозғалыстарды орындауға тырысады. Бірге қуанады. |
| Рефлекциялық Түзетушілік | Музыка жетекшісі балаларға «Көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді.<br>Әуен ырғағымен «пойыз» әні қайтадан орындалады.<br>- Біз қандай көлікке отырдық? Паровоз қалай жүреді екен?<br>Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады. | Балалар пойызға «отырып», жолға шығады.<br><br>Балалар сұрақтарға жауап беруге талпынып, әңгімеге қосылады. Қуанып қол шапалақтайды. Қол бұлғап, қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: паровоз, пойыз туралы ұғынып, білуі керек.

Игереді:пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білу, бірге қуану, риза болу.

Меңгереді:сөздерді қосыла айту, қайталау, ойыншық кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын жасап көрсету (қосаяқтап секіру, әуенге тез жүгіру, қорбаңдап жүру)

**Күні:21/24.02.2022**

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Кел, билейік»

Мақсаты: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Ән – әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналауға дағдылану, көтеріңкі көңіл күй сыйлау.

Көрнекілігі:Бишілердің суреті.

Билингвалды комп:Би - Танец

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы-лық | Музыка жетекшісі балаларға сандықшаға салынған түрлі түсті орамалдарды ұсынып, таңдап алуға мүмкіндік береді.<br>«Келіңдер, келіңдер,<br>Шеңбер құрып беріңдер!» - деп балаларды дөңгелене тұруға бейімдейді.<br>«Орамалмен билейміз» әні.<br>Орамалды оң қолға ұстауды, жоғары көтеруді, қозғауды, бір орында айналуды көрсетіп, қайталауды талап етеді.<br>«Қызыл, жасыл, сары, көк,<br>Орамалды алайық,<br>Қолды көкке созайық,<br>Қозғап, қозғап қалайық!» - деп, әндетіп, әуенге ілесе би қимылдарын орындауды сұрайды. | Балалар өздері ұнатқан түстегі орамалды таңдап алады.<br><br>Көңілді әуен ырғағымен шеңбер бойымен тез тұруға әрекет етеді.<br><br>Орамалдарды ұстаған қолдарын төмен түсіреді, көтереді, бір орында тұрып айналады.<br><br>Орамалды ақырын қозғайды. Тез-тез қозғайды. |
| Ұйымдастыру-шылық – ізденістік | Балалар көңілді әуенге ілесе, орамалдармен би қимылдарын жасайды. Би соңында жетекшісі: «Орамалды аламыз, | Орамалды көтере айналады, бір орында тұрып тербеледі.<br>Балалар жүгіріп келіп, орамалдарды |

| | | |
|---|---|---|
| | Сандықшаға саламыз», - деп сандықшаға орамалды жинайды. Музыка жетекшісі бұрышта тұрған үйшікті көрсетіп:<br>- Қандай әдемі үйшік! Мұнда кім тұрады екен? – деп ақырындап барып үйшікке жақындап, үйшік есігін қағып, «Мұнда кім тұрады?» - деп сұрайды.<br>- балалар, шапалақтап дыбыстайық, мүмкін естіп, шығатын болар, - деп ұсынады.<br>– енді аяғымызды қатты топылдатайық.<br>Үйшәк терезесінен педагог Меруерт  қуыршақты көрсетіп:<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар? – деп амандасады.<br>Музыка жетекшісі әдемі қуыршақты бірге ойнауға шақыруға ұсыныс жасайды. Қуыршақ «қуана келісіп», балаларға қосылады. «Полька» (Ю.Слонова) орындалады. Музыка жетекшісі немесе педагог қуыршақтың қолдарын қозғап, шапалақтап, айналып, балалармен бірге «билетеді». | сандықшаға салуға тырысады.<br><br>Үйшікке таңырқап, қызыға қарайды. Үйшікке ақырын басып жақындайды. Үйшіктің жанына келіп, қатты шапалақтайды. Қуыршақты көріп, балалар қол шапалақтап қуанады. Аяқтарын көңілдене топылдатады. Балалар қуыршақпен амандасады. Ортаға шығып, шеңберге тұрады. Екеуден тұрып айналады, тербеледі, аяқтарын топылдатады, шеңбер бойымен жүреді. |
| Рефлекциялық-Түзетушілік | Би аяқталысымен Жәмила-қуыршақ:<br>- балалар! Сендер әсем билейді екенсіңдер. Маған өте көңілді болды! Сау болыңдар, балалар! – деп иіліп қоштасады | Балалар қуана қол шапалақтайды. Көңілдене қол бұлғап қоштасып, шығады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді тыңдап, әсер алу, ырғақты сезіне білуі керек.

Игереді: қуыршақпен қызығушылықтары артып, көпке ілесуді игереді.

Меңгереді: ән мәтініне сәйкес іс-әрекеттер көрсетеді, екеуден айналады, орамалмен би қимылдарын жасайды.

**Күні:28.02.2022**

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің әжем»

Мақсаты: музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.

Көрнекілігі:Әженің суреті

Билингвалды комп: Менің әжем – Моя бабушка

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. Әже немересіне қарап тұрған суретті көрсетеді. Өлең оқиды:<br>«Еркем әнім, ертеңім,<br>Елжіреткен көркемім.<br>Ертеңіме ертегі<br>Шежіремді шертемін», - деп әжесі немересіне өлең оқып беріпті. | Балалар амандасады, отырады.<br><br>Балалар өлеңді тыңдап, әже суретіне қарайды. |
| Ұйымдастыру-шылық – ізденістік | Музыка жетекшісі:<br>- Ал балалар, балалар,<br>Шеңберге тұра қойыңдар.<br>«Кел балақан» әнін айтып,<br>Қайталайық, балалар.<br>(Қаңтар айындағы әнді қайталауға ұсынады.)<br>Әже қолындағы қоржынымен кіреді.<br>- Амансыңдар ма, балаларым! Мен сендерге «Наурыз келді» (музыкасын жазған Н. Дүкенбаев, сөзін жазған Қ. Смағұлов) әнін орындап берейін, ал сендер тыңдаңдар. Музыка жетекшісі әнді қосыла айтып, бірге ырғақпен | Балалар ілесе шеңберге тұрып, «Кел, балақан» әнін қуана айтуға тырысады.<br><br>Балалар орындарынан тұрып амандасады. Отырып тыңдайды. Балалар әнге қол шапалақтайды, сөздерін әнімен қайталайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | шапалақтауды ұсынады, «далама, қалама, балама» сөздерін қайталауды үйретеді.<br>Әже:<br>- Балаларым, балғындарым, тағы қандай өнерлерің бар?<br>Музыка жетекшісі:<br>- Біздің ұлдарымыз «Шабандоз» биін үйренгісі келеді, - деп билеуді ұсынады, үйретеді.<br>Әже:<br>- онда қыздарым маған келсін, мен оларға «Қамажай» биін үйретейін. Ал енді менің қоржынымда не бар екен, өздерің алып көріңдер. | Балалар билегісі келгенін көрсетеді, шабады, қамшыны ұстауды, орындыққа отырып шабуды үйренеді.<br>Қыздар әженің қасына отырып қимылдап, қолмен басымен иілуді үйренеді. |
| Рефлекциялық-Түзетушілік | Әже:<br>- Мен сендерге қазан алып келдім, асықтарыңды қазанға салыңдар, әуенмен шабасыңдар, тоқтағанда бір бірден аласыңдар.<br>- Сау болыңдар, сендер жақсы биледіңдер, ойнадыңдар, менің «Наурыз келді» әнімді қайталап жүріңдер. Музыка жетекшісі балалардың жақсы қатысқанын айтып мақтайды. | Балалар кезекпен өз қолдарымен асықты шығарады.<br><br>Балалар жақсы қатысып, көңіл күйлері көтеріледі.<br>Балалар әжемен қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі:әуенді қайталауды, тыңдауды, әнді айтуды.

Игереді: қамшы ұстауды, асық алуды, салуды.

Меңгереді:шабуды, орнына отыруды, қолдарымен қимыл жасауды.

**Күні:05/10.03.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Әжем келді ауылдан»

Мақсаты:Ән  айтуды  уақытында  бастап  аяқтау. Әже арқылы балаларға наурыз туралы мәліме беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.

Көрнекілігі:дөңгелек үстел, ұлттық тағамдар, қазақы үй жабдықтары.

Билингвалды  комп:Әже – бабушка.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка залында дөңелек үстел жанында әже балалады көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады.<br>Халық әні «Еркем ай».<br>«Жайдарымыз бәріміз,<br>Дастарқанда дәміміз.<br>Көжесі көп, қыры көп<br>Қандай жақсы наурыз!» | Балалар музыка әуенімен залға кіріп, дөңгелек үстел жанына жайғасады. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік | - Балалар, мен сендерге әдейі ауылдан келдім, бүгін – мереке. Міне, дастарқан қазақтың ұлттық тағамдарына толы: бауырсақ, құрт, жент, ірімшік.<br>Әже ән орындайды.<br>«Наурыз – біздің жаңа жыл» (музыкасы мен  сөзін жазған Ж. Қалжанова).<br>- наурыз мерекесі болғанда күн жылынады, ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырады, малдар төлдейді. Ал енді | Балалар  әженің әңгімесін тыңдайды. Тағам аттарын қайталап айтуға тырысады. Бауырсақ, құрт, ірімшік, жент сөздерін әлдерінің келенінше қайталауға әрекет жасайды. Балалар әнді тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | барлығымыз орнымыздан тұрып, осы әнге қимылдар жасайық.<br>1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс. Қайырмасында әже қол шапалақтайды.<br>Балалар да әжеге қосылып, қол шапалақтауға тырысады.<br>2-шумағы орындалғанда әже балалармен біре қол ұстасып, кіші шеңбер жасайды, одан кейін шеңбеді үлкейтуін сұрайды.<br>Қайырмасында тоқтап, балаларға қол шапалақтауды ұсынады. | Әжемен бірге шеңбе бойымен қол ұстаса жүреді.<br>Балалар қол ұстасып ортаға жиналады, кері қарай шеңберді кеңейтіп қимылдар жасайды. Қол шапалақтайды. |
| Рефлексиялық түзетушілік | «Бәйге» ойыны.Балалар кезекпен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады. Әже балаларға ризашылығын білдіреді. | Атпен шауып келе жатқан кейіп танытып, жарысуға тырысады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Наурыз мерекесі туралы мәліметтерді.

Игереді: наурыз, ұлттық тағам түрлері туралы түсініктерді игереді.

Меңгереді: атқа мініп жарысу дағдыларын меңгереді, шеңберді кішірейту, кеңейтуді (қол ұстаса алға адымдау және кері жүру).

**Күні: 14/24.03.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

ҰйымдасТырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әлди- әлди, ақ бөпем»

Мақсаты: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын таныстыу. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстардыайтуға дағдыландыру.

Көрнекілігі: бесік, бөпе- қуыршақ, сылдымақтар.

Билингвалды компонент: Бөпе – ребенок.

| Оқуіс-әрекетініңкезендері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды қолындағы қуыршақ бөпесімен қарсы алады, амандасады. Бөпе ұйықтап жатыр екен. Музыка жетекшісі: «Шеңбермен жүреміз» жаттығуын бастайды.<br>- Балалар, біз қазір жаттығуды «бәсең» дыбыспенжүріп жасаймыз, өйткені бөпеміз оянып кетеді. (Әлдидің жылаған даусы кетіледі)<br>- Балалар, біздің бөпеміз оянды «көтеріңкі»<br>дыбыспен жаттығуымызды жасайық. | Балалар келеді,амандасады.<br><br>Балалар «Шеңбермен жүреміз» жаттығуын «бәсең» дыбыспен айтыпжасауға тырысады.<br>Бөпе оянғанда «көтеріңкі» дыбыспен жаттығуды қайталауға тырысады. |
| Ұйымдастырушылық- ізденістік | - Балалар, енді бөпемізді бесігімізге жатқызайық, оның ұйқысы келіп тұр.Ал сендер бесік жырын тыңдадыңдар. Халық әні «Құлыным».<br>(Р.Рымбаева. «Сезон» А.А.Қ 2003ж)<br>- Балалар,сендерге ән ұнады ма?<br>- Олай болса орнымыздан тұрып, «Сылдырмақ»әнін | Балалар бесікке қызығақарады. «Бесік жыры»әнін тыңдады.<br><br>Балалар сұраққа жауапберуге тырысты. |

| | | |
|---|---|---|
| | қайталайық.Қолдарына сылдырмақтыалып, билейді.Балалар әнді бірінші «бәсең»айтамыз, өйткені бөпеміз оянып кетпесін. Ал балалар бөпемізде оянып кетті, енді «көтеріңкі»дауыспен айтамыз, бөпемізді жұбатайық.<br>- Балалар жаңа кім жылады? Кәнеки, бөпемізге «Қуыршағым-ай» биин билепберейікші. | Сылдырмақты қолдарына алып, «сылдыр-сылдыр сылдырмақ» деп қайталайды. Әнді «бәсең»немесе «көтеріңкі»дауыспен айта білді.Би биледі |
| Рефлекциялық Түзетушілік | - Балалар сендер бөпені жақсы жұбаттыңдар,сендерге көп- көп рахмет. Келесі жолы жақсы билеп,ән айтсаңдар, бізге көп ойыншықтар келу мүмкін, -деп мадақтайды. | Балалар көңілденіп, шаттанып, қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, еске түсіруді, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды.

Игереді: әлдилеулді, сылдырмақты ұстауды, қуыршақты ұстауды.

Меңгереді: шеңбер жасауды, отырып – тұруды, жүгіруді, музыкамен билеуді.

**Күні: 28.03.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Бесік жыры»

Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Бесік жыры арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру.

Көрнекілігі: қуыршақ,бесік, бала тербеткен ана.

Билингвалды компонент:Бесік жыры – колыбельная песня

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Жетекші балаларды «Әлди-әлди, ақ бөпем,ақбесікке жат бөпем»,- деп бесікті тербетіпәндете қарсы алады. Бесікте кішкентай қуыршақ жатады. «Бесіктегі бала ұйықтайын депжатыр»,- деп,тыныштық сақтауларын сұрайды. Әлди,әлди, бөбегім,<br>Ақ бесікке бөледім.<br>Ай мен күнге теңедім.<br>Ақтарылған өлеңім. | Балалар баяу дауыспен әнде тіп отырған ананың жанына жай жүріспен келіп жайғасады. Амандасады.<br><br>Балалар бесікте жатқан сәбиге қарап қызығады. |
| Ұйымдастыру-шылық-ізденістік | Жетекші балаларға бесікті тансытырып, кішкентай бөбектер ұйықтар алдында «әлди-әлди»<br>деп бесік жырын айтып ұйықтататынынмәлімет береді.<br>«Ұйықта, бөпем»<br>(Қ.Шілдебаев,А.Асылбек)<br>Бала ұйықтаған кезде дауысты көтермей,жәйсөйлеу керектігін түсіндіру.<br>«Қуыршақпен ойын»<br>Балаларға ойыншықты беріп, | Балалар әнді тыңдайды.<br>Бесікті кезек – кезек тербетіп,жәй дауыспен «әлди - әлди» деп сәбиді ұйықтатуға талпынады. Балалар тыныштықсақтап, сыбырлай сөйлеп, көп<br>қимыл жасамайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | олардан қуыршақты ұйықтатуын сұрайды.Музыка аяқталғанда алдарына жатқызады.<br>«Ойын» музыкасы ойналғанда балаларқуыршақпен көңілдене билеуі керек.<br>Ойын 2 – 3 рет ойналады. | Балалар қуыршақты алдарына алып,әлдилейді.<br>Музыка өзгергенде балалар куыршақтарын көтеріп, бірге Билеуге әрекет жасайды. |
| Рефлекциялық Түзетушілік | Бүгін кімді ұйықтаттыңдар?<br>Қуыршақ ұйықтағанда қалай әндеттіңдер?<br>Қорытындылау,балаларды мадақтау. | Балалар жауап беруге тыры-сады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бала ұйықтар алдында «әлди – әлди» әні орындалатынын білуі керек.

Игереді:«бесік»,«қуыршақ»,«әлди – әлди» деген сөздердің мағыналарын игереді.

Меңгереді:қуыршақпен билеуді, ұйықатуды, бесік тербету дағдыларын меңгереді.

**Күні: 04.04.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Көктем гүлі көрікті»

Мақсаты: музыка сипатына сәйкес қозғалады, музыка басталғаннан қимылдарды бастай алады. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасауға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру.

Көрнекілігі: автобус макеті, себетке салынған қауырсын гүлдер, қолшатыр, «жаңбыр тамшылары» - көгілдір лента ілінген таяқшалар.

Билингвалды  комп: Көктем – весна.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды себет толы әдемі көктем гүлдерімен қарсы алады. Балаларға гүлдерді таратып береді.<br>«Гүлді ұстап көрейік,<br>Ақырындап жүрейік», -<br>деп, өз еріктерімен гүлдерді ұстап, қызықтап көруге мүмкіндік береді.<br>Музыка жетекшісі «Көктем гүлдері» биінің қимылдарын көрсетіп, балаларға қайталап, бірге билеулерін сұрайды. Би соңында балаларға гүлдерді жинап, себетке салуды ұсынады. Жетекші балалардың назарын далаға, күн нұрына аударып, көңілді дауыспен: | Балалар гүлдерді қуана алып, қызықтап қарайды, таңданады.<br>Балалар шеңбер бойымен тұруға машықтанып, билеуге дайындалады.<br><br>Көрсетілген би қимылдарын қайталап жасауға талпынады. Балалар жүгіре басып гүлдерді себетке салады. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік | - Балалар, қараңдаршы далаға,<br>«Күннің көзі ашылды,<br>Алтын нұры шашылды!» -<br>деп балаларды үнтаспадағы | Балалар көңілденіп, әуенге еркін қимылдап, билеуге талпынады. |

| | | |
|---|---|---|
| | көңілді ырғаққа билеуге шақырады. Тербелу, секіру, екеуден қол ұстасып айналу қимылдарын көрсетіп, балалардың іс-әрекеттерін бақылай жүреді.<br>Үнтаспада күннің күркірегені, жаңбыр тамшыларының дыбысы естіледі.<br>«Жаңбыр жауды себелеп<br>Дала қандай керемет!» -<br>деп, қолшатырды ашады.<br>«Қолшатырға қаш-қаш,<br>Аяғыңды бас-бас!» -<br>деп, балаларды қолшатыр астына жасырынуға шақырады.<br>Бұл кезде жетекші жаңбыр тамшыларын бейнелеп, «тамшы»- таяқшаларды қозғай зал ішінде жеңіл жүгіреді.Ойынды 2-3 рет қайталауға болады.Ойын соңында:<br>«Күннің көзі ашылды,<br>Жаңбыр жауып басылды!»<br>- енді қалада көлікпен қыдырайық, - деп автобус макетін көрсетіп, «көлікке – автобусқа жайғасып отыруға шақырады.<br>Жетекші «Көлікке мінеміз» ойынын ұйымдастырады. «Машина» әнін (музыкасын жазған К. Қуатбаев, сөзін жазған  Т. Тұяқбаев) орындап, «бип-бип» сөздерін қосыла айтуға үйретеді. | Бір орында тұрып айналады, секіреді. Қол ұстасып айналып, тербеледі.<br><br>Жаңбыр даусы мен күннің күркірегенін естіп, таңғалады. Қолшатырға асыға жүгіріп, тығылуға тырысады.<br>Балалар көңілдене ойнап, қуанады.<br><br>Көңілді әуенді тыңдап, билеуге, жаңбыр дауысын естігенде қолшатырға жасырынуға машықтанады.<br>«Автобусқа» көңілдене жайғасады.<br>Балалар әннің мазмұнына сай қимылдар жасап, «бип-бип» сөзіне қосылуға тырысады. Ойынды көңілді қабылдап, бірге қуанады. |
| Рефлексиялық түзетушілік | - Балалар, сендерге жаңбыр ұнады ма? Жаңбыр қалай жауады? Күн қайда? Бүгін бәрің де жақсы билеп, ән айттыңдар, ойнадыңдар, жарайсыңдар! – деп мадақтайды. | Шамалары келгенше жауап беруге тырысады. Балалар қол шапалақтап, қуанады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуен ырғағын сезіну, әнге қосыла айта білуі керек.

Игереді: «гүлдер әдемі, жаңбыр жауады, күн жарқырайды» түсініктерін ұғынады.

Меңгереді: гүлдерді ұстап, әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын жасайды, қолшатырға жасырынуды, көлікке отыруды меңгереді.

**<u>Күні:11/14.04.2022</u>**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Лағым»

Мақсаты:музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.Жеңіл музыка әуеніне ілесіп лақтың қимылын, жасауға деneніжеңіл ұстауғаүйрету.Жануарлардың қимылын,дыбысталуын музыка үніне ілесе жасауға дағдыландыру.

Көрнекілігі:үй жануарларының суреттері, ойыншық лақ, ойыншық күшік.

Билингвалды комп:лақ - козленок

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды музыка әуенімен қарсы алу. Музыка әуеніне сәйкес қимылдар жасайды. Жеңіл әуенмен секіру. Музыка тоқтағанда қимылды тоқтату. Балаларды ойыншық лақ күтіп алады.<br>«Жалт-жұлт етіп, лақ,<br>Жағалайсың құрақ.<br>Секірем деп бірақ<br>Қала көрме құлап».<br>(А. Асылбек) | Балалар әуенге ілесіп қимылдар жасайды. Әуеннің ауысуына лайық қимыл жасауға талпынады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | - Балалар, сендерді ақ лақ күтіп отыр. Лақ – ешкінің төлі. Бәріміз «лақ» деп айтайық.<br>«Лақ» (музыкасын жазған Д. Ботбаев, сөзін жазған А. Асылбек).<br>Әнді мұқият тыңдаймыз. | Балалар лаққа жақындап, танысады. «Лақ», - деп қайталайды. Балалар әнді тыңдап, ойыншық лақты қызықтайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Музыка жетекшісі ойыншық лақты қолға ұстап отырып әнді айтады. «Шұнақпын» деген сөзді айтқанда құлағын көрсетеді.<br>«Мә-ә» сөздеріне мән бере айтады. Әнді қайталап айтқан кезде «селтеңдеген» деген секіріп деген мағынаны білдіретінін, «шұнақпын» дегені – құлағы кішкентай екенін түсіндіреді. «Мә-ә» деген сөзді алдымен ойнап, анасы мен төлін ажыратуға үйретеді.Қазір бәріміз музыка үнімен лақ болып секірейік. Лақ кішкентай болғандықтан, қорқақ келеді. Байқаусыздан күшік шыға келсе, секеңдеп қаша жөнеледі.<br>«Лақ пен күшік» ойыны.<br>Бәріміз музыка ырғағымен жеңіл секірейік. Күшік алдын ала дайындалған үйшігінде тығылып отырады. Тәрбиеші музыка өзгергенде күшік болып балаларды қуады. Музыка жетекшісі күшікке жақындап: «Лақтар кішкентай, қума» деген ескерту жасайды. | Балалар әнге ілесе қимылдар жасайды, секіреді, «мә-ә» сөзін қайталайды. Жуан «мә-ә» дыбыс анасынікі, жіңішке «мә-ә» дыбысы лақ екенін айтады.<br><br>Балалар музыка әуеніне ілесе барынша жеңіл секіруге тырысады. Күшік дауысын естіген сәтте қашуға әрекет жасайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | - Бүгін біз лақ туралы ән айттық, лақ болып ойнадық, күшіктен қаштық. Бәрің жақсы ойнадыңдар. | Балалар көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін атай білуі керек. Дыбыстарын ажырата білулері керек.

Игереді: музыка үніне сәйкес секіруді, ырғақты сақтауды игереді.

Меңгереді: музыка әуенін ести отырып қаша білуді, төлдерді атай білу дағдыларын меңгереді.

**Күні: 18.04.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Санамақ»

Мақсаты: әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу. Дене мүшелеріне қатысты қолдың саусағын санауды әрі атай білуді үйрету. Оны музыка үніне қосып айтуға дағдыландыру.

Көрнекілігі: Қолдың суреті, саусақтар.

Билингвалды комп:Санамақ – читалка.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка залына көңілді музыка әуеніне қосылып балалар кіреді. музыка жетекшісінің көмегінсіз әуенге сай қимылдар жасайды. Жаңадан әуенге ілесіп аяқтың өкшесін кезек-кезек қойып би қимылын жасауы тиіс. | Балалар музыкамен залға кіреді. Шеңбер бойында қимылдар жасайды. Тізені бүгіп, қолды белде ұстап қимыл жасайды. Жаңадан аяқтың өкшесін еденге қойып, кезек-кезек ауыстыруға тырысады. |
| Ұйымдас-тырушылық-ізденістік | Музыка жетекшісі балаларға қолдың суретін көрсетіп, ондағы саусақтармен таныстырады. Балалардан қолдарын көтеріп, саусақтарын көрсетуін сұрайды. Өзі саусағын көрсетіп, саусақтардың аттарын айтады. Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек. Енді осы саусақтарын көрсете отырып әндетеді. «Нешеуміз?» (музыкасын | Балалар музыка жетекшісінің соңынан қолдарын көрсетеді, саусақтарын жыбырлатады. Әрбір саусақтарын атауымен көрсетуге тырысады.<br><br>Әнді тыңдайды. Әннің |

| | | |
|---|---|---|
| | жазған А. Тоқсанбаев, сөзін жазған Е. Өтетілеуұлы). Музыка жетекшісі әнді айтып береді. Ән қайталанғанда балалармен бірге қимылмен айтады. Отбасы мүшелерінің суретін көрсетіп, саусақтарымен санап, әннің отбасы мүшелеріне тиісті саусағымен қимылдар жасауы тиіс. «Нешеуміз?» деген сұраққа «бесеуміз» деп жауап берулерін талап ету керек. | мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.<br><br>«Папам, мамам, ағам, мен, сен» деген сөздер қайталанғанда қосылып айтуға тырысады. Балалар отбасы мүшелерін атап беруге талпынады.<br>«Бір үйде біз бесеуміз» деген сөзге бес саусақтарын көрсетеді. |
| Рефлексялық – түзетушілік | Енді барлығы орындарынан тұрып, «Құрсау-құрсау» ойынын ойнайды. Шеңбер жасап үйренуге талпынуы керек.<br>Әннің мәтіні бойынша шеңберді кішірейтіп, үлкейтіп, отырып, қимылдар жасауы тиіс.балалардың қимылдарын атап өту, мақтау, мадақтау, қорытындылау. | Балалар шеңбер бойымен қол ұстасып жүреді. Отырып-тұрып қимылдар жасауға талпынады. Әсем әуенмен топтарына тарайды. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: саусақтарын көрсетіп, санай білуі керек.

Игереді: саусақтың аттарын атай білуді игерді.

Меңгереді: отбасы мүшелерін санауды, саусағымен үйлестіре санауды меңгереді.

**Күні:25/28.04.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Ботақан»

Мақсаты: Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан- жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету.

Көрнекілігі. Үй жануарлары, олардың төлдері.

Билингвалды компонент:. Ботақан – верблюжонок

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық -қозғаушылық | Көңілді музыка әуенімен балалар музыка залына келеді.Шеңбер бойымен жеңіл музыка ырғағына ілесіп жүгіреді.Қолды жоғары көтеріп,буынынан қозғалтады(фонарик),орындарында тұрып айналады.Көтеріңкі көңіл күймен музыка жетекшісі өлең оқиды.<br>«Айналайын ботам,<br>Қандай күлте жотаң,<br>Табандарың жалпақ,<br>Иіліп тұр мойының,<br>Қанбайды екен ойының,<br>Тостағандай көзің,<br>Әдемісің өзің».<br>(Қ.Мырза Әли) | Балалар көңілді әуенмен шеңбер бойымен жүреді,жүгіреді. Балалар қолдарын буынынан қозғалтып,орындарында тұрып айналып қимылдар жасауға тырысады. |
| Ұйымдастыру-шылық-ізденістік | -Балалар,сендер бүгін қонаққа түйенің төлі бота келіпті(суретін көрсетеді).Қараңдаршы,қандай сүйкімді,көзі үлкен, мойны ұзын. Түйенің баласын,яғни төлін «бота»дейді.<br>Енді осы бота туралы ән | Балалар суретті қызықтайды. «Бота», «түйе» сөзін қайталайды.<br><br>Әнді мұқияттыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | тыңдаймыз.<br>«Ботақан»әні(музыкасын жазған Е.Өміров,сөзін жазған Р.Наурызбаева).<br>«Жібек жүнін желпілдеп Жүгіресің соңымнан».<br>Балаларға қимыл жасап көрсетеді.<br>«Жем жейсің келіп қолымнан».<br>Музыка жетекшісі әнді айтаотырып, қолын созып көрсетеді.Әнді қайталап айту кезінде музыка жетекшісі өзі түйе кейпін сақтап, балалар бота болады.<br>-Бота қалай дыбыс шығарады?<br>-Балалар,ботақан өзімен біре қоржын ала келіпті.Кәне,бәріміз қоржынды қарайық,ішінде не бар екен?<br>Музыка жетекшісі бір баланы шақырып, ішіндегі затты алуын сұайды.<br>Бұл – асық.Басқа балаларда да кезектесіпасықты алады,қызықайды. Енді бәрімізасықпен бірге жүгірейік,қайтадан қоржынғасалайық. Музыка жетекшісі асықты жерге шашып,балалардан жинауын сұрайды.<br>«Кім тез жинайды» ойыны. Ойын қайталанады. | Балалар түйегеқарап, әнге ілесе отырып қимылдар жасайды. Жүгірген кейіп көрсетеді. Балалар қолдарын созып,ботақанға жем береді.<br><br>Балалар қоржынды қызықтайды. Қоржыннан асықты алуға тырысады.<br><br>Балалар таласа асықты жинайды. |
| Рефлекциялық-түзетушілік | - Бізге қонаққа не келді?<br>- Сендер бүгін немен ойнадыңдар?<br>Балаларды мақтау, мадақтау. | Балалар жаңа сөздерді қайталайды. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Үй жануарларының төлдерін білуі керек.

Игереді: түйенің төлі бота екен.

Меңггереді: Әннің мәтініне лайық қимыл жасауды меңгереді.

**<u>Күні:12.05.2022</u>**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Ағайынбыз бәріміз»

Мақсаты: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.

Көрнекілігі: Әр ұлттың балаларының суреті.

Билингвалды компонент: Ағайын - родственник

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық – қозғаушылық | Жетекші балаларды маршпен қарсы алады. Балаларға түрлі -түсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасайды. | Балалар маршпен кіреді. Жалаушамен қимыл жасайды. |
| Ұйымдасыру-шылық-ізденістік | «Бүлдіршіндер әні» әнін хормен айтады. Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс. Балаларға ән тыңдауды ұсынады.«Отаным» әнін тыңдап,балалар әнді жылдам немесе баяу екенін ажырата білді.Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балалар қимыл жасайды.<br>Жетекші:<br>«Босқа қарап тұрмайық,<br>Кел,балақай, ойнайық! –деп шақырып, «Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп,балаларға «Епті аяқтар»(А.Тоқсанбаев) әуеніне тез,жеңіл жүгіруді ұсынады. | Балалар әнді хормен айта білді. Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, көңіл күйлері көтеріледі.<br><br>Ойынға көңілді қатысып қызығушылықтары артады. Жеңіл жүгіріп,«үйшіктеріне» жетуге тырысты. |
| Рефлекциялық – Түзетушілік | - Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.Жалаушамен жақсы қимыл жасадыңдар жарайсыңдар.<br>Балаларды мақтап, мадақтау. | Сұраққа жауап берді. Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.

Игереді: Жалаушамен жаттығу жасауды игереді

Меңгереді: Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

**Күні:16.05.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Құлыншақ»

Мақсаты: Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан- жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету.

Көрнекілігі. Үй жануарлары, олардың төлдері.

Билингвалды компонент: Құлыншақ – жеребенок

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балалардың музыка үнімен, музыка залында қарсы алады. Әуені өзгеруін сәйкес қимылдар жасайды. Музыка тоқтағанда қимылын тоқтатады.Көңілді музыка әуенімен балалардың көңіл күйі көтріледі. Ойыншық атты қолға ала отырып,муузыка жетекшісі өлең оқиды<br>«Еркетайы даланың ,<br>Мен - құлыншақ боламын.<br>Серігімін, досымын<br>Өздеріңдей баланың»<br>(И. Сапарбай). | Балалар музыка үнімен,<br>Ілесіп жүреді, жүгіреді.<br>Орындарында тұрып тізені бүгеді, қолдарын бұрап айналдырады. |
| Ұйымдастыру-шылық – ізденістік | - Балалар, көрдіңдер ме,мен де ат бар. Ат сендерге доспын деп отыр.Міне қараңдаршы қандай әдемі ат Суреттен аттың суретін көрсетіп жанына кішкентай төлін «құлыншақ» дейді. «Құлыншақ»әнін орындайды.(музыкасын жазған Е. Ташев, сөзін жазған Ә. Тәжібаев). Ән қайталап орындалғанда ән мәтініне сәйкес балаларға қимылдар жасауды ұсынады. | Балалар жақындап, ойыншық атты қызықтайды.<br>«Ақ құлыншақ» деген сөздерді қайталайды.<br>Балалар әнді тыңдайды.<br>Әннің мәтініне сәйкес қимылдар жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | «Құстай қанат қағады», -деп, балаларға ат секілді шабуды көрсетеді.<br>-Ал енді кімнің атқа мініп шапқысы келеді «Бәйге» ойыны. Алдын ала әзірленген аттың басын мініп, балалар жарысады. | Ат секілді шабады.<br>Екі баладан жарысуға тырысады. |
| Рефлекциялық-Түзетушілік | Белсене қатысқан балаларды мақтау, мадақтау.<br>Қорытындылау. | Балалар музыкамен топтарына тарайды. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін білуі және оларды ажыата білуі.

Игереді: үй жануарларының төлдерін ажыратуды игереді.

Меңгереді: музыка үнімен жануарлардың қимыл-қозғалыстарын салу дағдыларын меңгереді.

**Күні:23/26.05.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің мысығым»

Мақсаты: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру.

Көрнекілігі: Ойыншық мысық

Билингвалды компонент: Мысық – кошка

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық -қозғаушылық | Көңілді әуен ырғағымен музыка жетекшісі балаларды Ойыншық мысықпен қарсы алады.<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізге аламысық қонаққа келді.Қараңдаршы, қандайәдемі мысық!<br>Кәне, кәне, тұрайық,<br>Шеңберді құрайық.<br>Ала мысықпенен<br>Біз де танысайық, - деп, балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. | Балалар көңілді әуенмен кіреді амандасады.<br><br>Ала мысықты көріп таңданады, ұстап, сипап көреді.<br><br>Тақпақтың мәтініне сайқимылдарды жасауға талпынады.Екі қолдарымен мысықтың құлақтарын көрсетеді. |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастыру-шылық-ізденістік | - Балалар, бізді ала мысық серуендеуге шақырып тұр! Жүріңдер! – деп шеңбер бойыменмысықтың қимылын салып жүруді ұсынады.<br>«Билейміз» әуені (Е. Андосов) орындалады.<br>«Ала мысық айлалы, дыбыстайды ол қалай?»- деп сұрайды.<br>Балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Мысықты орындық үстіне отырғызып:<br>- Мен ән айтып берейін. Ала мысықта сендермен бірге ән тыңдасын, - дейді.<br>«Мысық» әні орындалады(музыкасын жазған<br>Б.Дәлденбай, сөзі Ж. Әбдірашов)<br>Екінші рет ән орындалғанда балаларға «мияу – мияу» сөздерін қосылып айтуларын сұрайды.<br>- Балалар, ала мысық ойын ойнағысы келіп отыр екен! Көңілді ойынға шығыңдар, - деп шақырады.<br>«Мысық және мысықай дауыстарын салғанбалаларды мадақтайды. | Шеңбер бойымен аяқты<br>көтере басып мысық жүрісін көрсетуге талпынады.<br><br>Мияу – мияу! – деп қуана<br>жауап береді.<br><br>Балалар кілемге жайғасып,әнді ынта қойып<br>қызығатыңдайды.<br><br>Ән шумақтарындағы сұрақтарға «мияу-мияу» депәндете жауап беруге тырысады.<br>Балалар ұйымдасқан түрдешеңбер бойымен тұрады.Ойынды қызығып,көңілді ойнайды.Мысықтың жәнемысықайдың дауыстарын<br>салуға тырысады. |
| Рефлекциялық-түзетушілік | - Балалар, ала мысық қалай дыбыстайдыекен? Ойын сендерге ұнады ма? – деген сұрақтар қойылады. Ала мысық сендердіұнатыпты. Ол бізге тағы қонаққа келмекші. Мысықпен қоштасайық! – деп, балалардышығарып салады. | Балалар қуанып,жауап Беруге тырысады.<br><br>Көңілденіп,қол бұлғап Қоштасып шығады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жеңіл жүруді, дыбыстарды қайталауды білуі керек.

Игереді: ойыншық мысық және мысықаймен танысып, іс – әрекеттерін көрсете біледі, дыбысты есте сақтап, қайталай алады.

Меңгереді: ырғақты сезінеді, ән мәтініне сай іс – әрекеттерді көрсетеді.

**Музыка мұғалімі: С.Адылханов**

**Бекітемін: «Алтын асық» бөбекжай балабақшасы ЖШС**

**меңгерушісі: Б.Оспанова**

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

## «Балапан» орта тобы

2021-2022 оқу жылы

**Музыка оқу қызметінің 2021-2022 оқу жылына арналған жоспары**
**«Балапан» ортаңғы топ**

Мақсаты: Музыканы естіп, қабылдап, бір-біріне айырмашылығын түсініп, қимылдарды алмастыра білуге, қимылмен түсіндіруге үйрету.

| Ай аттары | Тақырыптары | Сағат саны |
|---|---|---|
| Қыркүйек | «Менің балабақшам»<br>«Менің достарым»<br>«Көңілді ырғақтар» | 2<br>2<br>2 |
| Қазан | «Менің әжем»<br>«Анам менің тамаша»<br>«Жаңбыр жауды себелеп»<br>«Күз ырғағы» | 2<br>1<br>2<br>1 |
| Қараша | «Күзгі бақта»<br>«Қараңдаршы далаға»<br>«Құлыншақ»<br>«Көңілді барабан» | 1<br>1<br>2<br>2 |
| Желтоқсан | «Біз өмірдің гүліміз»<br>«Желбірейді жалауша»<br>«Ормандағы сұр көжек»<br>«Шырша мен ойыншықтар» | 1<br>2<br>1<br>2 |
| Қаңтар | «Қошақаны қойдың»<br>«Күн мен жаңбыр»<br>«Көңілді сылдырмақтар»<br>«Көңілді поезд» | 2<br>1<br>2<br>1 |
| Ақпан | «Кел, билейік»<br>«Менің әжем»<br>«Әжем келді ауылдан»<br>«Жайлауда» | 1<br>2<br>1<br>2 |
| Наурыз | «Әлди, әлди ақ бөпем»<br>«Бесік жыры»<br>«Көктем гүлі көрікті» | 2<br>2<br>2 |
| Сәуір | «Лағым»<br>«Санамақ»<br>«Ботақан»<br>«Ағайынбыз бәріміз» | 2<br>1<br>1<br>2 |
| Мамыр | «Құлыншақ»<br>«Менің мысығым»<br>«көңілді жаз» | 2<br>2<br>2 |
| | | **54** |

**Күні:07/09.09.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің балабақшам»

Мақсаты: Әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру.Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау.Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету.
Көрнекілігі: Балабақшаның суреті

Билингвалды компонент: Балабақша- детский сад

| **Оқуіс-әрекетініңкезеңдері** | **Музыка жетекшісініңіс-әрекеті** | **Балалардыңіс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка залында балаларды көңілді музыка әуенмен қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіру, серіппелі қозғалыс жасау, айналу.<br>Бізге тәртіп үйреткен,<br>Ән салдырып билеткен,<br>Әріптермен, суретпен<br>Таныстырған біздерді<br>Педагог тәтеміз.<br>(О. Асқар) | Балалар музыка үнін ести отырып, сол музыкаға лайық қимылдар жасайды. |
| Ұйымдастырушы-лық-ізденістік | Музыка тыңдау: «Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов)<br>Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе?<br>Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады?<br>Ән айту. Өткен әндерді қайталау. «Бақшаға барамын» (Ө. Байділдаев, К. Сүлейменов).<br>Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі сабақта жалғастырылады.<br>Әуенді қимыл-қозғалыс: «Достастық» (Р. Рустамов)<br>Балабақшада балалар бір-бірімен кейде ренжісіп, өкпелеп қалады. Содан кейін көп ұзамай татуласады. Қазіргі үйренетін биіміз «Достастық» деп аталады | Балалар білгендерінше жауап беруге тырысады.<br>Алдымен бір-біріне арқаларын беріп, өкпелеп тұрады. Аяқтарымен жерді ұрады. Әуен өзгергенде бір-біріне қарап қолдарын шапалақтайды, соңында құшақтасып татуласады. |
| Рефлексиялық түзетушілік | Қорытындылау, балаларды мақтау, бағалау. | Балалар қуана қоштасып шығады. |

Күтілетіннәтиже:

Біледі: сүйікті балабақшалары туралы.

Игереді: көңілді, көңілсіз, өкпелеу, достастық деген түсініктердіқалыптастырады.

Меңгереді: би қимылдары арқылы өкпелеу, татуласу қимылдарын меңгереді.

**Күні: 14.09.21**

**Білім саласы:** Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің достарым»

Мақсаты: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру. Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттерәне қатысу белсенділігін арттыру.

Көрнекілігі: Балалардың суреті

Билингвалды компонент: Дос- друг

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | «Біздің балабақша» (Б. Қыдырбаева, М.Әлімбаев) әні ойналып, балаларды залда қарсы алады.<br>Қанша бала қанша қыз,<br>Бір шоқ гүлміз баршамыз.<br>Ойын-күлкі ордасы<br>Біздің балабақшамыз!<br>Өлеңді айтып беріп, балаларға «Тату достар» (И. Штраус) әуеніне өз беттерінше би қимылдарын ойлап тауып, жұптасып билеуді ұсынады.<br>Ойыншық, қуыршақтарды алып, «Ойыншықтармен би» қимылдарын үйрету.<br>Музыка тыңдау: «Қуыршақ мұңы» (Б. Жүсібәлиев) әуенін тыңдауды ұсынады.<br>«Қуыршақтар әуенін» (М. Калганова) тыңдатып, екі әннің ерекшеліктерін сұрау.<br>Дауыс жаттығуы: «Әлди-әлди»және«Ән шырқайық» орындалады. Дикцияның айтылуы мен дауысты дыбыстарды ауызды «дөңгелете» айту әдісімен жаттықтыру.<br>Ән үйрену: «Жас дәуірдің | Қол ұстасып, өздері ойлап тапқан би қимылдарын жасайды.<br><br>Музыканың ширақ, ойнақы сипатын көрсете билейді.<br><br>Ойнақы, жеңіл музыкаға қуыршақтарын қозғап, билетеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | түлегіміз»(Т. Жұмалиева, Е. Өтетілеуұлы) әнін орындау. | Дауыстарын қатты және жай шығаруға дағдыланады. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденушілік | Ойын: «Алтын қақпа». Ойынның сөздерін жатқа айтып, бірдей қимылдап, ойын шартының орындалуын қадағалау.<br>Би: «Аққу» биінің негізгі элементтерін үйретіп, мәнерлеп орындауға дағдыландыру.<br>Әуенді-дидактикалық ойын: «Әуенді сағат» ойналады.<br>Өткен оқу іс- әрекетіндегі әндер орындалып, тыңдалып, ән мәтініне сәйкес бейнеленген суретті сағат тілімен көрсету. | Ойынды қызыға ойнап, ұйымшылдықпен белсене араласады.<br><br>Үйренген әндерін еске түсіріп, әуенді сағатта бейнеленген мазмұнына сәйкес суретті тауып көрсету. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Сендер барлық өнер түрін балабақшада үйренесіңдер.<br>Сендерге балабақша ұнай ма?<br>Сүйікті ойыншығың не?<br>Қандай өнер түрі ұнайды?<br>Оқу іс-әрекетін қорытындылаау. | Балалар сұрақтарға көңілді жауап беріп, өз ризашылықтарын білдіреді.<br><br>Қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әннің сипатын қабылдау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әуенге сай түрлі қимылдарды орындауды.

Игереді: музыка сипатына сай, әртүрлі әуенді ажыратуды, салыстыруды, жаңа әннің мәтіндік және музыкалық мағынасын түсінуді, «құс қанаты», «құс тұмсық» би элементтерін.

Меңгереді: өз беттерінше әуенге еркін қозғалуды, әнді нақышына келтіре орындауды, екі түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды, тыңдап сезінуді, әңгімелеуді.

**Күні: 21/23.09.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Көңілді  ырғақтар»

Мақсаты:Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Ән арқылы балалардың бойында адамгершілік, инабаттылық сезімдерін ояту. Би музыкаларын ажыратуға үйрету.

Көрнекілігі: Бақытты балалардың  суреті

Билингвалды  компонент: Көңілді ырғақ – весёлый ритм

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка әуенімен балаларды залда қарсы алады. Шеңбер бойында шаттық шеңберіне тұрып, Жер – анаға, Күнге, досына жылы лебіздерін жеткізеді.<br>Камзол киген қынай бел<br>Толған ою-өрнекке.<br>Билеші деп сұрайды ел,<br>Өнерімді көрмекке<br>- Әсем киімдер кииніп, мың бұралған бишілерді концерттен, теледидардан<br>Көріп  жүрсіңдер. Би – ұлттық би, түрлі халықтар  билері болып бөлінеді. | Балалар әуенмен залға келеді.<br>Қайырлы таң, алтын күз!<br>Қайырлы таң, Жер-ана!<br>Қайырлы таң, туған жерім!<br>Қайырлы таң,жан досым! |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік | Музыка тыңдау: вальс, полька, «Қамажай».<br>Вальс – жұптасып, үдемелі айналуда өтетін би.<br>Полька – жеңіл, аяқты тізеден көтере секіріп билейтін би түрі.<br>Қамажай – қазақ халқының ұлттық биі. Көбіне аяқты шалыс баса жүріп, жүн түту, ұршық иіру, киіз басу, айнаға қарау | Балалар түрлі билерден үзінді тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | секілді қимылдармен би өрнектерін жасайды.<br>Өткен іс-әрекет кезінде үйренген әндерді еске түсіріп, қайталап айту.<br>Ән орындау кезінде ережелерді естен шығармай, қатты айғайламай, бірін- бірі тыңдап орындау.<br>Ән үйрену: «Көңілді балалар әні» (Б.Дәлденбай, Е.Өтетілеуұлы)<br>Әннің мәтінін қайталап, әуенге ілесе айту.<br>Ойын: «Ән салған кім?»<br>(А. Райымқұлова, А. Асылбек).<br>Балалар шеңберді айнала отырады. Бір бала шетте, балаларға арқасын беріп отырады. Балалардың жеке ән салғанын тыңдап, кім екенін ажырату. отырған бала ән салған баланың дауысын таныса, орын ауыстырады.<br>Әуенді-қимылды қозғалыс:<br>Топты үшке бөліп, бірінші топқа вальс ырғағымен қимылдауды, екінші топқа полька ырғағымен секіруді тапсыру, үшінші топқа Қамажай ырғағының қимылдарын жасату. | Дауыс тембріне сай достарының дауыстарын дәл табуға тырысады.<br><br>Би қимылдарын ырғаққа сай жасауға талпынады. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | - балалар, бүгінгі іс-әрекетімізде қандай музыка тыңдадық?<br>- әнде не туралы айтылды?<br>Ойынды жақсы ажыратқан баланы ерекше марапаттау.<br>Қорытындылау, бағалау. | Қамажай әнін тыңдадық.<br><br>Жүн түту,ұршық иіру,киіз басу.<br>Қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: дауыс тембріне сәйкес балалардың дауыстарын ажырата біледі.
Игереді: вальс, полька, қамажай туралы ұғымдарды.
Меңгереді: түрлі би элементтеріне сай қимыл жасауды.

**Күні:28.09/30.09.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Көңілді сылдырмақтар»

Мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақты бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту. Кейіпкер рөліне кіріп ойнау. (Көріністі халық әндеріне салып үйрету).

Көрнекілігі: ойыншық сылдырмақтар

Билингвалды компонент: Сылдырмақ - погремушка

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Жетекші балаларды қарсы алады. «Амандасу жаттығуын» айтуды ұсынады.<br>Б. Бейсенованың «жол ережесі тәртібі» әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарына тұрып билеуге, өз орындарын табуға үйретеді.<br>- Бізге қонаққа Қасқыр келіпті. Ол жолдан өту ережесін білмей,сендерден көмек сұрап келіпті,- деп,<br>Ж. Қалжанова «Қасқыр келді қалаға» көрінісін кейіпкерлендіріп, сахналауға шақырады. | Балалар кіреді, «Амандасу жаттығуын» айтады. Би қимылдарын еркін жасауға, жүруге, орындарына тұруға, өз жұптарын табуға тырысады.<br>Әннің сөзін тыңдап, есіне сақтауға, шумақ қайырмасының қимылдарын білуге тырысады. |
| Ұйымдастыру-шылық- ізденістік | *Желаяқ:*<br>Бағдаршамға қараймын,<br>Қараймынмен таңдана.<br>Өшіп-жанған көзінің<br>Алмай сырын аңғара.<br>- Ия, Қасқыр, әлі күне дейін жол тәртібін білмейсің бе? Жол жүрудің қадірін мен бес саусақтай білемін. (Зуылдап жүгіріп<br>өтеді). | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Тұлпар:*<br>Ережесін көшенің<br>Шемішкедей шағамын.<br>Болмай ма екен тұлпардай,<br>Баяу өте алатын.<br>(Ақырындап жүріп өтеді).<br>*Қоян:*<br>Ой-ой, мына қасқырды<br>Көріп тұрмын тұңғыш рет.<br>Қайдан келген бұл өзі?<br>Қалалықтан емес бұл.<br>(Қасқыр Қоянды көріп, артынан жүгіреді).<br>*Қоян:*<br>Әй, әй, Қасеке,<br>Не көрінді өзіңе,<br>Қарасаңшы көзіңе!<br>Бағдаршамға қиылып,<br>Қараймын мен жымиып,<br>Сары көзі жанғанда,<br>Үлгеремін жүгіріп.<br>*Арыстан:*<br>Әй, Қоян, бері кел, бері,<br>Әрі-бері жүгіре берме!<br>Ауылдан келген қасқырға<br>Үйрет мына ережені!<br>*Қоян:*<br>Арыстан аға, құп болады!<br>Тек қасқырға айтыңызшы,<br>Мені қуа бермесін,<br>Айтқанымды тыңдасын.<br>Ән: «жолаушылар жыры»<br>(Ж. Қалжанова). | Балалар жол ережесін естеріне сақтауға тырысады.<br>Әндетіп, ырғақтан шықпай айтуға талпынады. Қуаныш, өкініш, қорқыныш сезімін көрсетуге тырысады.<br><br>Балалар әнді мұқият тыңдайды. |
| Рефлексиялық - түзетушілік | Жетекші балалардан жол ережелерін сұрайды. | Балалар жол ережесіне жауап беруге тырысады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды. Әнді мәтінімен мәнерлеп айтуды.
Игереді: музыканы тыңдап, ойын арқылы аңдарды сомдауды.
Меңгереді: музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды, рөлдегі қимылдарын әуенмен келтіруді.

**Күні: 5/10.10.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің әжем»

Мақсаты:Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтері қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділігін есте сақтау. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.
Көрнекілігі: Әженің суреті.

Билингвалды компонент: Әже - Бабушка

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. Әже немересіне қарап тұрған суретті көрсетеді. Өлең оқиды:<br>«Еркем әнім, ертеңім,<br>Елжәреткен көркемім.<br>Ертеңіме ертегі<br>Шежәремді шертемін», - деп әжесі немересіне өлең оқып беріпті. | Балалар амандасады, отырады.<br><br>Балалар өлеңді тыңдап, әже суретіне қарайды. |
| Ұйымдастыру-шылық-ізденістік | Музыка жетекшісі:<br>- Ал балалар, балалар,<br>Шеңберге тұра қойыңдар.<br>«Кел, балақан» әнін айтып,<br>Қайталайық, балалар.<br>Ән айту: «Кел балақан»<br>Әже қолындағы қоржынымен кіреді.<br>- Амансыңдар ма, балаларым! Мен сендерге «Күз жомарт» әнін орындап берейін, ал сендер тыңдаңдар.<br>Музыка жетекшісі әнді қосыла айтып, бірге ырғақпен шапалақтауды ұсынады.<br>- балаларым, балғындарым, тағы қандай өнерлерің бар?<br>Музыка жетекшісі:<br>- Біздің ұлдарымыз «Шабандоз» биін үйренгісі келеді, - деп | Балалар ілесе шеңберге тұрып, «Кел балақан» әнін қуана айтуға тырысады.<br>Балалар орындарынан тұрып амандасады.<br>Отырып тыңдайды.<br>Балалар әнге қол шапалақтайды, сөздерін әнімен қайталайды.<br>Балалар билегісі келгенін көрсетеді, шабады, қамшыны ұстауды, орындыққа отырып шабуды үйренеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | билеуді ұсынады, үйретеді.<br>Әже:<br>- Онда қыздарым маған келсін, мен оларға «Қара жорға» биін үйретеді.<br>Ал енді менің қоржынымда не бар екен, өздерің алып көріңдер. | Қыздар әженің қасына отырып қимылдап, қолмен, басымен иілуді үйренеді. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Әже:<br>- сау болыңдар, сендер жақсы биледіңдер, ойнадыңдар, менің «Күз жомарт» әнімді қайталап жүріңдер.<br>Музыка жетекшісі балалардың жақсы қатысқанын айтып мақтайды. | Балалар жақсы қатысып, көңіл күйлері көтеріледі. Балалар әжемен қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әуенді қайталауды, тыңдауды, әнді айтуды.

Игереді: қамшы ұстауды, асық алуды, салуды.

Меңгереді: шабуды, орнына отыруды, қолдарымен қимыл жасауды.

**Күні: 14.10.21**

Білім саласы: Шығармашылық
Ұйымдастырылған оқу қызметі:Музыка
Тақырыбы: «Анам менің тамаша»
Мақсаты: Әннің сөздері мен жеке буыдарды айту, созыңқы дыбысталуға еліктей отырып,ересекпен қосылып ән айту. Музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау, эстетикалық сезімге тәрбиелеу.
Көрнекілігі: Ананың суреті
Билингвалды комп: Ана- мать

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады,амандасады. «Шеңбермен жүреміз»жаттығуымен жүру, қимылдарды қайталатады. «Үстел үсті»театры үстінен Қарагөз қуыршақ шығады. -Сәлем,достар!Сендер менің мамамды көрмедіңдер ме?Мен мамамнан адасып қалдым,енді не істеймін?Көмектесіңдерші. | Балалар амандасады,жаттығуды еркін жүріп қайталайды.<br><br>Балалар көрмегендерін айтады.<br>-Көмектесеміз,іздеп көрейік. |
| Ұйымдастыру-шылық-ізденістік. | -Қарагөз,сен біздің қасымызға кел, мен сендерге «Мамамның мерекесі» (музыкасын жазған Н.Тілендиев, сөзін жазған М.Мақатаев) әнін орындап берейін.<br>Үстел үсті театрынан Қуыршақ-мама шығады.<br>-Балалар,сендердің мама туралы әнді айтқандарыңды естіп келдім, осында Қарагөз қызымды кездестірдім.Енді бәріміз ән айтайық.<br>Педагог:Біз «Наурыз келді»әнін сізге айтып береміз.<br>Қуыршақ-мама:<br>-Сендер керемет тәртіпті екенсіңдер.<br>«Қуыршағым-ай» әнінүнтаспадан тыңдап,билеп | Балалар анасы мен Қарагөздің кездескеніне қуанады.<br><br>Балалар тәртіпті болуға,шуламауға тырысады. Қарагөздің қуыршақтың бәрі алып,қуанады.<br><br>«Наурыз келді»әнін есіне түсіреді,айтуға талпынады.<br><br>Балалар қуыршақтарды қимылдап,билеуге |

| | | |
|---|---|---|
| | көрейік. | үйретеді. |
| Рефлекциялық-түзетушілік | -Кім келді? Не істедіңдер? Не ұнады?<br>Қарагөз:<br>-Рақмет,достар,тағы менімен ойнайсыңдар ма?<br>«Өз қуыршағыңа жет» ойыны<br>Қарагөз:<br>-Достар!Сау болыңдар!Келесі жолы тағы да келемін.<br>Музыка жетекшісі:<br>-Сендер әнді айтып,жақсы биледіңдер,егер де жақсы қатыссаңдар Қарагөз тағы да келеді. | Балалар қол бұлғап қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: әнді еске сақтауды,әнді айтуды,музыкалық шығарманы тыңдауды.
Игереді:қуыршақты ұстауды,өз орнын таңдауды.Музыканы тыңдап, қимыл жасауды.
Меңгереді:музыка арқылы қимылдауды,қолдарын,аяқтарын қозғауды,айналуды,дағдылануды.

**Күні: 19/26.10.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп»

Мақсаты:Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру.
Көрнекілігі: Күз мезгілінің суреті.

Билинвалды компонент: Жаңбыр - Дождь

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка залында музыкалық дыбыс шығарады. Үйренген қимылдарды таныс әуенге ілесіп орындайды.<br>*Күн болып жанайық,*<br>*Жаңбыр болып жауайық,*<br>*Гүл болып жайнайық,*<br>*Жүгіріп- жүгіріп алайық.* | Балалар музыка әуеніне ілесіп залға кіреді. Шеңбер бойымен жүгіреді, әуенге сай қимылдар жасайды. Тізені бүгу, қолды буыннан бұрап айналдыру, т.б. |
| Ұйымдастырушылық-ізденушілік | Музыка жетекшісі жаңбырдың суретін көрсетеді. Балаларға «жаңбыр» сөзін қайталатады. Жаңбыр қалай жауады? Тырс-тырс-тырс.<br>«Жаңбыр» (Музыкасы Д. Ботбаев, сөзі И. Сапарбай)<br>Музыка жетекшісі әнді орындайды.<br>Ән қайта орындалғанда әннің мәтініне сәйкес балалардың қосылып жасауын талап етеді. «Көктен тырс –тырс жауасың» деген жерде алақандарын жайып, екінші қолмен жауған жаңбырды бейнелейді.<br>*«Біз ойнайтын ауланың*<br>*Тазартасың ауасын»,* -<br>Дегенде қолдарын жоғары көтереді.<br>«Жаңбыр мен күн» ойыны. | Балалар жаңбыр деген сөзді қайталайды. «Тырс-тырс» сөзін үйренеді. Әнді тыңдайды. Мәтінге сәйкес бұлтты бейнелейді, бір алақанын жайып, екінші алақанымен жауған жаңбырды бейнелеп, «тырс-тырс» сөзін қайталайды.<br><br>Балалар көңілді музыка ойналғанда |

| | | |
|---|---|---|
| | Жеңіл музыка ойналып, балалар жүгіреді, музыка ауысып, күн күркіреп, жауын жауғанда қолшатырға тығылады. | жан - жаққа жүгіреді де, әуен өзгергенде қолшатырға тығылуға тырысады. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Музыка жетекшісі ауа райының құбылыстарын, жаңбыр, бұлт сөздерін тағы естеріне түсіріп, қорытындылайды.<br>Балаларды мақтау, мадақтау. | Балалар қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ауа райында кездесетін жауын – шашын түрлерін.

Игереді: Жаңбыр, бұлт, жаңбырдың тырсылын ажыратуды.

Меңгереді: Күн мен жаңбырдың музыка тілінде дыбысталуын.

**Күні: 28.10.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Күз ырғағы»

Мақсаты:Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту.Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру.
Көрнекілігі:  Қоянның  суреті.

Билигвалды  компонент: Қоян - Заяц

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды қарсы алып, амандасады. «Шеңбермен жүреміз» әнімен (Г.Абдрахманова) зал бойымен жүреді. | Балалар кіреді, амандасады. Балалар күнделікті жаттығуын қызыға орындайды. |
| Ұйымдастырушы лық-ізденушілік | - Балалар, күзгі ормандағы ағаш түбінде қоян жылап отыр екен, барып қоянды жұбатайық.<br>*«Қоян, қоян, тұра ғой,*<br>*Бізбен бірге ойнай ғой»,* -<br>Деп әндетеді.<br>*Қоян:*<br>«Жаңбыр жауды тарсылдап.<br>Су боп қалдым қалтырап.<br>Айналада жапырақ,<br>Қарным ашты қалжырап».<br>- Балалар, қоянды бірге жүруге шақырайық, себетке жапырақтарды жинап беруге көмектесеміз бе?<br>*Қоян:* «Рақмет сендерге, достарым.<br>Мен сендерге «Жапырақтар» әнін айтып берейін. Ал сендер тыңдап, бірге билеңдер, - деп қимылдарды бірге қайталауды ұсынады. – Мен сендерге жапырақтарды сыйлаймын».<br>Қолдарына екі жапырақтан | Балалар қоянның қасына жақындап, әуенмен қайталап айтуға тырысады. Қоянның әуенін тыңдайды, аяйды.<br><br>Қолынан ұстап, бірге шеңбермен жүреді. |

| | | |
|---|---|---|
| | береді.<br>*«Жапырақтар»* әуенді – қимылды қозғалысы (сөзі мен музыкасын жазған Г.Абдрахманова)<br>«Жапырақтар» әнін қимылды қозғалыспен үйренеді.<br>Балаларды «Бала, бала, балапан» әнін қайталап айтуға шақырады.<br>- Балалар, қоян сендермен ойнағысы келеді.<br>«Сәбіздермен ойнаймыз» ойыны ұйымдастырылады.<br>*Қоян:* «Мен сендерге сәбіздерімді бір-бірден беремін, ал сендер музыкамен секіріп жүріп, сәбізді көрсетесіңдер. Музыка тоқтағанда, сәбізді жасырып қалыңдар. Кім үлгермесе, мен алып қоямын».<br>Ойын 2-3 мәрте қайталанады. | Балалар жапырақты алып, қимылды әуен ырғағымен қайталауға тырысады.<br>Балаларды әнді айтып, еркін қимылдауға талпынады.<br><br>Балалар әуенге ілесіп айтуға талпынады.<br><br>Балалар сәбізді алып, музыкамен секіріп көрсетеді, ал музыка тоқтағанда жасырып қалуға тырысады. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | - Балалар, сендерге жапырақтар ұнады ма?<br>- Қоян нені жақсы көреді?<br>Жетекші балалардың ән айтып, билеп, ойнағандарына ризашылығын білдіреді, мақтайды. | Балалар жауап беруге талпынады.<br><br>Балалар қуана топтарына кетеді. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыканы тыңдауды, еске түсіруді, еске сақтауды білуі керек.

Игереді: «себет», «жапырақ», «сәбіз» сөздерін әуенмен айтуды игереді.

Меңгереді: музыкаға ілесе отырып, қимыл-қозғалыстарын бірге жасау дағдыларын меңгереді.

**Күні: 02/9.11.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Кел, балақан»

Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды ән полька,марш,вальс,баяу көңілді әндер тыңдау ережесін қалыптастыру.Ырғақты сезінуге «жәй және тез» «ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге үйрету.

Көрнекілігі: Балалардың суреті.

Билингвалды комп. Балалар – дети

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Үнтаспада көңілді әуен ойналып,музыка жетекшісі балаларды есік алдынан күтіп алады.<br>Кәне,кәне тұрайық,<br>Шеңбер жасап құрайық!-<br>Деп,шеңбер бойымен тұруға дағдыландырады.<br>Әшекейленген қораптағы сылдырмақтарды көрсетіп,балаларға ұсынады.Өз беттерімен еркін қимылдап,сылдырлатуға ерік береді,қадағалайды,мақтайды.<br>«Сылдырмақты сылдырлат,<br>Аяғыңды нықтап бас!»-деп,балаларды нық басып жүруге үйретеді.Би қимылдарын көрсетіп,қайталауды ұсынады.<br>«Сылдырмақпен би» (халық әні «Жайдарман»,өңдеген К.Қуатбаев)<br>«Сылдырмақты аламыз,<br>Қорапшаға саламыз»,-деп,балаларды сылдырмақтарын жинауға, реттеп қоюға | Балалар залға кіріп, тізбектеле жүріп келіп, шеңбер жасап тұруға талпынады.<br><br>Сылдырмақтарды алып,зал ішінде еркін сылдырлата жүреді көңілденеді.<br><br>Әуен ырғағымен аяқтарын нық басып жүруге талпынады.<br><br>Балалар сылдырмақты жоғары көтере қозғайды, ақырын тізеге, алақанға соғады,айналады. Жүгіріп келіп сылдырмақтарын қорапқа салуға тырысады.<br><br>Балалар әнді зейін қойып тыңдайды,көңіл күйлері көтеріледі.<br><br>Ән мазмұнын түсініп жай, қатты қол |

| | | |
|---|---|---|
| | дағдыландырады.<br>«Кел, балақан,кел енді,<br>Ән тыңдайық біз енді»,-<br>деп, ән тыңдауға шақырады.<br>«Кел, балақан» әнін(сөзі А.Асылбеков, музыкасы К.Қуатбаев) орындап,педагог әннін мәтініне сай және қатты шапалақтап,аяқты жай басуды,топылдатуды көрсетіп,балаларға бірге қайталауды ұсынады.<br>Ән қайталанып, балаларға жай және қатты шапалақтап көрсетіп,ырғақпен қосыла қимылдауға машықтандыра түседі. | шапалақтауға, аяқтарын ақырын топылдатуға тырысады.<br>Ырғақты тыңдай жүріп қимыл жасайды, жеке сөздерді қайталайды, үйренеді.<br>Ойынға көңілді қатысып, қызығушылықтары артады.<br>Жеңіл жүгіріп, «үйшіктеріне» жетуге тырысады. Шығыршық ішіне үлгеріп кіріп, шаттанады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | -Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.Біз қалай жүгірдік? Қалай қол шапалақтадық? Аяқтарымызды қалай топылдаттық?-деп сұрап, қимылдарды тағы көрсетулерін сұрайды.Өткізілген оқу іс-әрекетін пысықтайды. Балаларды мақтап,мадақтайды. | Балалар қуана жүгіріп, қол шапалақтап көрсетеді.Аяқтарын топылдатып, қайталап көрсетуге талпынады. Балалар көңілді қоштасып,шығып кетеді. |
| Рефлексиялық-түзетшілік | Балаларды мақтау, мадақтау. | Қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі:ырғақпен шапалақтау, тез және ақырын аяқты топылдата білуі керек.
Игереді: «жай-жай», «тез-тез», «шарт-шарт», «топ-топ» ұғымдарын түсініп,игереді.
Меңгереді: сылдырмақта еркін ойнайды, көппен бірге қимыл-қозғалыс жасайды, жүгіріп жете алады.

**Күні: 02.11.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Күзгі бақта»

Мақсаты:Әуеннің басталуы мен аяқталуына меңгеру.Сагердің дауыс ырғағына еліктеу,әннің сөздері мен жеке буындарды айту.Ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру,күзгі бақ туралы түсінік беру. Көрнекілігі: Жемістердің суреті.

Билингвалды компонент: Күзгі бақ –осенний сад.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балалармен салемдесу.Балаларды шеңбер бойына шақыру.<br>«Жүгіреміз,жүреміз» Г.Абдрахманова<br>Әуенді қимылмен жүреді.<br>Балаларды отырғызып, дайындалған, сурет муляждарды көрсетіп ұстау,жемістерді ажырату.<br>Жемістерді тереміз,<br>Көкөністі жинаймыз.<br>Алақай-ау, алақай,<br>Күзгі бақта ойнаймыз. | Залға кіріп салемдеседі.<br>Балалар ілесе жүгіруге талпынады.<br><br>Жайғасып отырады.<br><br>Муляждарды ұстап көреді.Атап айтады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | - Музыка жетекшісі «Жемістер мен көкөністер» (Г.Абдрахманова) әнін орындап береді.<br>Жетекші муляждарды кезек-кезек көрсетіп: «Алма –ля-ля-ля,Алмұрт –ля-ля-ля, Қияр-ля-ля-ля, Сәбіз-ля-ля-ля»деп айтқызып үйретеді.Созылатын «ал»деген сөзге дыбыстың созылатынын анықтап айтқызады және эмоция арқылы көрсетеді.<br>«Жемістер мен көкөністер» әнін | Балалар әнді есіне түсіріп, тыңдауға тырысады.Балалар әнді қосыла айтуға тырысады.<br><br>Созыңқы айтуға талпынады.Көңілді күліп айтады.<br>Балалар жетекшіге саусақтарын көрсетіп, айналып,отырып |

| | | |
|---|---|---|
| | айта жүріп, қимылдауға үйретеді.<br>Мысалы: «Отырып себетке саламыз, жинаймыз,саусақтармен би билеп,айналамыз»деп,әннің мәтініне қарай қимылдар жасап көрсетеді. «Балалар мен жаңбыр» әнін естеріне түсіреді, қайталайды.<br>«Келіңдер,келіңдер<br>Ойын ойнап көріңдер<br>Жемістерді шашылған<br>Жылдам жинап беріңдер»<br>-Балалар қараңдаршы жемістер мен көкөністершашылып кетіпті.Сендердің көмектеріңмен жемістер мен көкөністерді бөліп,екі себетке салайық.<br>«Жемістер мен көкөністерд» ажырат ойыны.<br>Әннің мәтініне әлесе отырып,қызыл себетке жемістерді,сары себетке көкөністерді салып беріңдер.(себеттерді түспен белгілеу-қызыл себет және сары себет).<br>Музыка ойналады,балаларға жемістер мен көкөністердің аттарын ажыратып салуға үйретеді. | жинауға,салуға тырысады (құралдарды ұстамай,қимыл арқылы көрсетеді.)<br><br>Балалар әнді есіне түсіріп айтуға тырысады.<br><br>Балалар ойынға белсене қатысып,жемістерді жинайды.<br><br>Жемістерге,көкөністе рге мұқият қарап,ажыратып салуға,әуенді тыңдай жүріп жинауға талпынады.<br>Балалар әннің мәтінін түсінуге тырысады. |
| Рефлексиялық түзетушілік | -Балалар сендерге ән ұнады ма?<br>Жемістерді жылдам атап беріңдерші ?<br>Көкөністердікіматапбереді ?<br>Серуенгешыққанда,топтаөткенәндерді,ойындардықайталапайтуды ұсынады.<br>Жетекшібалаларғадегенкөңілі мен қуанышын эмоция арқылыбілдіреді.Балалардымақтайды,мадақтайды. | Ұнады-деген жауап беруге талпынады.<br><br>Балалар көңілдене қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі:әнді тыңдауды,дыбыстарды қайталауды.

Игереді:жемістерді,көкөністерді, музыка әуенімен жинауды, теруді, ажыратуды,тыңдауды игереді.

Меңгереді:әнді айтып,мәтініне қарай қимылдарды қайталап,эмоцияға беріле отырып қимыл жасауды біледі.

**Күні:16/23.11.2021**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Қарандаршы  далаға»

Мақсаты: Музыка және әннің мазмұнына қарай би қимылдарын шеңберде тұрып орындау. Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту.
Көрнекілігі:  Алтын  күздің  суреті.

Билингвалды  комп: Алтын күз – Золотая осень

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балалармен амандасады және ойынға шақырады. Музыканың сүйемелдеуімен «Көңілді саусақтар» қимылды әуенін орындайды. | Балалар еркін жүріп залға кіреді, амандасады. |
| Ұйымдас тырушылық-ізденістік | Балалар, қарандаршы далада жапырақтар жерге түсіп, түстері сары түске айналған. Яғни, күз мезгілі.<br>«Сарыжайлау» күйін тыңдатады.<br>Ән үйрену: «Күз келгенде» (Қ.Қуатбаев)<br>Ойын: «Кім жылдам»<br>Екі бала ортаға шығады. Қолдарында себет болады. Белгілі бір уақыт арлығында сарғайған жапырақтарды жинауы тиіс. Кімнің себетінде көп жапырақ болса, сол жеңімпаз болады. | Балалар жапырақтардың сары түс екенін ажырата білді. Күз мезгілі екенін таба білді. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексиялық-түзетушілік | - балалар біз бүгін қай жыл мезгілімен таныстық?<br>Сабақты қорытындылау.<br>Мақтау, мадақтау. | - Күз мезгілі.<br><br>Қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка ырғағын түсініп, сезіммен тыңдап, жетекшінің қимыл-әрекетін жасай біледі.

Игереді: музыка ырғағымен қимылдауды игерді

Меңгереді: қолдарын еркін қимылдату, жинау, жүру, отыру, тұруды меңгеру.

**Күні:  25.11.2021**

Білім  саласы:  Шығармашылық

Ұйымдастырылған  оқу  қызметі:  Музыка

Тақырыбы:  «Құлыншақ»

Мақсаты: Ұйымдастырылған  оқу  іс әрекеті  кезінде үйренген  әнді  айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарларын  сүйе білуге, ән арқылы төлдердің  қимылдарын жасай білуге үйрету.

Көрнекілігі:  Ат және құлынның  суреті.

Билингвалды  компонент:  Құлыншақ – жеребёнок

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды  музыка үнімен, музыка залында  қарсыалады. Әуені өзгеруіне  сәйкес қимылдар жасайды. Музыка  тоқтағанда қимылын тоқтатады. Көңілді музыка  әуенімен  балалардың көңіл – күйі  көтеріледі.<br>Ойыншық  аты қолға  ала  отырып, музыка  жетекшісі өлең  оқиды.<br>«Еркетайы  даланың<br>Мен – құлыншақ  боламын.<br>Серігімін,  досымын<br>Өздеріңдей  баланың. (И. Сапарбай) | Балалар  музыка үніне   ілесіп жүреді,   жүгіреді. Орындарында тұрып  тізені бүгеді,  қолдарын бұрап айналдырады. |
| Ұйымдастыру шылық -ізденістік | - Балалар, көрдіңдер ме, менде ат бар. Ат сендерге доспын деп отыр. Міне, қараңдаршы қандай әдемі ат. Суреттен аттың суретін көрсетіп, жанына кішкентай төлін қояды. Міне аттың кішкентай «құлыншақ» дейді.<br>«Құлыншақ» әнін орындайды. (музыкасын жазған Е.Ташев, сөзін жазған Ә.Тәжібаев).<br>Ән қайталап орындалғанда ән | Балалар жақындап, ойыншық атты қызықтайды. «Ат, құлыншақ» деген сөздерді қайталайды.<br><br>Балалар әнді тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | мәтініне сәйкес балаларға қимылдар жасауды ұсынады.<br>«Құстай қанат қағады», - деп, балаларға ат секілді шабуды көрсетеді.<br>- Ал енді кімнің атқа мініп шапқысы келеды?<br>«Бәйге» ойыны.<br>Алдын ала әзірленген аттың басына мініп, балалар жарысады. | Әннің мәтініне сәйкес қимылдар жасайды. Ат секілді шабады. Екі баладан жарысуға тырысады. |
| Рефлексиялық – түзетушілік | Белсене қатысқан балаларды мақтау, мадақтау. Қорытындылау. | Балалар музыкамен топтарына тарайды. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін білуі және оларды ажырата  білу.

Игереді: үй жануарларының төлдерін ажыратуды игереді.

Меңгереді: музыка үнімен жануарлардың қимыл- қозғалыстарын салу дағдыларынмеңгереді.

**Күні:06/09.12.2021**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Көңілді барабан»

Мақсаты: Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізудағдыларын қалыптастыру.

Көрнекілігі: Барабанның суреті.

Билингвалды компонент: Барабан – барабан

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Көңілді әуен ырғағымен балалар залғакіреді.<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Бүгін бізге ала мысық қонаққа келді:<br>«Тікірейіп құлағы<br>Меннен бұрын тұрады.<br>Бойын жазып, керіліп,<br>Беті – қолын жуады, -<br>Деп, ойыншықты қозғалтып, қимылын көрсетеді. | Балалар кіріп, көңілді амандасады. Ала мысықты көріп, таңданады.<br>Мысықпен бірге оның қимылын Көрсетуге тырысады. |
| Ұйымдастыру шылық – ізденістік | - Балалар, ала мысықпен серуенге шығайық.<br>Жүріңдер! – деп, шеңбер бойымен мысықтың қимылын салып жүруді ұсынады.<br>«Серуендеп, би билейміз» муз. (Э. Раухвергер)<br>«Ала мысық айлалы,<br>Дыбыстайды ол қалай?» - деп сұрайды.<br>- Балалар, ала мысық ииявулап шақырып тұр. Мұнда не бар екен? – деп қарағанболып, барабанды «тауып алады».<br>- Балалар, мысық бізге сыйлық | Шеңбер бойымен аяқты көтере Мысық жүрісін салып, «серуен-дейді»<br>Балалар: «Мияу-мияу!» - деп қуана жауап береді. Таңдана қарайды, қызығушылығы артады, көңіл Күйлері көтеріледі. |

| | | |
|---|---|---|
| | әкеліпті.<br>Жетекші балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Барабан аспабын көрсетеді, барабанда дауысын шығара ойнапбереді. Балаларды шақырып, барабан аспабын ұстап көруге, ойнап көругемүмкіндік береді.<br>- Ала мысықты қуантып ән айтып берейік,<br>Ал мысығымыз отырып тыңдасын, - деп орындыққа ойыншықты қояды.<br>«Барабан» әні (муз.Б. Дәлденбай,сөзі Ж. Әбдрашев) орындалады. «Соқ» сөздерін қосылып айтуға тырысады. 3-4 балаға барабанда ойнап, әнді «сүйемелдеуді» ұсынады.<br>«Мысық пен Мысықай» ойыны.<br>«Көңілді ырғақ» биін(Еркем-ай) бірге билеуге шақырады. Балаларға таныс биді ұсынады. | Кілемге жайғасып отырады.<br>Балалар барабанды ұстап, таяқ-шасымен соғып, ойнап көреді.<br>Балалар ынта қойып тыңдайды.<br>«Соқ», «Бір-екі-үш» сөздерін қайталауға талпынады.<br>Балалар көрсетілен би қимылдарын қайталап, көңілді билейді. |
| Рефлекциялық-түзетушілік | Балалар, барабанды қалай соғамыз?<br>Ойын седерге ұнады ма?<br>Ала мысыққа сендердің дауыстарың ұнапты.Ол бізге қайта қонаққа келемін деп отыр! Мысықпен қоштасайық! – деп, балаларды шығарып салады. | Балалар жауап беруге тырысады. Барабан аспабында ойнауды имитация арқылы көрсетеді.Қоштасып, шығады. |

**Күтілетін нәтиже:**

Біледі:ырғақты ажырата білуді, дыбыстарды қайталай білуді.

Игереді: барабан аспабының дауысын ажыратуды, жеке сөздерді, дыбысты есте сақтапқайталауды игереді.

Меңгереді: барабан аспабын меңгереді, ырғақты сезіне қимылдайды, ән мәтінінесай іс–әрекеттер көрсете алады.

**Күні:13.12.2021**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Біз өмірдің гүліміз»

Мақсаты: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрысжеткізу дағдыларын қалыпастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білугебаулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.

Көрнекілігі:Түрлі – түсті жалаушалар.

Билингвалды компонент: Жалауша – флажок.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды маршпен қарсы алады.<br>Балаларға түрлі -түсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасады. | Балалар маршпен кіреді.<br>Жалаушамен қимыл жасайды. |
| Ұйымдасыру шылық-ізденістік | «Біз – өмірдің гүліміз» әнін хормен айтылады.<br>Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс.<br>Балаларға ән тыңдауды ұсынады. «Отаным» әнін тыңдап,балалар әнді жылдамнемесе баяу екенін ажырата білді.Әнді екіншірет орындар алдында балаларды шеңбербойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балаларқимыл жасайды.<br>Жетекші: «Босқа қарап тұрмайық,<br>Кел,балақай, ойнайық! –<br>Деп шақырып, «Үйшігіңді тап» | Балалар әнді хормен айта білді.<br><br>Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, көңілкүйлері көтеріледі.<br><br>Ойынға көңілді қатысып қызығушылықтары артады.<br><br>Жеңіл жүгіріп, «үйшіктеріне» жетуге тырысты. |

| | | |
|---|---|---|
| | ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп,балаларға «Епті аяқтар»(А.Тоқсанбаев) әуеніне тез,жеңілжүгіруді ұсынады. | |
| Рефлекциялы-түзетушілік | - Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.<br>Біз қалай жүгірдік?<br>Өткізілген оқу іс – әрекетін пысықтайды.<br>Балаларды мақтап, мадақтау. | Сұраққа жауап берді. Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.

Игереді: Жалаушамен жаттығу жасауды игереді

Меңгереді: Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

**Күні:20/23.12.2021**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: « Желбірейді жалауша»

Мақсаты: Əн айтуды уақытында бастап, аяқтау. Музыканы есте сақтау, тыңдай білуді, ырғақпен нық басып жүруге,əуенді сезіне білуге баулу.Би қимылдарын қайталап көрсетуге дағдыландыру.

Көрнекілігі: түрлі түсті жалаушалар,паравоз маркеті.

Билингвалды комп: Жалауша – флажок.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-əрекеті | Балалардыңіс-əрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық түзетушілік | Үнтаспада «Бақытты балалық шақ» əні (музыкасын жазған С.Қалымов,сөзін жазған И.Исабаев)ойналып,балаларға өз беттерінше еркін билеу ұсынылады. Музыка жетекшісі түрлі түсті жалаушалар таратып,балаларды көңілді серуенге шақырады.<br>«Жалаушамен келеміз<br>Біз көңілді жүреміз»,-<br>деп, жалаушаны көтере аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. | Балалар өз қалауларынша би қимылдарын жасап көңіл көтереді.Ұнаған түсінен жалаушалар таңдап алып,балалар тізбектеліп,нық басып жүруге талпынады. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік | «Қазақ маршы» (А.Затаевич) əуеніне «Жалаушамен жаттығу» би қимылдары үйретіледі.Музыка жетекшісі көрсетіп, балалардың бірге қимылдауын қадағалайды. Жаттығудан соң балаларды отырғызып,əн тыңдауды ұсынады.«Жалауша» əні (музыкасын жазған А.Тоқсанбаев,сөзін жазған И.Сапарбаев).<br>Əнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер | Жалаушаны жоғары көтеріп,жеңіл жүреді, тоқтап,екі қолды созып «тербеледі», бір орында айналады. Балалар бар ынтасымен тыңдауға талпынады. Əн шумақтары орындалғанда жалаушаны қозғай жүреді, «бір-екі» деп қосылып айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | бойымен тұрғызады.Әнді орындап,шумақ соңында «бір-екі» деп қайталап, қосылып айтуды үйретеді.<br>«Пойызға біз барайық,<br>Вагоннан орын алайық»,-деп, пойызбен жолға шығатындарын түсіндіреді. Паровоз макетіне жалғастыра орындықтар тізбектеліп қойылады.<br>Музыка жетекшісі «Пойыз» (музыкасын жазған К.Қуатбаев,сөзін жазған Ж.Смақов)әнін орындап,педагог мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды көрсетеді,балалардан қайталауды сұрайды.<br>Ән аяқталысымен «пойыздан»түсіп,балаларды қыдыруға шақырады.«Бақытты балалық шақ» әні үнтаспада қайта ойналып,балаларға екеуден қол ұстасып, «серуендеуге»-зал ішінде еркін жүруге мүмкіндік береді. | Балалар көңілдене «пойызға» отырып, «вагондарға» жайғасады.Орындық –вагондарда отырып,ән қимылдарын бірге жасауға талпынады, «пыш-пыш», «гу-гу» дыбыстарын айтуға тырысады.<br>Балалар қол ұстасып,зал ішінде өз беттерінше «серуендеп» жүреді. |
| Рефлекциялық түзетушілік | Музыка жетекшісі:<br>-Балалар,пойыз қалай жүреді?Паравоз қалай тоқтайды?-деп сұрап, балаларды әңгімеге тартады.<br>-Пойыздың тезірек жүруіне сендер көмектестіңдер,менің сендерге сыйлығым бар!-деп, қатты қағаздан жасалған кішкене жалаушалар береді.<br>«Тізбектеліп тұрайық.<br>Вагондарды құрайық,<br>Енді топқа барайық!»-<br>деп, балаларды шығарып салады. | «Пш-пш», «пух»,-деп пойыздың дауысын салуға талпынады.<br>Балалар сыйлық-жалаушаларды алып қуанады.Қатарға тұрып,тізбектеліп ұстасып,залдан шығады. |

Күтілетін нәтиже:
Білу керек: әнді қосылып айта,ырғақпен қозғалу,қимылдарды қайталай білуі керек.
Игереді: нық басып жүру,ойын шарттарына сай қимылдау.
Меңгереді: жалаушаны ұстап билейді,дыбыстарды қайталап айтады, ойын шартын орындауды біледі.

**Күні: 27.12.2021**

Білім саласы: Шығармашылық
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка
Тақырыбы: «Ормандағы сұр көжек»
Мақсаты: Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күйсезімін ояту.
Көрнекілігі: Ормандағы аңдардың суреті.
Билингвалды комп: Орман – лес.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдер і | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды орманға серуенге шақырады. «Марш»(Е.Андосов)ойналып ,<br>«Біз көңілді баламыз,<br>Орманға бірге барамыз»-<br>Деген кезде екеуден қол ұстасып жүруді ұсынады.Әуен аяқталғанда: «Міне, орманға да жеттік»,- деп тоқтайды.<br>Бұта түбінде отырған қоянды байқап қалғандай,таңданып:<br>-Балалар,қараңдаршы,мұнда отырған не,білесіңдер ме? – деп сұрайды. | Балалар қол ұстасып,көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді.Әуен аяқталғанда тоқтап,жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады.<br><br>Балалар таңыркап,қызыға қарайды. «Бұл қоян»,- деп жауап береді. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік. | -Бұл көңілді сұр қоян.<br>Ойыншық қоянды қолына алып:<br>«Мен қоянмын,қоянмын,<br>Сәбізге мен тоямын.<br>Қыста жейтін азықтыКүзден жинап қоямын»,-<br>дейді.<br>-Балалар,қоянмен бірге секіріп,көңіл көтерейік,- деген ұсыныс айтады.<br>«Қояндар»(Ломова) әуенінің ырғағына билеуге шақырады. | Балалар қоянды көріп қуанады.<br><br>Балалар жеңіл секіріп,қоянның қимылын көрсетуге тырысады.Әуен ырғағына ілесе жеңіл секіріп,көңілденеді.<br><br>Балалар әнді зейін қойып тыңдайды,қызығушылы |

| | | |
|---|---|---|
| | -Жарайсыңдар,балалар! Енді қоянға арнап ән айтып берейін,сендер де тыңдаңдар. «Сұр қоян» әні(музыкасын жазған А.Филиппенко,өңдеген К.Үбанұлы) орындап береді. Әнді екінші рет орындап, балаларды қоянмен бірге билеуге шақырады.Әннің барлық шумақтарында тәрбиеші мәтінге сәйкес қимылдарды көрсетеді, балаларға қайталауды ұсынады.Жетекші орындық артында жасырылған ойыншық түлкіні алып көрсетеді:<br>«Жүрген жері күлкі,<br>Бізге келді түлкі».<br>Түлкінің даусын салып:<br>«Кел сұр қоян,тойлайық,<br>Балалармен ойнайық»,-деп,балаларды ойынға шақырады.<br>«Қояндар мен қу түлкі» ойыны ұйымдастырылады. | қ танытады.<br><br>Балалар жеңіл секіреді,қоянның құлақтарын қолдарымен көрсетеді.<br><br>Түлкіге назар аударып,қызығушылық танытады.<br>Балалар қуана келісіп,көңілді ойнайды.<br>Балалар-қояндар ойынға көңілді қатысады.<br>Түлкіге ұсталмауға тырысады, жеңіл жүгіріп, шығыршықтарға кіріп жасырынады. |
| Рефлекциялық-түзетушілік. | Түлкі-педагог:<br>- Рақмет,балалар! Маған көңілді болды.Қоян-музыка жетекшісі:<br>- Балалар,сендер тез жүгіріп,секіре алады екенсіңдер! Сендер маған ұнадыңдар!Мен сендерге тағы да қонаққа келемін,сау болыңдар!-деп балалармен қоштасады. | Балалар қуанып қол шапалақтайды.<br>Қол бұлғап көңілді қоштасады,қол ұстасып шығып кетеді. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі:әуен ырғағымен секіру,жеңіл жүгіру,би қимылдары қайталап көрсете білу керек.

Игереді: қоян,түлкі кейіпкерлерін ажырата біледі,іс-әрекеттерін көрсете алады, әнің сөзін,әуенін қайталап айтады.

Меңгереді:қосаяқтап секіреді,тез әуенге ілесе жүгіреді,қуып жетеді,ырғақты сезіне аяқтарын топылдатады.

**Күні:       10/13.01.2022**

Білім саласы:  Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:  Музыка

Тақырыбы: Шырша мен ойыншықтар

Мақсаты:Қимыл  қарқынын өзгерте отырып  қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса  отырыпби  қимылдарын  орындау,жануарлардың  би  қимылдарын ұқсату. Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.

Көрнекілігі:  Шыршаның  суреті.

Билингвалды комп: Ойыншықтар-игрушки

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Балалармен  сәлемдесіп, «Шеңбермен  жүреміз», «Жүгіреміз, жүреміз».(Г.Абдрахыманова)әуенді  қимылдарын  қайталап  қарсы  алады.Үстел  үсті театры  арқылы шыршаны және  ойыншықтарды  көрсете отырып, шыршаға  таппақ айтады.<br>Тауда туып,тауда өскен<br>Шырша келді ортаға .<br>Әдемілеп біз ілген<br>Ойыншықтар тізілген. | Балалар амандасады,жайғасады.<br>Балалар шыршаға қарайды,таңғалады.<br>Шыршаны,ойыншықтарын көрсетеді. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | «Қаршағыз бен балалар» (Г.Абдрахманова)әнін қайталауын сұрайды.(Қаршақыздың әуенін қуыршақ Қаршақызды  ұстап айтады.)<br>«Жасыл шырша» (музыкасы К.Қуатбаев,сөзі К.Шалқаров) әнін орындап береді.<br>1-шумағында шыршаны айналады.<br>2-шумағында жақындайды. | Балалар әнді айтуға тырысады.<br>Балалар әнді мұқият тыңдайды.Балалар шеңбермен жүріп тыңдайды.Ортаға жақындайды.<br>Шапалақтауға тырысады. |

| | | |
|---|---|---|
| | 3-шумағында алақанды шапалақтайды,қол көтереді,билеп үйренеді.<br>Жетекші балаларға шыршада ілулі тұрған ойыншықтарды көрсетеді.<br>«Мысық,торғай,күшік,<br>Мынау ілінген қандай ойыншық?»-деп сұрайды.<br>Мысық қалай дыбыстайды?<br>Торғай қалай дыбыстайды?<br>Күшік қалай дыбыстайды?Егер дұрыс дыбыстасаңдар,ойыншықтар ілініп тұрады.Ал дұрыс болмаса, қашып кетеді.<br>«Ойын ойнап көрейік,<br>Жүгірейік, жүрейік,<br>Егер қасқыр ұлыса,<br>Жылдам қашып кетейік»,-деп жетекші үлкен ақ матаны алып, балалардың астына жасырынып қалуын сұрайды.<br>«Ненің даусы?» ойыны.<br>- Қасқыр келгенде алдаймыз, мысық болып мияулаймыз,торғай болып шиқылдаймыз, күшік болып үреміз, - деп,орыннан орынға ауысып, «төмен», «жоғары» дыбыстарды айтқызуға үйретеді. | Ойыншықтарға қарап,жауап береді.<br><br>Мысық<br>Мияу-мияу<br>Шиқ-шиқ<br>Әуп-әуп<br><br>Балалар ілесе жүріп,қасқырдың ұлыған даусын естіп,тығылуға тырысады.<br><br>«Мияу», «шиқ-шиқ», «әуп-әуп» дыбыстарын айтуға талпынады. |
| Рефлекциялық түзетушілік | - Балалар,бүгін сендер әнді тыңдап, дыбыстарды жақсы айтып бердіңдер.Келесі тағы да, ән айтамыз, ойнаймыз. Жарайсыңдар!-деп мадақтайды. | Балалар қуана қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: тыңдайды, төмен, жоғары дыбыстарын білуі керек.
Игереді: жасырынуды, қашуды, алдауды.
Меңгереді: жүгіруді, отыруды, тұруды.

**Күні: 17.01.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы:«Қаршақыз бізде қонақта»

Мақсаты:Музыканы тыңдай білуді таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Есте сақтау қабілетін дамыту, ырғақты сезіну.

Көрнекілігі: Аязата,Қаршақыз.

Билингвалды комп: Аяз ата - дедмороз

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі топқа барып амандасып,балаларды қуыршақ театрына шақырады.Алдын ала педагогпен сабақ барысын жоспарлап дайындайды. Музыка жетекшісі театр ішінде дауыс шығарады.<br>-Балалар!Балалар!Мен келе жатырмын! Сәлеметсіңдер ме, кішкентай достарым! Менің атым-Қаршақыз!<br>-Ой мынау қандай әдемі шырша,ойыншықтарының жалтырауын-ай! (Шырша жанып,айналатын болуы керек.)<br>Қаршақыз:<br>-Кәне,шыршаға шапалақ соғайық,аяғымызды топылдатайық. | Балалар залға кіреді,амандасады.<br>Балалар амандасады.<br>Балалар күледі,қуанады.<br>Жанған шыршаға шапалақ соғады,топылдатады. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік | Қаршақыз:<br>-Балалар! Сендер шырша туралы ән білесіңдер ме<br>«Жасыл шырша» (музыкасын жазған Қ.Қуатбаев,сөзін жазған К.Шалқаров.)<br>-Әнін бәріміз айтайық,ал сендер шеңбермен жүріңдер. Қаршақыз: | Балалар «білеміз» деп,есіне түсіреді,айтуға тырысады.<br>Балалар Қаршақызға қарап,әнді тыңдайды,қайталайд |

| | | |
|---|---|---|
| | - Рахмет, балалар, енді мен сендерге ән айтып беремін,ал сендер тыңдаңдар.<br>Ән «Қаршақыз бен балалар» (Г. Абдрахманова)<br>Қуаршақ- Аязата сөйлеп шығады.<br>- Балалар! Балалар!<br>Айналайын балалар.<br>Өлең, тақпақ айтыңдар.<br>Маған билеп берсеңдер,<br>Сыйлығым бар сендерге!<br>Қаршақыз: Әннің сөзін айтамыз.<br>Аязата, ля-ля-ля!<br>Қайталатады.<br>Музыка жетекшісі балаларды жұппен тұрғызады, билеуге үйретеді.<br>Қаршақыз:<br>- Балалар, сендерге көп-көп рахмет, енді біз орманға кетейік, өйткені жылыдан еріп бара жатырмыз.<br>Аязата:<br>- Қош сау болыңдар! Мен сендерге тағы да келемін, сыйлық әкелемін.<br>Ал сендерге көп қар сыйлаймын,- деп, қар беріп кетеді.<br>«Ойнаймыз,ойнаймыз,<br>Жаңа жылды тойлайыз» | ы.<br><br>Балалар:<br>«Айтамыз,айтамыз,<br>Би де билей аламыз.<br>Кәне,кәне сыйлығың,<br>Алайықшы бәріміз.»<br>Аязата, ля-ля-ля,<br>Аязата, ля-ля-ля.<br><br>Бірге билеп,аяқтарымен,қолдарымен,<br>Қолдарымен қимылдауға тырысады.<br><br>Балалар қарды алып қуанады,ойнауға тырысады. |
| Рефлекциялық түзетушілік | -Балалар,сендерге кім келді?<br>Педагог екеуі «Қарыспақ» ойынын ұйымдастырады,ойнауға үйретеді.<br>-Жарайсыңдар,балалар!-деп мадақтайды. | Аязата Қаршақызбен балалар қол бұлғап қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді есте сақтауды, ырғақтарды сезінуді.

Игереді: шырша, ойыншықтар, қармен ойнауды.

Меңгереді: шеңбермен жұптасып жүруді.

**Күні: 24/27.01.2022**

Білім саласы:Шығармашылық.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка.

Тақырыбы: «Қошақаны қойдың»

Мақсаты: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау. Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру. Ән арқылы үй жануарларының енесін,төлін ажырата білуге үйрету.Есте сақтау қабілетін дамыту.

Көрнекілігі: үй жануарларының топтамасы, қой мен қозының суреті.

Билингвалды комп: Қошақан-ягнёнок.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Көңілді музыка әуенімен музыка залына келеді.Амандасу,шеңбер бойымен бірінің соңынан бірі тізіліп жүреді.Жүгіру,айналу, әуен арқылы тізені бүге қимыл жасату. Балаларға қозы мен қойдың суретін көрсетеді. | Балалар шеңбер бойымен жүреді,жүгіреді,тізені бүгіп,қолды белге ұстап қимыл жасайды. Балалар суретті қызықтайды. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік | -Балалар,біз сендермен ботақан,лақ туралы әндер айтып, ойындар ойнадық.Бүгін сендермен танысуға қошақан келіп отыр.Кәне,бәріміз қайталайық. Қошақан-қойдың төлі.<br>Музыка жетекшісі «Төлдер» әнін орындап береді (музыкасы жазған Б.Бекзатов, сөзін жазған Ө.Өмірбеков).<br>Ән қайта орындалғанда музыка жетекшісі қимылмен көрсетеді. «Қайда қалып қойдың?» деген жерде қолдарын жаяды «Бұлтиып | Балалар қошақан,қой сөздерін қайталайды.<br><br>Балалар әнді тыңдайды.<br>Балалар музыка жетекшісіне ілесіп,қолдарын жайып,бүйірлерін көрсетіп,қимылдар жасауға тырысады. Бала қойдың |

| | | |
|---|---|---|
| | тұр бүйірің» деген жерде іштерін көрсетеді.<br>«Өз анаңды тап»ойыны ойналады.Қалташықтың бірінде жануарлардың бірі,жанында бірнеше төлдер жатады.Бала сол жануарлардың төлін тауып қасына суреттерін қою тиіс. Ойын басқа жануарламен қайталанады. | жанына қозының суретіне қоюға тырысады және атын атайды. |
| Рефлекциялық-түзетушілік | Өн сендерге ұнады ма? Қорытындылау,балаларды,бағалу, мадақтау. | Балалар көңілденіп, топтарына тарайды. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарлары-қой мен қозының атын атай білу керек

Игереді:жануарлардың  төлдерін атай білуді игереді.

Меңгереді:музыкаға ілесіп әннің қимылдарын көрсетуді меңгереді.

**Күні:31.01.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Жайлауда»

Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді , таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білудіқалыптастыру. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру, музыкалық қабілеттерін дамыту.

Көрнекілігі: Үй жануарларының суреті.

Билингвалды компонент: Үй жануарлары – домашные животные

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотвациялық - қозғаушылық | Ортада дөңгелек үстел жанында әже отырады, айналасында жайылып жүрген ойыншық малдар. Жайлаудың көрінісін бейнелеу.<br>- Балалар, біз бүгін жайлауға барамыз, әжемізді сағындық, әрі үй жануарларымен танысып қайтамыз. | Балалар әдемі әуенмен әжелеріне жолға шығады. Ұзақ жол жүріп әжелеріне жетеді. Амандасады. |
| Ұйымдастырушылық - ізденістік | - Балалар, біз әжеге қонаққа келдік. Әже, үй жануарларыңызбен біздің балаларды таныстырыңызшы. Әрбір жануарлардың аттарын және олардың төлдерін балалрдан сұрайды. Музыка жетекшісі әрбір жануарға арналған әнді айтады. Балалар ән мәтінін тыңдай отырып, сол жануарларды табуы тиіс<br>Әже балаларға ойын ойнауды ұсынады.<br>Дидактикалық ойын: «Өз төліңді тап». Әже жануарларды | Балалар үй жануарларының аттарын атайды. Төлдерін атап, қалай дыбыс шығаратынын дыбыстайды. Ән мәтініне сәйкес қимылдар жасайды. Балалар әрбір жануардың төлдерін өз орындарына дұрыс табуға әрекет жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | өз төлдерінен бөліп, араластырып жібереді. Әр жануарлардың жанына өз төлдерін тауып қоюды сұрайды. | |
| Рефлексиялық - түзетушілік | Балаларға әже ризашылығын жеткізеді. Жиі келіп тұруларын сұрайды. Балаларға мақтау сөздер айтады. | Балалар әжелеріне рақмет айтып, көтеріңкі көңіл күймен үйлеріне қайтады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін білуі керек.

Игереді: үй жануарларын, төлдерін бір-бірінен ажырата білуді игереді.

Меңгереді: үй жануарларының қимылдарын әуенмен жасауды меңгереді.

**Күні: 07/10.02.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы : «Күн мен Жаңбыр»

Мақсаты: ән айтуды уақытныда бастап, аяқтау; алға шығып немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау. Ойы арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу.

Көрнекілік: Күннің суреті

Билингвалды комп:. Күн – Солнце, жаңбыр – дождь.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз» қимылды қзғалысымен жүруді ұсынады. Тәрбиеші күн шуағын көрсетеді.<br>Жетекші әндете:<br>*«Күннің көзі күлімдеп,*<br>*Бізге қарай ашылды.*<br>*Жылуымен жылытып,*<br>*Шуақтары шашылды».* | Балалар қатармен келіп тұрады.<br><br>Күнге қарап, әуенді көңілдене тыңдайды. |
| Ұйымдастыру-шылық - ізденістік | Жетекші әндете:<br>- Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар? Кәне, бәріміз Күнге жақындап тұрайық. (Жетекші бұлт суретін шығарады).<br>Үнтаспадан күннің күркірегені, жаңбыр тырсылы естіледі.<br>- балалар, мен сендерге «Балалар мен жаңбыр» әнін (Г.Абдрахманова) айтып берейін.<br>Ән мәтініне сай қимыл-қозғалыстар жасауды ұсынады.<br>- балалар, сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. | Балалар жауап береді.<br><br>Балалар жаңбыр даусын естіп, таңғалады. Әнді ынталана тыңдайды. Балалар шеңберге тұрып, қимылдарды мәтінге сай жасауға тырысады.<br><br>Ойынға көңілдене қатысады. Көңілді әуенге қуана секіреді, |

| | | |
|---|---|---|
| | Көңілді әуен ойналғанда, секіріп ойнауды, ал күн тығылып, бұлт шыққанда отырып қалуды ұсынады.<br>(Екі қолын жоғары көтеріп түйістіріп шатыр жасауға немесе қолшатырды пайдалануға болады).<br>«Жапырақтар»(Г.Абдрахманова) әнін қайталап айтуға шақырады.<br>«Күн» (М.Т. Потапенко) (Көңілді шығарма).<br>«Жаңбыр» (музыкасы Ә.Телғозиев) әуенін тыңдай жүріп ойнауға үйретеді. Ойынды бірнеше рет қайталауды ұсынады. | жаңбыр даусы естілгенде қолды жоғары көтеріп түйістіруге тырысады, жасырынуға талпынады.<br><br>Балалар әнді еркән қимылдап айтуға талпынады.<br><br>Балалар тыңдап, ойнауға тырысады. |
| Рефлекциялық Түзетушілік | - Балалар, Күн шуағы сендерге қуанып, келесі жолы тағы да келіңдер деп шақырып жатыр. Кәне, Күнмен қоштасайық. Сендер бүгін көңілді әуен тыңдап, өте жақсы ойын ойнадыңдар, - деп мақтайды. | Балалар Күнге қол бұлғап, көңілді қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі:музыканы тыңдау, көңілді, көңілсіз әуенді сезіне ажырата білуі керек.

Игереді:музыканы тыңдап, ойын шартын бұзбай, мәтінге сай қимыл жасап, ілесе айтуды игереді.

Меңгереді:көңілді әуенге секіруді, жүгіруді, музыка өзгерген кезде жасырынуды меңгереді, дағдыланады.

**Күні: 14.02.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы : «Көңілді пойыз»

Мақсаты: Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.

Көрнекілігі: паровоз макеті, ойыншық қоян,қонжықтың үйшігі.

Билингвалды компонент: көңілді пойыз – веселый поьезд

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Үнтаспада «Қуырмаш» әні ойналып, музыка жетекшісі балаларды қарсы алады.<br>- Балалалар, біз бүгін қоңыр қонжыққа қонаққа барамыз. Қонжық алыста, орманда тұрады,- деп түсіндіреді.Орманға жету үшін мына «Көңілді пойызға» отырайық, - деп паровоз макетін көрсетеді.<br>«Пойымызға біз барайық,<br>Вагоннан орын алайық», - деп «вагондарға» - тізбектелген орындықтарға<br>Жайғасуларын сұрайды. | Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді.<br>Әуен аяқталғанда тоқтап, Жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады. Қуана келісіп, «вагондарға» кіріп, жайғасып отырады. |
| Ұйымдастырушы-лық - ізденістік | *«Ал паровоз бастайды,*<br>*Пыш- пыш, пух- пух,*<br>*Ән айтып біз қостайық.»,*- деп, «Пойыз» (К.Қуатбаев, Ж.Смақов) орындайды.<br>Балаларда орманға келеді.Жетекші ойыншық қоянды ұстап тұрып:<br>*«Мен қоянмын, қоянмын,*<br>*Сәбізге мен тоямын.*<br>*Қыста жейтін азықты,*<br>*Күзде жинап қоямын,* - дейді. | Балалар «пыш-пыш», «пух-пух» сөздерін қайталауға тырысады.<br>«Вагондарда» отырып,қимылдарды қайталауға тырысады.<br><br>Балалар қоянды ұстап,сипап көреді.<br>Балалар жеңіл секіріп, қоянның қимылын |

| | | |
|---|---|---|
| | - Балалар, сұр қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік- деп, ұсынады.<br>«Сұр қоян» (А. Филипенко, сөзі Қ.Үбанұлы) орындалып, балаларға би қимылдарын көрсетулерін сұрайды.<br>«Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбай)<br>Аю:<br>*« Мен аюмын қорбаңбай,*<br>*Қимылмаймын қорбаңдай.*<br>*Омартаны көрген*<br>*Бас қоямын ойланбай».*<br>(А.Асылбеков)<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар?<br>Жетекші балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады.<br>Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға щақырады.<br>*«Қонжық және қоянмен»*<br>*Ойын ойнап күлейік,*<br>*Достарымыз қуансын,*<br>*Тату болып жүрейік»,* - деп, «Қояндар мен аю» ойыны ұйымдастырылады. | жасайды.<br>Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, қызығушылық танытады.<br><br>Балалар қуана аюмен амандасады.<br><br>Аю қимылдарын қайталап,«қорбаңдай» жүреді, бір орын да айналады.<br><br>Әуеннің ырғағына сәйкес қимыл-қозғалыстарды орындауға тырысады. Бірге қуанады. |
| Рефлекциялық<br>Түзетушілік | Музыка жетекшісі балаларға «Көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді.<br>Әуен ырғағымен «пойыз» әні қайтадан орындалады.<br>- Біз қандай көлікке отырдық? Паровоз қалай жүреді екен?<br>Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады. | Балалар пойызға «отырып», жолға шығады.<br><br>Балалар сұрақтарға жауап беруге талпынып, әңгімеге қосылады.<br>Қуанып қол шапалақтайды. Қол бұлғап, қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: паровоз, пойыз туралы ұғынып, білуі керек.

Игереді:пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білу, бірге қуану, риза болу.

Меңгереді:сөздерді қосыла айту, қайталау, ойыншық кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын жасап көрсету (қосаяқтап секіру, әуенге тез жүгіру, қорбаңдап жүру)

**Күні:21/24.02.2022**

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған  оқу  қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Кел, билейік»

Мақсаты: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Ән – әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналауға дағдылану, көтеріңкі көңіл күй сыйлау.

Көрнекілігі:Бишілердің  суреті.

Билингвалды комп:Би - Танец

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы-лық | Музыка жетекшісі балаларға сандықшаға салынған түрлі түсті орамалдарды ұсынып, таңдап алуға мүмкіндік береді.<br>«Келіңдер, келіңдер,<br>Шеңбер құрып беріңдер!» - деп балаларды дөңгелене тұруға бейімдейді.<br>«Орамалмен билейміз» әні.<br>Орамалды оң қолға ұстауды, жоғары көтеруді, қозғауды, бір орында айналуды көрсетіп, қайталауды талап етеді.<br>«Қызыл, жасыл, сары, көк,<br>Орамалды алайық,<br>Қолды көкке созайық,<br>Қозғап, қозғап қалайық!» - деп, әндетіп, әуенге ілесе би қимылдарын орындауды сұрайды. | Балалар өздері ұнатқан түстегі орамалды таңдап алады.<br><br>Көңілді әуен ырғағымен шеңбер бойымен тез тұруға әрекет етеді.<br><br>Орамалдарды ұстаған қолдарын төмен түсіреді, көтереді, бір орында тұрып айналады.<br><br>Орамалды ақырын қозғайды. Тез-тез қозғайды. |
| Ұйымдастыру-шылық – ізденістік | Балалар көңілді әуенге ілесе, орамалдармен би қимылдарын жасайды. Би соңында жетекшісі:   «Орамалды аламыз, | Орамалды көтере айналады, бір орында тұрып тербеледі.<br>Балалар жүгіріп келіп, орамалдарды |

| | | |
|---|---|---|
| | Сандықшаға саламыз», - деп сандықшаға орамалды жинайды. Музыка жетекшісі бұрышта тұрған үйшікті көрсетіп:<br>- Қандай әдемі үйшік! Мұнда кім тұрады екен? – деп ақырындап барып үйшікке жақындап, үйшік есігін қағып, «Мұнда кім тұрады?» - деп сұрайды.<br>- балалар, шапалақтап дыбыстайық, мүмкін естіп, шығатын болар, - деп ұсынады.<br>– енді аяғымызды қатты топылдатайық.<br>Үйшәк терезесінен педагог Меруерт қуыршақты көрсетіп:<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар? – деп амандасады.<br>Музыка жетекшісі әдемі қуыршақты бірге ойнауға шақыруға ұсыныс жасайды. Қуыршақ «қуана келісіп», балаларға қосылады.<br>«Полька» (Ю.Слонова) орындалады. Музыка жетекшісі немесе педагог қуыршақтың қолдарын қозғап, шапалақтап, айналып, балалармен бірге «билетеді». | сандықшаға салуға тырысады.<br><br>Үйшікке таңырқап, қызыға қарайды. Үйшікке ақырын басып жақындайды. Үйшіктің жанына келіп, қатты шапалақтайды. Қуыршақты көріп, балалар қол шапалақтап қуанады. Аяқтарын көңілдене топылдатады. Балалар қуыршақпен амандасады. Ортаға шығып, шеңберге тұрады. Екеуден тұрып айналады, тербеледі, аяқтарын топылдатады, шеңбер бойымен жүреді. |
| Рефлекциялық-Түзетушілік | Би аяқталысымен Жәмила-қуыршақ:<br>- балалар! Сендер әсем билейді екенсіңдер. Маған өте көңілді болды! Сау болыңдар, балалар! – деп иіліп қоштасады | Балалар қуана қол шапалақтайды. Көңілдене қол бұлғап қоштасып, шығады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді тыңдап, әсер алу, ырғақты сезіне білуі керек.

Игереді: қуыршақпен қызығушылықтары артып, көпке ілесуді игереді.

Меңгереді: ән мәтініне сәйкес іс-әрекеттер көрсетеді, екеуден айналады, орамалмен би қимылдарын жасайды.

**Күні:28.02.2022**

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің әжем»

Мақсаты: музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.

Көрнекілігі:Әженің суреті

Билингвалды комп: Менің әжем – Моя бабушка

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. Әже немересіне қарап тұрған суретті көрсетеді. Өлең оқиды:<br>«Еркем әнім, ертеңім,<br>Елжіреткен көркемім.<br>Ертеңіме ертегі<br>Шежіремді шертемін», - деп әжесі немересіне өлең оқып беріпті. | Балалар амандасады, отырады.<br><br>Балалар өлеңді тыңдап, әже суретіне қарайды. |
| Ұйымдастыру-шылық – ізденістік | Музыка жетекшісі:<br>- Ал балалар, балалар,<br>Шеңберге тұра қойыңдар.<br>«Кел балақан» әнін айтып,<br>Қайталайық, балалар.<br>(Қаңтар айындағы әнді қайталауға ұсынады.)<br>Әже қолындағы қоржынымен кіреді.<br>- Амансыңдар ма, балаларым! Мен сендерге «Наурыз келді» (музыкасын жазған Н. Дүкенбаев, сөзін жазған Қ. Смағұлов) әнін орындап берейін, ал сендер тыңдаңдар. Музыка жетекшісі әнді қосыла айтып, бірге ырғақпен | Балалар ілесе шеңберге тұрып, «Кел, балақан» әнін қуана айтуға тырысады.<br><br>Балалар орындарынан тұрып амандасады. Отырып тыңдайды. Балалар әнге қол шапалақтайды, сөздерін әнімен қайталайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | шапалақтауды ұсынады, «далама, қалама, балама» сөздерін қайталауды үйретеді.<br>Әже:<br>- Балаларым, балғындарым, тағы қандай өнерлерің бар?<br>Музыка жетекшісі:<br>- Біздің ұлдарымыз «Шабандоз» биін үйренгісі келеді, - деп билеуді ұсынады, үйретеді.<br>Әже:<br>- онда қыздарым маған келсін, мен оларға «Қамажай» биін үйретейін. Ал енді менің қоржынымда не бар екен, өздерің алып көріңдер. | Балалар билегісі келгенін көрсетеді, шабады, қамшыны ұстауды, орындыққа отырып шабуды үйренеді.<br>Қыздар әженің қасына отырып қимылдап, қолмен басымен иілуді үйренеді. |
| Рефлекциялық-Түзетушілік | Әже:<br>- Мен сендерге қазан алып келдім, асықтарыңды қазанға салыңдар, әуенмен шабасыңдар, тоқтағанда бір бірден аласыңдар.<br>- Сау болыңдар, сендер жақсы биледіңдер, ойнадыңдар, менің «Наурыз келді» әнімді қайталап жүріңдер. Музыка жетекшісі балалардың жақсы қатысқанын айтып мақтайды. | Балалар кезекпен өз қолдарымен асықты шығарады.<br><br>Балалар жақсы қатысып, көңіл күйлері көтеріледі.<br>Балалар әжемен қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі:әуенді қайталауды, тыңдауды, әнді айтуды.

Игереді: қамшы ұстауды, асық алуды, салуды.

Меңгереді:шабуды, орнына отыруды, қолдарымен қимыл жасауды.

**<u>Күні:05/10.03.2022</u>**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Әжем келді ауылдан»

Мақсаты:Ән  айтуды  уақытында  бастап  аяқтау. Әже арқылы балаларға наурыз туралы мәліме беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.

Көрнекілігі:дөңгелек үстел, ұлттық тағамдар, қазақы үй жабдықтары.

Билингвалды  комп:Әже – бабушка.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка залында дөңелек үстел жанында әже балалады көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады.<br>Халық әні «Еркем ай».<br>«Жайдарымыз бәріміз,<br>Дастарқанда дәміміз.<br>Көжесі көп, қыры көп<br>Қандай жақсы наурыз!» | Балалар музыка әуенімен залға кіріп, дөңгелек үстел жанына жайғасады. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік | - Балалар, мен сендерге әдейі ауылдан келдім, бүгін – мереке. Міне, дастарқан қазақтың ұлттық тағамдарына толы: бауырсақ, құрт, жент, ірімшік.<br>Әже ән орындайды.<br>«Наурыз – біздің жаңа жыл» (музыкасы мен  сөзін жазған Ж. Қалжанова).<br>- наурыз мерекесі болғанда күн жылынады, ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырады, малдар төлдейді. Ал енді | Балалар  әженің әңгімесін тыңдайды. Тағам аттарын қайталап айтуға тырысады. Бауырсақ, құрт, ірімшік, жент сөздерін әлдерінің келенінше қайталауға әрекет жасайды. Балалар әнді тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | барлығымыз орнымыздан тұрып, осы әнге қимылдар жасайық.<br>1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс.<br>Қайырмасында әже қол шапалақтайды.<br>Балалар да әжеге қосылып, қол шапалақтауға тырысады.<br>2-шумағы орындалғанда әже балалармен біре қол ұстасып, кіші шеңбер жасайды, одан кейін шеңбеді үлкейтуін сұрайды.<br>Қайырмасында тоқтап, балаларға қол шапалақтауды ұсынады. | Әжемен бірге шеңбе бойымен қол ұстаса жүреді.<br>Балалар қол ұстасып ортаға жиналады, кері қарай шеңберді кеңейтіп қимылдар жасайды. Қол шапалақтайды. |
| Рефлексиялық түзетушілік | «Бәйге» ойыны.Балалар кезекпен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады. Әже балаларға ризашылығын білдіреді. | Атпен шауып келе жатқан кейіп танытып, жарысуға тырысады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Наурыз мерекесі туралы мәліметтерді.

Игереді: наурыз, ұлттық тағам түрлері туралы түсініктерді игереді.

Меңгереді: атқа мініп жарысу дағдыларын меңгереді, шеңберді кішірейту, кеңейтуді (қол ұстаса алға адымдау және кері жүру).

**Күні: 14/24.03.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

ҰйымдасТырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әлди- әлди, ақ бөпем»

Мақсаты: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын таныстыу. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстардыайтуға дағдыландыру.

Көрнекілігі: бесік, бөпе- қуыршақ, сылдымақтар.

Билингвалды компонент: Бөпе – ребенок.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды қолындағы қуыршақ бөпесімен қарсы алады, амандасады. Бөпе ұйықтап жатыр екен. Музыка жетекшісі: «Шеңбермен жүреміз» жаттығуын бастайды.<br>- Балалар, біз қазір жаттығуды «бәсең» дыбыспенжүріп жасаймыз, өйткені бөпеміз оянып кетеді. (Әлдидің жылаған даусы кетіледі)<br>- Балалар, біздің бөпеміз оянды «көтеріңкі»<br>дыбыспен жаттығуымызды жасайық. | Балалар келеді,амандасады.<br><br>Балалар «Шеңбермен жүреміз» жаттығуын «бәсең» дыбыспен айтыпжасауға тырысады.<br>Бөпе оянғанда «көтеріңкі» дыбыспен жаттығуды қайталауға тырысады. |
| Ұйымдастырушылық- ізденістік | - Балалар, енді бөпемізді бесігімізге жатқызайық, оның ұйқысы келіп тұр.Ал сендер бесік жырын тыңдадыңдар. Халық әні «Құлыным».<br>(Р.Рымбаева. «Сезон» А.А.Қ 2003ж)<br>- Балалар,сендерге ән ұнады ма?<br>- Олай болса орнымыздан тұрып, «Сылдырмақ»әнін | Балалар бесікке қызығақарады. «Бесік жыры»әнін тыңдады.<br><br>Балалар сұраққа жауапберуге тырысты. |

| | | |
|---|---|---|
| | қайталайық.Қолдарына сылдырмақтыалып, билейді.Балалар әнді бірінші «бәсең»айтамыз, өйткені бөпеміз оянып кетпесін. Ал балалар бөпемізде оянып кетті, енді «көтеріңкі»дауыспен айтамыз, бөпемізді жұбатайық.<br>- Балалар жаңа кім жылады? Кәнеки, бөпемізге «Қуыршағым-ай» биін билепберейікші. | Сылдырмақты қолдарына алып, «сылдыр-сылдыр сылдырмақ» деп қайталайды. Әнді «бәсең»немесе «көтеріңкі»дауыспен айта білді.Би биледі |
| Рефлекциялық Түзетушілік | - Балалар сендер бөпені жақсы жұбаттыңдар,сендерге көп- көп рахмет. Келесі жолы жақсы билеп,ән айтсаңдар, бізге көп ойыншықтар келу мүмкін, -деп мадақтайды. | Балалар көңілденіп, шаттанып, қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, еске түсіруді, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды.

Игереді: әлдилеулді, сылдырмақты ұстауды, қуыршақты ұстауды.

Меңгереді: шеңбер жасауды, отырып – тұруды, жүгіруді, музыкамен билеуді.

**Күні: 28.03.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Бесік жыры»

Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Бесік жыры арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру.

Көрнекілігі: қуыршақ,бесік, бала тербеткен ана.

Билингвалды компонент:Бесік жыры – колыбельная песня

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Жетекші балаларды «Әлди-әлди, ақ бөпем,ақбесікке жат бөпем»,- деп бесікті тербетіпәндете қарсы алады. Бесікте кішкентай қуыршақ жатады. «Бесіктегі бала ұйықтайын депжатыр»,- деп,тыныштық сақтауларын сұрайды. Әлди,әлди, бөбегім,<br>Ақ бесікке бөледім.<br>Ай мен күнге теңедім.<br>Ақтарылған өлеңім. | Балалар баяу дауыспен әнде тіп отырған ананың жанына жай жүріспен келіп жайғасады. Амандасады.<br><br>Балалар бесікте жатқан сәбиге қарап қызығады. |
| Ұйымдастыру-шылық-ізденістік | Жетекші балаларға бесікті тансытырып, кішкентай бөбектер ұйықтар алдында «әлди-әлди»<br>деп бесік жырын айтып ұйықтататынынмәлімет береді.<br>«Ұйықта, бөпем»<br>(Қ.Шілдебаев,А.Асылбек)<br>Бала ұйықтаған кезде дауысты көтермей,жәйсөйлеу керектігін түсіндіру.<br>«Қуыршақпен ойын»<br>Балаларға ойыншықты беріп, | Балалар әнді тыңдайды.<br>Бесікті кезек – кезек тербетіп,жәй дауыспен «әлди - әлди» деп сәбиді ұйықтатуға талпынады. Балалар тыныштықсақтап, сыбырлай сөйлеп, көп<br>қимыл жасамайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | олардан қуыршақты ұйықтатуын сұрайды.Музыка аяқталғанда алдарына жатқызады.<br>«Ойын» музыкасы ойналғанда балаларқуыршақпен көңілдене билеуі керек.<br>Ойын 2 – 3 рет ойналады. | Балалар қуыршақты алдарына алып,әлдилейді.<br>Музыка өзгергенде балалар куыршақтарын көтеріп, бірге Билеуге әрекет жасайды. |
| Рефлекциялық Түзетушілік | Бүгін кімді ұйықтаттыңдар?<br>Қуыршақ ұйықтағанда қалай әндеттіңдер?<br>Қорытындылау,балаларды мадақтау. | Балалар жауап беруге тыры-сады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бала ұйықтар алдында «әлди – әлди» әні орындалатынын білуі керек.

Игереді:«бесік»,«қуыршақ»,«әлди – әлди» деген сөздердің мағыналарын игереді.

Меңгереді:қуыршақпен билеуді, ұйықатуды, бесік тербету дағдыларын меңгереді.

**Күні: 04.04.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Көктем гүлі көрікті»

Мақсаты: музыка сипатына сәйкес қозғалады, музыка басталғаннан қимылдарды бастай алады. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасауға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру.

Көрнекілігі: автобус макеті, себетке салынған қауырсын гүлдер, қолшатыр, «жаңбыр тамшылары» - көгілдір лента ілінген таяқшалар.

Билингвалды  комп: Көктем – весна.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды себет толы әдемі көктем гүлдерімен қарсы алады. Балаларға гүлдерді таратып береді.<br>«Гүлді ұстап көрейік,<br>Ақырындап жүрейік», -<br>деп, өз еріктерімен гүлдерді ұстап, қызықтап көруге мүмкіндік береді.<br>Музыка жетекшісі «Көктем гүлдері» биінің қимылдарын көрсетіп, балаларға қайталап, бірге билеулерін сұрайды. Би соңында балаларға гүлдерді жинап, себетке салуды ұсынады. Жетекші балалардың назарын далаға, күн нұрына аударып, көңілді дауыспен: | Балалар гүлдерді қуана алып, қызықтап қарайды, таңданады.<br>Балалар шеңбер бойымен тұруға машықтанып, билеуге дайындалады.<br><br>Көрсетілген би қимылдарын қайталап жасауға талпынады. Балалар жүгіре басып гүлдерді себетке салады. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік | - Балалар, қараңдаршы далаға,<br>«Күннің көзі ашылды,<br>Алтын нұры шашылды!» -<br>деп балаларды үнтаспадағы | Балалар көңілденіп, әуенге еркін қимылдап, билеуге талпынады. |

| | | |
|---|---|---|
| | көңілді ырғаққа билеуге шақырады. Тербелу, секіру, екеуден қол ұстасып айналу қимылдарын көрсетіп, балалардың іс-әрекеттерін бақылай жүреді.<br>Үнтаспада күннің күркірегені, жаңбыр тамшыларының дыбысы естіледі.<br>«Жаңбыр жауды себелеп<br>Дала қандай керемет!» -<br>деп, қолшатырды ашады.<br>«Қолшатырға қаш-қаш,<br>Аяғыңды бас-бас!» -<br>деп, балаларды қолшатыр астына жасырынуға шақырады.<br>Бұл кезде жетекші жаңбыр тамшыларын бейнелеп, «тамшы»- таяқшаларды қозғай зал ішінде жеңіл жүгіреді.Ойынды 2-3 рет қайталауға болады.Ойын соңында:<br>«Күннің көзі ашылды,<br>Жаңбыр жауып басылды!»<br>- енді қалада көлікпен қыдырайық, - деп автобус макетін көрсетіп, «көлікке – автобусқа жайғасып отыруға шақырады.<br>Жетекші «Көлікке мінеміз» ойынын ұйымдастырады.<br>«Машина» әнін (музыкасын жазған К. Қуатбаев, сөзін жазған Т. Тұяқбаев) орындап, «бип-бип» сөздерін қосыла айтуға үйретеді. | Бір орында тұрып айналады, секіреді. Қол ұстасып айналып, тербеледі.<br><br>Жаңбыр даусы мен күннің күркірегенін естіп, таңғалады. Қолшатырға асыға жүгіріп, тығылуға тырысады.<br>Балалар көңілдене ойнап, қуанады.<br><br>Көңілді әуенді тыңдап, билеуге, жаңбыр дауысын естігенде қолшатырға жасырынуға машықтанады.<br>«Автобусқа» көңілдене жайғасады.<br>Балалар әннің мазмұнына сай қимылдар жасап, «бип-бип» сөзіне қосылуға тырысады.<br>Ойынды көңілді қабылдап, бірге қуанады. |
| Рефлексиялық түзетушілік | - Балалар, сендерге жаңбыр ұнады ма? Жаңбыр қалай жауады? Күн қайда? Бүгін бәрің де жақсы билеп, ән айттыңдар, ойнадыңдар, жарайсыңдар! – деп мадақтайды. | Шамалары келгенше жауап беруге тырысады. Балалар қол шапалақтап, қуанады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуен ырғағын сезіну, әнге қосыла айта білуі керек.

Игереді: «гүлдер әдемі, жаңбыр жауады, күн жарқырайды» түсініктерін ұғынады.

Меңгереді: гүлдерді ұстап, әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын жасайды, қолшатырға жасырынуды, көлікке отыруды меңгереді.

**Күні:11/14.04.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Лағым»

Мақсаты:музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.Жеңіл музыка әуеніне ілесіп лақтың қимылын, жасауға дененіжеңіл ұстауғаүйрету.Жануарлардың қимылын,дыбысталуын музыка үніне ілесе жасауға дағдыландыру.

Көрнекілігі:үй жануарларының суреттері, ойыншық лақ, ойыншық күшік.

Билингвалды комп:лақ - козленок

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды музыка әуенімен қарсы алу. Музыка әуеніне сәйкес қимылдар жасайды. Жеңіл әуенмен секіру. Музыка тоқтағанда қимылды тоқтату. Балаларды ойыншық лақ күтіп алады.<br>«Жалт-жұлт етіп, лақ,<br>Жағалайсың құрақ.<br>Секірем деп бірақ<br>Қала көрме құлап».<br>(А. Асылбек) | Балалар әуенге ілесіп қимылдар жасайды. Әуеннің ауысуына лайық қимыл жасауға талпынады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | - Балалар, сендерді ақ лақ күтіп отыр. Лақ – ешкінің төлі. Бәріміз «лақ» деп айтайық. «Лақ» (музыкасын жазған Д. Ботбаев, сөзін жазған А. Асылбек).<br>Әнді мұқият тыңдаймыз. | Балалар лаққа жақындап, танысады. «Лақ», - деп қайталайды. Балалар әнді тыңдап, ойыншық лақты қызықтайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Музыка жетекшісі ойыншық лақты қолға ұстап отырып әнді айтады. «Шұнақпын» деген сөзді айтқанда құлағын көрсетеді.<br>«Мә-ә» сөздеріне мән бере айтады. Әнді қайталап айтқан кезде «селтеңдеген» деген секіріп деген мағынаны білдіретінін, «шұнақпын» дегені – құлағы кішкентай екенін түсіндіреді. «Мә-ә» деген сөзді алдымен ойнап, анасы мен төлін ажыратуға үйретеді.Қазір бәріміз музыка үнімен лақ болып секірейік. Лақ кішкентай болғандықтан, қорқақ келеді. Байқаусыздан күшік шыға келсе, секеңдеп қаша жөнеледі.<br>«Лақ пен күшік» ойыны.<br>Бәріміз музыка ырғағымен жеңіл секірейік. Күшік алдын ала дайындалған үйшігінде тығылып отырады. Тәрбиеші музыка өзгергенде күшік болып балаларды қуады. Музыка жетекшісі күшікке жақындап: «Лақтар кішкентай, қума» деген ескерту жасайды. | Балалар әнге ілесе қимылдар жасайды, секіреді, «мә-ә» сөзін қайталайды. Жуан «мә-ә» дыбыс анасынікі, жіңішке «мә-ә» дыбысы лақ екенін айтады.<br><br>Балалар музыка әуеніне ілесе барынша жеңіл секіруге тырысады. Күшік дауысын естіген сәтте қашуға әрекет жасайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | - Бүгін біз лақ туралы ән айттық, лақ болып ойнадық, күшіктен қаштық. Бәрің жақсы ойнадыңдар. | Балалар көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін атай білуі керек. Дыбыстарын ажырата білулері керек.

Игереді: музыка үніне сәйкес секіруді, ырғақты сақтауды игереді.

Меңгереді: музыка әуенін ести отырып қаша білуді, төлдерді атай білу дағдыларын меңгереді.

**Күні: 18.04.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Санамақ»

Мақсаты: әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу. Дене мүшелеріне қатысты қолдың саусағын санауды әрі атай білуді үйрету. Оны музыка үніне қосып айтуға дағдыландыру.

Көрнекілігі:  Қолдың суреті, саусақтар.

Билингвалды  комп:Санамақ – читалка.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка залына көңілді музыка әуеніне қосылып балалар кіреді. музыка жетекшісінің көмегінсіз әуенге сай қимылдар жасайды. Жаңадан әуенге ілесіп аяқтың өкшесін кезек-кезек қойып би қимылын жасауы тиіс. | Балалар музыкамен залға кіреді. Шеңбер бойында қимылдар жасайды. Тізені бүгіп, қолды белде ұстап қимыл жасайды. Жаңадан аяқтың өкшесін еденге қойып, кезек-кезек ауыстыруға тырысады. |
| Ұйымдас-тырушылық-ізденістік | Музыка жетекшісі балаларға қолдың суретін көрсетіп, ондағы саусақтармен таныстырады. Балалардан қолдарын көтеріп, саусақтарын көрсетуін сұрайды. Өзі саусағын көрсетіп, саусақтардың аттарын айтады. Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек. Енді осы саусақтарын көрсете отырып әндетеді. «Нешеуміз?» (музыкасын | Балалар музыка жетекшісінің соңынан қолдарын көрсетеді, саусақтарын жыбырлатады. Әрбір саусақтарын атауымен көрсетуге тырысады.<br><br>Әнді тыңдайды. Әннің |

| | | |
|---|---|---|
| | жазған А. Тоқсанбаев, сөзін жазған Е. Өтетілеуұлы). Музыка жетекшісі әнді айтып береді. Ән қайталанғанда балалармен бірге қимылмен айтады. Отбасы мүшелерінің суретін көрсетіп, саусақтарымен санап, әннің отбасы мүшелеріне тиісті саусағымен қимылдар жасауы тиіс. «Нешеуміз?» деген сұраққа «бесеуміз» деп жауап берулерін талап ету керек. | мәтініне сәйкес қимылдар жасайды.<br><br>«Папам, мамам, ағам, мен, сен» деген сөздер қайталанғанда қосылып айтуға тырысады. Балалар отбасы мүшелерін атап беруге талпынады.<br>«Бір үйде біз бесеуміз» деген сөзге бес саусақтарын көрсетеді. |
| Рефлексялық – түзетушілік | Енді барлығы орындарынан тұрып, «Құрсау-құрсау» ойынын ойнайды. Шеңбер жасап үйренуге талпынуы керек.<br>Әннің мәтіні бойынша шеңберді кішірейтіп, үлкейтіп, отырып, қимылдар жасауы тиіс.балалардың қимылдарын атап өту, мақтау, мадақтау, қорытындылау. | Балалар шеңбер бойымен қол ұстасып жүреді. Отырып-тұрып қимылдар жасауға талпынады. Әсем әуенмен топтарына тарайды. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: саусақтарын көрсетіп, санай білуі керек.

Игереді: саусақтың аттарын атай білуді игерді.

Меңгереді: отбасы мүшелерін санауды, саусағымен үйлестіре санауды меңгереді.

**Күні:25/28.04.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Ботақан»

Мақсаты: Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан- жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету.

Көрнекілігі. Үй жануарлары, олардың төлдері.

Билингвалды компонент:. Ботақан – верблюжонок

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық -қозғаушылық | Көңілді музыка әуенімен балалар музыка залына келеді.Шеңбер бойымен жеңіл музыка ырғағына ілесіп жүгіреді.Қолды жоғары көтеріп,буынынан қозғалтады(фонарик),орындарында тұрып айналады.Көтеріңкі көңіл күймен музыка жетекшісі өлең оқиды.<br>«Айналайын ботам,<br>Қандай күлте жотаң,<br>Табандарың жалпақ,<br>Иіліп тұр мойының,<br>Қанбайды екен ойының,<br>Тостағандай көзің,<br>Әдемісің өзің».<br>(Қ.Мырза Әли) | Балалар көңілді әуенмен шеңбер бойымен жүреді,жүгіреді. Балалар қолдарын буынынан қозғалтып,орындарында тұрып айналып қимылдар жасауға тырысады. |
| Ұйымдастыру-шылық-ізденістік | -Балалар,сендер бүгін қонаққа түйенің төлі бота келіпті(суретін көрсетеді).Қараңдаршы,қандай сүйкімді,көзі үлкен, мойны ұзын. Түйенің баласын,яғни төлін «бота»дейді.<br>Енді осы бота туралы ән | Балалар суретті қызықтайды. «Бота», «түйе» сөзін қайталайды.<br><br>Әнді мұқияттыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | тыңдаймыз.<br>«Ботақан»әні(музыкасын жазған Е.Өміров,сөзін жазған Р.Наурызбаева).<br>«Жібек жүнін желпілдеп<br>Жүгіресің соңымнан».<br>Балаларға қимыл жасап көрсетеді.<br>«Жем жейсің келіп қолымнан».<br>Музыка жетекшісі әнді айтаотырып, қолын созып көрсетеді.Әнді қайталап айту кезінде музыка жетекшісі өзі түйе кейпін сақтап, балалар бота болады.<br>-Бота қалай дыбыс шығарады?<br>-Балалар,ботақан өзімен біре қоржын ала келіпті.Кәне,бәріміз қоржынды қарайық,ішінде не бар екен?<br>Музыка жетекшісі бір баланы шақырып, ішіндегі затты алуын сұайды.<br>Бұл – асық.Басқа балаларда да кезектесіпасықты алады,қызықайды. Енді бәрімізасықпен бірге жүгірейік,қайтадан қоржынғасалайық. Музыка жетекшісі асықты жерге шашып,балалардан жинауын сұрайды.<br>«Кім тез жинайды» ойыны.<br>Ойын қайталанады. | Балалар түйегеқарап, әнге ілесе отырып қимылдар жасайды. Жүгірген кейіп көрсетеді. Балалар қолдарын созып,ботақанға жем береді.<br><br>Балалар қоржынды қызықтайды. Қоржыннан асықты алуға тырысады.<br><br>Балалар таласа асықты жинайды. |
| Рефлекциялық-түзетушілік | - Бізге қонаққа не келді?<br>- Сендер бүгін немен ойнадыңдар?<br>Балаларды мақтау, мадақтау. | Балалар жаңа сөздерді қайталайды. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Үй жануарларының төлдерін білуі керек.

Игереді: түйенің төлі бота екен.

Меңггереді: Әннің мәтініне лайық қимыл жасауды меңгереді.

**Күні:12.05.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Ағайынбыз бәріміз»

Мақсаты: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.

Көрнекілігі: Әр ұлттың балаларының суреті.

Билингвалды компонент: Ағайын - родственник

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық – қозғаушылық | Жетекші балаларды маршпен қарсы алады. Балаларға түрлі -түсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасайды. | Балалар маршпен кіреді. Жалаушамен қимыл жасайды. |
| Ұйымдасыру-шылық-ізденістік | «Бүлдіршіндер әні» әнін хормен айтады. Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс. Балаларға ән тыңдауды ұсынады.«Отаным» әнін тыңдап,балалар әнді жылдам немесе баяу екенін ажырата білді.Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балалар қимыл жасайды.<br>Жетекші:<br>«Босқа қарап тұрмайық,<br>Кел,балақай, ойнайық! –деп шақырып, «Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп,балаларға «Епті аяқтар»(А.Тоқсанбаев) әуеніне тез,жеңіл жүгіруді ұсынады. | Балалар әнді хормен айта білді. Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, көңіл күйлері көтеріледі.<br><br>Ойынға көңілді қатысып қызығушылықтары артады. Жеңіл жүгіріп,«үйшіктеріне» жетуге тырысты. |
| Рефлекциялық – Түзетушілік | - Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.Жалаушамен жақсы қимыл жасадыңдар жарайсыңдар.<br>Балаларды мақтап, мадақтау. | Сұраққа жауап берді. Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.

Игереді: Жалаушамен жаттығу жасауды игереді

Меңгереді: Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

**Күні:16.05.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Құлыншақ»

Мақсаты: Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан- жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету.

Көрнекілігі. Үй жануарлары, олардың төлдері.

Билингвалды компонент: Құлыншақ – жеребенок

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балалардың музыка үнімен, музыка залында қарсы алады. Әуені өзгеруін сәйкес қимылдар жасайды. Музыка тоқтағанда қимылын тоқтатады.Көңілді музыка әуенімен балалардың көңіл күйі көтріледі. Ойыншық атты қолға ала отырып,муузыка жетекшісі өлең оқиды<br>«Еркетайы даланың ,<br>Мен - құлыншақ боламын.<br>Серігімін, досымын<br>Өздеріңдей баланың»<br>(И. Сапарбай). | Балалар музыка үнімен,<br>Ілесіп жүреді, жүгіреді. Орындарында тұрып тізені бүгеді, қолдарын бұрап айналдырады. |
| Ұйымдастыру-шылық – ізденістік | - Балалар, көрдіңдер ме,мен де ат бар. Ат сендерге доспын деп отыр.Міне қараңдаршы қандай әдемі ат Суреттен аттың суретін көрсетіп жанына кішкентай төлін «құлыншақ» дейді. «Құлыншақ»әнін орындайды.(музыкасын жазған Е. Ташев, сөзін жазған Ә. Тәжібаев). Ән қайталап орындалғанда ән мәтініне сәйкес балаларға қимылдар жасауды ұсынады. | Балалар жақындап, ойыншық атты қызықтайды. «Ақ құлыншақ» деген сөздерді қайталайды. Балалар әнді тыңдайды. Әннің мәтініне сәйкес қимылдар жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | «Құстай қанат қағады», -деп, балаларға ат секілді шабуды көрсетеді.<br>-Ал енді кімнің атқа мініп шапқысы келеді «Бәйге» ойыны. Алдын ала әзірленген аттың басын мініп, балалар жарысады. | Ат секілді шабады.<br>Екі баладан жарысуға тырысады. |
| Рефлекциялық-Түзетушілік | Белсене қатысқан балаларды мақтау, мадақтау.<br>Қорытындылау. | Балалар музыкамен топтарына тарайды. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін білуі және оларды ажыата білуі.

Игереді: үй жануарларының төлдерін ажыратуды игереді.

Меңгереді: музыка үнімен жануарлардың қимыл-қозғалыстарын салу дағдыларын меңгереді.

**Күні:23/26.05.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің мысығым»

Мақсаты: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру.

Көрнекілігі: Ойыншық мысық

Билингвалды компонент: Мысық – кошка

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық -қозғаушылық | Көңілді әуен ырғағымен музыка жетекшісі балаларды Ойыншық мысықпен қарсы алады.<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізге аламысық қонаққа келді.Қараңдаршы, қандайәдемі мысық!<br>Кәне, кәне, тұрайық,<br>Шеңберді құрайық.<br>Ала мысықпенен<br>Біз де танысайық, -<br>деп, балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. | Балалар көңілді әуенмен кіреді амандасады.<br><br>Ала мысықты көріп таңданады, ұстап, сипап көреді.<br><br>Тақпақтың мәтініне сайқимылдарды жасауға талпынады.Екі қолдарымен мысықтың құлақтарын көрсетеді. |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастыру-шылық-ізденістік | - Балалар, бізді ала мысық серуендеуге шақырып тұр! Жүріңдер! – деп шеңбер бойыменмысықтың қимылын салып жүруді ұсынады.<br>«Билейміз» әуені (Е. Андосов) орындалады.<br>«Ала мысық айлалы, дыбыстайды ол қалай?»- деп сұрайды.<br>Балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Мысықты орындық үстіне отырғызып:<br>- Мен ән айтып берейін. Ала мысықта сендермен бірге ән тыңдасын, - дейді.<br>«Мысық» әні орындалады(музыкасын жазған<br>Б.Дәлденбай, сөзі Ж. Әбдірашов)<br>Екінші рет ән орындалғанда балаларға «мияу – мияу» сөздерін қосылып айтуларын сұрайды.<br>- Балалар, ала мысық ойын ойнағысы келіп отыр екен! Көңілді ойынға шығыңдар, - деп шақырады.<br>«Мысық және мысықай дауыстарын салғанбалаларды мадақтайды. | Шеңбер бойымен аяқты<br>көтере басып мысық жүрісін көрсетуге талпынады.<br><br>Мияу – мияу! – деп қуана<br>жауап береді.<br><br>Балалар кілемге жайғасып,әнді ынта қойып<br>қызығатыңдайды.<br><br>Ән шумақтарындағы сұрақтарға «мияу-мияу» депәндете жауап беруге тырысады.<br>Балалар ұйымдасқан түрдешеңбер бойымен тұрады.Ойынды қызығып,көңілді ойнайды.Мысықтың жәнемысықайдың дауыстарын<br>салуға тырысады. |
| Рефлекциялық-түзетушілік | - Балалар, ала мысық қалай дыбыстайдыекен? Ойын сендерге ұнады ма? – деген сұрақтар қойылады. Ала мысық сендердіұнатыпты. Ол бізге тағы қонаққа келмекші. Мысықпен қоштасайық! – деп, балалардышығарып салады. | Балалар қуанып,жауап Беруге тырысады.<br><br>Көңілденіп,қол бұлғап Қоштасып шығады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жеңіл жүруді, дыбыстарды қайталауды білуі керек.

Игереді: ойыншық мысық және мысықаймен танысып, іс – әрекеттерін көрсете біледі, дыбысты есте сақтап, қайталай алады.

Меңгереді: ырғақты сезінеді, ән мәтініне сай іс – әрекеттерді көрсетеді.

**Музыка мұғалімі: С.Адылханов**

**Бекітемін: «Алтын асық» бөбекжай балабақшасы ЖШС**

**меңгерушісі: Б.Оспанова**

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

## «Балдырған» орта тобы

2021-2022 оқу жылы

**Музыка оқу қызметінің 2021-2022 оқу жылына арналған жоспары**
**«Балдырған» ортаңғы топ**

Мақсаты: Музыканы естіп, қабылдап, бір-біріне айырмашылығын түсініп, қимылдарды алмастыра білуге, қимылмен түсіндіруге үйрету.

| Ай аттары | Тақырыптары | Сағат саны |
|---|---|---|
| Қыркүйек | «Менің балабақшам»<br>«Менің достарым»<br>«Көңілді ырғақтар» | 2<br>2<br>2 |
| Қазан | «Менің әжем»<br>«Анам менің тамаша»<br>«Жаңбыр жауды себелеп»<br>«Күз ырғағы» | 2<br>1<br>2<br>1 |
| Қараша | «Күзгі бақта»<br>«Қараңдаршы далаға»<br>«Құлыншақ»<br>«Көңілді барабан» | 1<br>1<br>2<br>2 |
| Желтоқсан | «Біз өмірдің гүліміз»<br>«Желбірейді жалауша»<br>«Ормандағы сұр көжек»<br>«Шырша мен ойыншықтар» | 1<br>2<br>1<br>2 |
| Қаңтар | «Қошақаны қойдың»<br>«Күн мен жаңбыр»<br>«Көңілді сылдырмақтар»<br>«Көңілді поезд» | 2<br>1<br>2<br>1 |
| Ақпан | «Кел, билейік»<br>«Менің әжем»<br>«Әжем келді ауылдан»<br>«Жайлауда» | 1<br>2<br>1<br>2 |
| Наурыз | «Әлди, әлди ақ бөпем»<br>«Бесік жыры»<br>«Көктем гүлі көрікті» | 2<br>2<br>2 |
| Сәуір | «Лағым»<br>«Санамақ»<br>«Ботақан»<br>«Ағайынбыз бәріміз» | 2<br>1<br>1<br>2 |
| Мамыр | «Құлыншақ»<br>«Менің мысығым»<br>«көңілді жаз» | 2<br>2<br>2 |
| | | **54** |

**Күні:07/09.09.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Менің балабақшам»

Мақсаты:  Әуеннің  басталуы мен  аяқталуына  мән  беру.Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау.Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету.
Көрнекілігі:   Балабақшаның  суреті

Билингвалды  компонент: Балабақша- детский сад

| **Оқуіс-әрекетініңкезеңдері** | **Музыка жетекшісініңіс-әрекеті** | **Балалардыңіс-әрекеті** |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка залында балаларды көңілді музыка әуенмен қарсы алады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіру, серіппелі қозғалыс жасау, айналу.<br>Бізге тәртіп үйреткен,<br>Ән салдырып билеткен,<br>Әріптермен, суретпен<br>Таныстырған біздерді<br>Педагог тәтеміз.<br>(О. Асқар) | Балалар музыка үнін ести отырып, сол музыкаға лайық қимылдар жасайды. |
| Ұйымдастырушы-лық-ізденістік | Музыка тыңдау: «Сәби қуанышы» (Е. Құсайынов)<br>Балалар, музыка көңілді ме, көңілсіз бе?<br>Бұл музыкаға қандай қимыл жасауға болады?<br>Ән айту. Өткен әндерді қайталау. «Бақшаға барамын» (Ө. Байділдаев, К. Сүлейменов).<br>Алдымен мәтінін үйреніп, әуенді анық айтуға үйрету. Әннің бірінші шумағын үйреніп, екінші шумағын келесі сабақта жалғастырылады.<br>Әуенді қимыл-қозғалыс: «Достастық» (Р. Рустамов)<br>Балабақшада балалар бір-бірімен кейде ренжісіп, өкпелеп қалады. Содан кейін көп ұзамай татуласады. Қазіргі үйренетін биіміз «Достастық» деп аталады | Балалар білгендерінше жауап беруге тырысады.<br><br>Алдымен бір-біріне арқаларын беріп, өкпелеп тұрады. Аяқтарымен жерді ұрады. Әуен өзгергенде бір-біріне қарап қолдарын шапалақтайды, соңында құшақтасып татуласады. |
| Рефлексиялық түзетушілік | Қорытындылау, балаларды мақтау, бағалау. | Балалар қуана қоштасып шығады. |

Күтілетіннәтиже:

Біледі: сүйікті балабақшалары туралы.

Игереді: көңілді, көңілсіз, өкпелеу, достастық  деген түсініктердіқалыптастырады.

Меңгереді: би қимылдары арқылы өкпелеу, татуласу қимылдарын  меңгереді.

**Күні: 14.09.21**

**Білім саласы:** Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Менің достарым»

Мақсаты: Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру. Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттерәне қатысу белсенділігін арттыру.

Көрнекілігі: Балалардың  суреті

Билингвалды  компонент: Дос- друг

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | «Біздің балабақша» (Б. Қыдырбаева, М.Әлімбаев) әні ойналып, балаларды залда қарсы алады.<br>Қанша бала қанша қыз,<br>Бір шоқ гүлміз баршамыз.<br>Ойын-күлкі ордасы<br>Біздің балабақшамыз!<br>Өлеңді айтып беріп, балаларға «Тату достар» (И. Штраус) әуеніне өз беттерінше би қимылдарын ойлап тауып, жұптасып билеуді ұсынады.<br>Ойыншық, қуыршақтарды алып, «Ойыншықтармен би» қимылдарын үйрету.<br>Музыка тыңдау: «Қуыршақ мұңы» (Б. Жүсібәлиев) әуенін тыңдауды ұсынады.<br>«Қуыршақтар әуенін» (М. Калганова) тыңдатып, екі әннің ерекшеліктерін сұрау.<br>Дауыс жаттығуы: «Әлди-әлди»және«Ән шырқайық» орындалады. Дикцияның айтылуы мен дауысты дыбыстарды ауызды «дөңгелете» айту әдісімен жаттықтыру.<br>Ән үйрену: «Жас дәуірдің | Қол ұстасып, өздері ойлап тапқан би қимылдарын жасайды.<br><br>Музыканың ширақ, ойнақы сипатын көрсете билейді.<br><br>Ойнақы, жеңіл музыкаға қуыршақтарын қозғап, билетеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | түлегіміз»(Т. Жұмалиева, Е. Өтетілеуұлы) әнін орындау. | Дауыстарын қатты және жай шығаруға дағдыланады. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденушілік | Ойын: «Алтын қақпа». Ойынның сөздерін жатқа айтып, бірдей қимылдап, ойын шартының орындалуын қадағалау.<br>Би: «Аққу» биінің негізгі элементтерін үйретіп, мәнерлеп орындауға дағдыландыру.<br>Әуенді-дидактикалық ойын: «Әуенді сағат» ойналады.<br>Өткен оқу іс- әрекетіндегі әндер орындалып, тыңдалып, ән мәтініне сәйкес бейнеленген суретті сағат тілімен көрсету. | Ойынды қызыға ойнап, ұйымшылдықпен белсене араласады.<br><br>Үйренген әндерін еске түсіріп, әуенді сағатта бейнеленген мазмұнына сәйкес суретті тауып көрсету. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Сендер барлық өнер түрін балабақшада үйренесіңдер.<br>Сендерге балабақша ұнай ма?<br>Сүйікті ойыншығың не?<br>Қандай өнер түрі ұнайды?<br>Оқу іс-әрекетін қорытындылаау. | Балалар сұрақтарға көңілді жауап беріп, өз ризашылықтарын білдіреді.<br><br>Қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әннің сипатын қабылдау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әуенге сай түрлі қимылдарды орындауды.

Игереді: музыка сипатына сай, әртүрлі әуенді ажыратуды, салыстыруды, жаңа әннің мәтіндік және музыкалық мағынасын түсінуді, «құс қанаты», «құс тұмсық» би элементтерін.

Меңгереді: өз беттерінше әуенге еркін қозғалуды, әнді нақышына келтіре орындауды, екі түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды, тыңдап сезінуді, әңгімелеуді.

**Күні: 21/23.09.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Көңілді  ырғақтар»

Мақсаты:Дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2-3 жақын үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету. Ән арқылы балалардың бойында адамгершілік, инабаттылық сезімдерін ояту. Би музыкаларын ажыратуға үйрету.

Көрнекілігі: Бақытты балалардың  суреті

Билингвалды  компонент: Көңілді ырғақ – весёлый ритм

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка әуенімен балаларды залда қарсы алады. Шеңбер бойында шаттық шеңберіне тұрып, Жер – анаға, Күнге, досына жылы лебіздерін жеткізеді.<br>Камзол киген қынай бел<br>Толған ою-өрнекке.<br>Билеші деп сұрайды ел,<br>Өнерімді көрмекке<br>- Әсем киімдер киініп, мың бұралған бишілерді концерттен, теледидардан<br>Көріп  жүрсіңдер. Би – ұлттық би, түрлі халықтар  билері болып бөлінеді. | Балалар әуенмен залға келеді.<br><br>Қайырлы таң, алтын күз!<br>Қайырлы таң, Жер-ана!<br>Қайырлы таң, туған жерім!<br>Қайырлы таң,жан досым! |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік | Музыка тыңдау: вальс, полька, «Қамажай».<br>Вальс – жұптасып, үдемелі айналуда өтетін би.<br>Полька – жеңіл, аяқты тізеден көтере секіріп билейтін би түрі.<br>Қамажай – қазақ халқының ұлттық биі. Көбіне аяқты шалыс баса жүріп, жүн түту, ұршық иіру, киіз басу, айнаға қарау | Балалар түрлі билерден үзінді тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | секілді қимылдармен би өрнектерін жасайды.<br>Өткен іс-әрекет кезінде үйренген әндерді еске түсіріп, қайталап айту.<br>Ән орындау кезінде ережелерді естен шығармай, қатты айғайламай, бірін- бірі тыңдап орындау.<br>Ән үйрену: «Көңілді балалар әні» (Б.Дәлденбай, Е.Өтетілеуұлы)<br>Әннің мәтінін қайталап, әуенге ілесе айту.<br>Ойын: «Ән салған кім?»<br>(А. Райымқұлова, А. Асылбек).<br>Балалар шеңберді айнала отырады. Бір бала шетте, балаларға арқасын беріп отырады. Балалардың жеке ән салғанын тыңдап, кім екенін ажырату. отырған бала ән салған баланың дауысын таныса, орын ауыстырады.<br>Әуенді-қимылды қозғалыс:<br>Топты үшке бөліп, бірінші топқа вальс ырғағымен қимылдауды, екінші топқа полька ырғағымен секіруді тапсыру, үшінші топқа Қамажай ырғағының қимылдарын жасату. | Дауыс тембріне сай достарының дауыстарын дәл табуға тырысады.<br><br>Би қимылдарын ырғаққа сай жасауға талпынады. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | - балалар, бүгінгі іс-әрекетімізде қандай музыка тыңдадық?<br>- әнде не туралы айтылды?<br>Ойынды жақсы ажыратқан баланы ерекше марапаттау.<br>Қорытындылау, бағалау. | Қамажай әнін тыңдадық.<br><br>Жүн түту,ұршық иіру,киіз басу.<br>Қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: дауыс тембріне сәйкес балалардың дауыстарын ажырата біледі.
Игереді: вальс, полька, қамажай туралы ұғымдарды.
Меңгереді: түрлі би элементтеріне сай қимыл жасауды.

**Күні:28.09/30.09.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Көңілді сылдырмақтар»

Мақсаты: Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақты бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту. Кейіпкер рөліне кіріп ойнау. (Көріністі халық әндеріне салып үйрету).

Көрнекілігі: ойыншық  сылдырмақтар

Билингвалды  компонент: Сылдырмақ - погремушка

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Жетекші балаларды қарсы алады. «Амандасу жаттығуын» айтуды ұсынады.<br>Б. Бейсенованың «жол ережесі тәртібі» әнімен балаларды залдың бойымен еркін жүруге, орындарына тұрып билеуге, өз орындарын табуға үйретеді.<br>- Бізге қонаққа Қасқыр келіпті. Ол жолдан өту ережесін білмей,сендерден көмек сұрап келіпті,- деп,<br>Ж. Қалжанова «Қасқыр келді қалаға» көрінісін кейіпкерлендіріп, сахналауға шақырады. | Балалар кіреді, «Амандасу жаттығуын» айтады. Би қимылдарын еркін жасауға, жүруге, орындарына тұруға, өз жұптарын табуға тырысады.<br>Әннің сөзін тыңдап, есіне сақтауға, шумақ қайырмасының қимылдарын білуге тырысады. |
| Ұйымдастыру-шылық- ізденістік | *Желаяқ:*<br>Бағдаршамға қараймын,<br>Қараймынмен таңдана.<br>Өшіп-жанған көзінің<br>Алмай сырын аңғара.<br>- Ия, Қасқыр, әлі күне дейін жол тәртібін білмейсің бе? Жол жүрудің қадірін мен бес саусақтай білемін. (Зуылдап жүгіріп<br>өтеді). | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Тұлпар:*<br>Ережесін көшенің<br>Шемішкедей шағамын.<br>Болмай ма екен тұлпардай,<br>Баяу өте алатын.<br>(Ақырындап жүріп өтеді).<br>*Қоян:*<br>Ой-ой, мына қасқырды<br>Көріп тұрмын тұңғыш рет.<br>Қайдан келген бұл өзі?<br>Қалалықтан емес бұл.<br>(Қасқыр Қоянды көріп, артынан жүгіреді).<br>*Қоян:*<br>Әй, әй, Қасеке,<br>Не көрінді өзіңе,<br>Қарасаңшы көзіңе!<br>Бағдаршамға қиылып,<br>Қараймын мен жымиып,<br>Сары көзі жанғанда,<br>Үлгеремін жүгіріп.<br>*Арыстан:*<br>Әй, Қоян, бері кел, бері,<br>Әрі-бері жүгіре берме!<br>Ауылдан келген қасқырға<br>Үйрет мына ережені!<br>*Қоян:*<br>Арыстан аға, құп болады!<br>Тек қасқырға айтыңызшы,<br>Мені қуа бермесін,<br>Айтқанымды тыңдасын.<br>Ән: «жолаушылар жыры»<br>(Ж. Қалжанова). | Балалар жол ережесін естеріне сақтауға тырысады.<br>Әндетіп, ырғақтан шықпай айтуға талпынады. Қуаныш, өкініш, қорқыныш сезімін көрсетуге тырысады.<br><br>Балалар әнді мұқият тыңдайды. |
| Рефлексиялық - түзетушілік | Жетекші балалардан жол ережелерін сұрайды. | Балалар жол ережесіне жауап беруге тырысады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды. Әнді мәтінімен мәнерлеп айтуды.
Игереді: музыканы тыңдап, ойын арқылы аңдарды сомдауды.
Меңгереді: музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды, рөлдегі қимылдарын әуенмен келтіруді.

**Күні: 5/10.10.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің әжем»

Мақсаты:Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтері қолдану, күрделі емес қимылдар бірізділігін есте сақтау. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.
Көрнекілігі: Әженің суреті.

Билингвалды компонент: Әже - Бабушка

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. Әже немересіне қарап тұрған суретті көрсетеді. Өлең оқиды:<br>«Еркем әнім, ертеңім,<br>Елжәреткен көркемім.<br>Ертеңіме ертегі<br>Шежәремді шертемін», - деп әжесі немересіне өлең оқып беріпті. | Балалар амандасады, отырады.<br><br>Балалар өлеңді тыңдап, әже суретіне қарайды. |
| Ұйымдастыру-шылық-ізденістік | Музыка жетекшісі:<br>- Ал балалар, балалар,<br>Шеңберге тұра қойыңдар.<br>«Кел, балақан» әнін айтып,<br>Қайталайық, балалар.<br>Ән айту: «Кел балақан»<br>Әже қолындағы қоржынымен кіреді.<br>- Амансыңдар ма, балаларым!<br>Мен сендерге «Күз жомарт» әнін орындап берейін, ал сендер тыңдаңдар.<br>Музыка жетекшісі әнді қосыла айтып, бірге ырғақпен шапалақтауды ұсынады.<br>- балаларым, балғындарым, тағы қандай өнерлерің бар?<br>Музыка жетекшісі:<br>- Біздің ұлдарымыз «Шабандоз» биін үйренгісі келеді, - деп | Балалар ілесе шеңберге тұрып, «Кел балақан» әнін қуана айтуға тырысады.<br>Балалар орындарынан тұрып амандасады.<br>Отырып тыңдайды.<br>Балалар әнге қол шапалақтайды, сөздерін әнімен қайталайды.<br>Балалар билегісі келгенін көрсетеді, шабады, қамшыны ұстауды, орындыққа отырып шабуды үйренеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | билеуді ұсынады, үйретеді.<br>Әже:<br>- Онда қыздарым маған келсін, мен оларға «Қара жорға» биін үйретеді.<br>Ал енді менің қоржынымда не бар екен, өздерің алып көріңдер. | Қыздар әженің қасына отырып қимылдап, қолмен, басымен иілуді үйренеді. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Әже:<br>- сау болыңдар, сендер жақсы биледіңдер, ойнадыңдар, менің «Күз жомарт» әнімді қайталап жүріңдер.<br>Музыка жетекшісі балалардың жақсы қатысқанын айтып мақтайды. | Балалар жақсы қатысып, көңіл күйлері көтеріледі. Балалар әжемен қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әуенді қайталауды, тыңдауды, әнді айтуды.

Игереді: қамшы ұстауды, асық алуды, салуды.

Меңгереді: шабуды, орнына отыруды, қолдарымен қимыл жасауды.

**Күні: 14.10.21**

Білім саласы: Шығармашылық
Ұйымдастырылған оқу қызметі:Музыка
Тақырыбы: «Анам менің тамаша»
Мақсаты: Әннің сөздері мен жеке буыдарды айту, созыңқы дыбысталуға еліктей отырып,ересекпен қосылып ән айту. Музыка қабілетін дамыту, ырғақты қимылдарды есте сақтау, эстетикалық сезімге тәрбиелеу.
Көрнекілігі: Ананың суреті
Билингвалды комп: Ана- мать

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады,амандасады. «Шеңбермен жүреміз»жаттығуымен жүру, қимылдарды қайталатады. «Үстел үсті»театры үстінен Қарагөз қуыршақ шығады. -Сәлем,достар!Сендер менің мамамды көрмедіңдер ме?Мен мамамнан адасып қалдым,енді не істеймін?Көмектесіңдерші. | Балалар амандасады,жаттығуды еркін жүріп қайталайды.<br><br>Балалар көрмегендерін айтады.<br>-Көмектесеміз,іздеп көрейік. |
| Ұйымдастыру-шылық-ізденістік. | -Қарагөз,сен біздің қасымызға кел, мен сендерге «Мамамның мерекесі» (музыкасын жазған Н.Тілендиев, сөзін жазған М.Мақатаев) әнін орындап берейін.<br>Үстел үсті театрынан Қуыршақ-мама шығады.<br>-Балалар,сендердің мама туралы әнді айтқандарыңды естіп келдім, осында Қарагөз қызымды кездестірдім.Енді бәріміз ән айтайық.<br>Педагог:Біз «Наурыз келді»әнін сізге айтып береміз.<br>Қуыршақ-мама:<br>-Сендер керемет тәртіпті екенсіңдер.<br>«Қуыршағым-ай» әнінүнтаспадан тыңдап,билеп | Балалар анасы мен Қарагөздің кездескеніне қуанады.<br><br>Балалар тәртіпті болуға,шуламауға тырысады. Қарагөздің қуыршақтың бәрі алып,қуанады.<br><br>«Наурыз келді»әнін есіне түсіреді,айтуға талпынады.<br><br>Балалар қуыршақтарды қимылдап,билеуге |

| | | |
|---|---|---|
| | көрейік. | үйретеді. |
| Рефлекциялық-түзетушілік | -Кім келді? Не істедіңдер? Не ұнады?<br>Қарагөз:<br>-Рақмет,достар,тағы менімен ойнайсыңдар ма?<br>«Өз қуыршағыңа жет» ойыны<br>Қарагөз:<br>-Достар!Сау болыңдар!Келесі жолы тағы да келемін.<br>Музыка жетекшісі:<br>-Сендер әнді айтып,жақсы биледіңдер,егер де жақсы қатыссаңдар Қарагөз тағы да келеді. | Балалар қол бұлғап қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: әнді еске сақтауды,әнді айтуды,музыкалық шығарманы тыңдауды.
Игереді:қуыршақты ұстауды,өз орнын таңдауды.Музыканы тыңдап, қимыл жасауды.
Меңгереді:музыка арқылы қимылдауды,қолдарын,аяқтарын қозғауды,айналуды,дағдылануды.

**Күні: 19/26.10.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Жаңбыр жауды себелеп»

Мақсаты:Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ауа райының құбылыстарымен байланыстыра білуге, музыкалық қабілеттерін арттыруға дағдыландыру.
Көрнекілігі:  Күз  мезгілінің  суреті.

Билинвалды  компонент: Жаңбыр - Дождь

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка залында музыкалық дыбыс шығарады. Үйренген қимылдарды таныс әуенге ілесіп орындайды.<br>*Күн болып жанайық,*<br>*Жаңбыр болып жауайық,*<br>*Гүл болып жайнайық,*<br>*Жүгіріп- жүгіріп алайық.* | Балалар музыка әуеніне ілесіп залға кіреді. Шеңбер бойымен жүгіреді, әуенге сай қимылдар жасайды. Тізені бүгу, қолды буыннан бұрап айналдыру, т.б. |
| Ұйымдастырушылық-ізденушілік | Музыка жетекшісі жаңбырдың суретін көрсетеді. Балаларға «жаңбыр» сөзін қайталатады.<br>Жаңбыр қалай жауады?<br>Тырс-тырс-тырс.<br>«Жаңбыр» (Музыкасы Д. Ботбаев, сөзі И. Сапарбай)<br>Музыка жетекшісі әнді орындайды.<br>Ән қайта орындалғанда әннің мәтініне сәйкес балалардың қосылып жасауын талап етеді.<br>«Көктен тырс –тырс жауасың» деген жерде алақандарын жайып, екінші қолмен жауған жаңбырды бейнелейді.<br>*«Біз ойнайтын ауланың*<br>*Тазартасың ауасын»,* -<br>Дегенде қолдарын жоғары көтереді.<br>«Жаңбыр мен күн» ойыны. | Балалар жаңбыр деген сөзді қайталайды. «Тырс-тырс» сөзін үйренеді. Әнді тыңдайды. Мәтінге сәйкес бұлтты бейнелейді, бір алақанын жайып, екінші алақанымен жауған жаңбырды бейнелеп, «тырс-тырс» сөзін қайталайды.<br><br>Балалар көңілді музыка ойналғанда |

| | | |
|---|---|---|
| | Жеңіл музыка ойналып, балалар жүгіреді, музыка ауысып, күн күркіреп, жауын жауғанда қолшатырға тығылады. | жан - жаққа жүгіреді де, әуен өзгергенде қолшатырға тығылуға тырысады. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Музыка жетекшісі ауа райының құбылыстарын, жаңбыр, бұлт сөздерін тағы естеріне түсіріп, қорытындылайды.<br>Балаларды мақтау, мадақтау. | Балалар қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ауа райында кездесетін жауын – шашын түрлерін.

Игереді: Жаңбыр, бұлт, жаңбырдың тырсылын ажыратуды.

Меңгереді: Күн мен жаңбырдың музыка тілінде дыбысталуын.

**Күні: 28.10.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Күз ырғағы»

Мақсаты:Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту.Музыка ырғағына баулу, ойната отырып көңіл күйін көтеру.
Көрнекілігі:  Қоянның  суреті.

Билигвалды  компонент: Қоян - Заяц

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды қарсы алып, амандасады.<br>«Шеңбермен жүреміз» әнімен (Г.Абдрахманова) зал бойымен жүреді. | Балалар кіреді, амандасады.<br>Балалар күнделікті жаттығуын қызыға орындайды. |
| Ұйымдастырушы лық-ізденушілік | - Балалар, күзгі ормандағы ағаш түбінде қоян жылап отыр екен, барып қоянды жұбатайық.<br>*«Қоян, қоян, тұра ғой,*<br>*Бізбен бірге ойнай ғой»,* -<br>Деп әндетеді.<br>*Қоян:*<br>«Жаңбыр жауды тарсылдап.<br>Су боп қалдым қалтырап.<br>Айналада жапырақ,<br>Қарным ашты қалжырап».<br>- Балалар, қоянды бірге жүруге шақырайық, себетке жапырақтарды жинап беруге көмектесеміз бе?<br>*Қоян:* «Рақмет сендерге, достарым.<br>Мен сендерге «Жапырақтар» әнін айтып берейін. Ал сендер тыңдап, бірге билеңдер, - деп қимылдарды бірге қайталауды ұсынады. – Мен сендерге жапырақтарды сыйлаймын».<br>Қолдарына екі жапырақтан | Балалар қоянның қасына жақындап, әуенмен қайталап айтуға тырысады.<br>Қоянның әуенін тыңдайды, аяйды.<br><br>Қолынан ұстап, бірге шеңбермен жүреді. |

| | | |
|---|---|---|
| | береді.<br>*«Жапырақтар»* әуенді – қимылды қозғалысы (сөзі мен музыкасын жазған Г.Абдрахманова)<br>«Жапырақтар» әнін қимылды қозғалыспен үйренеді.<br>Балаларды «Бала, бала, балапан» әнін қайталап айтуға шақырады.<br>- Балалар, қоян сендермен ойнағысы келеді.<br>«Сәбіздермен ойнаймыз» ойыны ұйымдастырылады.<br>*Қоян:* «Мен сендерге сәбіздерімді бір-бірден беремін, ал сендер музыкамен секіріп жүріп, сәбізді көрсетесіңдер. Музыка тоқтағанда, сәбізді жасырып қалыңдар. Кім үлгермесе, мен алып қоямын».<br>Ойын 2-3 мәрте қайталанады. | Балалар жапырақты алып, қимылды әуен ырғағымен қайталауға тырысады.<br>Балаларды әнді айтып, еркін қимылдауға талпынады.<br><br>Балалар әуенге ілесіп айтуға талпынады.<br><br>Балалар сәбізді алып, музыкамен секіріп көрсетеді, ал музыка тоқтағанда жасырып қалуға тырысады. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | - Балалар, сендерге жапырақтар ұнады ма?<br>- Қоян нені жақсы көреді?<br>Жетекші балалардың ән айтып, билеп, ойнағандарына ризашылығын білдіреді, мақтайды. | Балалар жауап беруге талпынады.<br><br>Балалар қуана топтарына кетеді. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Музыканы тыңдауды, еске түсіруді, еске сақтауды білуі керек.

Игереді: «себет», «жапырақ», «сәбіз» сөздерін әуенмен айтуды игереді.

Меңгереді: музыкаға ілесе отырып, қимыл-қозғалыстарын бірге жасау дағдыларын меңгереді.

**Күні: 02/9.11.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Кел, балақан»

Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды ән полька,марш,вальс,баяу көңілді әндер тыңдау ережесін қалыптастыру.Ырғақты сезінуге «жәй және тез» «ақырын және қатты» ұғымдарын түсінуге үйрету.

Көрнекілігі: Балалардың суреті.

Билингвалды комп. Балалар – дети

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Үнтаспада көңілді әуен ойналып,музыка жетекшісі балаларды есік алдынан күтіп алады.<br>Кәне,кәне тұрайық,<br>Шеңбер жасап құрайық!-<br>Деп,шеңбер бойымен тұруға дағдыландырады.<br>Әшекейленген қораптағы сылдырмақтарды көрсетіп,балаларға ұсынады.Өз беттерімен еркін қимылдап,сылдырлатуға ерік береді,қадағалайды,мақтайды.<br>«Сылдырмақты сылдырлат,<br>Аяғынды нықтап бас!»-деп,балаларды нық басып жүруге үйретеді.Би қимылдарын көрсетіп,қайталауды ұсынады.<br>«Сылдырмақпен би» (халық әні «Жайдарман»,өңдеген К.Қуатбаев)<br>«Сылдырмақты аламыз,<br>Қорапшаға саламыз»,-деп,балаларды сылдырмақтарын жинауға, реттеп қоюға | Балалар залға кіріп, тізбектеле жүріп келіп, шеңбер жасап тұруға талпынады.<br><br>Сылдырмақтарды алып,зал ішінде еркін сылдырлата жүреді көңілденеді.<br><br>Әуен ырғағымен аяқтарын нық басып жүруге талпынады.<br><br>Балалар сылдырмақты жоғары көтере қозғайды, ақырын тізеге, алақанға соғады,айналады. Жүгіріп келіп сылдырмақтарын қорапқа салуға тырысады.<br><br>Балалар әнді зейін қойып тыңдайды,көңіл күйлері көтеріледі.<br><br>Ән мазмұнын түсініп жай, қатты қол |

| | | |
|---|---|---|
| | дағдыландырады.<br>«Кел, балақан,кел енді,<br>Ән тыңдайық біз енді»,-<br>деп, ән тыңдауға шақырады.<br>«Кел, балақан» әнін(сөзі А.Асылбеков, музыкасы К.Қуатбаев) орындап,педагог әннін мәтініне сай және қатты шапалақтап,аяқты жай басуды,топылдатуды көрсетіп,балаларға бірге қайталауды ұсынады.<br>Ән қайталанып, балаларға жай және қатты шапалақтап көрсетіп,ырғақпен қосыла қимылдауға машықтандыра түседі. | шапалақтауға, аяқтарын ақырын топылдатуға тырысады.<br>Ырғақты тыңдай жүріп қимыл жасайды, жеке сөздерді қайталайды, үйренеді.<br>Ойынға көңілді қатысып, қызығушылықтары артады.<br>Жеңіл жүгіріп, «үйшіктеріне» жетуге тырысады. Шығыршық ішіне үлгеріп кіріп, шаттанады. |
| Ұйымдастыруш ылық-ізденістік | -Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.Біз қалай жүгірдік? Қалай қол шапалақтадық? Аяқтарымызды қалай топылдаттық?-деп сұрап, қимылдарды тағы көрсетулерін сұрайды.Өткізілген оқу іс-әрекетін пысықтайды. Балаларды мақтап,мадақтайды. | Балалар қуана жүгіріп, қол шапалақтап көрсетеді.Аяқтарын топылдатып, қайталап көрсетуге талпынады. Балалар көңілді қоштасып,шығып кетеді. |
| Рефлексиялық-түзетшілік | Балаларды мақтау, мадақтау. | Қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі:ырғақпен шапалақтау, тез және ақырын аяқты топылдата білуі керек.
Игереді: «жай-жай», «тез-тез», «шарт-шарт», «топ-топ» ұғымдарын түсініп,игереді.
Меңгереді: сылдырмақта еркін ойнайды, көппен бірге қимыл-қозғалыс жасайды, жүгіріп жете алады.

**Күні: 02.11.21**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Күзгі бақта»

Мақсаты:Әуеннің басталуы мен аяқталуына меңгеру.Сагердің дауыс ырғағына еліктеу,әннің сөздері мен жеке буындарды айту.Ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру,күзгі бақ туралы түсінік беру.
Көрнекілігі: Жемістердің суреті.

Билингвалды компонент: Күзгі бақ –осенний сад.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балалармен салемдесу.Балаларды шеңбер бойына шақыру.<br>«Жүгіреміз,жүреміз» Г.Абдрахманова<br>Әуенді қимылмен жүреді.<br>Балаларды отырғызып, дайындалған, сурет муляждарды көрсетіп ұстау,жемістерді ажырату.<br>Жемістерді тереміз,<br>Көкөністі жинаймыз.<br>Алақай-ау, алақай,<br>Күзгі бақта ойнаймыз. | Залға кіріп салемдеседі.<br>Балалар ілесе жүгіруге талпынады.<br>Жайғасып отырады.<br>Муляждарды ұстап көреді.Атап айтады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | - Музыка жетекшісі «Жемістер мен көкөністер» (Г.Абдрахманова) әнін орындап береді.<br>Жетекші муляждарды кезек-кезек көрсетіп: «Алма –ля-ля-ля,Алмұрт –ля-ля-ля, Қияр-ля-ля-ля, Сәбіз-ля-ля-ля»деп айтқызып үйретеді.Созылатын «ал»деген сөзге дыбыстың созылатынын анықтап айтқызады және эмоция арқылы көрсетеді.<br>«Жемістер мен көкөністер» әнін | Балалар әнді есіне түсіріп, тыңдауға тырысады.Балалар әнді қосыла айтуға тырысады.<br>Созыңқы айтуға талпынады.Көңілді күліп айтады.<br>Балалар жетекшіге саусақтарын көрсетіп, айналып,отырып |

| | | |
|---|---|---|
| | айта жүріп, қимылдауға үйретеді.<br>Мысалы: «Отырып себетке саламыз, жинаймыз,саусақтармен би билеп,айналамыз»деп,әннің мәтініне қарай қимылдар жасап көрсетеді. «Балалар мен жаңбыр» әнін естеріне түсіреді, қайталайды.<br>«Келіңдер,келіңдер<br>Ойын ойнап көріңдер<br>Жемістерді шашылған<br>Жылдам жинап беріңдер»<br>-Балалар қараңдаршы жемістер мен көкөністершашылып кетіпті.Сендердің көмектеріңмен жемістер мен көкөністерді бөліп,екі себетке салайық.<br>«Жемістер мен көкөністерд» ажырат ойыны.<br>Әннің мәтініне әлесе отырып,қызыл себетке жемістерді,сары себетке көкөністерді салып беріңдер.(себеттерді түспен белгілеу-қызыл себет және сары себет).<br>Музыка ойналады,балаларға жемістер мен көкөністердің аттарын ажыратып салуға үйретеді. | жинауға,салуға тырысады (құралдарды ұстамай,қимыл арқылы көрсетеді.)<br><br>Балалар әнді есіне түсіріп айтуға тырысады.<br><br>Балалар ойынға белсене қатысып,жемістерді жинайды.<br><br>Жемістерге,көкөністерге мұқият қарап,ажыратып салуға,әуенді тыңдай жүріп жинауға талпынады.<br>Балалар әннің мәтінін түсінуге тырысады. |
| Рефлексиялық түзетушілік | -Балалар сендерге ән ұнады ма? Жемістерді жылдам атап беріңдерші ?<br>Көкөністердікіматапбереді ?<br>Серуенгешыққанда,топтаөткенәндерді,ойындардықайталапайтуды ұсынады.<br>Жетекшібалаларғадегенкөңілі мен қуанышын эмоция арқылыбілдіреді.Балалардымақтайды,мадақтайды. | Ұнады-деген жауап беруге талпынады.<br><br>Балалар көңілдене қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі:әнді тыңдауды,дыбыстарды қайталауды.

Игереді:жемістерді,көкөністерді, музыка әуенімен жинауды, теруді, ажыратуды,тыңдауды игереді.

Меңгереді:әнді айтып,мәтініне қарай қимылдарды қайталап,эмоцияға беріле отырып қимыл жасауды біледі.

**Күні:16/23.11.2021**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Қарандаршы  далаға»

Мақсаты: Музыка және әннің мазмұнына қарай би қимылдарын шеңберде тұрып орындау. Көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту.
Көрнекілігі:  Алтын  күздің  суреті.

Билингвалды  комп: Алтын күз – Золотая осень

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балалармен амандасады және ойынға шақырады. Музыканың сүйемелдеуімен «Көңілді саусақтар» қимылды әуенін орындайды. | Балалар еркін жүріп залға кіреді, амандасады. |
| Ұйымдас тырушылық-ізденістік | Балалар, қарандаршы далада жапырақтар жерге түсіп, түстері сары түске айналған. Яғни, күз мезгілі.<br>«Сарыжайлау» күйін тыңдатады.<br>Ән үйрену: «Күз келгенде» (Қ.Қуатбаев)<br>Ойын: «Кім жылдам»<br>Екі бала ортаға шығады. Қолдарында себет болады. Белгілі бір уақыт арлығында сарғайған жапырақтарды жинауы тиіс. Кімнің себетінде көп жапырақ болса, сол жеңімпаз болады. | Балалар жапырақтардың сары түс екенін ажырата білді. Күз мезгілі екенін таба білді. |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексиялық-түзетушілік | - балалар біз бүгін қай жыл мезгілімен таныстық?<br>Сабақты қорытындылау.<br>Мақтау, мадақтау. | - Күз мезгілі.<br><br>Қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыка ырғағын түсініп, сезіммен тыңдап, жетекшінің қимыл-әрекетін жасай біледі.

Игереді: музыка ырғағымен қимылдауды игерді

Меңгереді: қолдарын еркін қимылдату, жинау, жүру, отыру, тұруды меңгеру.

**Күні: 25.11.2021**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Құлыншақ»

Мақсаты: Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарларын сүйе білуге, ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету.

Көрнекілігі: Ат және құлынның суреті.

Билингвалды компонент: Құлыншақ – жеребёнок

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды музыка үнімен, музыка залында қарсыалады. Әуені өзгеруіне сәйкес қимылдар жасайды. Музыка тоқтағанда қимылын тоқтатады. Көңілді музыка әуенімен балалардың көңіл – күйі көтеріледі.<br>Ойыншық аты қолға ала отырып, музыка жетекшісі өлең оқиды.<br>«Еркетайы даланың<br>Мен – құлыншақ боламын.<br>Серігімін, досымын<br>Өздеріңдей баланың. (И. Сапарбай) | Балалар музыка үніне ілесіп жүреді, жүгіреді. Орындарында тұрып тізені бүгеді, қолдарын бұрап айналдырады. |
| Ұйымдастыру шылық -ізденістік | - Балалар, көрдіңдер ме, менде ат бар. Ат сендерге доспын деп отыр. Міне, қараңдаршы қандай әдемі ат. Суреттен аттың суретін көрсетіп, жанына кішкентай төлін қояды. Міне аттың кішкентай «құлыншақ» дейді.<br>«Құлыншақ» әнін орындайды. (музыкасын жазған Е.Ташев, сөзін жазған Ә.Тәжібаев).<br>Ән қайталап орындалғанда ән | Балалар жақындап, ойыншық атты қызықтайды. «Ат, құлыншақ» деген сөздерді қайталайды.<br><br>Балалар әнді тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | мәтініне сәйкес балаларға қимылдар жасауды ұсынады.<br>«Құстай қанат қағады», - деп, балаларға ат секілді шабуды көрсетеді.<br>- Ал енді кімнің атқа мініп шапқысы келеды?<br>«Бәйге» ойыны.<br>Алдын ала әзірленген аттың басына мініп, балалар жарысады. | Әннің мәтініне сәйкес қимылдар жасайды. Ат секілді шабады. Екі баладан жарысуға тырысады. |
| Рефлексиялық – түзетушілік | Белсене қатысқан балаларды мақтау, мадақтау. Қорытындылау. | Балалар музыкамен топтарына тарайды. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін білуі және оларды ажырата  білу.

Игереді: үй жануарларының төлдерін ажыратуды игереді.

Меңгереді: музыка үнімен жануарлардың қимыл- қозғалыстарын салу дағдыларынмеңгереді.

**Күні:06/09.12.2021**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Көңілді барабан»

Мақсаты: Әнді жеке және топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізудағдыларын қалыптастыру.

Көрнекілігі: Барабанның суреті.

Билингвалды компонент: Барабан – барабан

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Көңілді әуен ырғағымен балалар залғакіреді.<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>Бүгін бізге ала мысық қонаққа келді:<br>«Тікірейіп құлағы<br>Меннен бұрын тұрады.<br>Бойын жазып, керіліп,<br>Беті – қолын жуады, -<br>Деп, ойыншықты қозғалтып, қимылын көрсетеді. | Балалар кіріп, көңілді амандасады. Ала мысықты көріп, таңданады.<br><br>Мысықпен бірге оның қимылын Көрсетуге тырысады. |
| Ұйымдастыру шылық – ізденістік | - Балалар, ала мысықпен серуенге шығайық.<br>Жүріңдер! – деп, шеңбер бойымен мысықтың қимылын салып жүруді ұсынады.<br>«Серуендеп, би билейміз» муз. (Э. Раухвергер)<br>«Ала мысық айлалы,<br>Дыбыстайды ол қалай?» - деп сұрайды.<br>- Балалар, ала мысық иияулап шақырып тұр. Мұнда не бар екен? – деп қарағанболып, барабанды «тауып алады».<br>- Балалар, мысық бізге сыйлық | Шеңбер бойымен аяқты көтере Мысық жүрісін салып, «серуен-дейді»<br>Балалар: «Мияу-мияу!» - деп қуана жауап береді.<br>Таңдана қарайды, қызығушылығы артады, көңіл Күйлері көтеріледі. |

| | | |
|---|---|---|
| | әкеліпті.<br>Жетекші балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Барабан аспабын көрсетеді, барабанда дауысын шығара ойнапбереді. Балаларды шақырып, барабан аспабын ұстап көруге, ойнап көругемүмкіндік береді.<br>- Ала мысықты қуантып ән айтып берейік,<br>Ал мысығымыз отырып тыңдасын, - деп<br>орындыққа ойыншықты қояды.<br>«Барабан» әні (муз.Б. Дәлденбай,сөзі<br>Ж. Әбдрашев) орындалады.<br>«Соқ» сөздерін қосылып айтуға тырысады. 3-4 балаға барабанда ойнап, әнді «сүйемелдеуді» ұсынады.<br>«Мысық пен Мысықай» ойыны.<br>«Көңілді ырғақ» биін(Еркем-ай) бірге билеуге шақырады.<br>Балаларға таныс биді ұсынады. | Кілемге жайғасып отырады.<br><br>Балалар барабанды ұстап, таяқ-шасымен соғып, ойнап көреді.<br><br>Балалар ынта қойып тыңдайды.<br>«Соқ», «Бір-екі-үш» сөздерін қайталауға талпынады.<br><br>Балалар көрсетілен би қимылдарын қайталап, көңілді билейді. |
| Рефлекциялық-түзетушілік | Балалар, барабанды қалай соғамыз?<br>Ойын седерге ұнады ма?<br>Ала мысыққа сендердің дауыстарың ұнапты.Ол бізге қайта қонаққа келемін деп отыр! Мысықпен қоштасайық! – деп, балаларды шығарып салады. | Балалар жауап беруге тырысады.<br>Барабан аспабында ойнауды имитация арқылы көрсетеді.Қоштасып, шығады. |

**Күтілетін нәтиже:**
Біледі:ырғақты ажырата білуді, дыбыстарды қайталай білуді.
Игереді: барабан аспабының дауысын ажыратуды, жеке сөздерді, дыбысты есте сақтапқайталауды игереді.
Меңгереді: барабан аспабын меңгереді, ырғақты сезіне қимылдайды, ән мәтінінесай іс–әрекеттер көрсете алады.

**Күні:13.12.2021**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Біз өмірдің гүліміз»

Мақсаты: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрысжеткізу дағдыларын қалыпастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білугебаулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.

Көрнекілігі:Түрлі – түсті жалаушалар.

Билингвалды компонент: Жалауша – флажок.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды маршпен қарсы алады.<br>Балаларға түрлі -түсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландыра ды. Жалаушамен қимыл жасады. | Балалар маршпен кіреді.<br>Жалаушамен қимыл жасайды. |
| Ұйымдасыру шылық-ізденістік | «Біз – өмірдің гүліміз» әнін хормен айтылады.<br>Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс.<br>Балаларға ән тыңдауды ұсынады. «Отаным» әнін тыңдап,балалар әнді жылдамнемесе баяу екенін ажырата білді.Әнді екіншірет орындар алдында балаларды шеңбербойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балаларқимыл жасайды.<br>Жетекші: «Босқа қарап тұрмайық,<br>Кел,балақай, ойнайық! –<br>Деп шақырып, «Үйшігіңді тап» | Балалар әнді хормен айта білді.<br><br>Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, көңілкүйлері көтеріледі.<br><br>Ойынға көңілді қатысып қызығушылықтары артады.<br><br>Жеңіл жүгіріп, «үйшіктеріне» жетуге тырысты. |

| | | |
|---|---|---|
| | ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп,балаларға «Епті аяқтар»(А.Тоқсанбаев) әуеніне тез,жеңілжүгіруді ұсынады. | |
| Рефлекциялы-түзетушілік | - Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.<br>Біз қалай жүгірдік?<br>Өткізілген оқу іс – әрекетін пысықтайды.<br>Балаларды мақтап, мадақтау. | Сұраққа жауап берді. Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.

Игереді: Жалаушамен жаттығу жасауды игереді

Меңгереді: Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

**Күні:20/23.12.2021**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: « Желбірейді жалауша»

Мақсаты: Ән айтуды уақытында бастап, аяқтау. Музыканы есте сақтау, тыңдай білуді, ырғақпен нық басып жүруге,әуенді сезіне білуге баулу.Би қимылдарын қайталап көрсетуге дағдыландыру.

Көрнекілігі: түрлі түсті жалаушалар,паравоз маркеті.

Билингвалды комп: Жалауша – флажок.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық түзетушілік | Үнтаспада «Бақытты балалық шақ» әні (музыкасын жазған С.Қалымов,сөзін жазған И.Исабаев)ойналып,балаларға өз беттерінше еркін билеу ұсынылады. Музыка жетекшісі түрлі түсті жалаушалар таратып,балаларды көңілді серуенге шақырады.<br>«Жалаушамен келеміз<br>Біз көңілді жүреміз»,-<br>деп, жалаушаны көтере аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. | Балалар өз қалауларынша би қимылдарын жасап көңіл көтереді.Ұнаған түсінен жалаушалар таңдап алып,балалар тізбектеліп,нық басып жүруге талпынады. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік | «Қазақ маршы» (А.Затаевич) әуеніне «Жалаушамен жаттығу» би қимылдары үйретіледі.Музыка жетекшісі көрсетіп, балалардың бірге қимылдауын қадағалайды. Жаттығудан соң балаларды отырғызып,ән тыңдауды ұсынады.«Жалауша» әні (музыкасын жазған А.Тоқсанбаев,сөзін жазған И.Сапарбаев).<br>Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер | Жалаушаны жоғары көтеріп,жеңіл жүреді, тоқтап,екі қолды созып «тербеледі», бір орында айналады. Балалар бар ынтасымен тыңдауға талпынады. Ән шумақтары орындалғанда жалаушаны қозғай жүреді, «бір-екі» деп қосылып айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| | бойымен тұрғызады.Әнді орындап,шумақ соңында «бір-екі» деп қайталап, қосылып айтуды үйретеді.<br>«Пойызға біз барайық,<br>Вагоннан орын алайық»,-<br>деп, пойызбен жолға шығатындарын түсіндіреді. Паровоз макетіне жалғастыра орындықтар тізбектеліп қойылады.<br>Музыка жетекшісі «Пойыз» (музыкасын жазған К.Қуатбаев,сөзін жазған Ж.Смақов)әнін орындап,педагог мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды көрсетеді,балалардан қайталауды сұрайды.<br>Ән аяқталысымен «пойыздан»түсіп,балаларды қыдыруға шақырады.«Бақытты балалық шақ» әні үнтаспада қайта ойналып,балаларға екеуден қол ұстасып, «серуендеуге»-зал ішінде еркін жүруге мүмкіндік береді. | Балалар көңілдене «пойызға» отырып, «вагондарға» жайғасады.Орындық –вагондарда отырып,ән қимылдарын бірге жасауға талпынады, «пыш-пыш», «гу-гу» дыбыстарын айтуға тырысады.<br>Балалар қол ұстасып,зал ішінде өз беттерінше «серуендеп» жүреді. |
| Рефлекциялық түзетушілік | Музыка жетекшісі:<br>-Балалар,пойыз қалай жүреді?Паравоз қалай тоқтайды?-деп сұрап, балаларды әңгімеге тартады.<br>-Пойыздың тезірек жүруіне сендер көмектестіңдер,менің сендерге сыйлығым бар!-деп, қатты қағаздан жасалған кішкене жалаушалар береді.<br>«Тізбектеліп тұрайық.<br>Вагондарды құрайық,<br>Енді топқа барайық!»-<br>деп, балаларды шығарып салады. | «Пш-пш», «пух»,-деп пойыздың дауысын салуға талпынады.<br>Балалар сыйлық-жалаушаларды алып қуанады.Қатарға тұрып,тізбектеліп ұстасып,залдан шығады. |

Күтілетін нәтиже:
Білу керек: әнді қосылып айта,ырғақпен қозғалу,қимылдарды қайталай білуі керек.
Игереді: нық басып жүру,ойын шарттарына сай қимылдау.
Меңгереді: жалаушаны ұстап билейді,дыбыстарды қайталап айтады, ойын шартын орындауды біледі.

**Күні: 27.12.2021**

Білім саласы: Шығармашылық
Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка
Тақырыбы: «Ормандағы сұр көжек»
Мақсаты: Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып,шеңбермен жүру. Ырғақты сезіне білуге,ән тыңдауға баулу,әуен ырғағымен қимыл қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру, көңіл күйсезімін ояту.
Көрнекілігі: Ормандағы аңдардың суреті.
Билингвалды комп: Орман – лес.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдер і | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды орманға серуенге шақырады. «Марш»(Е.Андосов)ойналып ,<br>«Біз көңілді баламыз,<br>Орманға бірге барамыз»-<br>Деген кезде екеуден қол ұстасып жүруді ұсынады.Әуен аяқталғанда: «Міне, орманға да жеттік»,-деп тоқтайды.<br>Бұта түбінде отырған қоянды байқап қалғандай,таңданып:<br>-Балалар,қараңдаршы,мұнда отырған не,білесіңдер ме? – деп сұрайды. | Балалар қол ұстасып,көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді.Әуен аяқталғанда тоқтап,жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады.<br><br>Балалар таңырқап,қызыға қарайды. «Бұл қоян»,-деп жауап береді. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік. | -Бұл көңілді сұр қоян.<br>Ойыншық қоянды қолына алып:<br>«Мен қоянмын,қоянмын,<br>Сәбізге мен тоямын.<br>Қыста жейтін азықтыКүзден жинап қоямын»,-<br>дейді.<br>-Балалар,қоянмен бірге секіріп,көңіл көтерейік,-деген ұсыныс айтады.<br>«Қояндар»(Ломова) әуенінің ырғағына билеуге шақырады. | Балалар қоянды көріп қуанады.<br><br>Балалар жеңіл секіріп,қоянның қимылын көрсетуге тырысады.Әуен ырғағына ілесе жеңіл секіріп,көңілденеді.<br><br>Балалар әнді зейін қойып тыңдайды,қызығушылы |

| | | |
|---|---|---|
| | -Жарайсыңдар,балалар! Енді қоянға арнап ән айтып берейін,сендер де тыңдаңдар. «Сұр қоян» әні(музыкасын жазған А.Филиппенко,өңдеген К.Үбанұлы) орындап береді. Әнді екінші рет орындап, балаларды қоянмен бірге билеуге шақырады.Әннің барлық шумақтарында тәрбиеші мәтінге сәйкес қимылдарды көрсетеді, балаларға қайталауды ұсынады.Жетекші орындық артында жасырылған ойыншық түлкіні алып көрсетеді:<br>«Жүрген жері күлкі,<br>Бізге келді түлкі».<br>Түлкінің даусын салып:<br>«Кел сұр қоян,тойлайық,<br>Балалармен ойнайық»,-деп,балаларды ойынға шақырады.<br>«Қояндар мен қу түлкі» ойыны ұйымдастырылады. | қ танытады.<br><br>Балалар жеңіл секіреді,қоянның құлақтарын қолдарымен көрсетеді.<br><br>Түлкіге назар аударып,қызығушылық танытады.<br>Балалар қуана келісіп,көңілді ойнайды.<br>Балалар-қояндар ойынға көңілді қатысады.<br>Түлкіге ұсталмауға тырысады, жеңіл жүгіріп, шығыршықтарға кіріп жасырынады. |
| Рефлекциялық-түзетушілік. | Түлкі-педагог:<br>- Рақмет,балалар! Маған көңілді болды.Қоян-музыка жетекшісі:<br>- Балалар,сендер тез жүгіріп,секіре алады екенсіңдер! Сендер маған ұнадыңдар!Мен сендерге тағы да қонаққа келемін,сау болыңдар!-деп балалармен қоштасады. | Балалар қуанып қол шапалақтайды.<br>Қол бұлғап көңілді қоштасады,қол ұстасып шығып кетеді. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі:әуен ырғағымен секіру,жеңіл жүгіру,би қимылдары қайталап көрсете білу керек.

Игереді: қоян,түлкі кейіпкерлерін ажырата біледі,іс-әрекеттерін көрсете алады, әнің сөзін,әуенін қайталап айтады.

Меңгереді:қосаяқтап секіреді,тез әуенге ілесе жүгіреді,қуып жетеді,ырғақты сезіне аяқтарын топылдатады.

**Күні:        10/13.01.2022**

Білім саласы:  Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:  Музыка

Тақырыбы: Шырша мен ойыншықтар

Мақсаты:Қимыл  қарқынын өзгерте отырып  қимылдау, бір-біреулеп, жұптаса  отырыпби  қимылдарын  орындау,жануарлардың  би  қимылдарын ұқсату. Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.

Көрнекілігі:  Шыршаның  суреті.

Билингвалды комп: Ойыншықтар-игрушки

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Балалармен  сәлемдесіп, «Шеңбермен  жүреміз», «Жүгіреміз, жүреміз».(Г.Абдрахыманова)әуенді  қимылдарын  қайталап қарсы  алады.Үстел  үсті театры  арқылы шыршаны және  ойыншықтарды  көрсете отырып, шыршаға  таппақ айтады.<br>Тауда туып,тауда өскен<br>Шырша келді ортаға .<br>Әдемілеп біз ілген<br>Ойыншықтар тізілген. | Балалар амандасады,жайғасады. Балалар шыршаға қарайды,таңғалады. Шыршаны,ойыншықтарын көрсетеді. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | «Қаршағыз бен балалар» (Г.Абдрахманова)әнін қайталауын сұрайды.(Қаршақыздың әуенін қуыршақ Қаршақызды  ұстап айтады.)<br>«Жасыл шырша» (музыкасы К.Қуатбаев,сөзі К.Шалқаров) әнін орындап береді.<br>1-шумағында шыршаны айналады.<br>2-шумағында жақындайды. | Балалар әнді айтуға тырысады.<br>Балалар әнді мұқият тыңдайды.Балалар шеңбермен жүріп тыңдайды.Ортаға жақындайды.<br>Шапалақтауға тырысады. |

| | | |
|---|---|---|
| | 3-шумағында алақанды шапалақтайды,қол көтереді,билеп үйренеді.<br>Жетекші балаларға шыршада ілулі тұрған ойыншықтарды көрсетеді.<br>«Мысық,торғай,күшік,<br>Мынау ілінген қандай ойыншық?»-деп сұрайды.<br>Мысық қалай дыбыстайды?<br>Торғай қалай дыбыстайды?<br>Күшік қалай дыбыстайды?Егер дұрыс дыбыстасаңдар,ойыншықтар ілініп тұрады.Ал дұрыс болмаса, қашып кетеді.<br>«Ойын ойнап көрейік,<br>Жүгірейік, жүрейік,<br>Егер қасқыр ұлыса,<br>Жылдам қашып кетейік»,-деп жетекші үлкен ақ матаны алып, балалардың астына жасырынып қалуын сұрайды.<br>«Ненің даусы?» ойыны.<br>- Қасқыр келгенде алдаймыз, мысық болып мияулаймыз,торғай болып шиқылдаймыз, күшік болып үреміз, - деп,орыннан орынға ауысып, «төмен», «жоғары» дыбыстарды айтқызуға үйретеді. | Ойыншықтарға қарап,жауап береді.<br><br>Мысық<br>Мияу-мияу<br>Шиқ-шиқ<br>Әуп-әуп<br><br>Балалар ілесе жүріп,қасқырдың ұлыған даусын естіп,тығылуға тырысады.<br><br>«Мияу», «шиқ-шиқ», «әуп-әуп» дыбыстарын айтуға талпынады. |
| Рефлекциялық түзетушілік | - Балалар,бүгін сендер әнді тыңдап, дыбыстарды жақсы айтып бердіңдер.Келесі тағы да, ән айтамыз, ойнаймыз. Жарайсыңдар!-деп мадақтайды. | Балалар қуана қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:
Біледі: тыңдайды, төмен, жоғары дыбыстарын білуі керек.
Игереді: жасырынуды, қашуды, алдауды.
Меңгереді: жүгіруді, отыруды, тұруды.

**Күні: 17.01.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы:«Қаршақыз бізде қонақта»

Мақсаты:Музыканы тыңдай білуді таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Есте сақтау қабілетін дамыту, ырғақты сезіну.

Көрнекілігі: Аязата,Қаршақыз.

Билингвалды комп: Аяз ата - дедмороз

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі топқа барып амандасып,балаларды қуыршақ театрына шақырады.Алдын ала педагогпен сабақ барысын жоспарлап дайындайды. Музыка жетекшісі театр ішінде дауыс шығарады.<br>-Балалар!Балалар!Мен келе жатырмын! Сәлеметсіңдер ме, кішкентай достарым! Менің атым-Қаршақыз!<br>-Ой мынау қандай әдемі шырша,ойыншықтарының жалтырауын-ай! (Шырша жанып,айналатын болуы керек.)<br>Қаршақыз:<br>-Кәне,шыршаға шапалақ соғайық,аяғымызды топылдатайық. | Балалар залға кіреді,амандасады.<br>Балалар амандасады.<br>Балалар күледі,қуанады.<br>Жанған шыршаға шапалақ соғады,топылдатады. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік | Қаршақыз:<br>-Балалар! Сендер шырша туралы ән білесіңдер ме<br>«Жасыл шырша» (музыкасын жазған Қ.Қуатбаев,сөзін жазған К.Шалқаров.)<br>-Әнін бәріміз айтайық,ал сендер шеңбермен жүріңдер. Қаршақыз: | Балалар «білеміз» деп,есіне түсіреді,айтуға тырысады.<br>Балалар Қаршақызға қарап,әнді тыңдайды,қайталайд |

| | | |
|---|---|---|
| | - Рахмет, балалар, енді мен сендергеән айтып беремін,ал сендер тыңдаңдар.<br>Ән «Қаршақыз бен балалар» (Г. Абдрахманова)<br>Қуаршақ- Аязата сөйлеп шығады.<br>- Балалар! Балалар!<br>Айналайын балалар.<br>Өлең, тақпақ айтыңдар.<br>Маған билеп берсеңдер,<br>Сыйлығым бар сендерге!<br>Қаршақыз: Әннің сөзін айтамыз.<br>Аязата, ля-ля-ля!<br>Қайталатады.<br>Музыка жетекшісі балаларды жұппен тұрғызады, билеуге үйретеді.<br>Қаршақыз:<br>- Балалар, сендерге көп-көп рахмет, енді біз орманға кетейік, өйткені жылыдан еріп бара жатырмыз.<br>Аязата:<br>- Қош сау болыңдар! Мен сендерге тағы да келемін, сыйлық әкелемін.<br>Ал сендерге көп қар сыйлаймын,- деп, қар беріп кетеді.<br>«Ойнаймыз,ойнаймыз,<br>Жаңа жылды тойлайыз» | ы.<br><br>Балалар:<br>«Айтамыз,айтамыз,<br>Би де билей аламыз.<br>Кәне,кәне сыйлығың,<br>Алайықшы бәріміз.»<br>Аязата, ля-ля-ля,<br>Аязата, ля-ля-ля.<br><br>Бірге билеп,аяқтарымен,қолдарымен,<br>Қолдарымен қимылдауға тырысады.<br><br>Балалар қарды алып қуанады,ойнауға тырысады. |
| Рефлекциялық түзетушілік | -Балалар,сендерге кім келді?<br>Педагог екеуі «Қарыспақ» ойынын ұйымдастырады,ойнауға үйретеді.<br>-Жарайсыңдар,балалар!-деп мадақтайды. | Аязата Қаршақызбен балалар қол бұлғап қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әнді есте сақтауды, ырғақтарды сезінуді.

Игереді: шырша, ойыншықтар, қармен ойнауды.

Меңгереді: шеңбермен жұптасып жүруді.

**<u>Күні:  24/27.01.2022</u>**

Білім саласы:Шығармашылық.

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка.

Тақырыбы: «Қошақаны қойдың»

Мақсаты:  Музыкалық  шығарманы  эмоциямен  қабылдау. Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын  беру. Ән арқылы үй жануарларының енесін,төлін ажырата білуге үйрету.Есте  сақтау  қабілетін дамыту.

Көрнекілігі: үй жануарларының топтамасы, қой мен қозының суреті.

Билингвалды комп: Қошақан-ягнёнок.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Көңілді музыка әуенімен музыка залына келеді.Амандасу,шеңбер бойымен  бірінің  соңынан бірі тізіліп жүреді.Жүгіру,айналу, әуен арқылы тізені бүге қимыл жасату. Балаларға қозы мен қойдың суретін көрсетеді. | Балалар шеңбер бойымен жүреді,жүгіреді,тізені бүгіп,қолды белге ұстап қимыл жасайды. Балалар суретті қызықтайды. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік | -Балалар,біз сендермен ботақан,лақ туралы әндер  айтып, ойындар ойнадық.Бүгін сендермен танысуға қошақан келіп отыр.Кәне,бәріміз қайталайық. Қошақан-қойдың төлі.<br>Музыка жетекшісі «Төлдер» әнін орындап береді (музыкасы жазған Б.Бекзатов, сөзін жазған Ө.Өмірбеков).<br>Ән қайта орындалғанда  музыка жетекшісі  қимылмен көрсетеді. «Қайда қалып қойдың?» деген жерде қолдарын  жаяды «Бұлтиып | Балалар қошақан,қой сөздерін қайталайды.<br><br>Балалар әнді тыңдайды.<br>Балалар музыка жетекшісіне ілесіп,қолдарын жайып,бүйірлерін көрсетіп,қимылдар жасауға тырысады.<br>Бала қойдың |

| | | |
|---|---|---|
| | тұр бүйірің» деген жерде іштерін көрсетеді.<br>«Өз анаңды тап»ойыны ойналады.Қалташықтың бірінде жануарлардың бірі,жанында бірнеше төлдер жатады.Бала сол жануарлардың төлін тауып қасына суреттерін қою тиіс. Ойын басқа жануарламен қайталанады. | жанына қозының суретіне қоюға тырысады және атын атайды. |
| Рефлекциялық-түзетушілік | Ән сендерге ұнады ма? Қорытындылау,балаларды,бағалу, мадақтау. | Балалар көңілденіп, топтарына тарайды. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарлары-қой мен қозының атын атай білу керек

Игереді:жануарлардың  төлдерін атай білуді игереді.

Меңгереді:музыкаға ілесіп әннің қимылдарын көрсетуді меңгереді.

**Күні:31.01.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Жайлауда»

Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді , таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білудіқалыптастыру. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін арттыру, музыкалық қабілеттерін дамыту.

Көрнекілігі: Үй жануарларының суреті.

Билингвалды компонент: Үй жануарлары – домашные животные

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотвациялық - қозғаушылық | Ортада дөңгелек үстел жанында әже отырады, айналасында жайылып жүрген ойыншық малдар. Жайлаудың көрінісін бейнелеу.<br>- Балалар, біз бүгін жайлауға барамыз, әжемізді сағындық, әрі үй жануарларымен танысып қайтамыз. | Балалар әдемі әуенмен әжелеріне жолға шығады. Ұзақ жол жүріп әжелеріне жетеді. Амандасады. |
| Ұйымдастырушылық - ізденістік | - Балалар, біз әжеге қонаққа келдік. Әже, үй жануарларыңызбен біздің балаларды таныстырыныызшы. Әрбір жануарлардың аттарын және олардың төлдерін балалрдан сұрайды. Музыка жетекшісі әрбір жануарға арналған әнді айтады. Балалар ән мәтінін тыңдай отырып, сол жануарларды табуы тиіс<br>Әже балаларға ойын ойнауды ұсынады.<br>Дидактикалық ойын: «Өз төліңді тап». Әже жануарларды | Балалар үй жануарларының аттарын атайды. Төлдерін атап, қалай дыбыс шығаратынын дыбыстайды. Ән мәтініне сәйкес қимылдар жасайды. Балалар әрбір жануардың төлдерін өз орындарына дұрыс табуға әрекет жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | өз төлдерінен бөліп, араластырып жібереді. Әр жануарлардың жанына өз төлдерін тауып қоюды сұрайды. | |
| Рефлексиялық - түзетушілік | Балаларға әже ризашылығын жеткізеді. Жиі келіп тұруларын сұрайды. Балаларға мақтау сөздер айтады. | Балалар әжелеріне рақмет айтып, көтеріңкі көңіл күймен үйлеріне қайтады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін білуі керек.

Игереді: үй жануарларын, төлдерін бір-бірінен ажырата білуді игереді.

Меңгереді: үй жануарларының қимылдарын әуенмен жасауды меңгереді.

**<u>Күні: 07/10.02.2022</u>**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы : «Күн мен Жаңбыр»

Мақсаты: ән айтуды уақытныда бастап, аяқтау; алға шығып немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау. Ойы арқылы көңілді, көңілсіз әуендерді тыңдау, сезінуге баулу.

Көрнекілік: Күннің суреті

Билингвалды комп:. Күн – Солнце, жаңбыр – дождь.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балалармен сәлемдесіп, «Шеңбермен жүреміз» қимылды қзғалысымен жүруді ұсынады. Тәрбиеші күн шуағын көрсетеді.<br>Жетекші әндете:<br>*«Күннің көзі күлімдеп,*<br>*Бізге қарай ашылды.*<br>*Жылуымен жылытып,*<br>*Шуақтары шашылды».* | Балалар қатармен келіп тұрады.<br><br>Күнге қарап, әуенді көңілдене тыңдайды. |
| Ұйымдастыру-шылық - ізденістік | Жетекші әндете:<br>- Балалар, сендер не көріп тұрсыңдар? Кәне, бәріміз Күнге жақындап тұрайық. (Жетекші бұлт суретін шығарады).<br>Үнтаспадан күннің күркірегені, жаңбыр тырсылы естіледі.<br>- балалар, мен сендерге «Балалар мен жаңбыр» әнін (Г.Абдрахманова) айтып берейін.<br>Ән мәтініне сай қимыл-қозғалыстар жасауды ұсынады.<br>- балалар, сендерге Күн қуанып, бірге ойнауға шақырып тұр. | Балалар жауап береді.<br><br>Балалар жаңбыр даусын естіп, таңғалады. Әнді ынталана тыңдайды. Балалар шеңберге тұрып, қимылдарды мәтінге сай жасауға тырысады.<br><br>Ойынға көңілдене қатысады. Көңілді әуенге қуана секіреді, |

| | | |
|---|---|---|
| | Көңілді әуен ойналғанда, секіріп ойнауды, ал күн тығылып, бұлт шыққанда отырып қалуды ұсынады.<br>(Екі қолын жоғары көтеріп түйістіріп шатыр жасауға немесе қолшатырды пайдалануға болады).<br>«Жапырақтар»(Г.Абдрахманова) әнін қайталап айтуға шақырады.<br>«Күн» (М.Т. Потапенко) (Көңілді шығарма).<br>«Жаңбыр» (музыкасы Ә.Телғозиев) әуенін тыңдай жүріп ойнауға үйретеді. Ойынды бірнеше рет қайталауды ұсынады. | жаңбыр даусы естілгенде қолды жоғары көтеріп түйістіруге тырысады, жасырынуға талпынады.<br><br>Балалар әнді еркән қимылдап айтуға талпынады.<br><br>Балалар тыңдап, ойнауға тырысады. |
| Рефлекциялық Түзетушілік | - Балалар, Күн шуағы сендерге қуанып, келесі жолы тағы да келіңдер деп шақырып жатыр. Кәне, Күнмен қоштасайық. Сендер бүгін көңілді әуен тыңдап, өте жақсы ойын ойнадыңдар, - деп мақтайды. | Балалар Күнге қол бұлғап, көңілді қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі:музыканы тыңдау, көңілді, көңілсіз әуенді сезіне ажырата білуі керек.

Игереді:музыканы тыңдап, ойын шартын бұзбай, мәтінге сай қимыл жасап, ілесе айтуды игереді.

Меңгереді:көңілді әуенге секіруді, жүгіруді, музыка өзгерген кезде жасырынуды меңгереді, дағдыланады.

**Күні: 14.02.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы : «Көңілді пойыз»

Мақсаты: Дербес ойындар мен әрекеттер кезінде ойнаған аспаптардан дыбыстар шығаруға талпыну. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. Ойыншық кейіпкерлер арқылы шығармашылыққа баулу.

Көрнекілігі: паровоз макеті, ойыншық қоян,қонжықтың үйшігі.

Билингвалды компонент: көңілді пойыз – веселый поьезд

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Үнтаспада «Қуырмаш» әні ойналып, музыка жетекшісі балаларды қарсы алады.<br>- Балалалар, біз бүгін қоңыр қонжыққа қонаққа барамыз. Қонжық алыста, орманда тұрады,- деп түсіндіреді.Орманға жету үшін мына «Көңілді пойызға» отырайық, - деп паровоз макетін көрсетеді.<br>«Пойымызға біз барайық, Вагоннан орын алайық», - деп «вагондарға» - тізбектелген орындықтарға Жайғасуларын сұрайды. | Балалар қол ұстасып, көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді.<br>Әуен аяқталғанда тоқтап, Жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады. Қуана келісіп, «вагондарға» кіріп, жайғасып отырады. |
| Ұйымдастырушы-лық - ізденістік | *«Ал паровоз бастайды,*<br>*Пыш- пыш, пух- пух,*<br>*Ән айтып біз қостайық.»,*- деп, «Пойыз» (К.Қуатбаев, Ж.Смақов) орындайды. Балаларда орманға келеді.Жетекші ойыншық қоянды ұстап тұрып:<br>*«Мен қоянмын, қоянмын,*<br>*Сәбізге мен тоямын.*<br>*Қыста жейтін азықты,*<br>*Күзде жинап қоямын,* - дейді. | Балалар «пыш-пыш», «пух-пух» сөздерін қайталауға тырысады. «Вагондарда» отырып,қимылдарды қайталауға тырысады.<br><br>Балалар қоянды ұстап,сипап көреді. Балалар жеңіл секіріп, қоянның қимылын |

| | | |
|---|---|---|
| | - Балалар, сұр қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік- деп, ұсынады.<br>«Сұр қоян» (А. Филипенко, сөзі Қ.Үбанұлы) орындалып, балаларға би қимылдарын көрсетулерін сұрайды.<br>«Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбай)<br>Аю:<br>*« Мен аюмын қорбаңбай,*<br>*Қимылмаймын қорбаңдай.*<br>*Омартаны көрген*<br>*Бас қоямын ойланбай».*<br>(А.Асылбеков)<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар?<br>Жетекші балаларға аюдың қимылын қайталауды ұсынады.<br>Ән аяқталысымен балаларды көңілді ойынға щақырады.<br>*«Қонжық және қоянмен»*<br>*Ойын ойнап күлейік,*<br>*Достарымыз қуансын,*<br>*Тату болып жүрейік»,* - деп, «Қояндар мен аю» ойыны ұйымдастырылады. | жасайды.<br>Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, қызығушылық танытады.<br><br>Балалар қуана аюмен амандасады.<br><br>Аю қимылдарын қайталап,«қорбаңдай» жүреді, бір орын да айналады.<br><br>Әуеннің ырғағына сәйкес қимыл-қозғалыстарды орындауға тырысады. Бірге қуанады. |
| Рефлекциялық<br>Түзетушілік | Музыка жетекшісі балаларға «Көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді.<br>Әуен ырғағымен «пойыз» әні қайтадан орындалады.<br>- Біз қандай көлікке отырдық? Паровоз қалай жүреді екен?<br>Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады. | Балалар пойызға «отырып», жолға шығады.<br><br>Балалар сұрақтарға жауап беруге талпынып, әңгімеге қосылады. Қуанып қол шапалақтайды. Қол бұлғап, қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: паровоз, пойыз туралы ұғынып, білуі керек.

Игереді:пойызға отыру, өзін-өзі ұстай білу, бірге қуану, риза болу.

Меңгереді:сөздерді қосыла айту, қайталау, ойыншық кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын жасап көрсету (қосаяқтап секіру, әуенге тез жүгіру, қорбаңдап жүру)

**Күні:21/24.02.2022**

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған  оқу  қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Кел, билейік»

Мақсаты: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру. Ән – әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналауға дағдылану, көтеріңкі көңіл күй сыйлау.

Көрнекілігі:Бишілердің  суреті.

Билингвалды комп:Би - Танец

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушы-лық | Музыка жетекшісі балаларға сандықшаға салынған түрлі түсті орамалдарды ұсынып, таңдап алуға мүмкіндік береді.<br>«Келіңдер, келіңдер,<br>Шеңбер құрып беріңдер!» - деп балаларды дөңгелене тұруға бейімдейді.<br>«Орамалмен билейміз» әні.<br>Орамалды оң қолға ұстауды, жоғары көтеруді, қозғауды, бір орында айналуды көрсетіп, қайталауды талап етеді.<br>«Қызыл, жасыл, сары, көк,<br>Орамалды алайық,<br>Қолды көкке созайық,<br>Қозғап, қозғап қалайық!» - деп, әндетіп, әуенге ілесе би қимылдарын орындауды сұрайды. | Балалар өздері ұнатқан түстегі орамалды таңдап алады.<br><br>Көңілді әуен ырғағымен шеңбер бойымен тез тұруға әрекет етеді.<br><br>Орамалдарды ұстаған қолдарын төмен түсіреді, көтереді, бір орында тұрып айналады.<br><br>Орамалды ақырын қозғайды. Тез-тез қозғайды. |
| Ұйымдастыру-шылық – ізденістік | Балалар көңілді әуенге ілесе, орамалдармен би қимылдарын жасайды. Би соңында жетекшісі:   «Орамалды аламыз, | Орамалды көтере айналады, бір орында тұрып тербеледі.<br>Балалар жүгіріп келіп, орамалдарды |

| | | |
|---|---|---|
| | Сандықшаға саламыз», - деп сандықшаға орамалды жинайды. Музыка жетекшісі бұрышта тұрған үйшікті көрсетіп:<br>- Қандай әдемі үйшік! Мұнда кім тұрады екен? – деп ақырындап барып үйшікке жақындап, үйшік есігін қағып, «Мұнда кім тұрады?» - деп сұрайды.<br>- балалар, шапалақтап дыбыстайық, мүмкін естіп, шығатын болар, - деп ұсынады.<br>– енді аяғымызды қатты топылдатайық.<br>Үйшәк терезесінен педагог Меруерт  қуыршақты көрсетіп:<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар? – деп амандасады.<br>Музыка жетекшісі әдемі қуыршақты бірге ойнауға шақыруға ұсыныс жасайды. Қуыршақ «қуана келісіп», балаларға қосылады.<br>«Полька» (Ю.Слонова) орындалады. Музыка жетекшісі немесе педагог қуыршақтың қолдарын қозғап, шапалақтап, айналып, балалармен бірге «билетеді». | сандықшаға салуға тырысады.<br><br>Үйшікке таңырқап, қызыға қарайды. Үйшікке ақырын басып жақындайды. Үйшіктің жанына келіп, қатты шапалақтайды. Қуыршақты көріп, балалар қол шапалақтап қуанады. Аяқтарын көңілдене топылдатады. Балалар қуыршақпен амандасады. Ортаға шығып, шеңберге тұрады. Екеуден тұрып айналады, тербеледі, аяқтарын топылдатады, шеңбер бойымен жүреді. |
| Рефлекциялық-Түзетушілік | Би аяқталысымен Жәмила-қуыршақ:<br>- балалар! Сендер әсем билейді екенсіңдер. Маған өте көңілді болды! Сау болыңдар, балалар! – деп иіліп қоштасады | Балалар қуана қол шапалақтайды. Көңілдене қол бұлғап қоштасып, шығады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуенді тыңдап, әсер алу, ырғақты сезіне білуі керек.

Игереді: қуыршақпен қызығушылықтары артып, көпке ілесуді игереді.

Меңгереді: ән мәтініне сәйкес іс-әрекеттер көрсетеді, екеуден айналады, орамалмен би қимылдарын жасайды.

**Күні:28.02.2022**

Білім саласы:Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің әжем»

Мақсаты: музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру. Музыканы тыңдауды, еске түсіру қабілеттерін дамыту, ояту, ырғақты сезіну.

Көрнекілігі:Әженің суреті

Билингвалды комп: Менің әжем – Моя бабушка

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды қарсы алады, амандасады. Әже немересіне қарап тұрған суретті көрсетеді. Өлең оқиды:<br>«Еркем әнім, ертеңім,<br>Елжіреткен көркемім.<br>Ертеңіме ертегі<br>Шежіремді шертемін», - деп әжесі немересіне өлең оқып беріпті. | Балалар амандасады, отырады.<br><br>Балалар өлеңді тыңдап, әже суретіне қарайды. |
| Ұйымдастыру-шылық – ізденістік | Музыка жетекшісі:<br>- Ал балалар, балалар,<br>Шеңберге тұра қойыңдар.<br>«Кел балақан» әнін айтып,<br>Қайталайық, балалар.<br>(Қаңтар айындағы әнді қайталауға ұсынады.)<br>Әже қолындағы қоржынымен кіреді.<br>- Амансыңдар ма, балаларым! Мен сендерге «Наурыз келді» (музыкасын жазған Н. Дүкенбаев, сөзін жазған Қ. Смағұлов) әнін орындап берейін, ал сендер тыңдаңдар. Музыка жетекшісі әнді қосыла айтып, бірге ырғақпен | Балалар ілесе шеңберге тұрып, «Кел, балақан» әнін қуана айтуға тырысады.<br><br>Балалар орындарынан тұрып амандасады. Отырып тыңдайды. Балалар әнге қол шапалақтайды, сөздерін әнімен қайталайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | шапалақтауды ұсынады, «далама, қалама, балама» сөздерін қайталауды үйретеді.<br>Әже:<br>- Балаларым, балғындарым, тағы қандай өнерлерің бар?<br>Музыка жетекшісі:<br>- Біздің ұлдарымыз «Шабандоз» биін үйренгісі келеді, - деп билеуді ұсынады, үйретеді.<br>Әже:<br>- онда қыздарым маған келсін, мен оларға «Қамажай» биін үйретейін. Ал енді менің қоржынымда не бар екен, өздерің алып көріңдер. | Балалар билегісі келгенін көрсетеді, шабады, қамшыны ұстауды, орындыққа отырып шабуды үйренеді.<br>Қыздар әженің қасына отырып қимылдап, қолмен басымен иілуді үйренеді. |
| Рефлекциялық-Түзетушілік | Әже:<br>- Мен сендерге қазан алып келдім, асықтарыңды қазанға салыңдар, әуенмен шабасыңдар, тоқтағанда бір бірден аласыңдар.<br>- Сау болыңдар, сендер жақсы билеедіңдер, ойнадыңдар, менің «Наурыз келді» әнімді қайталап жүріңдер. Музыка жетекшісі балалардың жақсы қатысқанын айтып мақтайды. | Балалар кезекпен өз қолдарымен асықты шығарады.<br><br>Балалар жақсы қатысып, көңіл күйлері көтеріледі.<br>Балалар әжемен қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі:әуенді қайталауды, тыңдауды, әнді айтуды.

Игереді: қамшы ұстауды, асық алуды, салуды.

Меңгереді:шабуды, орнына отыруды, қолдарымен қимыл жасауды.

**Күні:05/10.03.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Әжем келді ауылдан»

Мақсаты:Ән  айтуды  уақытында  бастап  аяқтау. Әже арқылы балаларға наурыз туралы мәліме беру, балаларды музыка ырғағына сай қимыл жасауға үйрету.

Көрнекілігі:дөңгелек үстел, ұлттық тағамдар, қазақы үй жабдықтары.

Билингвалды  комп:Әже – бабушка.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка залында дөңелек үстел жанында әже балалады көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады.<br>Халық әні «Еркем ай».<br>«Жайдарымыз бәріміз,<br>Дастарқанда дәміміз.<br>Көжесі көп, қыры көп<br>Қандай жақсы наурыз!» | Балалар музыка әуенімен залға кіріп, дөңгелек үстел жанына жайғасады. |
| Ұйымдастыру шылық-ізденістік | - Балалар, мен сендерге әдейі ауылдан келдім, бүгін – мереке. Міне, дастарқан қазақтың ұлттық тағамдарына толы: бауырсақ, құрт, жент, ірімшік.<br>Әже ән орындайды.<br>«Наурыз – біздің жаңа жыл» (музыкасы мен  сөзін жазған Ж. Қалжанова).<br>- наурыз мерекесі болғанда күн жылынады, ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырады, малдар төлдейді. Ал енді | Балалар  әженің әңгімесін тыңдайды. Тағам аттарын қайталап айтуға тырысады. Бауырсақ, құрт, ірімшік, жент сөздерін әлдерінің келенінше қайталауға әрекет жасайды. Балалар әнді тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | барлығымыз орнымыздан тұрып, осы әнге қимылдар жасайық.<br>1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс.<br>Қайырмасында әже қол шапалақтайды.<br>Балалар да әжеге қосылып, қол шапалақтауға тырысады.<br>2-шумағы орындалғанда әже балалармен біре қол ұстасып, кіші шеңбер жасайды, одан кейін шеңбеді үлкейтуін сұрайды.<br>Қайырмасында тоқтап, балаларға қол шапалақтауды ұсынады. | Әжемен бірге шеңбе бойымен қол ұстаса жүреді.<br>Балалар қол ұстасып ортаға жиналады, кері қарай шеңберді кеңейтіп қимылдар жасайды. Қол шапалақтайды. |
| Рефлексиялық түзетушілік | «Бәйге» ойыны.Балалар кезекпен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады. Әже балаларға ризашылығын білдіреді. | Атпен шауып келе жатқан кейіп танытып, жарысуға тырысады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Наурыз мерекесі туралы мәліметтерді.

Игереді: наурыз, ұлттық тағам түрлері туралы түсініктерді игереді.

Меңгереді: атқа мініп жарысу дағдыларын меңгереді, шеңберді кішірейту, кеңейтуді (қол ұстаса алға адымдау және кері жүру).

**Күні: 14/24.03.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

ҰйымдасТырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Әлди- әлди, ақ бөпем»

Мақсаты: Музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын таныстыу. Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстардыайтуға дағдыландыру.

Көрнекілігі: бесік, бөпе- қуыршақ, сылдымақтар.

Билингвалды компонент: Бөпе – ребенок.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды қолындағы қуыршақ бөпесімен қарсы алады, амандасады. Бөпе ұйықтап жатыр екен. Музыка жетекшісі: «Шеңбермен жүреміз» жаттығуын бастайды.<br>- Балалар, біз қазір жаттығуды «бәсең» дыбыспенжүріп жасаймыз, өйткені бөпеміз оянып кетеді. (Әлдидің жылаған даусы кетіледі)<br>- Балалар, біздің бөпеміз оянды «көтеріңкі»<br>дыбыспен жаттығуымызды жасайық. | Балалар келеді,амандасады.<br><br>Балалар «Шеңбермен жүреміз» жаттығуын «бәсең» дыбыспен айтыпжасауға тырысады.<br>Бөпе оянғанда «көтеріңкі» дыбыспен жаттығуды қайталауға тырысады. |
| Ұйымдастырушылық- ізденістік | - Балалар, енді бөпемізді бесігімізге жатқызайық, оның ұйқысы келіп тұр.Ал сендер бесік жырын тыңдадыңдар. Халық әні «Құлыным».<br>(Р.Рымбаева. «Сезон» А.А.Қ 2003ж)<br>- Балалар,сендерге ән ұнады ма?<br>- Олай болса орнымыздан тұрып, «Сылдырмақ»әнін | Балалар бесікке қызығақарады. «Бесік жыры»әнін тыңдады.<br><br>Балалар сұраққа жауапберуге тырысты. |

| | | |
|---|---|---|
| | қайталайық.Қолдарына сылдырмақтыалып, билейді.Балалар әнді бірінші «бәсең»айтамыз, өйткені бөпеміз оянып кетпесін. Ал балалар бөпемізде оянып кетті, енді «көтеріңкі»дауыспен айтамыз, бөпемізді жұбатайық.<br>- Балалар жаңа кім жылады? Кәнеки, бөпемізге «Қуыршағым-ай» биин билепберейікші. | Сылдырмақты қолдарына алып, «сылдыр-сылдыр сылдырмақ» деп қайталайды. Әнді «бәсең»немесе «көтеріңкі»дауыспен айта білді.Би биледі |
| Рефлекциялық Түзетушілік | - Балалар сендер бөпені жақсы жұбаттыңдар,сендерге көп- көп рахмет. Келесі жолы жақсы билеп,ән айтсаңдар, бізге көп ойыншықтар келу мүмкін, -деп мадақтайды. | Балалар көңілденіп, шаттанып, қоштасады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: музыканы тыңдауды, еске түсіруді, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды.

Игереді: әлдилеулді, сылдырмақты ұстауды, қуыршақты ұстауды.

Меңгереді: шеңбер жасауды, отырып – тұруды, жүгіруді, музыкамен билеуді.

**Күні: 28.03.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Бесік жыры»

Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.Бесік жыры арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру.

Көрнекілігі: қуыршақ,бесік, бала тербеткен ана.

Билингвалды компонент:Бесік жыры – колыбельная песня

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Жетекші балаларды «Әлди-әлди, ақ бөпем,ақбесікке жат бөпем»,- деп бесікті тербетіпәндете қарсы алады. Бесікте кішкентай қуыршақ жатады. «Бесіктегі бала ұйықтайын депжатыр»,- деп,тыныштық сақтауларын сұрайды. Әлди,әлди, бөбегім,<br>Ақ бесікке бөледім.<br>Ай мен күнге теңедім.<br>Ақтарылған өлеңім. | Балалар баяу дауыспен әнде тіп отырған ананың жанына жай жүріспен келіп жайғасады. Амандасады.<br><br>Балалар бесікте жатқан сәбиге қарап қызығады. |
| Ұйымдастыру-шылық-ізденістік | Жетекші балаларға бесікті тансытырып, кішкентай бөбектер ұйықтар алдында «әлди-әлди»<br>деп бесік жырын айтып ұйықтататынынмәлімет береді.<br>«Ұйықта, бөпем»<br>(Қ.Шілдебаев,А.Асылбек)<br>Бала ұйықтаған кезде дауысты көтермей,жәйсөйлеу керектігін түсіндіру.<br>«Қуыршақпен ойын»<br>Балаларға ойыншықты беріп, | Балалар әнді тыңдайды.<br>Бесікті кезек – кезек тербетіп,жәй дауыспен «әлди - әлди» деп сәбиді ұйықтатуға талпынады. Балалар тыныштықсақтап, сыбырлай сөйлеп, көп<br>қимыл жасамайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | олардан қуыршақты ұйықтатуын сұрайды.Музыка аяқталғанда алдарына жатқызады.<br>«Ойын» музыкасы ойналғанда балаларқуыршақпен көңілдене билеуі керек.<br>Ойын 2 – 3 рет ойналады. | Балалар қуыршақты алдарына алып,әлдилейді.<br>Музыка өзгергенде балалар куыршақтарын көтеріп, бірге Билеуге әрекет жасайды. |
| Рефлекциялық Түзетушілік | Бүгін кімді ұйықтаттыңдар?<br>Қуыршақ ұйықтағанда қалай әндеттіңдер?<br>Қорытындылау,балаларды мадақтау. | Балалар жауап беруге тыры-сады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: бала ұйықтар алдында «әлди – әлди» әні орындалатынын білуі керек.

Игереді:«бесік»,«қуыршақ»,«әлди – әлди» деген сөздердің мағыналарын игереді.

Меңгереді:қуыршақпен билеуді, ұйықатуды, бесік тербету дағдыларын меңгереді.

**Күні: 04.04.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Көктем гүлі көрікті»

Мақсаты: музыка сипатына сәйкес қозғалады, музыка басталғаннан қимылдарды бастай алады. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасауға үйрету, көктем мезгілі туралы түсінік беру.

Көрнекілігі: автобус макеті, себетке салынған қауырсын гүлдер, қолшатыр, «жаңбыр тамшылары» - көгілдір лента ілінген таяқшалар.

Билингвалды  комп: Көктем – весна.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка жетекшісі балаларды себет толы әдемі көктем гүлдерімен қарсы алады. Балаларға гүлдерді таратып береді.<br>«Гүлді ұстап көрейік,<br>Ақырындап жүрейік», -<br>деп, өз еріктерімен гүлдерді ұстап, қызықтап көруге мүмкіндік береді.<br>Музыка жетекшісі «Көктем гүлдері» биінің қимылдарын көрсетіп, балаларға қайталап, бірге билеулерін сұрайды. Би соңында балаларға гүлдерді жинап, себетке салуды ұсынады. Жетекші балалардың назарын далаға, күн нұрына аударып, көңілді дауыспен: | Балалар гүлдерді қуана алып, қызықтап қарайды, таңданады.<br>Балалар шеңбер бойымен тұруға машықтанып, билеуге дайындалады.<br><br>Көрсетілген би қимылдарын қайталап жасауға талпынады. Балалар жүгіре басып гүлдерді себетке салады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | - Балалар, қараңдаршы далаға,<br>«Күннің көзі ашылды,<br>Алтын нұры шашылды!» -<br>деп балаларды үнтаспадағы | Балалар көңілденіп, әуенге еркін қимылдап, билеуге талпынады. |

| | | |
|---|---|---|
| | көңілді ырғаққа билеуге шақырады. Тербелу, секіру, екеуден қол ұстасып айналу қимылдарын көрсетіп, балалардың іс-әрекеттерін бақылай жүреді.<br>Үнтаспада күннің күркірегені, жаңбыр тамшыларының дыбысы естіледі.<br>«Жаңбыр жауды себелеп<br>Дала қандай керемет!» -<br>деп, қолшатырды ашады.<br>«Қолшатырға қаш-қаш,<br>Аяғыңды бас-бас!» -<br>деп, балаларды қолшатыр астына жасырынуға шақырады.<br>Бұл кезде жетекші жаңбыр тамшыларын бейнелеп, «тамшы»- таяқшаларды қозғай зал ішінде жеңіл жүгіреді.Ойынды 2-3 рет қайталауға болады.Ойын соңында:<br>«Күннің көзі ашылды,<br>Жаңбыр жауып басылды!»<br>- енді қалада көлікпен қыдырайық, - деп автобус макетін көрсетіп, «көлікке – автобусқа жайғасып отыруға шақырады.<br>Жетекші «Көлікке мінеміз» ойынын ұйымдастырады. «Машина» әнін (музыкасын жазған К. Қуатбаев, сөзін жазған  Т. Тұяқбаев) орындап, «бип-бип» сөздерін қосыла айтуға үйретеді. | Бір орында тұрып айналады, секіреді. Қол ұстасып айналып, тербеледі.<br><br>Жаңбыр даусы мен күннің күркірегенін естіп, таңғалады. Қолшатырға асыға жүгіріп, тығылуға тырысады.<br>Балалар көңілдене ойнап, қуанады.<br><br>Көңілді әуенді тыңдап, билеуге, жаңбыр дауысын естігенде қолшатырға жасырынуға машықтанады.<br>«Автобусқа» көңілдене жайғасады.<br>Балалар әннің мазмұнына сай қимылдар жасап, «бип-бип» сөзіне қосылуға тырысады.<br>Ойынды көңілді қабылдап, бірге қуанады. |
| Рефлексиялық түзетушілік | - Балалар, сендерге жаңбыр ұнады ма? Жаңбыр қалай жауады? Күн қайда? Бүгін бәрің де жақсы билеп, ән айттыңдар, ойнадыңдар, жарайсыңдар! – деп мадақтайды. | Шамалары келгенше жауап беруге тырысады. Балалар қол шапалақтап, қуанады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: әуен ырғағын сезіну, әнге қосыла айта білуі керек.

Игереді: «гүлдер әдемі, жаңбыр жауады, күн жарқырайды» түсініктерін ұғынады.

Меңгереді: гүлдерді ұстап, әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын жасайды, қолшатырға жасырынуды, көлікке отыруды меңгереді.

**<u>Күні:11/14.04.2022</u>**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Лағым»

Мақсаты:музыканы есте сақтау, кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.Жеңіл  музыка  әуеніне  ілесіп лақтың  қимылын, жасауға  дененіжеңіл  ұстауғаүйрету.Жануарлардың қимылын,дыбысталуын музыка  үніне  ілесе  жасауға дағдыландыру.

Көрнекілігі:үй жануарларының суреттері, ойыншық лақ, ойыншық күшік.

Билингвалды  комп:лақ - козленок

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балаларды музыка әуенімен қарсы алу. Музыка әуеніне сәйкес қимылдар жасайды. Жеңіл әуенмен секіру. Музыка тоқтағанда қимылды тоқтату. Балаларды ойыншық лақ күтіп алады.<br>«Жалт-жұлт етіп, лақ,<br>Жағалайсың құрақ.<br>Секірем деп бірақ<br>Қала көрме құлап».<br>(А. Асылбек) | Балалар әуенге ілесіп қимылдар жасайды. Әуеннің ауысуына лайық қимыл жасауға талпынады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | - Балалар, сендерді ақ лақ күтіп отыр. Лақ – ешкінің төлі. Бәріміз «лақ» деп айтайық. «Лақ» (музыкасын жазған Д. Ботбаев, сөзін жазған А. Асылбек).<br>Әнді мұқият тыңдаймыз. | Балалар лаққа жақындап, танысады. «Лақ», - деп қайталайды. Балалар әнді тыңдап, ойыншық лақты қызықтайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Музыка жетекшісі ойыншық лақты қолға ұстап отырып әнді айтады. «Шұнақпын» деген сөзді айтқанда құлағын көрсетеді.<br>«Мә-ә» сөздеріне мән бере айтады. Әнді қайталап айтқан кезде «селтеңдеген» деген секіріп деген мағынаны білдіретінін, «шұнақпын» дегені – құлағы кішкентай екенін түсіндіреді. «Мә-ә» деген сөзді алдымен ойнап, анасы мен төлін ажыратуға үйретеді.Қазір бәріміз музыка үнімен лақ болып секірейік. Лақ кішкентай болғандықтан, қорқақ келеді. Байқаусыздан күшік шыға келсе, секеңдеп қаша жөнеледі.<br>«Лақ пен күшік» ойыны.<br>Бәріміз музыка ырғағымен жеңіл секірейік. Күшік алдын ала дайындалған үйшігінде тығылып отырады. Тәрбиеші музыка өзгергенде күшік болып балаларды қуады. Музыка жетекшісі күшікке жақындап: «Лақтар кішкентай, қума» деген ескерту жасайды. | Балалар әнге ілесе қимылдар жасайды, секіреді, «мә-ә» сөзін қайталайды. Жуан «мә-ә» дыбыс анасынікі, жіңішке «мә-ә» дыбысы лақ екенін айтады.<br><br>Балалар музыка әуеніне ілесе барынша жеңіл секіруге тырысады. Күшік дауысын естіген сәтте қашуға әрекет жасайды. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | - Бүгін біз лақ туралы ән айттық, лақ болып ойнадық, күшіктен қаштық. Бәрің жақсы ойнадыңдар. | Балалар көтеріңкі көңіл күймен топтарына тарайды. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін атай білуі керек. Дыбыстарын ажырата білулері керек.

Игереді: музыка үніне сәйкес секіруді, ырғақты сақтауды игереді.

Меңгереді: музыка әуенін ести отырып қаша білуді, төлдерді атай білу дағдыларын меңгереді.

**Күні: 18.04.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Санамақ»

Мақсаты: әндерді үйреніп айту және ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу. Дене мүшелеріне қатысты қолдың саусағын санауды әрі атай білуді үйрету. Оны музыка үніне қосып айтуға дағдыландыру.

Көрнекілігі:  Қолдың суреті, саусақтар.

Билингвалды  комп:Санамақ – читалка.

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Музыка залына көңілді музыка әуеніне қосылып балалар кіреді. музыка жетекшісінің көмегінсіз әуенге сай қимылдар жасайды. Жаңадан әуенге ілесіп аяқтың өкшесін кезек-кезек қойып би қимылын жасауы тиіс. | Балалар музыкамен залға кіреді. Шеңбер бойында қимылдар жасайды. Тізені бүгіп, қолды белде ұстап қимыл жасайды. Жаңадан аяқтың өкшесін еденге қойып, кезек-кезек ауыстыруға тырысады. |
| Ұйымдас-тырушылық-ізденістік | Музыка жетекшісі балаларға қолдың суретін көрсетіп, ондағы саусақтармен таныстырады. Балалардан қолдарын көтеріп, саусақтарын көрсетуін сұрайды. Өзі саусағын көрсетіп, саусақтардың аттарын айтады. Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек. Енді осы саусақтарын көрсете отырып әндетеді. «Нешеуміз?» (музыкасын | Балалар музыка жетекшісінің соңынан қолдарын көрсетеді, саусақтарын жыбырлатады. Әрбір саусақтарын атауымен көрсетуге тырысады.<br><br>Әнді тыңдайды. Әннің |

| | | |
|---|---|---|
| | жазған А. Тоқсанбаев, сөзін жазған Е. Өтетілеуұлы). Музыка жетекшісі әнді айтып береді. Ән қайталанғанда балалармен бірге қимылмен айтады. Отбасы мүшелерінің суретін көрсетіп, саусақтарымен санап, әннің отбасы мүшелеріне тиісті саусағымен қимылдар жасауы тиіс. «Нешеуміз?» деген сұраққа «бесеуміз» деп жауап берулерін талап ету керек. | мәтініне сәйкес қимылдар жасайды. «Папам, мамам, ағам, мен, сен» деген сөздер қайталанғанда қосылып айтуға тырысады. Балалар отбасы мүшелерін атап беруге талпынады. «Бір үйде біз бесеуміз» деген сөзге бес саусақтарын көрсетеді. |
| Рефлексялық – түзетушілік | Енді барлығы орындарынан тұрып, «Құрсау-құрсау» ойынын ойнайды. Шеңбер жасап үйренуге талпынуы керек. Әннің мәтіні бойынша шеңберді кішірейтіп, үлкейтіп, отырып, қимылдар жасауы тиіс.балалардың қимылдарын атап өту, мақтау, мадақтау, қорытындылау. | Балалар шеңбер бойымен қол ұстасып жүреді. Отырып-тұрып қимылдар жасауға талпынады. Әсем әуенмен топтарына тарайды. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: саусақтарын көрсетіп, санай білуі керек.

Игереді: саусақтың аттарын атай білуді игерді.

Меңгереді: отбасы мүшелерін санауды, саусағымен үйлестіре санауды меңгереді.

**Күні:25/28.04.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі:   Музыка

Тақырыбы: «Ботақан»

Мақсаты: Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан- жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету.

Көрнекілігі. Үй жануарлары, олардың төлдері.

Билингвалды компонент:. Ботақан – верблюжонок

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық -қозғаушылық | Көңілді музыка әуенімен балалар музыка залына келеді.Шеңбер бойымен жеңіл музыка ырғағына ілесіп жүгіреді.Қолды жоғары көтеріп,буынынан қозғалтады(фонарик),орындарында тұрып айналады.Көтеріңкі көңіл күймен музыка жетекшісі өлең оқиды.<br>«Айналайын ботам,<br>Қандай күлте жотаң,<br>Табандарың жалпақ,<br>Иіліп тұр мойының,<br>Қанбайды екен ойының,<br>Тостағандай көзің,<br>Әдемісің өзің».<br>(Қ.Мырза Әли) | Балалар көңілді әуенмен шеңбер бойымен жүреді,жүгіреді. Балалар қолдарын буынынан қозғалтып,орындарында тұрып айналып қимылдар жасауға тырысады. |
| Ұйымдастыру-шылық-ізденістік | -Балалар,сендер бүгін қонаққа түйенің төлі бота келіпті(суретін көрсетеді).Қараңдаршы,қандай сүйкімді,көзі үлкен, мойны ұзын. Түйенің баласын,яғни төлін «бота»дейді.<br>Енді осы бота туралы ән | Балалар суретті қызықтайды. «Бота», «түйе» сөзін қайталайды.<br><br>Әнді мұқияттыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | тыңдаймыз.<br>«Ботақан»әні(музыкасын жазған Е.Өміров,сөзін жазған Р.Наурызбаева).<br>«Жібек жүнін желпілдеп<br>Жүгіресің соңымнан».<br>Балаларға қимыл жасап көрсетеді.<br>«Жем жейсің келіп қолымнан».<br>Музыка жетекшісі әнді айтаотырып, қолын созып көрсетеді.Әнді қайталап айту кезінде музыка жетекшісі өзі түйе кейпін сақтап, балалар бота болады.<br>-Бота қалай дыбыс шығарады?<br>-Балалар,ботақан өзімен біре қоржын ала келіпті.Кәне,бәріміз қоржынды қарайық,ішінде не бар екен?<br>Музыка жетекшісі бір баланы шақырып, ішіндегі затты алуын сұайды.<br>Бұл – асық.Басқа балаларда да кезектесіпасықты алады,қызықайды. Енді бәрімізасықпен бірге жүгірейік,қайтадан қоржынғасалайық. Музыка жетекшісі асықты жерге шашып,балалардан жинауын сұрайды.<br>«Кім тез жинайды» ойыны.<br>Ойын қайталанады. | Балалар түйегеқарап, әнге ілесе отырып қимылдар жасайды. Жүгірген кейіп көрсетеді. Балалар қолдарын созып,ботақанға жем береді.<br><br>Балалар қоржынды қызықтайды.<br>Қоржыннан асықты алуға тырысады.<br><br>Балалар таласа асықты жинайды. |
| Рефлекциялық-түзетушілік | - Бізге қонаққа не келді?<br>- Сендер бүгін немен ойнадыңдар?<br>Балаларды мақтау, мадақтау. | Балалар жаңа сөздерді қайталайды. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Үй жануарларының төлдерін білуі керек.

Игереді: түйенің төлі бота екен.

Меңггереді: Әннің мәтініне лайық қимыл жасауды меңгереді.

**Күні:12.05.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Ағайынбыз бәріміз»

Мақсаты: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Би қимылдарын қайталап, көрсетуге дағдыландыру.

Көрнекілігі: Әр ұлттың балаларының суреті.

Билингвалды компонент: Ағайын - родственник

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық – қозғаушылық | Жетекші балаларды маршпен қарсы алады. Балаларға түрлі -түсті жалаушаны беріп, аяқты нық басып жүруге дағдыландырады. Жалаушамен қимыл жасайды. | Балалар маршпен кіреді. Жалаушамен қимыл жасайды. |
| Ұйымдасыру-шылық-ізденістік | «Бүлдіршіндер әні» әнін хормен айтады. Әнді айғайламай, екпінді айтуы тиіс. Балаларға ән тыңдауды ұсынады.«Отаным» әнін тыңдап,балалар әнді жылдам немесе баяу екенін ажырата білді.Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады.Әннің сөзіне балалар қимыл жасайды.<br>Жетекші:<br>«Босқа қарап тұрмайық,<br>Кел,балақай, ойнайық! –деп шақырып,<br>«Үйшігіңді тап» ойынын ұйымдастырады. Ойын шартын көрсетіп,балаларға «Епті аяқтар»(А.Тоқсанбаев) әуеніне тез,жеңіл жүгіруді ұсынады. | Балалар әнді хормен айта білді. Балалар әнді зейін қойып тыңдайды, көңіл күйлері көтеріледі.<br><br>Ойынға көңілді қатысып қызығушылықтары артады. Жеңіл жүгіріп,«үйшіктеріне» жетуге тырысты. |
| Рефлекциялық – Түзетушілік | - Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.Жалаушамен жақсы қимыл жасадыңдар жарайсыңдар.<br>Балаларды мақтап, мадақтау. | Сұраққа жауап берді. Балалар көңілді қоштасып, шығып кетеді. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ырғақпен жүгіруді, жалаушамен қимыл жасауды.

Игереді: Жалаушамен жаттығу жасауды игереді

Меңгереді: Көппен бірге қимыл – қозғалыс жасайды.

**<u>Күні:16.05.2022</u>**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Құлыншақ»

Мақсаты: Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.Балаларды үй жануарлармен, оның төлдермен таныстыру. Ән арқылы жан- жануарларды тани білуге, сүйе білуге тәрбиелеу.Дыбыс биіктерін ажыратуға үйрету.

Көрнекілігі. Үй жануарлары, олардың төлдері.

Билингвалды компонент: Құлыншақ – жеребенок

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | Балалардың музыка үнімен, музыка залында қарсы алады. Әуені өзгеруін сәйкес қимылдар жасайды. Музыка тоқтағанда қимылын тоқтатады.Көңілді музыка әуенімен балалардың көңіл күйі көтріледі. Ойыншық атты қолға ала отырып,муузыка жетекшісі өлең оқиды<br>«Еркетайы даланың ,<br>Мен - құлыншақ боламын.<br>Серігімін, досымын<br>Өздеріңдей баланың»<br>(И. Сапарбай). | Балалар музыка үнімен,<br>Ілесіп жүреді, жүгіреді.<br>Орындарында тұрып тізені бүгеді, қолдарын бұрап айналдырады. |
| Ұйымдастыру-шылық – ізденістік | - Балалар, көрдіңдер ме,мен де ат бар. Ат сендерге доспын деп отыр.Міне қараңдаршы қандай әдемі ат Суреттен аттың суретін көрсетіп жанына кішкентай төлін «құлыншақ» дейді.<br>«Құлыншақ»әнін орындайды.(музыкасын жазған Е. Ташев, сөзін жазған Ә. Тәжібаев).<br>Ән қайталап орындалғанда ән мәтініне сәйкес балаларға қимылдар жасауды ұсынады. | Балалар жақындап, ойыншық атты қызықтайды.<br>«Ақ құлыншақ» деген сөздерді қайталайды.<br>Балалар әнді тыңдайды.<br>Әннің мәтініне сәйкес қимылдар жасайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | «Құстай қанат қағады», -деп, балаларға ат секілді шабуды көрсетеді.<br>-Ал енді кімнің атқа мініп шапқысы келеді «Бәйге» ойыны. Алдын ала әзірленген аттың басын мініп, балалар жарысады. | Ат секілді шабады.<br>Екі баладан жарысуға тырысады. |
| Рефлекциялық-Түзетушілік | Белсене қатысқан балаларды мақтау, мадақтау.<br>Қорытындылау. | Балалар музыкамен топтарына тарайды. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: үй жануарларының төлдерін білуі және оларды ажыата білуі.

Игереді: үй жануарларының төлдерін ажыратуды игереді.

Меңгереді: музыка үнімен жануарлардың қимыл-қозғалыстарын салу дағдыларын меңгереді.

**Күні:23/26.05.2022**

Білім саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Музыка

Тақырыбы: «Менің мысығым»

Мақсаты: Әнді жеке немесе топпен айту, әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыпастыру. Әуенді тыңдауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, ырғақты ажыратуға үйрету.Әуеннің ырғағына сай жәй басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру.

Көрнекілігі: Ойыншық мысық

Билингвалды компонент: Мысық – кошка

| Оқуіс-әрекетініңкезеңдері | Музыка жетекшісініңіс-әрекеті | Балалардыңіс-әрекеті |
|---|---|---|
| Мотивациялық -қозғаушылық | Көңілді әуен ырғағымен музыка жетекшісі балаларды Ойыншық мысықпен қарсы алады.<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бүгін бізге аламысық қонаққа келді.Қараңдаршы, қандайәдемі мысық!<br>Кәне, кәне, тұрайық,<br>Шеңберді құрайық.<br>Ала мысықпенен<br>Біз де танысайық, -<br>деп, балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. | Балалар көңілді әуенмен кіреді амандасады.<br><br>Ала мысықты көріп таңданады, ұстап, сипап көреді.<br><br>Тақпақтың мәтініне сайқимылдарды жасауға талпынады.Екі қолдарымен мысықтың құлақтарын көрсетеді. |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастыру-шылық-ізденістік | - Балалар, бізді ала мысық серуендеуге шақырып тұр! Жүріңдер! – деп шеңбер бойыменмысықтың қимылын салып жүруді ұсынады. «Билейміз» әуені (Е. Андосов) орындалады. «Ала мысық айлалы, дыбыстайды ол қалай?»- деп сұрайды. Балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Мысықты орындық үстіне отырғызып: - Мен ән айтып берейін. Ала мысықта сендермен бірге ән тыңдасын, - дейді. «Мысық» әні орындалады(музыкасын жазған Б.Дәлденбай, сөзі Ж. Әбдірашов) Екінші рет ән орындалғанда балаларға «мияу – мияу» сөздерін қосылып айтуларын сұрайды. - Балалар, ала мысық ойын ойнағысы келіп отыр екен! Көңілді ойынға шығыңдар, - деп шақырады. «Мысық және мысықай дауыстарын салғанбалаларды мадақтайды. | Шеңбер бойымен аяқты көтере басып мысық жүрісін көрсетуге талпынады. Мияу – мияу! – деп қуана жауап береді. Балалар кілемге жайғасып,әнді ынта қойып қызығатыңдайды. Ән шумақтарындағы сұрақтарға «мияу-мияу» депәндете жауап беруге тырысады. Балалар ұйымдасқан түрдешеңбер бойымен тұрады.Ойынды қызығып,көңілді ойнайды.Мысықтың жәнемысықайдың дауыстарын салуға тырысады. |
| Рефлекциялық-түзетушілік | - Балалар, ала мысық қалай дыбыстайдыекен? Ойын сендерге ұнады ма? – деген сұрақтар қойылады. Ала мысық сендердіұнатыпты. Ол бізге тағы қонаққа келмекші. Мысықпен қоштасайық! – деп, балалардышығарып салады. | Балалар қуанып,жауап Беруге тырысады. Көңілденіп,қол бұлғап Қоштасып шығады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жеңіл жүруді, дыбыстарды қайталауды білуі керек.

Игереді: ойыншық мысық және мысықаймен танысып, іс – әрекеттерін көрсете біледі, дыбысты есте сақтап, қайталай алады.

Меңгереді: ырғақты сезінеді, ән мәтініне сай іс – әрекеттерді көрсетеді.

**Музыка мұғалімі: А. Жунисова.**

Бекітемін: «Алтын асық» бөбекжай балабақшасы ЖШС

меңгерушісі: Б.Оспанова

# ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
## «Болашақ» ересек тобы

2021-2022 оқу жылы

**ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ**
**МУЗЫКА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**
**«Болашақ» ересек тобы**

| **Негізгі** | **Тақырыб ы** | **Сағат** | **Мақсатымен міндеттері** | **Репертуар** |
|---|---|---|---|---|
| **тақырып** | | **саны** | | |
| | **«Қуыршақ** | 1 | **Мақсаты:** Түрлі сипаттағы әуендер | **Музыкалық-ырғақтық** |
| | **Сәуле** | | тыңдап, музыканыңкөңілкүйін | **қозғалыстар** |
| | **қонақта»** | | сезінуге баулу. | «Серуен» (М. Раухвергер), |
| | **№ 1** | | **Міндеттері:** Музыканы тыңдауға, | «Жүгіру» (Т. Ломова); |
| **«Балабақ** | | | тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп | «Қуыршақпенойын» |
| **ша»** | | | бірге ән салуға баулу; музыканың | (Б. Жүсібәлиев), «Ойын» |
| | | | сүйемелдеуімен жүру және жүгіру | (Б. Дәлденбай) |
| | | | дағдыларынқалыптастыру.Мазмұнды | **Музыка тыңдау** |
| | | | ойындарға қуыршақтар қолдану | «Бесікжыры» (халықәні, |
| | | | арқылықызығушылықтарынарттыру. | өңдеген Б. Дәлденбай) |
| | | | | **Әнайту** |
| | | | | «Қуыршақпенбилейміз» |
| | | | | (Ж. Тұрсынбаев, |
| | | | | Е. Өтетілеуұлы) |
| | **«Қуыршақ** | 1 | **Мақсаты:** Үлкендердіңкөмегімен | **Музыкалық-ырғақтық** |
| | **пен** | | әуендіқимыл-қозғалысжасайбілуге | **қозғалыстар** |
| | **билейміз»** | | үйрету. | «Серуен» (М. Раухвергер), |
| | **№ 2** | | **Міндеттері:** Әндітыңдап,мағынасын | «Жүгіружәнесекіру» |
| | | | түсіну,созылыңқыдыбысталуға | (Т. Ломова) |
| | | | еліктей отырып ересектермен қосылып | «Қуыршақпен ойын» |
| | | | ән айтуға дағдыландыру. | (Б. Жүсібәлиев), |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Ойыншықтарғаұқыптылықпен қарауғатәрбиелеу. | «Ойын» (Б. Дәлденбай)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Мұңдыкөңілкүй» (Г. Левкодимов) **Әнайту**<br>«Қуыршақпенбилейміз» (Ж. Тұрсынбаев,<br>Е. Өтетілеуұлы) |
| | **«Көңілді сылдырмақтар»**<br>**№ 3-4** | 2 | **Мақсаты:** Әуендісезінебілуге,әннің мағынасынтүсінуге баулу.<br>**Міндеттері:** Сылдырмақпен бірқалыпты ырғақты ойын қимылдарынбереотырып қимылдар жасау; әннің сөздері мен жеке буындардыбіргеайтуғаүйрету. Ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>*«Жүгіру» (Т. Ломова).*<br>«Сылдырмақтар» (М. Раухвергер);<br>«Көңілдіырғақ» (халықәні «Еркем-ай» өңдеген Б. Дәлденбай)»<br>**Музыка тыңдау**<br>«Жайжүру» (Р. Леденев)<br>**Әнайту**<br>«Қуыршақпенбилейміз» (Ж. Тұрсынбаев,<br>Е. Өтетілеуұлы) |
| | **«Ән шырқайық!»**<br>**№ 5-6** | 2 | **Мақсаты:** Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге баулу.<br>**Міндеттері:** Түрлі ырғақты, фортепиано аспабында орындалған әуендерді тыңдау, бірқалыпты ырғақты, музыканың ашық берілген | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Е. Тиличеева),<br>«Сылдырмақтар» (М. Раухвергер);<br>«Көңілдіырғақ» (халықәні «Еркем-ай», |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | сипатына сай түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттармен (сылдырмақпен) қимылдар жасау; ән айтуда жеке сөздерді айғайламай айтуды қалыптастыру.<br>Түрлі жанрлы музыкалық шығармалардытыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. | өңдеген Б. Дәлденбай)»<br>**Музыка тыңдау**<br>«Құлыншақ» (Е. Ташенов, Ә.Тәжібаев)<br>**Ән айту**<br>«Бала, бала, балапан»<br>(И. Нүсіпбаев, Ж. Смақов),<br>«Қуыршақпен билейміз» (Ж. Тұрсынбаев,<br>Е. Өтетілеуұлы) |
| **Жомарт күз** | **«Күн мен жаңбыр»<br>№ 7** | 1 | **Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру, ән тыңдауға баулу.<br><br>**Міндеттері:** Шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату секілді қарапайым би қимылдарын үйрету; қимылды-әуендіойындарарқылы әуенді сезіне қимылдар жасауға баулу.<br>Үлкендермен қосыла ән айтуға үйретуді жалғастыру.<br>Қызығушылықтарын арттыру, қуанышты көңіл күй сезімін ояту. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br><br>«Жүру», «Жүгіру»<br>(Р. Рустамов),<br>«Марш» (Е. Тиличеева); Ойын «Серуен мен жаңбыр» (М. Раухвергер)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Жаңбыр»<br>(М. Миклашевская)<br>**Ән айту**<br>«Жаңбыр»<br>(Д. Ботбаев, И. Сапарбаев),<br>«Бала, бала, балапан»<br>(И. Нүсіпбаев, Ж. Смақов) |
| | **«Көңілді тамшылар»<br>№ 8** | 1 | **Мақсаты:** Жай және ойнақы әуеннің ырғақтарын ажыратуға баулу.<br>**Міндеттері:** Педагогтің дауыс ырғағына еліктеу, әннің сөздері мен | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Жүру», «Жүгіру»<br>(Р. Рустамов); |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | жеке буындарды дұрысайтуға үйрету.Түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдап, тану, әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру. | Ойын «Серуен мен жаңбыр» (М. Раухвергер)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Жаңбыр» (өнд. В. Фере)<br>**Ән айту**<br>«Жаңбыр»<br>(Д. Ботбаев, И. Сапарбаев),<br>«Бала, бала, балапан»<br>(И. Нүсіпбаев, Ж. Смақов) |
| | **«Әдемі жапырақтар»<br>№ 9-10** | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру, ән тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Аспаптың сүйемелдеуімен орындалатын билерде музыка әуеніне сәйкес (жоғары-төмен, баяу-жылдам) бір қимылдан басқа қимылдарға ауысуға және ересектің ән айтуына еліктеп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға үйрету. Музыка арқылы сұлулық пен әдемілікке тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Жүгіру және секіру» (Т. Ломова)<br>«Күзгі жапырақтар биі» («Вальс» А. Жилин); Ойын «Жемістер жинау» («Ойын» Р. Шафаг) **Музыка тыңдау**<br>«Балалар полькасы» (М. Глинка)<br>**Ән айту**<br>«Күз келді»<br>(А. Досмағанбет), «Жаңбыр» (Д. Ботбаев, И. Сапарбаев) |
| | **«Күзгі баққа серуен»<br>№ 11-12** | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру, ән тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Қыдырамыз» (Т. Ломова)<br>«Күзгі жапырақтар биі» («Вальс» А. Жилин); |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | қимылдарына, билерде сүйемелдейтін музыканың қарама-қарсылығына сәйкес (ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу-жылдам) бір қимылдардан басқаларына ауыса білуге, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айтуға дағдыландыру. Музыкаға деген құштарлықтарын ояту, сүйіспеншіліктерін арттыру. | Ойын «Жемістер жинау» («Ойын» Р. Шафаг) **Музыка тыңдау** Үнтаспадан жаңбырдың дыбысын тыңдату.<br>**Ән айту**<br>«Күз келді»<br>(А. Досмағанбет), «Жаңбыр» (Д. Ботбаев, И. Сапарбаев) |
| **Жануарлар әлемі** | **«Менің күшігім» № 13** | 1 | **Мақсаты:** Қарапайым би қимылдарының біріздiлігін есте сақтауға үйрету.<br>**Міндеттері:** Музыканың ауыспалы кезеңдерін тыңдауға, музыканың жай және қатты дыбысталуын ажыратуға, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға,мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру дағдыландыру. Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдерін ояту. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Ю. Соколовский),<br>«Күзгі жапырақтар биі» («Вальс» А. Жилин); Ойын «Үйшігіңді тап» (Т. Сарыбаева)<br>**Ән айту**<br>«Күшігім»<br>(Т. Исалиев, М. Ерімбетов)<br>«Күз келді»<br>(А. Досмағанбет) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Ала мысық» № 14** | 1 | **Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жекеэлементтерін қолдану. **Міндеттері:** Түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдауға, ажырата білуге, әнді жеке және топпен айтуға баулу, әуеннің басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін (қатты-баяу) ажырата білуге үйрету. Ән-ойын арқылы достық, жанашырлық сезімдеріне тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар** «Марш» (Ю. Соколовский), «Мысықай мен мысық» (К. Қуатбаев, А. Асылбек). Ойын «Үйшігіңді тап» (Т. Сарыбаева) **Музыка тыңдау** «Мысықай» (В. Витлин) **Ән айту** «Мысық» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев), «Күшігім» (Т. Исалиев, М. Ерімбетов) |
| | **«Кішкентай төлдер» № 15-16** | 2 | **Мақсаты:** Пьесалардың екі түрлі формасына қимылдарын ауыстыра білуге дағдыландыру. **Міндеттері:** Әуенді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру; әннің мағынасын түсініп, педагогтің дауысына еліктеп ырғағын дұрыс жеткізе орындауға машықтандыру. Үй жануарларына деген қызығушылық, қамқорлық сезімін тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар** «Тұлпарым» (үнтаспада, Б. Бейсенова); Ойын «Лақ пен күшік» (С. Соснин) **Музыка тыңдау** «Ботақан» (Е. Өміров, Р. Наурызбаева) **Ән айту** «Әукім» (Е. Өміров, Р. Наурызбаева), «Мысық» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев), «Күшігім» (Т. Исалиев, М. Ерімбетов) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Қоңыр қонжық» № 17-18** | 2 | **Мақсаты:** Әуеннің ырғағына,мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсете білуге баулу.<br>**Міндеттері:** Әртүрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдап, ырғағын сезінуге баулу; әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен жеке сөздерді айғайламай айтуға қалыптастыру.Әнгеүлкендермен қосыла айтуды үйрету; ойын арқылы қызығушылықтарын арттыру. Ойын арқылы ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Аюлар» (Е. Тиличеева),<br>«Жаттығулар» («Марш» Е. Тиличеева,<br>«Экосез» И. Гуммель); Ойын<br>«Қояндар мен аю»<br>«Қояндар», «Аю» (Т. Попатенко) **Музыка тыңдау**<br>«Қоңыр аю қорбаңбай» (Б. Дәлденбай)<br>**Ән айту**<br>«Қоңыр қонжық» (Т. Сарыбаева)<br>«Әукім» (Е. Өміров, Р. Наурызбаева) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Қош келдің, Жаңа жыл** | **Ормандағы сұр қоян № 19-20** | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру, ән тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп, әннің сөздері мен жеке буындарына қосыла айтуға, мазмұнды ойын кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалық сипатын беруге үйрету, екі түрлі пьесаның формасына қимылдарын ауыстыра білуге дағдыландыру. Қимылдық ойын арқылы қызығушылық сезімін ояту. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Жүру» (Р. Рустамов)<br>«Жаттығулар» («Марш» Е. Тиличеева,<br>«Экосез» И. Гуммель);<br>Ойын «Қояндар мен қу түлкі» (Ж. Тезекбаев, И.Сапарбаев) **Музыка тыңдау**<br>«Қояндар», «Аю» (Т. Попатенко)<br>**Ән айту**<br>«Сұр қоян»<br>(А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы),<br>«Қоңыр қонжық» (Т. Сарыбаева) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Алғашқы қар» № 21-22** | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық аспаптарда орындалған әртүрлі ырғақты, таныс әуендерді тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Әуеннің екпінін сезіне жеткізу дағдыларын, әнді жеке және топпен айтуға; музыканың сипатына сайби қимылдарын орындауға қалыптастыру. Ән айтуға қызығушылықтарын арттыру, көтеріңкі көңіл күй сезімін ояту. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Ақшақарлар биі» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен*)*,<br>«Экосез» (И. Гуммель);<br>Ойын «Қояндар мен қу түлкі» (Ж. Тезекбаев, И.Сапарбаев) **Музыка тыңдау**<br>«Жаңа жыл – жаңа жыр» (Ә. Қонысбеков,<br>Ұ. Қонысбекова)<br>**Ән айту**<br>«Сұр қоян»<br>(А. Филиппенко, өңд. К. Үбәнұлы),<br>«Қоңыр қонжық» (Т. Сарыбаева) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Кішкентай шырша» № 23-24** | 2 | **Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдана білуге үйрету.<br>**Міндеттері:** Түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш, вальс, баяу және көңілді әндер тыңдап, сипатын сезіну; әннің ырғағына еліктей отырып ересекпен қосылып табиғи дауыспен айтуға дағдыландыру. Музыкаға сүйіспеншіліктерін, қабілеттерін арттыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Ақшақарлар биі» (үнтаспада, педагогтің таңдауымен); Ойын «Шыршамызды сәндейміз»<br>(«Полька» В. Косенко)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Шырша шамы, жарқыра» (Л. Аитова)<br>**Ән айту**<br>«Біздің шыршамыз» (А. Есім),<br>«Сұр қоян» (А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Жаңа жыл мерекесі» № 25-26** | 2 | **Мақсаты:** Қол шапалақтау және жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу секілді қарапайым би қимылдарының дағдыларын қалыптастыру.<br><br>**Міндеттері:** Түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасау дағдыларын қалыптастыру; бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере фортепиано сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, шеңбермен жүру дағдыларына машықтандыру, әнді жеке және топпен айтуға үйрету. Балаларға мерекелік қуанышты көңіл күй сыйлау, шаттық сезіміне бөленуіне жағдай жасау. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Б. Дәлденбай),<br>«Қоңыраумен би»<br><br>(Е. Марченко),<br>Ойын «Шыршамызды сәндейміз» («Полька» В. Косенко)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Аязата» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев)<br>**Ән айту**<br>«Алақай» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова),<br>«Біздің шыршамыз»<br>(А. Есім) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Қыс қызығы** | **«Көжекке арналған мереке» № 27-28** | 2 | **Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану.<br>**Міндеттері:** Музыканың сипатына сай қимылдар жасауға, жаңа әндерді музыкалық-қимылдық көрсетусіз тыңдауға; ересектің дауысына еліктеп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, жекесөздерді айғайламайайту дағдыларын жетілдіру, түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш баяу және көңілді әндер тыңдау ережесінсақтауды қалыптастыру. Ізеттілікке, кішпейілділікке тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Марш (Э. Парлов),<br>«Қояндар» (М. Раухвергер),<br>Қоңыраумен би»<br>(Е. Марченко);<br>Ойын «Қояндар мен қу түлкі» (Ж. Тезекбаев, И.Сапарбаев) **Музыка тыңдау**<br>«Қояндар» (Е. Тиличеева)<br>**Ән айту**<br>«Сұр қоян»<br>(А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы),<br>«Алақай» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Қысқы орманға саяхат» № 29-30** | 2 | **Мақсаты:** Мазмұнды ойындар арқылы қызығушылықтарын арттыру.<br>**Міндеттері:** Күрделі емес қимылдардың бірізділігін есте сақтауға, әннің сөздері мен жеке буындарын анық айтуға, музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, тани білу дағдыларын қалыптастыру. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Марш (Э. Парлов),<br>«Қояндар» (М. Раухвергер),<br>«Қоңыраумен би» (Е. Марченко);<br>Ойын «Қояндар мен аю» («Қояндар», «Аю»<br>Т. Попатенко)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Нешеуміз?» (А. Тоқсанбаев, Е. Өтетілеуұлы) **Ән айту**<br>«Пойыз» (Ж. Тұрсынбаев, А. Асылбек)<br>«Алақай» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Биші аяқтар»** **№ 31-32** | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық-ырғақтық қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру. **Міндеттері:** Музыканы тыңдай білуді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді үйрету; ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру; таныс қимылдарды қайталау, еске сақтау. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру, қызығушылықтарын арттыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар** «Марш» (Б. Дәлденбай), «Етіктер» (орыс халық әуені, Т. Ломова); Ойын «Құрсау-құрсау» (Ө. Байділдаев, М.Әлімбаев) **Музыка тыңдау** «Полька» Д. Кабалевский **Ән айту.** «Пойыз» (Ж. Тұрсынбаев, А. Асылбек), «Сұр қоян» (А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы), «Алақай» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Менің отбасым** | **«Ақ әжем» № 33-34** | 2 | **Мақсаты:** Кейіпкерді әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; қол қимылдарын: "шапалақ-шапалақ", аяқ қимылдарын: "топ-топ" орындау, әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау дағдыларына үйрету. Әжеге деген сүйіспеншілік, ізеттілік сезімдеріне, құрметтеуге тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Тұлпарым» (үнтаспада, Б. Бейсенова),<br>«Шөжелерім» (өзбек х.әні, үнтаспада, Би билейміз жинағынан),<br>Ойын «Өз жұбыңды тап» («Лили полька» Тен Чу) **Музыка тыңдау**<br>«Қамажай» (халық әуені, өңдеген Н. Меңдіғалиев)<br>**Ән айту**<br>«Кел, балақан»<br>(К. Қуатбаев, А. Асылбек),<br>«Пойыз» (Ж. Тұрсынбаев, А. Асылбек) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Әлди, әлди, ақ бөпем» № 35-36** | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып топпен айтуға, үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдауға, таныс қимылдарды қайталауға дағдыландыру; таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру.<br>Сәбилерге қамқорлық, жанашырлық көрсете білуге баулу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Э. Парлов), «Көктем гүлдері» («Вальс»<br>Қ. Шілдебаев), Шөжелерім» (өзбек х. әні, үнтаспада); Ойын «Өз жұбыңды тап» («Лили полька» Тен Чу) **Музыка тыңдау**<br>«Бесік жыры» (педагог таңдауы бойынша үнтаспадан)<br>**Ән айту**<br>«Ұйықта, бөпем»<br>(Қ. Шілдебаев, А. Асылбек)<br>«Кел, балақан»<br>(К. Қуатбаев, А. Асылбек) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Сүйікті анашым» № 37-38** | 2 | **Мақсаты:** Кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Аяқтың ұшымен жүру,бір орында айналу,тербелу сияқты музыкалық-ырғақты қимылдарды еске сақтауға, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып айтуға үйрету. Балаларға мерекелік қуанышты көңіл күй сыйлау, шаттық сезіміне бөленуіне жағдай жасау. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Көктем гүлдері» («Вальс» Қ. Шілдебаев), Ойын «Құрсау-құрсау» (Ө. Байділдаев, М.Әлімбаев)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Айналайын ақ мамам» (И. Нүсіпбаев,<br>Ә. Табылдиев)<br>**Ән айту**<br>«Менің анам» (Л. Аитова), «Ұйықта, бөпем»<br>(Қ. Шілдебаев, А. Асылбек) |
| **Алғашқы тамшылар** | **«Алақай, көктем!» № 39-40** | 2 | **Мақсаты:** Көктем мезгілі туралы түсінік беру; әуенді сезіне білуге баулу.<br>**Міндеттері:** Аспапта педагогтің орындауындағы пьесаларды тыңдауға, қарапайым би қимылдарын (басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу, шеңбер бойымен жүру) бірге жасауға, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге қатысу, әнді бірге уақытында бастап және аяқтауға дағдыландыру.<br>Ойынға белсене қатысуға үйрету, ұйымшылдыққа баулу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Көктем гүлдері»<br>(«Вальс» Қ. Шілдебаев), Ойын «Гүлдер тереміз» («Полька» М. Красев) **Музыка тыңдау**<br>**«**Құстар ұшады» (А.Жилин)<br>**Ән айту**<br>«Менің анам» (Л. Аитова)<br>«Ұйықта, бөпем»<br>(Қ. Шілдебаев, А. Асылбек) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Наурыз – біздің мереке» № 41-42** | 2 | **Мақсаты:** Балаларға наурыз мерекесі туралы түсінік беру.<br>**Міндеттері:** Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясынасалып,әнайту<br><br>дағдыларын қалыптастыру; музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге белсене қатысуға үйрету. Наурыз мерекесін сезінуге, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын арттыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Қамажай» (үнтаспада, халық әні),<br>«Тұлпарым» (үнтаспада, Б. Бейсенова);<br><br>Ойын «Бәйге» («Қара жорға» халық күйі,<br>өңдеген Л. Хамиди)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Наурыз келді»<br>(Н. Дүкенбаев, Қ. Смағұлов)<br>**Ән айту**<br>«Наурыз» (А. Досмағанбет),<br>«Менің анам» (Л. Аитова) |
| | **«Шуақты күн» № 43-44** | 2 | **Мақсаты:** Педагогтің аспапт<br>а орындауындағы пьесаларды тыңдау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Жаттығулар мен биде ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу-жылдам қимылдарын ауыстыра орындауға үйрету, ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; табиғи дауыспен,күш түсірмей ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру, қызығушылықтарын арттыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Жай жүру» (Р. Леденев) Ойын «Құрсау-құрсау» (Ө. Байділдаев, М. Әлімбаев)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Көктем» (Л. Аитова)<br>**Ән айту**<br>«Наурыз» (А. Досмағанбет)<br>«Менің анам» (Л. Аитова) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Әрқашан күн сөнбесін** | **«Желбірей ді жалауша» № 45-46** | 2 | **Мақсаты:** Әртүрлі ырғақты әннің мағынасын түсінуге баулу.<br>**Міндеттері:** Түрлі аспаптарда педагогтің орындауындағы және үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдау, ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, мағынасына сәйкес қимылдарды қайталауға, музыканың сипатына сай қимылдар жасауға дағдыландыру. Ұйымшылдыққа, бірізділікке, көппен бірге іс-әрекет жасауға тәрбиелеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Б. Дәлденбай)<br>«Жалаушамен жаттығу» («Қазақ маршы» А. Затаевич),<br>Ойын «Құрсау-құрсау»<br>(Ө. Байділдаев, М.Әлімбаев)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Марш» (Л. Шульгин)<br>**Ән айту**<br>«Жалауша»<br>(А.Тоқсанбаев, И. Сапарбаев)<br>«Наурыз» (А. Досмағанбет) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Ғажайыпт ар әлемінде** | **«Көңілді барабан» № 47-48** | 2 | **Мақсаты:** Пьесалардың әртүрлі формасының сипатына сай қимылдарын ауыстыру, басталуы мен аяқталуындағыдыбысталу күшін (қатты-баяу) өзгертуге үйрету.<br>**Міндеттері:** Таныс әндерге өз беттерінше еркін қозғалуға, табиғи дауыспен күш түсірмей ән айтуға үйрету, ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу дағдыларын қалыптастыру. Түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>Марш (Б. Дәлденбай), «Марш» (Э. Парлов),<br>«Барабаншылар» (Д. Кабалевский),<br>«Бесік жыры» (С. Левидов).<br>«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Құлыншақтар шабады» (В. Витлин)<br>**Ән айту**<br>«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев),<br>«Жалауша» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбаев) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Біздің аспаптар» № 49-50** | 2 | **Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру.<br>**Міндеттері:** Күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге қатысу, музыканы тыңдай білуді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру; аспаптың сүйемелдеуімен әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен орындауға және музыка сипатына сәйкес қозғалуға үйрету.<br>Балаларға қуанышты көңіл күй сыйлау. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Марш» (Э. Парлов),<br>«Барабаншылар» (Д. Кабалевский),<br>«Бесік жыры» (С. Левидов),<br>«Билейміз» (Е. Андосов).<br>«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Күн» (Т. Попатенко)<br>**Ән айту**<br>«Тәтті бала»<br>(Т. Сопиев, С. Оспанов),<br>«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Балақан мен алақан» № 51-52** | 2 | **Мақсаты:** Таныс қимылдарды жаңа музыкаменсәйкесестесақтау, қайталау.<br>**Міндеттері:** Аспаптарда педагогтің орындауындағы әндер мен пьесаларды тыңдау, аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып топылдату, шеңбер бойымен бір орында және шашыраңқы топылдатып жүруге машықтандыру. әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. Ән айтуға қызығушылықтарын арттыру, көтеріңкі көңіл күй сезімін ояту. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Билейміз» (Е. Андосов),<br>«Орамалмен билейміз» (Т. Сарыбаева).<br>Ойын «Қақпа» («Марш» Э. Парлов,<br>«Жүгіру» Т. Ломова)<br>**Музыка тыңдау**<br>«Топ-топ, балақан»<br>(М. Арынбаев, А. Асылбек, үнтаспада)<br>**Ән айту**<br>«Тәтті бала»<br>(Т. Сопиев, С. Оспанов),<br>«Барабан»<br>(Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **«Қуыршақ Сәулеге концерт» № 53-54** | 2 | **Мақсаты:** Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу.<br>**Міндеттері:** Бубенмен, сылдырмақпен бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік-ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасау; әнді жеке және топпен айту дағдыларын қалыптастыру. Көпшілік алдында еркін өнер көрсетуге, ән айту, би билеуге бейімдеу. | **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар**<br>«Сылдырмақпен би» («Жайдарман» қазақ халық әуені, өңдеген К. Қуатбаев).<br>«Орамалмен билейміз» (Т. Сарыбаева)<br>«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова). Ойын «Қақпа» («Марш» Э. Парлов, «Жүгіру» Т. Ломова)<br>**Ән айту**<br>«Тәтті бала» (Т. Сопиев, С. Оспанов),<br>«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев),<br>«Жалауша» (А.Тоқсанбаев, И. Сапарбаев) |
| | | | **Барлығы** | **54 сағат** |

## № 1 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қуыршақ Сәуле қонақта»
**Мақсаты:** Түрлісипаттағыәуендер тыңдап,музыканың көңіл күйін сезінугебаулу.
**Міндеттері:** Музыканы тыңдауға,тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп біргеән салуға баулу; музыканың сүйемелдеуімен жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Мазмұнды ойындарға қуыршақтар қолдану арқылы қызығушылықтарын арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды(жүгіреді, шеңбермен жүреді);
**түсінеді:** түрлі сипаттағы әуендер тыңдап,сипатын ажыратады;
**қолданады:** тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп,бірге ән салады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар,суретті иллюстрациялар,нота хрестоматиясы.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды көңілді әуенмен қарсы алып, жеңіл жүгіруді ұсынады.
*«Жүгіру» (Т. Ломова)*
Педагог: Балалар, бүгін бізге қуыршақ Сәуле қонаққа келді. Қараңдаршы, қандай әдемі қуыршақ! Қане, бәріміз қуыршақ Сәулемен бірге серуенге шығайық. Аяғымызды нық басып жүреміз.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Серуен» (М.Раухвергер).*
Әуен ырғағымен жай жүреді.

- Ал енді бірге жүгірейік. (Аяқ ұшымен жүгіру).
- Жарайсыңдар, бірге қол шапалақтайық.
- Қуыршақ Айгүл сендерге риза болды.

Балаларға отырып, ән тыңдауды ұсынады.
***Музыка тыңдау.*** *«Бесік жыры» (халық әні,өңдеген Б.Дәлденбай)*
Аспапта ойналған әуенді тыңдау ережесіне баулу. Бесік тербетіп, сәби ұйықтатып отырған ананың суреті көрсетіледі. Әуенге сипаттама береді.
Педагог: Балалар қандай тамаша,
Ән салайық жараса!
***Ән айту.*** *«Қуыршақпен билейміз» (Ж.Тұрсынбаев,Е.Өтетілеуұлы)*
Әнді орындап, мазмұнына сәйкес іс-әрекеттерді бірге жасауды ұсынады. Балалар «қиялдағы» қуыршақты әлдилеген ишара жасап, ұйықтатқан сияқты қимылдар жасайды. Педагог қуыршақ Сәулемен би билеуге шақырады.
***«Қуыршақпен ойын» ойыны*** *(«Қуыршақпен ойын»Б.Жүсібәлиев, «Ойын»Б. Дәлденбай)*

Балаларғақуыршақтартаратылады. Бесік жырымен қуыршақтарын «тербете» ұйықтады. Көңілді әуен ойналғанда балалар қуыршақтармен айналып билейді. Қуыршақты ұстап, тербелу, бір орында айналу, аяқ топылдату т.б. қимылдарды көрсету, қайталау.
Балалардың көңіл күйіне қарай ойын 2-3 рет қайталанады.
**3. Рефлексия**
Педагог балаларды мадақтап, ризашылығын білдіреді.
Қуыршақ Сәулемен қоштасып, үйіне шығарып салайық деп ұсынады.

## № 2 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қуыршақпен билейміз»
**Мақсаты:** Үлкендердің көмегімен әуенді қимыл-қозғалыс жасай білугеүйрету.
**Міндеттері:** Әнді тыңдап,мағынасын түсіну,созылыңқы дыбысталуғаеліктей отырып ересектермен қосылып ән айтуға дағдыландыру. Ойыншықтарға ұқыптылықпен карауға тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** үлкендерге ілесе қимыл-қозғалыс жасайды;
**түсінеді:** әнді тыңдап,мағынасын түсінеді;
**қолданады:** ересектермен қосылып, «әлди,әлди»сөзін қайталап біргеайтады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар,жұмсақ ойыншықтар,нотахрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** әлди,әлди.

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Қуыршақ ойыншықпен қарсы алу.
Педагог: Балалар, бүгін бізге тағы қонаққа қуыршақ Сәуле келді. Сәуле сендермен бірге жүгіріп, секіріп ойнағысы келеді. *«Жүгіру және секіру» (Т. Ломова)*
**2. Негізгі кезең**
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Серуен» (М.Раухвергер)*әуеніне ілесіп жүруді, жеңіл жүгіруді ұсынады.
Балаларды отырғызып, ән тыңдауды ұйымдастыру.
- Енді қуыршақ Сәулемен бірге ән тыңдаңдар.

***Музыка тыңдау.*** *«Мұңды көңіл күй»*
*(Г.Левкодимов)* Музыканы тыңдап, созылыңқы
әуеніне мән беру.
Қуыршақ Сәуле бүгін көңілсіз екен, көңілін көтеру үшін ән айтып берейік.
***Сөздік жұмыс:*** әлди,әлди.
***Ән айту.*** *«Қуыршақпен билейміз» (Ж.Тұрсынбаев,Е.Өтетілеуұлы)*

Әннің мағынасын түсініп, жеке буындарды ересектермен қосыла айтуға үйрету. Қуыршақты ұстап, тербелу, бір орында айналу, аяқ топылдату т.б. қимылдарды көрсету, қайталау**.**

– Ал келіңдер, келіңдер, Мені қуып жетіңдер! –

деп, ойынға шақырады. Қуыршақ Сәуле қашады, балалар қуады.

– Ал қанекей қашыңдар, Аяқты тез басыңдар!

Балаларды қуыршақ Сәуле қуған болады.
– Балалар, Сәуле сендерді көңілді ойынға шақырып тұр.
***«Қуыршақпен ойын» ойыны*** *(«Қуыршақпен ойын»Б.Жүсібәлиев, «Ойын»Б.Дәлденбай)*
Балалардың көңіл күйіне қарай таныс ойын 2-3 рет қайталанады.
**3. Рефлексия**
Педагог:

- Бүгін бізге келген қонақтың аты кім?
- Қуыршақ Сәуле сендерге рахмет айтады, тағы да қонаққа келіп, сендермен бірге ән салып, би билейді.

Балаларды шығарып салады.

## № 3-4 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көңілді сылдырмақтар»
**Мақсаты:** Әуенді сезіне білуге,әннің мағынасын түсінуге баулу.
**Міндеттері:** Сылдырмақпен бірқалыпты ырғақты ойын қимылдарын береотырып қимылдар жасау; әннің сөздері мен жеке буындарды бірге айтуға үйрету. Ойын арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** сылдырмақпен би қимылдарын орындайды;
**орындайды:** әннің сөздері мен жеке буындарды бірге айтады;
**түсінеді:** әуенді сезіне біледі;
**қолданады:** шеңбер бойымен жүреді,аяқ топылдатады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** бала санымен сылдырмақтар,нотахрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** сылдырмақ.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды көңілді әуенмен қарсы алып, жеңіл жүгіруді ұсынады. *«Жүгіру» (Т. Ломова).*
**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтыққозғалыстар.*** *«Сылдырмақтар» (М.Раухвергер)*
***Сөздік жұмыс:*** сылдырмақ.
Сылдырмақтарды көрсетіп, балаларға үлестіреді.

Қолымызда
сылдырмақ, Сылдыр-
сылдыр етеді. Аяғымыз
топылдап,
Өзі билеп кетеді.

Педагог сылдырмақтармен би қимылдарын көрсетіп, қызығушылықтарын арттырады. Қайталап, бірге жасауларын сұрайды**.**
***Музыка тыңдау.*** *«Жай жүру» (Р.Леденев)*
Әуен екінші рет орындалып, балаларды ортаға шақырады. Балалар қолдарын белдеріне қойып, зал ішінде «шашырап» тұрады. Әуеннің сипатына сай ырғақты сезіне орташа екпінде жүреді. Әуен ауысқанда балалар өздеріне жұп тауып, екеуден қол ұстасып, жай жүреді.
***Ән айту.*** *«Қуыршақпен билейміз»*
*(Ж.Тұрсынбаев,Е.Өтетілеуұлы)*Тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп,
әнді топпен орындауға үйрету.

Ортада әлі ойын бар,
Қане, шыға қойыңдар!

Педагог балалардың қызығушылықтарын арттыру мақсатында, көңілді ойын ұйымдастырады.
***«Көңілді ырғақ» ойыны*** *(халық әні«Еркем-ай»,өңдеген Б.Дәлденбай)*Балалар әуен ырғағына сай қол шапалақтайды, аяқтарын топылдатады, бір орында айналады. Әуен соңында отыра қалады.
**3. Рефлексия**
Педагог:
- Бүгін сендер қандай ойыншықпен ойнадыңдар?
- Сылдырмақ сендерге ұнады ма?

Балаларды мадақтап, мадақтау. Көңілді әуенмен шығарып салу.

## № 5-6 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ән шырқайық!»
**Мақсаты:** Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беругебаулу.
**Міндеттері:** Түрлі ырғақты,фортепиано аспабында орындалған әуендердітыңдау, бірқалыпты ырғақты, музыканың ашық берілген сипатына сай түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттармен (сылдырмақпен) қимылдар жасау; ән айтуда жеке сөздерді айғайламай айтуды қалыптастыру.
Түрлі жанрлы музыкалық шығармалардытыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** сылдырмақпен ойын қимылдарын қайталайды;

**түсінеді:** музыкалық шығармаларды тыңдайды;
**қолданады:** ересекпен бірге жеке сөздерді айғайламай айта алады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** сылдырмақтар.
**Сөздік жұмыс:** балақан-алақан.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды көңілді қарсы алады.
*«Марш» (Е. Тиличеева)* ойналып,балаларға аяқтарын нық басып,топылдата,адымдай жүруді көрсету.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Сылдырмақтар» (М. Раухвергер).* Музыканың ашық көңілді сипатына сай бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттармен (сылдырмақпен) қимылдар жасауға үйрету. Балалар шеңбер бойымен жүріп, сылдырмақты сілкіп ойнайды.
Тоқтап, сылдырмақты арқаларына жасырып, аяқтарын топылдатады.
Әуен ауысқында сылдырмақтарын жоғары көтеріп, ырғақты сезіне ойнайды. ***Музыка тыңдау.*** *«Құлыншақ» (Е.Ташенов,Ә.Тәжібаев)* Фортепиано аспабында орындалған жаңа әндерді музыкалық-қимылдық көрсетусіз тыңдау. Музыка тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру ***Сөздік жұмыс:*** балақан-алақан.

***Ән айту.*** *«Бала,бала,балапан» (И.Нүсіпбаев,Ж.Смақов)*әнін ересекпенқосылып, аспаптардың шығаратын дауысынан ауытқымай, әнді күш түсірмей, асықпай, жеке сөздерді айғайламай айтуға үйрету.
Таныс үйренген *«Қуыршақпен билейміз» (Ж.Тұрсынбаев,Е.Өтетілеуұлы)* әнін үйренуді жалғастыру. Мағынасына сай қимыл-қозғалыс жасауға үйрету.
***Ойын «Көңілді ырғақ»*** *(халық әні«Еркем-ай»,өңдеген Б.Дәлденбай).*Балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. Әуеннің 1-бөлімінде қол шапалақтайды. Әуен ауысқанда қолдарын арқаларына жасырады.
2-бөлімінде аяқтарын топылдатады, бір орында тұрып айналады.
Әуен соңында аяқтарын жасырып, отыра қалады.
Ойынды 2-3 рет қайталауға болады.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды. Бүгінгі күннің көңілді болғанын айтып, мадақтап, қоштасады.

## № 7 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күн мен жаңбыр»

**Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру,ән тыңдауға баулу.
**Міндеттері:** Шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату секілдіқарапайым би қимылдарын үйрету; қимылды-әуенді ойындар арқылы әуенді сезіне қимылдар жасауға баулу. Үлкендермен қосыла ән айтуға үйретуді жалғастыру. Қызығушылықтарын арттыру, қуанышты көңіл күй сезімін ояту.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** қарапайым би қимылдарын қайталайды (шапалақтайды, аяқтарымен топылдатады);
**түсінеді:** қимылды-әуенді ойындарды әуенді сезіне орындайды;
**қолданады:** үлкендермен қосылып ән айтады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қолшатырлар,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** қолшатыр.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды қолшатырмен қарсы алады. Үнтаспада жаңбырдың дыбысы естіледі.

Педагог: Тырс-тырс тамады,
Жаңбыр көп жауады.

- Балалар, серуенге шығайық.*«Жүру» (Р.Рустамов).*

Балалар жай адымдап жүреді.
Педагог: Балалар, жаңбыр жауды, қолшатырға жүгіріңдер!
*«Жүгіру» (Р. Рустамов)* әуені ойналып,тез,жеңіл
жүгіріп қолшатырғажасырынады.
***Сөздік жұмыс:*** қолшатыр.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***
Педагог: Балалар, жаңбыр толастады. *«Марш» (Е.Тиличеева)* әуені ойналып, балалар шеңбер бойымен жүріп, орындықтарға отырады.

- Енді жайғасып отырып, ән тыңдайық!

***Музыка тыңдау.*** *«Жаңбыр» (М.Миклашевская).*
Әуен екінші рет орындалғанда ырғағына сай балаларға қол шапалақтап, аяқ топылдатуды үйрету.
***Ән айту.*** *«Жаңбыр» (Д.Ботбаев,И.Сапарбаев*)
Ән айтуға қызығушылықтарын ояту, ересектердің дауыс ырғағына еліктеп, қосылып айтуға баулу.
Таныс *«Бала,бала,балапан» (И.Нүсіпбаев,Ж.Смақов)* әнін үйренуді жалғастыру. Ән мазмұнына сай қимылдар жасау.
Педагог балалармен ойын ұйымдастырады.
***Ойын «Серуен мен жаңбыр»*** *(М.Раухвергер)*
Ойынға балалар санына байланысты 2-3 үлкен қолшатыр қолданылады.
Педагог: Балалар, мен сендерді көңілді серуенге шақырамын!

Қол ұстасып алайық,
Аяқты біз басайық!

Жаңбыржаусакенеттен
Қолшатырға қашайық!

А *бөлімі.* Балалар екеуден қол ұстасып,асықпай зал ішінде«серуендеп»жүреді.

Б *бөлімі.* Жеңіл,тез жүгіріп,қолшатырдың астына тығылып,жаңбырданжасырынады. Тамшыларды бақылайды.

Ойын 2-3 рет қайталанады.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.

– Балалар,сендерге бүгінгі ойын ұнады ма?

- Жаңбыр қалай жауады екен?
- Біз қалай жүгірдік?
- Аяқтарымызды топылдатып көрейікші.
- Ал енді кім көңілді қол шапалақтай алады?

## № 8 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көңілді тамшылар»
**Мақсаты:** Жай және ойнақы әуеннің ырғақтарын ажыратуға баулу.
**Міндеттері:** Педагогтің дауыс ырғағына еліктеу,әннің сөздері мен жекебуындарды дұрыс айтуға үйрету.Түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдап, тану, әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау дағдыларын қалыптастыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасайды;
**түсінеді:** әуеннің ырғақтарын ажыратады;
**қолданады:** әннің сөздері мен жеке буындарды айта алады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қолшатырлар,жаңбырлы күннің суретті,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** қолшатыр.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды қолшатырмен қарсы алады. Үнтаспада жаңбырдың дыбысы естіледі.

Педагог: Балалар, қолшатыр алып, серуенге шығайық. *«Жүру» (Р.Рустамов).*
Балалар жай адымдап жүреді.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***

Педагог: Балалар, жаңбыр жауды, қолшатырға жүгіріңдер!
*«Жүгіру» (Р. Рустамов)* әуені ойналып,тез,жеңіл жүгіріп қолшатырғажасырынады.

Педагог: Балалар, жаңбыртоластады. Енді отырып, ән тыңдайық!
***Музыка тыңдау.*** *«Жаңбыр» (өңдеген В. Фере).*
Аспапта ойналған әуенді тыңдап,ересектердің көрсетуімен саусақтарын тізелеріне соғып әуен ырғағына сай «тамшыларды» көрсетеді.
Жаңбырлы күннің суреттерін көрсетіп, әңгімелеу.
***Ән айту.*** *«Жаңбыр» (Д.Ботбаев,И.Сапарбаев*)
Әннің сөздері мен жеке буындарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Әннің мазмұнын түсініп, топпен қосылып айтуға үйретуді жалғастыру. Таныс *«Бала,бала,балапан» (И.Нүсіпбаев,Ж.Смақов)* әнінің ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау дағдыларын еске түсіру, қайталау. Балаларға таныс ойынды ұсыну.
***Ойын «Серуен мен жаңбыр»***
*(М.Раухвергер)*Әуен ойналып, қолшатырлар алып, жай жүреді. Педагог: Сескенбейміз жаңбырдан,

Біз көңілді балдырған!

Ойын 2-3 рет қайталанады, балалардың қызығушылықтарын арттыру.
**3. Рефлексия**
Педагог қорытынды жасайды. Балалардан, жаңбыр тамшылары және қандай ән үйренгені туралы сұрайды. Балаларға ризашылығын білдіріп, мадақтайды.

## № 9-10 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Әдемі жапырақтар»
**Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру,ән тыңдауға баулу. **Міндеттері:** Аспаптың сүйемелдеуімен орындалатын билерде музыка әуенінесәйкес (жоғары-төмен, баяу-жылдам) бір қимылдан басқа қимылдарға ауысуға және ересектің ән айтуына еліктеп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға үйрету. Музыка арқылы сұлулық пен әдемілікке тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** би қимылдарын музыка әуеніне сәйкес ауыстырады;
**түсінеді:** ересектің ән айтуына еліктей алады;
**қолданады:** әнді күш түсірмей,табиғи дауыспен орындайды;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** бала санына сәйкес түрлітүсті қағазданжасалған күзгі жапырақтар; жеміс, көгөніс муляждары, күз көрінісінің суреттері, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** жарқырайды.

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Балалардың кіруі. *«Жүгіру және секіру» (Т.Ломова)*
Педагог: Жүгіреміз, жүгіреміз,
Тоқтамайық, кәне, біз!

Аяқ ұшымен жеңіл жүгіру.
Педагог: Екі аяқты
қосайық,

Секіріп енді алайық!

Екі аяқты қосып секіру**.**

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***

Педагог балалардың назарларын жапырақтарға аударады.

Қызыл-сары жапырақтар,
Алтындай жарқырайды.
Жел соғып кенеттен
Төгіліп құлайды.

***Сөздік жұмыс:*** жарқырайды.

*«Күзгі жапырақтар биі» («Вальс» А. Жилин).*

Педагог балаларғатүрлі түсті қатырма қағаздан жасалған күзгі жапырақтар таратып, биге шақырады. Үлкендердің көрсетуімен би қимылдарын қайталауды ұсынады.

А *бөлімі.*Жапырақтарды жоғары көтеріп тербеледі.

*Б бөлімі.*Зал ішінде еркін,жеңіл жүгіреді.

***Музыка тыңдау.*** *«Балалар полькасы» (М.Глинка).*

Пьесаны тыңдап, ырғағын, сипатын сезінуге
баулу. ***Ән айту.*** *«Күз келді» (А.Досмағамбет)*.

Жаңа әнді орындап, мағынасын түсіндіру. Күз көрінісінің суреттерін ұсынып, әңгімелеу. Әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға үйрету.

Таныс *«Жаңбыр» (Д.Ботбаев,И.Сапарбаев)* әнін қайталап, еске түсіру, айғайламай топпен айтуға дағдыландыру.

Педагог жемістер мен көгөніс түрлерімен көңілді ойын ойнауға шақырады.

***Ойын «Жемістерді жинау»*** *(«Ойын»Р.Шафаг)*

Шашылған жеміс пен көгөніс түрлерін атап көрсетіп, жинап, себеттерге салуға шақырады.

Себеттерді алайық,
Жемістерді салайық!

Көңілді әуен ойналып, жемістерді жүгіре басып себеттерге салады. Ептілік пен шапшаңдыққа баулу.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.

- Бүгінгі серуен сендерге ұнады ма?
- Бақтағы жапырақтардың түстері қандай екен?

Балаларды мадақтап, қоштасып, шығарып
салады.

## № 11-12 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Күзгі баққа серуен»

**Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру,ән тыңдауға баулу.
**Міндеттері:** Музыканыңсүйемелдеуіменжүру және жүгіру,қол ұстасып, жұптасып, шеңбермен жүру қимылдарына, билерде сүйемелдейтін музыканың қарама-қарсылығына сәйкес (ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу-жылдам) бір қимылдардан басқаларына ауыса білуге, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айтуға дағдыландыру. Музыкаға деген құштарлықтарын ояту, сүйіспеншіліктерін арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыканың сүйемелдеуімен би қимылдарын орындайды;
**түсінеді:** ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу-жылдам би қимылдарын ауыстыра алады;
**қолданады:** созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып,ән айтады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** түрлі түсті қағаздан жасалған күзгіжапырақтар; жеміс, көгөніс муляждары, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** серуен.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалардың кіруі.
Педагог балалармен сәлемдесіп, назарларын жапырақтарға аударады. Кәне, мұнда қарайық, Алтын сары жапырақ.

Жинап-жинап алайық,
Серуенге барайық!

*«Қыдырамыз» (Т. Ломова)*
***Сөздік жұмыс:*** серуен.

2. **Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Күзгі жапырақтар биі»(«Вальс» А. Жилин*).
Би қимылдарын үйренуді жалғастыру. Ақырын-қатты, жоғары-төмен, баяу-жылдам және бір қимылдан басқаларына ауыса білуге үйрету.
***Музыка тыңдау.*** Үнтаспадан жаңбырдың,желдің дыбысын тыңдату.Жаңбыр мен желдің дыбысын естіп, табиғат құбылыстарына мән беруге, ажыратуға үйрету, әңгімелеу.
***Ән айту.*** *«Күз келді» (А.Досмағанбет)*әнін орындап,қайырмасынақосылуды ұсынады.
*«Жаңбыр» (Д. Ботбаев, И. Сапарбаев)* – таныс әнді ересектердің дауысынақосылып айтуға үйрену.
***Ойын «Жемістерді жинау»*** *(«Ойын»Р.Шафаг)*
Жеміс түрлерін атап көрсетіп, жинап, себеттерге салуға ұсынады. Көңілді әуен ойналып, жемістерді себеттерге салады. Ептілік пен шапшаңдыққа баулу.

3. **Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтап, ризашылығын білдіреді.
- Сендер ән айтып, би билеп жақсы өнер көрсеттіңдер. Жарайсыңдар!

Көңілді қоштасып, шығарып салады.

## № 13 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Менің күшігім»
**Мақсаты:** Қарапайымбиқимылдарының бірізділігін есте сақтауға үйрету.
**Міндеттері:** Музыканың ауыспалы кезеңдерін тыңдауға,музыканың жайжәне қатты дыбысталуын ажыратуға, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға,мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беру дағдыландыру. Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдерін ояту.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** би қимылдарының бірізділігін есте сақтайды;
**түсінеді:** мазмұнды ойындарда қимылдардың сипатын бере алады;
**қолданады:** музыканың жай және қатты дыбысталуын ажыратып,әнді күштүсірмей орындайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** түрлі түсті қағаздан жасалған күзгіжапырақтар; ойыншық күшік, ойынға «үйшік»-құрсаулар; күшіктердің басқа киетін атрибуттары, нота хрестоматиясы. **Сөздік жұмыс:** күшік,Саққұлақ.

**ҰОҚ барысы**
1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балалардың көңілді әуен ырғағына *«Марш» (Ю.Соколовский)* аяқтарын топылдата, нық басып жүрулерін қадағалайды.
**2. Негізгі кезең**
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***
*«Күзгі жапырақтар биі» («Вальс»А.Жилин).*
Педагог балаларғатүрлі түсті қатырма қағаздан жасалған күзгі жапырақтар таратып, биге шақырады. Таныс би қимылдарын педагог қимылдарына еліктеп, әуенге ілесе билеп үйренуді жалғастыру.
Әуен аяқталып, «үйшіктің» жанына келеді.
– Балалар, қандай әдемі үйшік!
(Үйшік ішінен тәрбиеші күшік дауысын салып, «әуп-әуп» деп дыбыстайды).
– Бұл үйшікте күшік тұрады екен.
Күшікті үйшіктен шығарып алып, балаларға көрсетеді.

- Кішкентай күшік
  Саққұлақ Қалай-қалай
  үреді? –

деп әндете сұрап, балаларды күшік дауысын салуға икемдейді, дауыстарын бақылап, мадақтайды.
***Ән айту***.Балалар,күшігімізді қуантып ән айтып берейік.

Ән *«Күшігім» (сөзі Т.Исалиев,музыкасын жазған М.Ерімбетов)* орындалады. Балаларғақайталап, қосылыпайтуды үйретеді.
Педагог әнді екінші рет орындап, әннің мәтіні, әуені туралы әңгімелейді. Жеңіл сөздерін қайталатып, бірге қосыла айтуға үйрету.

Таныс әнді *«Күз келді» (А.Досмағанбет)* орындап, бірге қосыла айтуды ұсынады.

***Сөздік жұмыс:*** күшік,Саққұлақ.

Педагог: Саққұлақ, Саққұлақ,
Бірге ойнайық шапқылап, -
деп балаларды ортаға ойынға шақырады.

***Ойын «Үйшігіңді тап»*** *(Т.Сарыбаева).*

Балаларға күшіктің атрибуттары кигізіледі.

- Шеңбер болып жүрейік,
  Әуен ойнап болған соң,
  Үйшікке біз кірейік, -

деп, балаларға ойын шартын көрсетіп, үйретеді. («Үйшік» орнына 5-6 құрсау қойылады). Ән-ойынның мазмұнына сәйкес қимылдар жасап, шеңбер бойымен аяқ топылдатып жүру, жүгіру, секіру. Әуен тоқтағанда, құрсауларға кіру. Ойын 2-3 рет қайталанады.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.
- Балалар, сендерге күшікпен ойнаған ұнады ма?
- Саққұлақ әдемі, ақылды күшік екен.
- Балалар, Саққұлақ енді демалсын, үйшігіне
баруға көмектесейік. Балаларды шығарып салады.

## № 14 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ала мысық»
**Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану.
**Міндеттері:** Түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдауға,ажыратабілуге, әнді жеке және топпен айтуға баулу, әуеннің басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін (қатты-баяу) ажырата білуге үйрету. Ән-ойын арқылы достық, жанашырлық сезімдеріне тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** әуеннің басталуы мен аяқталуын ажыратады;
**түсінеді:** түрлі жанрлы музыкалық шығарманың мазмұнын түсінеді;
**қолданады:** әнді жеке және топпен орындайды;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** ойыншық мысық,мысықтың басқакиетін атрибуттары, күшіктің суреті, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** ала мысық.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балалардың көңілді әуен ырғағына *«Марш» (Ю.Соколовский)* аяқтарын топылдата, нық басып жүрулерін қадағалайды.

Педагог балаларды ойыншық мысықпен қарсы алады.

Балалар, бүгін бізге ала мысық қонаққа келді:

Тікірейіп құлағы,
Менен бұрын тұрады.
Бойын жазып,
керіліп, Беті-қолын
жуады.

***Сөздік жұмыс:*** ала мысық.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***

«Мысықай мен мысық» (К. Қуатбаев, А. Асылбек).

- Біз де ала мысық сияқты жүріп көрейікші, – деп, шеңбер бойымен мысықтың жүрісін, қимылын салып жүруді ұсынады.

*Педагог:* Ала мысық
айлалы,Дыбыстайды ол
қалай? –

деп сұрайды. Балаларға «мияу-мияу» деп қайталату.

Педагог балаларға кілемге жайғасып отыруды ұсынады. Мысықты орындық үстіне отырғызады.

- Ала мысық та сендермен бірге ән тыңдасын, – деп ән тыңдауға шақырады.

***Музыка тыңдау.*** *«Мысықай» (В.Витлин)*

Музыка тыңдау ережесіне баулу. Әуеннің сипатын сезінуге, баяу екпінін ажырата білуге үйрету.

***Ән айту.*** *«Мысық» (Б.Дәлденбай,Ж.Әбдірашев)*

Ойыншық мысықты көрсетіп, мысықтың сүйкімді үй жануары екені туралы түсіндіру.

Педагог балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Ән екінші рет орындалғанда балаларға «мияу-мияу» сөздерін қосылып айтуын сұрайды. Әннің сөздерін еске сақтауға үйрету.

Педагог балаларға күшіктің суретін көрсетіп, қандай жануар екенін, қалай дыбыстайтынын сұрайды.

Таныс ән *«Күшігім» (Т.Исалиев,М.Ерімбетов)* орындап, бірге қосыла айтуды ұсынады.

Балаларды көңілді ойынға шақыру.

***Ойын «Үйшігіңді тап»*** *(Т.Сарыбаева).*

Балаларға күшіктің атрибуттары кигізіледі.

- Шеңбер болып жүрейік,
Әуен ойнап болған соң,
Үйшікке біз кірейік, -

деп балаларға ойын шартын естеріне түсіреді. («Үйшік» орнына 5-6 құрсау қойылады). Ән-ойынның мазмұнына сәйкес қимылдар жасап, шеңбер бойымен аяқ топылдатып жүру. Әуен тоқтағанда, құрсауларға кіру. Ойын 2-3 рет қайталанады.

**3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды.

- Ала мысық қалай дыбыстайды екен?

Дауыстарын салған балаларды мадақтайды.

Қоштасып, балаларды шығарып салады.

## № 15-16 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Кішкентай төлдер»

**Мақсаты:** Пьесалардың екі түрлі формасына қимылдарын ауыстыра білугедағдыландыру.

**Міндеттері:** Әуенді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру;әннiңмағынасын түсініп, педагогтің дауысына еліктеп ырғағын дұрыс жеткізе орындауға машықтандыру. Үй жануарларына деген қызығушылық, қамқорлық сезімін тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**жасайды:** пьесалардың екі түрлі формасына қимылдарын ауыстыра біледі;

**түсінеді:** әннiң мағынасын түсінеді;

**қолданады:** әуенді тыңдау ережесін сақтайды;

**Қолданылатын көрнекі құралдар**:жайлау және үй жануарлары ментөлдерінің суреттері, ойыншықтары, «күшік» және «лақ» атрибуттары, нота хрестоматиясы.

**Сөздік жұмыс:** лақ,қошақан,бота,бұзау.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

   Педагог балаларды көңілді әуенмен қарсы алып, жайлау көрінісін бейнелейтін көрнекі суреттерді көрсетеді.

Ойыншық төлдерді (бұзау, лақ, бота, құлыншақ, қозы) көрсетіп, қалай дыбыстауын айту.

Бота «бө-бө», лақ пен қошақан «мәә-мәә», құлыншақ «иоо-иоо» деп дыбыстайды деп түсіндіру.

***Сөздік жұмыс:*** лақ,қошақан,бота,бұзау.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***

Үнтаспада *«Тұлпарым» (Б.Бейсенова)* әуені ойналып, балаларға құлыншақтың шабысын көрсетіп, қайталатады. Аяқтыкөтере, жеңілқозғалуға үйрету.

Педагог: Ботақаны нардың
Жарға неге бардың?
Аяқтарың дірілдеп,
Секіре алмай қалдың.

Балаларды ән тыңдауға шақырады.

***Музыка тыңдау.*** *«Ботақан» (Е.Өміров,Р.Наурызбаева).*

Әннің көңіл күйін, сипатын түсіндіру. Әуенді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.

***Ән айту.*** *«Әукім» (Е.Өміров,Р.Наурызбаева)*әнін орындап,мағынасынтүсіндіру. Сиыр және бұзаудың суреттерін көрсету.

Педагог балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Әнді екінші рет орындап, мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыс жасауға үйрету.

*«Мысық» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев),*

*«Күшігім менің» (Т. Исалиев, М. Ерімбетов).*

Таныс әндерді балалардың қалауы бойынша қайталау, еске түсіру.

Педагог балалардан лақ пен күшіктің дауыстары туралы сұрап, әңгімелейді.

***Ойын «Лақ пен күшік»*** *(С.Соснин).*

Бір бала «күшік»-кейіпкер болып сайланады, атрибутын киеді, қалғандары «лақтар» болады. Әуен ойналып, жан-жаққа шашырап секіріп, жүгіріп ойнайды. Музыка аяқталғанда «күшік»-кейіпкер бала шығып, лақтарды қуа жөнеледі. Лақтар жан-жаққа қашып, күшікке ұстатпауы керек.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.

- Қандай төлдермен таныстық? Олар қалай дыбыстайды екен?
- Құлыншақ қалай шабады?
- Ботақан қалай әндетеді?
- Лақ пен қошақан қалай секіреді?

Сұрақтар қою арқылы оқу қызметін пысықтау. Жауаптарды тыңдап, балаларды мадақтап, көңілді қоштасады.

## № 17-18 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі**:Музыка

**Тақырыбы:** «Қоңыр қонжық»

**Мақсаты:** Әуеннің ырғағына,мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсете білугебаулу.

**Міндеттері:** Әртүрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдап,ырғағынсезінуге баулу; әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен жеке сөздерді айғайламай айтуға қалыптастыру. Әнге үлкендермен қосыла айтуды үйрету; ойын арқылы

қызығушылықтарын арттыру. Ойын арқылы ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** әуеннің ырғағына,мәтініне сәйкес іс-әрекеттерді көрсетеді;
**түсінеді:** ойын шарттарын түсініп,белсене қатысады;
**қолданады:** әнді күш түсірмей,табиғи дауыспен жеке сөздерді айтады;
**Қолданылатынкөрнекі құралдар:** қоңыраулар,қонжықтың үйшігі,қонжықтың атрибуттары, қояндар мен аюдың атрибуттары, құрсаулар – «қояндардың індері», нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** конжық.

**ҰОҚ барысы**
**1. Ұйымдастыру кезеңі**
Педагог балаларды көңілді қарсы алып, ересектердің көрсетуімен бірге қимылдар жасуды ұсынады.
*«Жаттығулар» («Марш» Е. Тиличеева, «Экосез» И. Гуммель)*
Марш екпінімен аяқ топылдата жүру, әуен ауысқында зал ішінде шашырап жүгіру.
**2. Негізгі кезең**
Педагог балаларға қоңыраулар үлестіреді.
- Қоңырауды соғайық
  Үнін естіп алайық,
  Дин-дон! Дин-дон! –

деп қоңырауды қозғап, сыңғырлатып көрсетеді.
Балаларға бірге қоңырауды сыңғарлатуды
ұсынады.
Педагог балаларды үйшік жанына шақырып, қоңыр қонжықты
ұйқыдан оятып алуды ұсынады.
- Әлдеқашан таң атты,
  Ұйықтап жатқан
  қонжықты Қоңыраулар
  оятты, –

деп, қоңырауларын соғуды сұрайды.
***Сөздік жұмыс:*** қонжық.
Үйшік ішінен ойыншық қонжықты алып шығады.
- Міне, қонжық ұйқысынан оянды.
- Қане, балалар, хал-жағдайын сұрайық.

Балаларға қонжықты ұстап, сипап көруге мүмкіндік береді. Балалардан «Қонжықтың мұрыны, құлағы, аяғы, көзі қайда?» - деп сұрап, көрсетулерін талап етеді.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***
*«Аюлар» (Е. Тиличеева)*
Балаларға «қонжық» атрибуттары кигізіледі.
Педагог: Қонжықтар әйбат, тамаша!
Би билейік жараса!

А *бөлімі.* Балалар қолдарын алға соза дөңгелете ұстап,аяқтарын топылдатабасады.
*Б бөлімі.* Бір орында аяқтарын нық баса«қорбаңдап»айналады.
Би соңында педагог балаларға нағыз қонжықтарша билегендерін айтып, мақтайды.
***Музыка тыңдау. «Қоңыр аю қорбаңбай» (Б.Дәлденбай).***
Музыка тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, әуендерді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Шығарманың сипаты мен екпіні туралы айтып, аюдың қимыл-қозғалысын көрсетуді ұсыну.
***Ән айту.*** Қонжыққа арнап*«Қоңыр қонжық» (Т.Сарыбаева)*әнін орындап,тыңдауларын сұрайды. Педагог мазмұны туралы әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.
Әнді екінші рет орындап, қонжықтың іс-әрекетін бірге жасауды сұрап, қадағалайды.
Таныс ән *«Әукім» (Е.Өміров,Р.Наурызбаева)* орындап, бірге қосыла айтуды ұсынады. Әннің сөздерін еске сақтауға үйрету.
***Ойын «Қояндар мен аю»*** *(«Қояндар», «Аю»Т.Попатенко)*
Қояндар мен аюдың атрибуттары, құрсаулар-«қояндардың індері».
«Аю» кейіпкеріне бір бала тағайындалып, залдың бір шетінде ұйықтап отырады. Қалған балалар - «қояндар» індеріне – құрсаулар ішіне кіреді.
*«Қояндар» әуені* ойналып,зал ішінде балалар секіріп,жүгіреді.Әуен тоқтап, *«Аю» әуені* орындалғанда,аю ұйқыдан оянады.Қояндар жүгіріп,індерінеқашады, ал аю оларды ұстап алуға тырысады.
**3. Рефлексия**
Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтап, ризашылығын білдіреді. Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.

## № 19-20 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ормандағы сұр қоян»
**Мақсаты:** Музыкалық қабілеттерін арттыру,ән тыңдауға баулу. **Міндеттері:** Тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеп,әннің сөздері мен жекебуындарына қосыла айтуға, мазмұнды ойын кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалық сипатын беруге үйрету, екі түрлі пьесаның формасына қимылдарын ауыстыра білуге дағдыландыру. Қимылдық ойын арқылы қызығушылық сезімін ояту.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыкалық пьесалардың сипатын ажыратады;
**түсінеді:** мазмұнды ойын кейіпкерлері мен қимылдарының музыкалықсипатын бере алады;

**қолданады:** ересектің дауыс ырғағына еліктеп,әннің сөздерін айтады;
**Қолданылатынкөрнекіқұралдар**:орман көрінісін бейнелейтіндекорациялар, қоян, аю түлкі атрибуттары, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** сұр қоян.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды орманға серуенге шақырады.

- Орманға барамыз,
  Біз көңілді баламыз.

Екеуден қол ұстасып жүруді ұсынады. *«Жүру» (Р.Рустамов)*
Әуен аяқталғанда «Міне, орманға да жеттік», - деп тоқтайды.
Бұта түбінде отырған қоянды байқап қалғандай, таңданып:
– Балалар, қараңдаршы, мұнда отырған не, білесіңдер ме? - деп сұрайды.
- Бұл көңілді сұр қоян екен.

***Сөздік жұмыс:*** сұр қоян.

**2. Негізгі кезең**

Педагог ойыншық қоянды қолына алып:

- Мен қоянмын,
  қоянмын, Сәбізге мен
  тоямын.
  Қыста жейтін азықты,
  Толтырып жинап қоямын.

– Балалар, қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік!
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***
*«Жаттығулар» («Марш» Е. Тиличеева)*
Аяқтарын нық басып, шеңбер бойымен топылдата адымдай жүреді. *(«Экосез» И. Гуммель)*
Балалар бөлме ішінде еркін, жеңіл жүгіреді. Бір орында тұрып айналады.
Әуен қайталанғанда қарама-қарсы бағытқа жүгіріп, қимылдар қайталанады.
– Жарайсыңдар, балалар!
***Музыка тыңдау.*** *«Қояндар.Аю» (Т.Попатенко).*
Пьесаларды аспапта орындап, сипатын ажыратуға үйретеді.
Екінші рет ойналғанда «Аю» кейіпкеріне бір бала тағайындалып, залдың бір шетінде ұйықтап отырады. Қалған балалар «қояндар» індеріне – құрсаулар ішіне кіреді. *«Қояндар»әуені* ойналып, зал ішінде балалар секіріп, жүгіреді. Әуен тоқтап, *«Аю»әуені* орындалғанда аю ұйқыдан оянады. Қояндар жүгіріп, індеріне қашады, ал аю оларды ұстап алуға тырысады.
Енді қоянға арнап ән айтып берейік.
***Ән айту.*** *«Сұр қоян» (А.Филиппенко,өңдеген К.Үбәнұлы)*Педагог орындап береді. Педагог мазмұны туралы әңгіме өткізеді.
Балаларды қайталап, қосылып айтуды үйретеді.
Әнді екінші рет орындап, балаларды қоянмен бірге билеуге шақырады. Әннің шумақтарында тәрбиеші мәтінге сәйкес қимылдарды көрсетеді.

Таныс эн *«Қоңыр қонжық» (Т.Сарыбаева*) еске түсіру, педагогпен қосылып әннің сөзін қайталау.
Орындықартындажасырылғанойыншық түлкіні алып:
- Жүрген жері күлкі,
  Бізге келді түлкі, – деп көрсетеді.

Түлкі: Кел, сұр қоян, тойлайық,
Балалармен ойнайық, – деп балаларға ойын ұсынады.

***Ойын «Қояндар мен қу түлкі»***
*(Ж.Тезекбаев,И.Сапарбаев)*ұйымдастырылады.
Мазмұнды ойын кейіпкерлерінің қимылдарын көрсете білуге үйрету. Тәрбиеші – түлкі, балалар – қояндар рөлінде. Ойын шартын қадағалайды.
- Түлкіге ұсталып қалмаңдар, – деп ескертеді.

**3. Рефлексия**
Педагог қорытынды жасайды.
- Балалар, сендер тез жүгіре, секіре алады екенсіңдер! Сендер маған ұнадыңдар!

Балаларды көңілді шығарып салады.

## № 21-22 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Алғашқы қар»
**Мақсаты:** Музыкалық аспаптарда орындалған әртүрлі ырғақты,танысәуендерді тыңдауға баулу.
**Міндеттері:** Әуеннің екпінін сезіне жеткізу дағдыларын,әнді жеке жәнетоппен айтуға; музыканың сипатына сай би қимылдарын орындауға қалыптастыру. Ән айтуға қызығушылықтарын арттыру, көтеріңкі көңіл күй сезімін ояту.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыканың сипатына сай би қимылдарын орындайды;
**түсінеді:** музыкалық аспаптарда орындалған әртүрлі әуендерді тыңдайды;
**қолданады:** әуеннің екпінін сезіне,әнді жеке және топпен айтады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** бала санына«ақшақар»таяқшалар-әшекейлер, қыс мезгілінің суретті көріністері. Аю, қояндар, түлкі атрибуттары, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** ақшақар.

**ҰОҚ барысы**
1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Үнтаспада әуен ойналып, педагог балаларды қарсы алады.
Шеңбер бойымен қол ұстасып жұппен жүруге үйрету.
*«Экосез» (И. Гуммель)* Шеңбер бойымен қол ұстасып,айналып жүругемашықтандыру.

**2. Негізгі кезең**

Педагог балаларды отырғызып, демалуды ұсынады.
«Қысқы ойындар» иллюстрациясын көрсетіп, қыс мезгілі туралы түсінік беру, әңгімелеу. Табиғаттағы өзгерістерге көңілдерін аудару.

Қараңдаршы далаға,
Дала аппақ ақша қар.
Тал мен үйлер далада
Жамылыпты ақша қар.

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Ақшақарлар биі» (үнтаспада,педагогтің таңдауы бойынша).*

Балаларға «ақшақарлар» - әшекейлер таратылады. Педагогтің көрсетуімен «ақшақарлардың» күрделі емес би қимылдарын - тербелу, бір орында айналу - «ұшуын», бір-бірінің артынан шеңбер бойымен жеңіл жүгіру - «қонуын» т.б. қимылдарын бірге жасауға үйрету.

***Сөздік жұмыс:*** ақша қар

***Музыка тыңдау.*** *«Жаңа жыл-жаңа жыр» (А.Қонысбеков,Ұ.Қонысбекова)*әнін орындап, мұқият тыңдауды сұрайды. Әннің көңіл күйін сұрап, жаңа жыл мерекесі туралы айтып түсіндіру.

***Ән айту.*** Жеке және топпен ән айту.

*«Сұр қоян» (А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы)* әнінің ырғағына еліктейотырып, ересекпен қосылып табиғи дауыспен орындауын қадағалау. Ән мазмұнына сай қимылдар жасауға жалғастыру.

*«Қоңыр қонжық» (Т. Сарыбаева)* әнін еске түсіру,қайталау.

Педагог балаларды көңілді ойынға шақырады. Балаларға қоян атрибуттары кигізіледі.

***Ойын «Қояндар мен қу түлкі»*** *(Ж.Тезекбаев,И.Сапарбаев).*

Тәрбиеші – түлкі, балалар – қояндар рөлінде. Ойын шартын сақтап, әуендерді еске сақтауға, ептілікке үйрету.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Балалардың белсенді қатысқанын ерекше айтып, мақтау. Ризашылығын білдіреді.

- Сендер ән айтып, би билеп жақсы өнер көрсеттіңдер. Жарайсыңдар! Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.

## № 23-24 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Кішкентай шырша»

**Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдана білугеүйрету.

**Міндеттері:** Түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды:ән,полька,марш,вальс, баяу және көңілді әндер тыңдап, сипатын сезіну; әннің ырғағына еліктей отырып ересекпен қосылып табиғи дауыспен айтуға дағдыландыру.

Музыкағасүйіспеншіліктерін, қабілеттерінарттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** би қимылдарының жеке элементтерін қолданады;
**түсінеді:** баяу және көңілді әндер тыңдап,сипатын сезінеді;
**қолданады:** әннің ырғағына еліктеп,табиғи дауыспен қосылып орындайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар**:ойыншық3шырша,шыршаойыншықтары; бала санына сәйкес «ақшақар» таяқшалары, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** шырша.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог көңілді әуенмен балаларды қарсы алып, ойыншық шыршаны қарап, тамашалауға шақырады.
***Сөздік жұмыс:*** шырша.
**2. Негізгі кезең**
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** «*Ақшақарлар биі» (үнтаспада,педагогтің таңдауы бойынша*).
Би қимылдарын еске түсіру, қайталау.
Би қимылдарының жеке элементтерін қолдануға үйрету.
Педагог өлең оқиды.

- Шыршамыз,
шыршамыз,Ән
тыңдайық баршамыз.

***Музыка тыңдау.*** *«Шырша шамы жарқыра» (Л.Аитова)*әнін орындапбереді. Әннің сипаты, мазмұны туралы әңгімелейді. Екінші рет орындалғанда қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын сезінуге үйрету. Шырша туралы қысқа әңгіме өткізу.

Міне, біздің шыршамыз
Қандай әдемі!
Қызыл-жасыл алаулар
Сәнге бөледі.

***Ән айту.*** *«Біздің шыршамыз» (А.Есім).*Әнді айтып,ән туралы әңгімеөткізу.
Педагог балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.
Екінші ретінде тәрбиешінің көмегімен шыршаның айналасында мәтінге сай қимылдарды үйрету. Қолдарын жоғары көтере, қол білезіктерін айналдыру, аяқ топылдату, қол шапалақтау, шеңбер бойымен шыршаны айналып жүруге машықтандыру.
Таныс әнін *«Сұр қоян» (А.Филиппенко,өңдеген К.Үбәнұлы)* еске түсіру, қайталау. Ән мазмұнына сай қимылдар жасауын қадағалау, пысықтау.
Педагог балаларға шыршамызды әсемдеп, безендірейік деп ұсыныс жасайды.
***Ойын «Шыршамызды сәндейміз»*** *(«Полька»В.Косенко).*

Ойыншықтар ілінген шыршаның көрнекілік суретін көрсету, әңгімелеу. Қауырсыннан жасалған ойыншықтарды шыршаға іліп, безендіруге, ептілікке үйрету.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды. Ризашылығын білдіріп, бүгінгі күнді өте көңілді өткізгендерін айтады. Балалармен көңілді қоштасады.

## № 25-56 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Жаңа жыл мерекесі»
**Мақсаты:** Қол шапалақтау және жартылай отыру,аяқтан аяққа тербелусекілді қарапайым би қимылдарының дағдыларын қалыптастыру.
**Міндеттері:** Түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттарменқимылдар жасау дағдыларын қалыптастыру; бірқалыпты ырғақты, түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере фортепиано сүйемелдеуімен жүру және жүгіру, қол ұстасып, шеңбермен жүру дағдыларына машықтандыру, әнді жеке және топпен айтуға үйрету. Балаларға мерекелік қуанышты көңіл күй сыйлау, шаттық сезіміне бөленуіне жағдай жасау.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** түрлі бейнелік ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасайды;
**түсінеді:** музыкалық шығарманың мазмұнын түсініп,көңіл күйін сезінеді;
**қолданады:** қарапайым би қимылдарының дағдыларын жасайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** бала санына«ақшақар»таяқшалары,кішкентай қауырсын шыршалар, шырша ойыншықтары, нота хрестоматиясы. **Сөздік жұмыс:** Аязата.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

*«Марш» (Б. Дәлденбай)* ойналып,педагог балаларды қарсы алады.
Марш екпінімен шеңбер бойымен адымдап жүруді ұсынады.
Педагог балаларға Аязатаны қарсы аламыз деп түсіндіреді.

- Аязата келеді,
  Тамашаны көреді.
  Риза болып қуанып,
  Бізге сыйлық береді.

Педагог: «Бізге бүгін қонаққа Аязата келді (ойыншық). Ол бізге әдемі қоңырауларын ала келіпті. Осы қоңыраулармен би билейміз», – деп ортаға шақырады.

***Сөздік жұмыс:*** Аязата.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Қоңыраумен би» (Е.Марченко).*Әуеннің 1-бөлімінде балалар қоңырауларды сыңғырлата, шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді.
2-бөлімде бір орында тұрып, әуен ырғағымен қоңырауды сыңғырлатады, бір орында айналады.
Педагог балаларды орындықтарға отырғызады. Аязатаның шырша тойындағы суреттері көрсетіледі. Бұл мерекедегі ең басты қонақты атап айтуларын сұрайды.
***Музыка тыңдау.*** *«Аязата» (Б.Дәлденбай,Ж.Әбдірашев)*
Әнді орындап, сипаты, мазмұны туралы айту. Көңілді ән екенін түсіндіру. Аязатаның түрін, киім үлгісі туралы тоқталып айту.

- Енді Аязатаға ән айтып берейік, - деп ұсыныс айтады.

***Ән айту.*** *«Алақай» (Ә.Қонысбеков,Ұ.Қонысбекова)*әнін орындап,мұқияттыңдауды сұрайды. Мазмұны туралы әңгімелеу. Педагог балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.
Екінші рет орындалғанда қол шапалақтау арқылы әннің ырғағын сезінуге үйрету.
Таныс *«Біздің шыршамыз» (А.Есім)* әнін еске түсіру, қайталау.
Жеке және хормен ән айту.
***Ойын «Шыршамызды сәндейміз»*** *(«Полька»В.Косенко)*
Қауырсыннан жасалған ойыншықтарды шыршаға іліп, безендіруге, шапшаңдыққа, ептілікке үйрету.
**3. Рефлексия**
Педагог сұрақтар қойып, балалардың қызығушылығын арттырады. Жақын арада Аязатаның сыйлықтар алып келетінін айтады.

## № 27-28 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Көжекке арналған мереке»
**Мақсаты:** Әнді сахналауда қимылдардың жеке элементтерін қолдану.
**Міндеттері:** Музыканың сипатына сай қимылдар жасауға,жаңа әндердімузыкалық-қимылдық көрсетусіз тыңдауға; ересектің дауысына еліктеп, әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен, жеке сөздерді айғайламай айту дағдыларын жетілдіру, түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды: ән, полька, марш баяу және көңілді әндер тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Ізеттілікке, кішпейілділікке тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыканың сипатына сай қимылдар жасайды;
**түсінеді:** музыкалық шығармаларды тыңдау ережесін сақтайды;
**қолданады:** әнді күш түсірмей,табиғи дауыспен орындайды;

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** көжек ойыншық,нота хрестоматиясы.
**Сөздікжұмыс:** көжек.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог *«Марш» (Э.Парлов)* әуенімен балаларды қарсы алады.
Шеңбер бойымен тізбектеле жүруге үйрету.
Шеңбер бойымен қол ұстасып, аяқты топылдата жүру.

2. **Негізгі кезең**

Педагог балалардың назарын ортада тұрған ойыншыққа аударады.
Ойыншық орамалмен оралған, көзі, мұрыны, құлағы көрінбейді.
Балалардан бұл қандай ойыншық екенін сұрайды.

- Ұзын құлағы бар,
  Секіретін аяғы
  бар. Өзі қорқақ,
  Көзі бадырақ. Бұл не? *(Қоян)*
- Балалар, бұл қоянның баласы – кішкентай көжек екен.

Көжек аяздан тоңып қалыпты. Кәне, ойын ойнап, көжектің денесін қыздырып алайық! - деп ұсыныс айтады.
***Сөздік жұмыс:*** көжек.
Балаларды көжекпен бірге билеуге шақырады.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.****«Қояндар» (М.Раухвергер).*
Бір орында секіру қимылдарына дағдыландыру. Аяқ ұшымен жеңіл секіру, бір орында айналу, қол шапалақтау, қосаяқтап секіре басу т.б. таныс қимылдарды қайталау.
Таныс би *«Қоңыраумен би» (Е.Марченко)* қимылдарын қайталау.
Әуеннің 1-бөлімінде балалар қоңырауларды сыңғырлата, шеңбер бойымен жеңіл жүгіреді.
2-бөлімде бір орында тұрып, әуен ырғағымен
қоңырауды сыңғырлатады, бір орында айналады.
***Музыка тыңдау.*** *«Қояндар» (Е. Тиличеева).*
Музыка тыңдауға қызығушылықты және пьесаны тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Әннің сипатын, екпінін сезінуге, ажырата білуге үйрету. ***Ән айту.*** Педагог балаларға таныс әнді еске түсіруді ұсынады.
*«Сұр қоян» (А. Филиппенко, өңдеген К. Үбәнұлы).*
Әннің мәтініне сәйкес тәрбиешінің қимыл-қозғалысына қарап, би қимылдарын қайталайды, өз беттерінше билеуге талпынады.
Таныс әнді қайталау, еске түсіру. *«Алақай» (Ә.Қонысбеков,Ү.Қонысбекова)*
Педагог балаларға қояндардың атрибуттарын кигізіп, ойын шартымен таныстырады.
***Ойын «Қояндар мен қу түлкі»***
*(Ж.Тезекбаев,И.Сапарбаев)*ұйымдастырылады. Тәрбиеші – түлкі,
балалар – қояндар рөлінде.
Ойын шартын қадағалайды. «Түлкіге ұсталып қалмаңдар», - деп ескертеді.
Ойын шартын сақтауға, әуендерді еске сақтауға, ептілікке үйрету.

**3. Рефлексия**
Педагог қорытынды жасайды.
- Көжекпен бірге ойнаған, билеген сендерге ұнады ма?
Бүгінгі күндерінің өте көңілді болғанын айтып, мадақтайды.
Көңілді қоштасып, шығарып салады.

## № 29-30 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қысқы орманға саяхат»
**Мақсаты:** Мазмұнды ойындар арқылы қызығушылықтарын арттыру.
**Міндеттері:** Күрделі емес қимылдардың бірізділігін есте сақтауға,әннің сөздері мен жеке буындарын анық айтуға, музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, тани білу дағдыларын қалыптастыру. Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілеттерін қалыптастыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** күрделі емес қимылдар жасап,музыка сипатына сәйкес қозғалады;
**түсінеді:** әндерді таниды және дыбыстардың жоғарылығын ажыратуын;
**қолданады:** мазмұнды ойындарға белсене қатысады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** «паровоз»макеті, «қар үйіндісі»,ойыншық қоян мен қонжық, қонжықтың үйшігі, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** пойыз.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог: Балалар, біз бүгін орманға саяхатқа барамыз. Орман өте алыста, – деп түсіндіреді.
- Орманға жету үшін мына «Көңілді пойызға» отырайық, – деп, «паровоз» макетін көрсетеді.
*Марш (Э. Парлов)* әуені ойналып,балалар«пойызға»отырады.

- Пойызға біз барайық,
  Вагоннан орын алайық,–

деп «вагондарға» – тізбектелген орындықтарға жайғасуларын сұрайды.
***Сөздік жұмыс:*** пойыз.

2. **Негізгі кезең**

- Ал паровоз бастайды,
Пыш-пыш, пух-пух,
Ән айтып біз қостайық, –

деп балаларға «пыш-пыш, пух-пух» буындарын қайталап отыруларын сұрайды.

***Әнайту.*** *«Пойыз»әні(Ж.Тұрсынбаев,А.Асылбек)*әнін орындап,мұқияттыңдауды сұрайды. Мазмұны туралы әңгімелеу. Педагог балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.
Ән қайталанғанда тәрбиеші мәтінге сәйкес қимыл-қозғалыстарды балаларға көрсетеді.
Таныс *«Алақай» (Ә.Қонысбеков,Ү.Қонысбекова)* әнін еске түсіру, қайталау. Әнінің мәтініне сәйкес би қимылдарын қайталау.
***Музыка тыңдау.*** *«Нешеуміз?» (А.Тоқсанбаев,Е.Өтетілеуұлы)*әнін айтып,мұқият тыңдауды ұсынады. Әнді орындап, сипаты, мазмұны туралы айту. Көңілді ән екенін түсіндіру.
Ән аяқталысымен балалар «көңілді пойыздан» түсіп, қысқы орманда «қыдырады». «Орманда» жүріп, «қар үйіндісінің» жанында тығылып отырған қоянға кездеседі. Педагог ойыншық қоянды қолына алады. Педагог:
Ақ қоян- ау, ақ қоян!
Ұзын құлақ сақ қоян!
Қаша берме орманға,
«Қорқағым» деп ат қоям!
- Балалар, қоянға қоңырауламен би орындап берейік, – деп ұсыныс жасап, балаларға қоңыраулар таратады.
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.***
*«Қоңыраумен би» (Е. Марченко)* әуеніне ілесе би қимылдарын бірге жасау,таныс биді қайталау, еске түсіру.
*«Қояндар» (М. Раухвергер).*
Балаларға қоян сияқты әуен сипатына сәйкес шеңбер бойымен бір орында жеңіл секіруді ұсынады.
Көңілді әуені орындалып, үйшіктен тәрбиеші - аю шығады.
Аю: Мен аюмын қорбаңбай,
Қимылдаймын қорбаңдай. Омартаны
көргенде, Бас қоямын ойланбай.
*(А.Асылбеков).*
Педагог аюды балалармен бірге көңіл көтеріп, ойнауға шақырады.
***Ойын «Қояндар мен аю»*** *(«Қояндар», «Аю»Т.Попатенко)*
Қояндар мен аюдың атрибуттары, құрсаулар-«қояндардың індері».
«Аю» кейіпкеріне бір бала тағайындалып, залдың бір шетінде ұйықтап отырады. Қалған балалар «қояндар» індеріне – құрсаулар ішіне кіреді.
*«Қояндар» әуені* ойналып,зал ішінде балалар секіріп,жүгіреді.
Әуен тоқтап, *«Аю»әуені* орындалғанда, аю ұйқыдан оянады.
«Қояндар» жүгіріп, індеріне қашады, ал «аю» оларды ұстап алуға тырысады.
**3. Рефлексия**
Аю мен қоян балалармен қоштасып, өз үйшіктеріне «ұйықтауға» кететіндерін айтады. Педагог «көңілді пойызға» отырып, жолға шығатындарын ескертеді. Әуен ырғағымен «пойыз» балабақшаға оралады. Саяхаттың аяқталғанын, бүгінгі күннің көңілді өткенін айтып, балалармен қоштасады.

## № 31-32 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі**:Музыка
**Тақырыбы:** «Биші аяқтар»
**Мақсаты:** Музыкалық-ырғақтық қимылдарды бірге жасау дағдыларынқалыптастыру.
**Міндеттері:** Музыканы тыңдай білуді және оларға тән ерекшеліктерінажырата білуді үйрету; ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; әуеннің жеке екпінін және ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру; таныс қимылдарды
қайталау, еске сақтау. Музыкалық қабілеттерін жетілдіру, қызығушылықтарын арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыкалық-ырғақтық қимылдарды бірге жасайды;
**түсінеді:** музыканы тыңдай біледі және оларға тән ерекшеліктерін ажыратады;
**қолданады:** әнді айта отырып,сәйкес қимылдарды қайталайды;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** 6-7құрсау,нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** етіктер.

### ҰОҚ барысы

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды қарсы алады.
- Қане, қане, тұрайық, Шеңбер жасап құрайық! – деп, шеңбер бойымен тұрғызады.

*«Марш» (Б. Дәлденбай).*Әуен ырғағымен шеңбер бойымен жүруге үйрету.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Етіктер» (орыс халық әуені,Т. Ломова).*

Балалар екеуден қол ұстасып тұрады. Жұптасып, қол ұстаған күйде шеңбер бойымен жүреді. Балалар тоқтап, бір-біріне бұрылып тұрады.
Қолдарын беліне қояды, аяқтарын топылдата басады.
Педагог балалардың назарын музыка ырғағымен бір мезгілде қозғалысты бастау қажеттігіне аударады.
***Сөздік жұмыс:*** етіктер.
Педагог өлең оқиды.

Кел, балақан, кел енді,
Ән тыңдайық біз енді, - деп, ән тыңдауға шақырады.

***Музыка тыңдау.*** *«Полька» (Д.Кабалевский).*

Музыканы тыңдай білуді, шығармалардың сипатын ажырата білуді қалыптастыру. Екінші рет қайталанғанда әуенді шапалақпен, аяқты топылдатып, ырғағын сезіне қимылдар жасауға үйрету.

***Ән айту.*** *«Пойыз» әні (Ж. Тұрсынбаев, А. Асылбек).*

Әннің мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыстарды жасауға, дауыстарына күш түсірмей, айғайламай айтуға дағдыландыру.
Балалардыңқалауыбойыншатаныс әндерді жеке немесе топпен мәнерлеп орындау: *«Сұр қоян» (А.Филиппенко,өңдеген К.Үбәнұлы)*, *«Алақай» (Ә. Қонысбеков, Ұ. Қонысбекова).*

Педагог: Босқа қарап тұрмайық,
Кел, балақан,
ойнайық!

***Ойын «Құрсау-құрсау»*** *(Ө.Байділдаев,М.Әлімбаев*)
Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, шеңберді кішірейту-үлкейту, отыру-тұру, қолдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрау. Әуен соңында алдын ала қойылған құрсауларға кіру.

**3. Рефлексия**
Педагог: Балалар, бүгін жақсы билеп, ән айттыңдар.
- Біз қалай қол шапалақтадық?
- Аяқтарымызды қалай топылдаттық?

Балаларды мадақтайды. Қоштасып, шығарып салады.

## № 33-34 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Ақ әжем»
**Мақсаты:** Кейіпкерді әңгіме бойынша тану дағдыларын қалыптастыру.
**Міндеттері:** Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; қол қимылдарын: "шапалақ-шапалақ", аяқ қимылдарын: "топ-топ" орындау, әнді уақытында бастау және аяқтау, озып кетпеу немесе қалып қоймау, кідірісті сақтау дағдыларына үйрету.
Әжеге деген сүйіспеншілік, ізеттілік сезімдеріне, құрметтеуге тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** әнді айта отырып,сәйкес қимылдарды қайталайды;
**түсінеді:** кейіпкерді әңгіме бойынша танып,ажыратады;
**қолданады:** әнді уақытында бастайды және аяқтайды;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қызыл,сары,жасыл түсті орамалдаржәне құрсаулар, ойыншықтар балапандар мен тауықтар, үй жануарлары мен құстар туралы суреттер, суретті нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** шөжелер.

**ҰОҚ барысы**
1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды қарсы алып, әжеге қонаққа баратындарын айтады. Әжемізге құлыншаққа отырып барамыз деп ұсынады.
*«Тұлпарым» (үнтаспада, Б. Бейсенова)* әнінің әуеніне ілесіп,құлыншақтыңшабысын үлкендердің көмегімен қайталайды.
**2. Негізгі кезең**

Әже кейіпкері ретінде тәрбиеші орамал тағып, қамзол киіп шығады. Сәлемдесу.

- Әжем келді, балақай,
  Алақай-ау, алақай.
  Әже бары жақсы ғой,
  Қуанышты балақай!

***Музыка тыңдау.*** *«Қамажай» (халық әуені,өңдеген Н.Меңдіғалиев)*Әуенді аспапта орындап, сипатына балалардың көңілдерін бөлу.

Екінші рет ойналғанда, әже балаларға қолдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрап, би қимылдарын көрсетеді. Балалар бірге қайталайды.

***Ән айту.***

*«Кел,балақан»әнін(К.Қуатбаев,А.Асылбек,)*орындап,мазмұныбойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді. Екінші рет орындағанда тәрбиеші әннің мәтініне сай жай және қатты шапалақтап, аяқты жай басуды, топылдатуды көрсетеді. Ән қайталанғанда, балаларға жай және қатты шапалақтауды, ырғақпен қосыла қимылдауға машықтандыру.

Әжеге *«Пойыз»әнін(Ж.Тұрсынбаев,А.Асылбек)* айтып беруді ұсыну, қайталау.

Педагог: Әжеміздің ауласында не бар екен?

Әже ойыншық балапандар мен тауықтарын көрсетеді. Ауласындағы басқа да үй жануарлары, құстары туралы әңгімелейді, суретті көрнекіліктерді көрсетеді. Тауықтың шөжелерімен таныстырып, бірге билеуге шақырады.

Мамық үнді шөжелерім, Нәзік үнді шөжелерім...

***Сөздік жұмыс:*** шөжелер.

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Шөжелерім» (өзбектің халық әні, үнтаспада). («Би билейміз» жинағынан).*

Әннің мәтініне сай үлкендердің көрсетуімен би қимылдарын жасау.

***Ойын «Өз жұбыңды тап»*** *(«Лили полька»Тен Чу)*

Педагог балаларға қызыл, жасыл, сары түстегі орамалдарды көрсетіп, түстерін ажыратып, атап айтуларын сұрайды. Ойын шартын мұқият түсіндіреді.

Балаларға орамалдар таратылады. Әуен ырғағымен орамалды жоғары көтере қозғап, аяқты топылдата жүру, бір орында айналу т.б. таныс қимылдарын көрсету. Әуен тоқтағанда орамал түстеріне сәйкес құрсауларға бөлініп тұруға үйрету.

**3. Рефлексия**

Педагог сұрақтар қойып, балалардың қызығушылықтарын арттырады. Қоштасып, «құлыншаққа мініп», топқа қайтуды ұсынып, музыка залынан шығарып салуды ұйымдастыру.

## № 35-36 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Әлди-әлди,ақ бөпем»
**Мақсаты:** Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелердіқызығушылықпен тыңдауға баулу.
**Міндеттері:** Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауысинтонациясына салып топпен айтуға, үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдауға, таныс қимылдарды қайталауға дағдыландыру; таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру. Сәбилерге қамқорлық, жанашырлық көрсете білуге баулу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** таныс қимылдарды қайталайды,жасайды;
**түсінеді:** үнтаспадағы әндер мен пьесаларды тыңдайды,түсінеді;
**қолданады:** ересектердің дауысына еліктеп топпен ән айтады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақ,бала санымен«гүлдер»,қызыл,жасыл, сары түстегі орамалдар, бесіктегі ұйықтап жатқан сәби мен анасының суреті.
**Сөздік жұмыс:** әлди-әлди.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог *«Марш» (Э.Парлов)* әуенімен балаларды қарсы алады.
Шеңбер бойымен тізбектеле жүруге үйрету.
Шеңбер бойымен қол ұстасып, аяқты топылдата жүру.
Педагог балаларды қуыршақ Сәулемен таныстырады, амандасады.
Қуыршақ Сәуле сендермен бірге көңіл көтергісі келеді.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** Таныс«*Шөжелерім» (өзбек х.әніүнтаспада, «Би билейміз» жинағынан)* биін еске түсіру,би қимылдарынүйренуді жалғастыру.
Педагог: Балалар, қуыршақ Сәулеге ән айтып берсек, жақсы ұйықтайды. Сендер де бірге мұқият тыңдаңдар! – деп ескертеді.
***Музыка тыңдау.*** *«Бесік жыры» (педагогтің таңдауы бойынша үнтаспадан)*үнтаспадағы пьесаны тыңдап, оларға тән ерекшеліктерді ажырата білуге баулу. Сурет көрсетіп, әңгімелеу.
Педагог ұйықтап жатқан қуыршақты көрсетіп:

- Балалар, қараңдаршы, қуыршақ ұйықтап жатыр. Оянып кетпесін. Біз оны бесігіне жатқызайық.

Әлди-әлди, ақ бөпем, Ақ
бесікке жат бөпем. Әлди-
әлди, бөпешім, Ұйықтай
қойшы, көкешім.

***Сөздікжұмыс:*** әлди-әлди.
***Ән айту.*** *«Ұйықта, бөпем» (Қ. Шілдебаев, А. Асылбек)*
Ұйықтап жатыр дамылдап,
Әлди, әлди, әлди-ай, –
деген жеріне келгенде дауысты бәсеңдетеді.
Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.
Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.
Әнді екінші рет орындап, балаларға «әлди-әлди» сөзін бірге қайталап айтып үйрету, асықпай, ақырын бірге қосыла айтуды ұсынады.
Таныс әнді *«Кел,балақан»әнін(А.Асылбек,К.Қуатбаев)* жеке немесе топпен мәнерлеп орындау.
- Қуыршағымыз әлі ұйықтап жатыр. Сәулел ұйқысынан тұрсын, тез оятып алайық.
***«Көктем гүлдері» биі*** *(«Вальс»Қ.Шілдебаев).*
Педагогтің көрсетуімен би қимылдарын жасайды. Гүлдерді жоғары көтеріп тербеледі, бір орында айналады, шеңбер бойымен гүлдерді қозғай жеңіл жүгіреді. Әуен соңында тізе бүгіп, отырады.
Педагог қуыршақ Сәулені көңілді ойынға шақырайық деп ұсыныс жасайды.
***Ойын «Өз жұбыңды тап»*** *(«Лили полька»Тен Чу)*
Қызыл, жасыл, сары түстегі орамалдарды қолданып, таныс ойынның шарты бойынша ептіліктерін көрсетіп белсене қатысуын қадағалау..
Балалардың көңіл күйіне қарай отырып, ойынды қайталайды.
**3. Рефлексия**
Үнтаспада «Әлди-әлди» әні қойылып, қуыршақ Сәулені ұйықтатып, бесігіне жатқызу керектігін айтады. Балалар «әлди-әлди» әуеніне қосылып, қуыршақты «ұйықтатады». Ақырын басып, музыка залынан шығады.

## № 37-38 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Сүйікті анашым»
**Мақсаты:** Кейіпкерлерді иллюстрация және әңгіме бойынша танудағдыларын қалыптастыру.
**Міндеттері:** Аяқтың ұшымен жүру,бір орында айналу,тербелу сияқтымузыкалық-ырғақты қимылдарды еске сақтауға, созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып айтуға үйрету. Балаларға мерекелік қуанышты көңіл күй сыйлау, шаттық сезіміне бөленуіне жағдай жасау.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** музыка сипатына сәйкес қозғалады;
**түсінеді:** иллюстрация және әңгіме бойынша кейіпкерлерді ажыратады;
**қолданады:** созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып ересекпен қосылып әнайтады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Ана мен балалар бейнеленген суреттер,гүлдер, құрсаулар, нота хрестоматиясы.
**Сөздікжұмыс:** анашым.

**ҰОҚ барысы**

**1. Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды үнтаспадан орындалған (педагогтің таңдауымен) көңілді әнімен қарсы алады. Әуенге жеңіл секіру, шапалақтау, кезекпен аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып аяқ топылдату, шеңбер бойымен бір орында, шашыраңқы топылдатып жүру қимылдарын орындау ұсынады.

**2. Негізгі кезең**

Педагог балаларға гүлдер таратып беріп, көңілді би билеуге шақырады.

Көктем күні көрікті,
Қырға гүлдер шығыпты.
Анамызға біз арнап,
Би билейік көңілді!

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. «Көктем гүлдері»*** *(«Вальс»Қ. Шілдебаев)* ойналып,би элементтерін қайталауларын бақылайды.Би қимылдарын көрсетіп, балаларға бірге қозғалып, қайталауға үйрету. Педагог балаларға отырып демалып, ән тыңдауды ұсынады. Әуенді тыңдау ережесін қалыптастыруға назар аударады.

***Музыка тыңдау.*** *«Айналайын ақ мамам» (И.Нүсіпбаев,Ә.Табылдиев)*

Анашым, анам,
Еркелейді балаң.
Анашым, анам,
Құшағыма алам!

Әнді орындайды, кім туралы екенін сұрайды. Аналары мен балалары бейнеленген суретті көрнекілік көрсетеді. Аналардың балаға деген сүйіспеншілігі туралы әңгімелеу.

***Сөздік жұмыс:*** анашым.

***Ән айту.*** *«Менің анам» (Л.Аитова)*әнін орындап,мазмұны бойынша әңгімеөткізеді.

Қайталап орындағанда балалардың «ля-ля» буынына әндете бірге қосылуын қадағалайды. Бірге бастап, дауысына күш түсірмей ән салуларын қадағалау.

Таныс ән *«Ұйықта,бөпем» (Қ.Шілдебаев,А.Асылбек)* – қайталау, еске түсіру. Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып, топпен және жеке орындауға дағдыландыру.

Ойынға белсене қатысуларын қадағалау.

***Ойын «Құрсау-құрсау»*** *(Ө.Байділдаев,М.Әлімбаев*).

Балаларға ойын шарты түсіндіріледі. Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, шеңберді кішірейту-үлкейту, отыру-тұру, қолдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрау. Әуен соңында алдын ала қойылған құрсауларға кіру.

**3. Рефлексия**

Педагог: Анамызға арнап қандай ән үйрендік?

Бүгінгі күннің көңілді болғанын айтып, мадақтап, қоштасады.
Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.

## № 39-40 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Алақай,көктем!»
**Мақсаты:** Көктем мезгілі туралы түсінік беру;әуенді сезіне білуге баулу.
**Міндеттері:** Аспапта педагогтің орындауындағы пьесаларды тыңдауға,қарапайым би қимылдарын (басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу, шеңбер бойымен жүру) бірге жасауға, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге қатысу, әнді бірге уақытында бастап және аяқтауға дағдыландыру. Ойынға белсене қатысуға үйрету, ұйымшылдыққа баулу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** қарапайым би қимылдарын әуенді сезіне жасайды;
**түсінеді:** әнді бірге уақытында бастап және аяқтауды;
**қолданады:** ойындарға және билерге белсене қатысады.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** себеттер,түрлі түсті қауырсын гүлдер,құстардың, гүлдердің суреттері-иллюстрациялар, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** алаңқай.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Балалар үнтаспадан орындалған (педагогтің таңдауымен) көңілді әнімен залға кіреді.
Педагог балаларды себет толы қызғалдақтармен қарсы алады.
Балаларға гүлдерді таратып береді.

- Гүлді қолға алайық,

Алаңқайға барайық! – деп қалағанынша гүлдерді ұстап, қызықтап көруге мүмкіндік береді.
***Сөздік жұмыс:*** алаңқай.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.****«Көктем гүлдері» («Вальс» Қ. Шілдебаев)* ойналып,балаларды гүлдермен биге шақырады.

Көктем күні көрікті,
Би билейік көңілді!

Педагог би қимылдарын көрсетіп, балалардың қайталап бірге билеулерін қадағалайды.
Педагог көктем туралы және құстардың, гүлдердің суреттерін көрсетіп, әңгіме өткізеді.
***Музыка тыңдау. «****Құстар ұшады» (А.Жилин)*педагогтің орындауындағыпьесаны тыңдап, сипаты мен екпініне балалардың назарын аудару.

Педагог: Балалар, аналарымызға арнап жаттаған әндерімізді қайталайық. Созылыңқыдыбысталуғаеліктейотырып, топпен және жеке орындауға дағдыландыру.

***Ән айту.*** *«Менің анам» (Л.Аитова)*әнін үйренуді жалғастыру,қайталау.Әндегі қайталанатын тіркестерді анық айтуға, бірге бастап, бірге аяқтауға бекіту.

*«Ұйықта, бөпем» (Қ. Шілдебаев, А. Асылбек)* –әнін қайталау,еске түсіру. Топпен және жеке орындауға дағдыландыру.

Педагог көктем гүлдерінің әдемілігі мен түстері туралы айтады.

***Ойын «Гүлдер тереміз»*** *(«Полька»М.Красев)*

Ойын шартын түсіндіреді.

Көңілді әуен ырғағымен шашылған гүлдерді түстеріне сәйкес себеттерге бөліп жинау. Ептілік пен шапшаңдыққа, түстерді ажыратуға, ұйымшылдыққа баулу. **3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасайды.

- Гүлдердің түстері қандай екен?
- Гүлдерді кімге арнап жинадыңдар?
- Құстар қалай ұшады екен? т.б. сұрақтар қою арқылы

қортындылау. Балаларды мадақтап, шығарып салады.

## № 41-42 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Наурыз–біздің мереке»
**Мақсаты:** Балаларға наурыз мерекесі туралы түсінік беру.
**Міндеттері:** Әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауысинтонациясына салып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу, күрделі емес қойылымдарға, ойындарға және билерге белсене қатысуға үйрету. Наурыз мерекесін сезінуге, ұлттық ойындарға қызығушылықтарын арттыру.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** күрделі емес қойылымдар,би қимылдарын қайталайды;
**түсінеді:** наурыз мерекесі туралы түсінеді;
**қолданады:** ересектердің дауыс интонациясына салып ән айтады;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Наурыз мерекесінің көрінісі,көктемсуреттері, ойынға қажетті атрибуттар – ойыншық аттар, нота хрестоматиясы. **Сөздік жұмыс:** наурыз.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Музыка залында дөңгелек үстел жанында әже (тәрбиеші) балаларды көңілді әуенмен қарсы алады. Амандасады.

Жайдарымыз бәріміз,
Дастарқанда дәміміз.
Көжесі көп, қыры көк,
Қандай жақсы наурыз!

***Сөздік жұмыс:*** наурыз,

**2. Негізгі кезең**

Әже: Балалар, Наурыз мерекесі жақындап келеді. Наурыз айы келгенде күн жылынады, ағаштар жапырақ жаяды, гүлдер құлпырып өседі. Барлық адамдар наурыз мерекесін қуанып қарсы алады. Біз де көңілді би билеп, мерекеге дайындалайық.

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Қамажай» (үнтаспада, халық әні)* – үлкендердің көрсетуімен қыздар қазақ ұлттық биінің қарапайым түрлерінбірге қайталап жасайды.

Ұлдарға *«Тұлпарым» (үнтаспада,Б.Бейсенова)* әнінің ырғағына қарапайым би қимылдарын үйрету.

***Музыка тыңдау.*** *«Наурыз келді» (Н.Дукенбаев,Қ.Смағұлов)*әнін орындап, мазмұнына түсінік беру.

***Ән айту.*** *«Наурыз» (А.Досмағанбет).*

Педагог әнді орындайды, мазмұны туралы әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Әннің мәтініне сәйкес 1-шумақ орындалғанда балалар шеңбер бойымен жүруі тиіс. Қайырмасында бірге қол шапалақтайды. 2-шумағында балалар бір орында тұрып тербеледі.

Таныс ән *«Менің анам» (Л.Аитова) –* қайталау, еске түсіру.

Әндегі қайталанатын тіркестерді анық айтуға, бірге бастап, бірге аяқтауға жалғастыру. Топпен және жеке орындауға дағдыландыру.

Педагог балаларға ойыншық аттарды көрсетіп, ойын шартымен таныстырады.

***Ойын «Бәйге»*** *(«Қара жорға»халық күйі,өңдеген Л.Хамиди)*

Балалар кезекпен ортаға шығып, ойыншық атқа мініп жарысады.
Бірінші жеткен бала жеңімпаз «шабандоз» болып есептеледі.

**3. Рефлексия**

Әже балаларға ризашылығын білдіреді, мақтайды. Наурыз мерекесін бірге тойлауға шақырады. Жақсы ән салып, билегендері үшін алғысын білдіреді. Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.

## № 43-44 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Шуақты күн»

**Мақсаты:** Педагогтің аспапта орындауындағы пьесаларды тыңдаудағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:** Жаттығулар мен биде ақырын-қатты,жоғары-төмен,баяу-жылдам қимылдарын ауыстыра орындауға үйрету, ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау; табиғи дауыспен,күш түсірмей ән айту дағдыларын қалыптастыру.

Музыкалық қабілеттерін жетілдіру, қызығушылықтарын арттыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

**жасайды:** үйренген әнді айта отырып,сәйкес қимылдарды қайталайды;

**түсінеді:** аспапта орындалған пьесаларды тыңдайды;

**қолданады:** табиғи дауыспен,күш түсірмей ән айтады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** таяқшаға байланған түрлітүсті ленталар,көктем мезгілі мен күнді бейнелейтін көрнекілік-суреттер, «көңілді күн» смайлдері, нота хрестоматиясы.

**Сөздік жұмыс:** шуақты күн.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды үнтаспадан орындалған (педагогтің таңдауымен) көңілді әнімен қарсы алады. Әуенге жеңіл секіру, шапалақтау, кезекпен аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып аяқ топылдату, шеңбер бойымен бір орында, шашыраңқы топылдатып жүру қимылдарын өз еркінше би биледі ұсынады.

Күннің көзі ашылды,
Алтын нұры шашылды!
Аспанымда алтын күн,
Жарқырайды, жайнайды!

Педагог балалардың назарын күнге аударып, жылу, қуаныш сыйлайтыны туралы әңгімелейді.

***Сөздік жұмыс:*** шуақты күн.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Жай жүру» (Р.Леденев)*Әуеннің ырғағына сәйкес зал ішінде «шашырап» жүру. Әуен ауысқанда екеуден қол ұстасып жай жүру. Әуен 2 рет қайталанып, балалар әуенге ілесе жай екпінде жүреді.

***Музыка тыңдау.*** *«Көктем» (Л.Аитова).*

Көктем мезгілі сурет көрсету, әнгімелеу. Аспапта ойналған әуенді тыңдауға, әннің мазмұнына түсінік беру. Әннің көңілді сипатын, екпінін сезінуге, ажырата білуге үйрету.

***Ән айту.*** *«Наурыз» (А. Досмағанбет).*

Әннің мәтініне сай мәнерлі қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру. Әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен айтуға жалғастыру. Топпен және жеке орындауға дағдыландыру.

*«Менің анам» (Л Аитова)* үйренген әнді айта отырып,сәйкес қимылдардықайталау.
Педагог балаларменойынұйымдастырады.
***Ойын «Құрсау-құрсау»*** *(Ө.Байділдаев,М.Әлімбаев*).
Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, шеңберді кішірейту-үлкейту, отыру-тұру, қолдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрау. Әуен соңында алдын ала қойылған құрсауларға кіру. Таныс ойынның шарттарын еске түсіріп, белсене қатысуға үйрету.
**3. Рефлексия**
Педагог қорытынды жасайды. Көктем және күн туралы
сұрау, ән-би әрекеттерін естеріне түсіріп, балаларды мақтау,
мадақтау. Соңында күн - «көңілді смайлдер» сыйға тарту.
Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.

## № 45-46 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Желбірейді жалауша»
**Мақсаты:** Әртүрлі ырғақты әннің мағынасын түсінуге баулу.
**Міндеттері:** Түрлі аспаптарда педагогтің орындауындағы және үнтаспадағыәндер мен пьесаларды тыңдау, ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде үйренген әнді айта отырып, мағынасына сәйкес қимылдарды қайталауға, музыканың сипатына сай қимылдар жасауға дағдыландыру. Ұйымшылдыққа, бірізділікке, көппен бірге іс-әрекет жасауға тәрбиелеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** бірізділікпен,көппен бірге іс-әрекет жасайды;
**түсінеді:** әртүрлі ырғақты әннің мағынасын түсінеді;
**қолданады:** музыканың сипатына сай қимылдар жасайды;
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** түрлі
түсті жалаушалар,құрсаулар,нота
хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** жалауша.

**ҰОҚ барысы**
1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Үнтаспада көңілді әуен ойналып, балаларға зал ішінде өз беттерінше еркін жүру ұсынылады.
Педагог түрлі түсті жалаушалар таратып, балаларды көңілді серуенге шақырады.
- Жалаушамен
  келеміз, Біз көңілді
  жүреміз, –

деп, жалаушаны көтере аяқты нық басып жүруге дағдыландырады.
*«Марш» (Б. Дәлденбай)*

***Сөздікжұмыс:*** жалауша.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Жалаушамен жаттығу» («Қазақ маршы» А. Затаевич)*

Жалаушаларды жоғары көтеріп «желбірете» қозғау, шеңбер бойымен жүру, аяқтарын топылдата басу, жалаушаларды төмен-жоғары сермеу қимылдарын үйрету.

Педагог жаттығудан соң балаларды отырғызып, ән тыңдауды ұсынады.

***Музыка тыңдау.*** *«Марш» (Л.Шульгин).* Шығарманы орындап,көңіл күйін,сипатын түсіндіру. Шапалақтау арқылы марш екпінін еске сақтауға үйрету. Әуенді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.

***Ән айту.*** *«Жалауша» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбаев).*

Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді. Әннің мәтініне сәйкес жалаушаларды қозғау, қимылдарды бірге жасау.

Әнді екінші рет орындар алдында балаларды шеңбер бойымен тұрғызады. Таныс *«Наурыз» (А.Досмағанбет)* әнді айта отырып, сәйкес қимылдарды қайталау.

Педагог балалармен ойын ұйымдастырады.

***Ойын «Құрсау-құрсау»*** *(Ө.Байділдаев,М.Әлімбаев*).

Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру, шеңберді кішірейту-үлкейту, отыру-тұру, қолдарының «білезіктерін» көтеріп, бұрау. Әуен соңында алдын ала қойылған құрсауларға кіру. Таныс ойынның шарттарын еске түсіріп, белсене қатысуға үйрету.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.

- Жалаушалар қандай түсте екен?
- Қалай желбірейді?

Балаларды мадақтап, ризашылығын білдіреді. Бүгінгі күннің көңілді болғанын айтып, мадақтап, қоштасады.

## № 47-48 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық

**Бөлімі:** Музыка

**Тақырыбы:** «Көңілді барабан»

**Мақсаты:** Пьесалардың әртүрлі формасының сипатына сай қимылдарынауыстыру, басталуы мен аяқталуындағы дыбысталу күшін (қатты-баяу) өзгертуге үйрету.

**Міндеттері:** Таныс әндерге өз беттерінше еркін қозғалуға,табиғи дауыспенкүш түсірмей ән айтуға үйрету, ересектердің қимылдарына еліктеп, қиялдағы аспапта сүйемелдеу дағдыларын қалыптастыру. Түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру.

**Күтілетін нәтижелер:**

**жасайды:** пьесалардың түрлі формасының сипатына сай қимылдарын ауыстыраалады;

**түсінеді:** әртүрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тыңдау ережесін сақтайды;

**қолданады:** ересектердің қимылдарына еліктеп,қиялдағы аспаптасүйемелдей алады; (сылдырмақ, барабан, бубен).

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** балалар аспаптары:сылдырмақ немесебубендер, қасықтар, барабандар, жалаушалар, нота хрестоматиясы.

**Сөздік жұмыс:** «соқ-соқ»,барабан.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Әуен *«Марш» (Б.Дәлденбай)* ырғағымен балалар залға кіреді. Аяқтарын нық қадам басып, марш екпінімен аяқтарын топылдата жүруге үйрету.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Марш» (Э. Парлов), «Барабаншылар» (Д. Кабалевский), «Бесік жыры» (С. Левидов).*

*«Марш»* ойналып,балалар шеңбер бойымен нық басып жүреді.

Әуен тоқтағанда балалар да тоқтап, шеңбер ішіне бұрылып тұрады.

*«Барабаншылар» әуені* орындалып,балалар барабан аспабында ойнағандайқимыл-ишара жасайды.

*«Бесік жыры»* ойналғанда балалар жүрелеп отырып,екі қолын оң жақ бетінеқойып, тынығып ұйықтағандай болады.

Ырғақты қимылдар бірнеше рет қайталанады.

Педагог балаларға орындықтарға жайғасып отыруды ұсынады.

***Музыка тыңдау.*** *«Құлыншақтар шабады» (В. Витлин).*

Музыка тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, әуендерді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Шығарманың сипаты мен екпіні туралы айтып, құлыншақтың қимыл-қозғалысын көрсетуді ұсыну.

***Ән айту.*** *«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев,)*

***Сөздік жұмыс:*** соқ-соқ.

Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.

Екінші рет орындалғанда «соқ-соқ», «бір, екі, үш» сөздерін қосылып айтуға үйрету. Әннің мәтініне сай жасау арқылы қиялдағы аспапта сүйемелдеу дағдыларын – «барабанда ойнауды» ұсынады. Барабан аспабында ойналуын көрсету. 5-6 балаға барабан аспабында ойнап, әнге қосылып, «сүйемелдеуді» ұсынады.

Таныс ән *«Жалауша» (А.Тоқсанбаев,И.Сапарбаев)* еске түсіру, қайталау. Педагог жалаушалар таратады. Әннің мағынасына сай қимылдар жасау, жеке сөздерге әндете қосыла айтуға жалғастыру.

Педагогбалалар аспаптары сылдырмақ немесе бубендер, қасықтар, барабандар қолданып, шулы аспаптар оркестрін ұйымдастырады.

*«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова).*

Ересектердің көмегімен аспаптарда ырғақты сезіне ойнауға үйрету. Өзбеттерінşеаспаптардандыбыстар шығаруға талпынуға дағдыландыру.

**3. Рефлексия**

Педагог қандай аспапта ойнағандарын, аспаптардың аталуын еске түсірулерін сұрайды.

- Барабанды қалай соғамыз?
- Сылдырмақ пен бубен қандай дыбыс шығарады?

Бүгінгі билеріне, айтқан әндеріне ризашылығын білдіріп, мадақтау. Көңілді қоштасып, шығарып салу.

## № 49-50 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Біздің аспаптар»
**Мақсаты:** Музыканы тыңдай білуді,таныс әндерді және оларға тәнерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру.
**Міндеттері:** Күрделі емес қойылымдарға,ойындарға және билерге қатысу,музыканы тыңдай білуді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата білуді қалыптастыру; аспаптың сүйемелдеуімен әнді күш түсірмей, табиғи дауыспен орындауға және музыка сипатына сәйкес қозғалуға үйрету. Балаларға қуанышты көңіл күй сыйлау.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** ойындарға және билерге қатысады, музыка сипатына сәйкес қозғалады;
**түсінеді:** таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін ажырата біледі;
**қолданады:** әнді аспаптың сүйемелдеуімен әнді күш түсірмей,табиғидауыспен орындайды.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** балалар аспаптары:сылдырмақ немесебубендер, қасықтар, барабандар, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** аспаптар.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балалардың бір-бірінің соңынан кіріп, шеңбер бойымен тұруын ұйымдастырады.

*«Марш» (Э. Парлов), «Барабаншылар» (Д. Кабалевский), «Бесік жыры» (С. Левидов).*

Әртүрлі жанрдағы пьесалар орындалып, балалар ырғағы мен сипатына сәйкес қимылдар жасайды, таныс әуен қимылдарын еске түсіреді. Ырғақты қимылдарды 2-3 рет қайталауға болады.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Билейміз» (Е. Андосов).*

Балалаэресектердіңкөрсетуіменбилейді. Жұптасып қарама-қарсы тұрып, әуен ырғағымен қол шапалақтайды. Қолдарын белдеріне қойып, жеңіл тізе бүгіп «серіппе» жасайды. Екеуден қол ұстасып, айналады. Әуен аяқталғанда бір-біріне иіледі.
***Музыка тыңдау.*** *«Күн» (Т. Попатенко)*
Аспапта ойналған әуенді тыңдауға, әннің мазмұнына түсінік беру.
Әннің көңілді сипатын, екпінін сезінуге, ажырата білуге
дағдыландыру. ***Ән айту.*** *«Тәтті бала» (Т.Сопиев,С.Оспанов)*
Әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді.
Балаларға қайталап, қосылып айтуды үйретеді.
Әннің сөздері мен жеке буындарды анық айту, дауысты жылдамдатпай,
жеке сөздерді айғайламай айтуды қалыптастыру.
Таныс *«Барабан» (Б.Дәлденбай,Ж.Әбдірашев,)* әнін еске түсіру, сипатына сай орындауға дағдыландыру.
Педагог балаларды оркестрде ойнауға
шақырады. Қалаған аспаптарын алуға мүмкіндік
беру.
***Сөздік жұмыс:*** аспаптар.
*«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова).*
Қасықтар, бубен және сылдырмақтарды қолданып, шулы аспаптар оркестрін ұйымдастыру. Әуенді тыңдап, аспаптарда кезекпен ойнауға және қосылып бірге ойнауға үйрету.

- Аспаптарды аламыз,
  Қорапшаға саламыз!

Балаларды ұқыптылықпен аспаптарды жинауға үйрету.
**3. Рефлексия**
Педагог сұрақтар қою арқылы балалардың қызығушылығын оятады.
- Қандай аспаптарда ойнадыңдар?
- Сылдырмақтың дауысы қандай?
- Барабан қандай дыбыс шығарады екен?

Бүгінгі күннің өте көңілді өткенін айтып, балаларды мадақтау.
Көңілді қоштасып, шығарып салу.

## № 51-52 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Балақан мен алақан»
**Мақсаты:** Таныс қимылдарды жаңа музыкамен сәйкес есте сақтау,қайталау.
**Міндеттері:** Аспаптарда педагогтің орындауындағы әндер мен пьесалардытыңдау, аяқтың ұшымен, өкшемен қою, орнында тұрып топылдату, шеңбер бойымен бір орында және шашыраңқы топылдатып жүруге машықтандыру.

әндегі қайталанатын тіркестерді ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. Әнайтуғақызығушылықтарынарттыру, көтеріңкі көңіл күй сезімін ояту.

**Күтілетін нәтижелер:**

**жасайды:** таныс қимылдарды жаңа музыкамен сәйкес есте сақтайды;

**түсінеді:** педагогтің орындауындағы әндер мен пьесаларды тыңдайды, еске сақтайды;

**қолданады:** әнді ересектердің дауыс интонациясына салып айтады.

**Қолданылатын көрнекі құралдар:** жалаушалар,түрлі түсті орамалдар,нота хрестоматиясы.

**Сөздік жұмыс:** алақан.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды *«Билейміз» (Е.Андосов)* әуенімен қарсы алып, сәлемдеседі. Үйренген би қимылдарын еске сақтауға, мәнерлеп орындауға үйрету. Жұптасып қарама-қарсы тұрып, әуен ырғағымен қол шапалақтайды. Қолдарын белдеріне қойып, жеңіл тізе бүгіп «серіппе» жасайды. Екеуден қол ұстасып, айналады. Әуен аяқталғанда бір-біріне иіледі.

**2. Негізгі кезең**

***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Орамалмен билейміз»(Т. Сарыбаева)*

Балалар шеңбер бойымен тұрады. Қызыл, жасыл, сары түстегі орамалдар таратылады. Әуен ырғағымен орамалды жоғары көтере, қозғап, аяқты топылдата жүру, бір орында айналу т.б. таныс қимылдарын көрсету.

***Музыка тыңдау.*** *«Топ,топ,балақан» (М.Арынбаев,А.Асылбек,үнтаспада).*

Әннің мазмұнына, сипатына көңіл бөлу, түсінік беру.

Екінші рет тыңдалып, әннің мазмұнына сай қимылдарды көрсетіп, бірге қайталауын қадағалау. Мағынасына сәйкес шапалақтау, топылдату, қол білезіктерін айналдыру қимылдары жасалынады.

***Ән айту***. *«Тәтті бала» (Т. Сопиев, С. Оспанов)*

Әннің сөз тіркестерін ересектердің дауыс интонациясына салып айту дағдыларын қалыптастыру. Ән айтуға қызығушылықтарын ояту, ересектердің дауыс ырғағына еліктеп, қосылып топпен айтуға баулу.

*«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев)* қайталау.

«Соқ-соқ», «бір, екі, үш» сөздерін анық айтуға үйрету. Әннің мәтініне сай қимылдар жасау арқылы қиялдағы аспапта сүйемелдеу дағдыларын – «барабанда ойнауды» пысықтау.

Педагог балалармен ойын ұйымдастырады. Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулитын ойын шартымен таныстырады.

***Ойын «Қақпа»*** *(«Марш»Э.Парлов, «Жүгіру»Т.Ломова).*

*«Марш» (Э. Парлов)* ойналып,балалар жалаушалармен зал ішінде шеңбербойымен аяқтарын топылдата нық басып жүреді. Әуен аяқталғанда

тәрбиеші бір балаға жақындап, жалаушаларды түйістіре ұстап «қақпа» жасайды.

*«Жүгіру» (Т. Ломова)* орындалғанда балалар
кезекпен«қақпа»ортасынанжүгіріп өтеді. Ойын 2-3 рет қайталанып, *«Марш»әуенімен* аяқталады.

**3. Рефлексия**

Педагог қорытынды жасайды.

- Балалар, сендерге бүгінгі ойын ұнады ма?
- Бүгін көңілді әуен тыңдап, би биледіңдер, өте жақсы ойнадыңдар, жарайсыңдар! – деп мақтайды, көңілді қоштасып, шығарып салады.

## № 53-54 ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖОСПАРЫ

**Білім беру саласы:** Шығармашылық
**Бөлімі:** Музыка
**Тақырыбы:** «Қуыршақ Сәулеге концерт»
**Мақсаты:** Музыкалық иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелердіқызығушылықпен тыңдауға баулу.
**Міндеттері:** Бубенмен,сылдырмақпен бірқалыпты ырғақты,түрлі бейнелік-ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасау; әнді жеке және топпен айту дағдыларын қалыптастыру. Көпшілік алдында еркін өнер көрсетуге, ән айту, би билеуге бейімдеу.
**Күтілетін нәтижелер:**
**жасайды:** түрлі бейнелік-ойын қимылдарын бере отырып заттармен қимылдар жасайды;
**түсінеді:** иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдайды;
**қолданады:** әнді жеке және топпен айтады;көпшілік алдында еркін өнеркөрсетеді.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:**
сылдырмақтар,қасықтар,бубенаспаптары, түрлі түсті орамалдар, нота хрестоматиясы.
**Сөздік жұмыс:** үй.

**ҰОҚ барысы**

1. **Ұйымдастыру кезеңі**

Педагог балаларды көңілді қарсы алады. Бұрышта тұрған үйді көрсетіп:
- Қандай әдемі үй! Мұнда кім тұрады екен? – деп ақырындап басып үйге жақындап, үйдің есігін қағып, «Мұнда кім тұрады?» – деп сұрайды.
- Балалар, қол шапалақтап дыбыстайық, мүмкін естілмей жатқан болар, – деп ұсыныс айтады.
- Енді аяғымызды қатты топылдатайық.

Үйдің терезесінен тәрбиеші қуыршақ Сәулені көрсетіп:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар, – деп амандасады.

Педагог қуыршақты бірге ойнауға шақыруға ұсыныс жасайды.

Қуыршақ «қуана келісіп», балаларға қосылады.
***Сөздікжұмыс:*** үй.
**2. Негізгі кезең**
***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.*** *«Сылдырмақпен би» («Жайдарман»қазақ халық әуені, өңдеген К. Қуатбаев)*
Педагог балаларға сылдырмақтар үлестіреді.

Кәне, кәне, тұрайық,
Шеңберді тез құрайық.
Сылдырмақты көңілді
Былай-былай соғайық, –

деп сылдырмақты жоғары көтеріп, ойнап көрсетеді.
1-3 такт. Балалар сылдырмақты жоғары көтеріп, сылдырлатады;
4-6 такт. Бір аяқтың тізесін сәл бүгіп, сылдырмақты ақырын тізеге соғып сылдырлатады.
Әуен екінші рет қайталанғанда 1-3 тактілерде – сылдырмақты екінші бос алақанға соғады;
4-6 такт. Сылдырмақты жоғары көтеріп, бір орында айналады.
***Ән айту.*** Таныс әндерді балалардың қалауы бойынша қайталау. Жеке және топпен айту дағдыларын қалыптастыру.
*«Тәтті бала» (Т. Сопиев, С. Оспанов)*
*«Барабан» (Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев),*
*«Жалауша» (А. Тоқсанбаев, И. Сапарбаев)*
Педагог балалармен ойын ұйымдастырады.
*«Орамалмен билейміз» (Т. Сарыбаева)*
Педагог балаларға сандықшаға салынған түрлі түсті орамалдарды ұсынып, таңдап алуға мүмкіндік береді.
Балаларды шеңбер бойымен тұруға бейімдейді. Орамалды оң қолға ұстауды, жоғары көтеруді, қозғауды, бір орында айналуды көрсетіп, қайталауды сұрайды.

Қызыл, сары, жасыл, көк,
Орамалды алайық,
Қолды көкке созайық,
Қозғап, қозғап қалайық!

Балалар көңілді әуенге ілесе, орамалдармен би қимылдарын жасайды.

Орамалды аламыз,
Сандықшаға саламыз, –

деп сандықшаға орамалды жинайды.
Педагог балаларға өздері қалаған аспаптарын таңдауға мүмкіндік береді.
*«Қасықтар мен сылдырмақтар» («Полька» Л. Лядова)*
Балаларға сылдырмақтар, қасықтар, бубен аспаптары беріледі.
Ырғақты сезіне, ересектердің көрсетуімен қосылып ойнауға үйрету.
***«Қақпа» ойыны*** *(«Марш»Э.Парлов, «Жүгіру»Т.Ломова)*
Ойын шартын еске түсіру, түсіндіру. Әуенді мұқият тыңдап, ырғағына сәйкес қимылдарын орындалуын қадағалау.

Ойынғабелсенділігін, қызығушылықтарынарттыру.
**3. Рефлексия**
Педагог қорытынды жасайды.
- Балалар, қуыршақ Сәулеге сендермен бірге өте көңілді болды.
Сендер ән айтып, би билеп, жақсы өнер көрсеттіңдер. Жарайсыңдар!
Педагог балаларға ризашылығын білдіріп, мадақтайды.
Көңілді әуен ырғағымен шығарып салу.